*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылы 3-мамырда тіркеліп, №2904-Ж куәлік берілген*

# ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

**Ай сайын шығатын республикалық ғылыми-әдістемелік журнал**

**Меншік иесі – "Қазақ тарихы" ЖШС**

**№5 (172), МАМЫР 2019 жыл**

1993 жылдың шілде айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
**Әбділдабек САЛЫҚБАЙ**

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
**Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ**

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

**Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков,** – *т.ғ.д. акад.;* **Б.Аяған, Ә.Мұқтар** – *т.ғ.д., проф.;* **Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ысмағұлов** – *т.ғ.д доц.;* **Н.Әлімбай, А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова, М.Ноғайбаева, Д.Салқынбек, Қ.Құнапина** – *т.ғ.к., доц.;* **С.Дүйсен** – *п.ғ.к.,* **Қ.Қарамандаев** – *тарихшы-зерттеуші.*

* * *

**С.Әбішқызы** – *тұңғыш бас редактор.* **Б.Матекова** – *ұстаз-әдіскер.* **Д.Игенбаева, Г.Серікбаева, С.Ишебаева** – *озат ұстаздар.*

Басуға 06.05.2019 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108 1/16.
Шартты б.т. – 4. Офсетті басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1500.
**Индексі – 75748.**
Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып, "Акимбаев" ЖК-де басылды.

*Ғылыми-теориялық мақала авторлары орысша, ағылшынша түйін және магистранттар тарихшы докторлардан жазбаша пікір ұсынуға міндетті. Мақаланың ғылыми нақтылығына, тілінің жатықтығына автор жауапты.*

***Ал ұстаздар журналға 1 жылға толық жазылған түбіртегінің көшірмесін салуы қажет.*** *Авторлардың байлам-тұжырымдары редакция көзқарасымен сәйкеспеуі де мүмкін. Көшіріп басылса не пайдаланылса, сілтеме жасалуы тиіс.*

# МАЗМҰНЫ

## *Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар*

**Ділдәш Мұстапаева.** Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ....... 2
**Сейітқали Дүйсен.** Қайраткер, дипломат Бопай ханым ....... 4
**Өтеген Исенов.** Кедей шаруа ....... 6
**Ғ.Рсалдина, Р.Бейсембина, Н.Тәттібек.** А.Байтұрсыновтың ұлттық мәдениетті дамытудағы рөлі ....... 9
**Бақытжан Жақсымбетов, Ардақ Нұрмұхамбетов.** Шәкәрім Құдайбердіұлы ....... 11
**Гаухар Мәуліт.** Мұхтар Әуезовтің қоғамдық қызметі ....... 13
**Тұрсынхан Қайыркен, Данагүл Махат.** Су Бейхайдың қолжазбасына деректанулық талдау ....... 16
**Шыңғыс Маманов.** Кеңес Одағының ұлттық дамуымызға тигізген әсерінің көркем кинода бейнеленуі ....... 23
**Айтжан Оразбақов.** Ұлы Отан соғысы ....... 25
**Арман Жанузаков, Олжас Калыков.** Исторический опыт применения воинской символики ....... 28
**А.Қалыбаева.** Өлкедегі аграрлық қатынастар ....... 31
**Жантілеу Нуфтуллин.** Заманауи театрдағы режиссура ....... 32
**Ұлан Нүсіпәлі.** Болашақ мамандардың актерлік шеберлігі ....... 34
**Тоғжан Байсабаева.** Қазақ анимациясы режиссурасы ....... 36
**Дархан Дайырбек.** "Мәдениет", "Коммуникативтік мәдениет" ұғымдарының мәні ....... 38
**Bakyt Makmutkazy.** Kazakh interior design innovation trend ....... 40
**Жамбыл Артықбаев.** Қарабура – Қарахан дәуірінің қасиетті қорымы ....... 42
**Балжан Айтбай.** Мәдениет саласындағы Сыр әйелдерінің тұғыры ....... 43
**Елизавета Есебаева.** Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. ....... 44
**Әлібек Аман, Асылбек Қыдыров.** Қазақстанның шетелдермен байланысы ....... 48
**Тимур Дауылбаев.** Актуальные вопросы развития толерантности в Казахстане ....... 49
**Кенжегул Бияздыкова.** Ислам в современном Казахстанском обществе ....... 51

## *Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.*

**Р.Оразбекова, К.Сәрсенбаева, Г.Бижанова.** Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқыту ....... 53
**Қайыржан Арыстанов.** Моғолстан. Әбілхайыр хандығы ....... 55
**Света Ишебаева.** Түріктердің материалдық және рухани мәдениеті ....... 56
**Роза Әбілова.** Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс ....... 57
**Гүлбану Әлімқадырова.** 1941-1945 жж. Қазақстандықтардың ерліктері ....... 58
**Мейрамгүл Халидуллина.** Қазақстанда жұмысшы табының қалыптасуы ....... 59
**Нұргүл Қасынбаева.** Ғылыми ойдың дамуы ....... 60
**Бауыржан Чукумов.** Контроль комиссии партийного контроля ....... 60
**Нұржамал Аймұратова.** Рухани жаңғыру – ұрпақтың дара жолы ....... 61
**Гүлнар Жұмабай.** Ұлы даланың жеті қыры ....... 62
**Айтолқын Аханова.** XX ғасырдағы шығыс елдері ....... 63
**Жадыра Сәрсенова.** Америка Құрама Штаттарының күшеюі ....... 64



**© "Қазақ тарихы" №5 (172), 2019 ж.**

# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ

## және оған қойылған ту, бұншықтардың шығу негізі

**Ділдәш МҰСТАПАЕВА,**
**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты**

Тулар тарихы б.д.д. IX ғ. барады. Сол кезеңдерде жылқы қылымен ұшталған, шөп бумасымен байланған сырықтарды, бұншықтарды әскерлер қолдана бастаған. **Ежелгі көшпенділердің әскери істерінде қолданылған найза, сырықтарда, жылқының, қодастың құйрығымен ұшталған бұншықтар тастарда бейнеленген.** Мұндай тастағы бейнелер кейінгі қола дәуірімен мерзімделгені белгілі [1,23-35.]. Жетісудағы, Баянжүректегі ортағасырлық петроглифтердегі сюжеттерде ту ұстаған адамдар бейнесі көп [2,165.]. Зерттеуші Қ.Ахметжановтың көшпелі халықтың әскери өнеріндегі ту, байрақ, жалаудың көшпенділер өркениетіндегі түрлерін, ерекшеліктерін талдап, көрсете отырып, әскери жүйесінің құрылымындағы мәнін айтады [3,179].

**Көшпенділердің әскери ұйымының міндетті бөлігі ту, ат құйрығымен ұшталған сырық әскерді шайқаста басқарудың тиімді құралы болды. Шайқас кезінде жауынгерлер, түркілер күшті дыбыс, айқайлар шығарған. «Өзге жат елді жеңуде көмеймен айту «хай» өнерін қолданды.** Көшпенділер көмеймен айтқан «хай» өнерінде қарсыласты жеңудің негізі жатыр [4,175]. Ғалым В.Бутанаев *«көмеймен айту «хай» өнері жауды жеңуде қолданған болар,–* **дейді.** *«Хай» көптеген халықтарда көмеймен айту – «рухтар тілі»,* – деп есептелген. Түркі-моңғол халықтарының көмеймен айту тывалар, алтайлықтар, хакас, башқұрттар, моңғолдарда бар. Сақа, шорларда сақталған [5]. Осымен байланысты ежелден ту, бұншық маңызды қасиетті символ және шайқаста әскерді басқарудың ыңғайлы құралы болды. Әрбір рудың туы болды және *«онда рудың, тайпаның, елдің рухы сақталған»,* – деп есептелген [4,169-175]. *«Тудың құлауы бәйтеректің құлауы ғаламның, қоғамның құлауы,ойран болуы»,–* деп есептелді. Ту түркілерде үш ғаламды, адамдар, дүние есігі, басқа дүниемен жалғастыратын жол, көпір сипатына ие болды, ол кейінгі қазақтарда исламдық, сопылық танымдарға сай өзгеріске түскен [6].

Ол ғаламдық бәйтерек деген түсінік бар. Туға байланысты келесі жолдарға назар аударғанда Йасауи мәдениетінің бір өкілі Саттығұл жырау Ахмет Ясауи туралы:

*«Піруар пірдің басшысы –*
*Қожа Ахмет Ясауи,*
*Түркістанда бұл да өткен,*
*Туына жұртын түнеткен...»,* – деп жырлаған [7,44 ]:

Осыған байланысты киелі жерлер, әулиелі орындар, кесенелерде ту, бұншықтың қойылу негізін байқауға болады.

**Қазақта әскер тусыз болмаған. Елде «Желкілдеген ту келмесін, жер қайысқан қол келмесін» деген мақал бар.** Ешқашанда тусыз жорыққа шықпаған және қазақ ордасында ақ, қызыл тулар кең қолданылды. Сұлтан, би, старшин, батыр өзінің киіз үйінің жанына әскери туды алып шығып қойғаннан кейін барлық ру қарулануға асығып, жаушылар ауылдан-ауылға кеткен. Әдетте жаушылар қолына найза - бұншық-штандарт ұстап, ауылға «Аттан» деп кірген [8,36 ]. **Әскери туды жоғалту үлкен қылмыс, масқара болып есептелген. Ту-әскердің қасиетті символы, көшпенді әскердің бірлігін білдірді. Көшпенді елдің наным-сенімі бойынша туда әскерді қорғаушы рух болды.**

Көне түркілерде ту, жалау, бұншық кешені болды. Зерттеуші С.Қондыбай бұншықтың дамуының үш кезеңін айта отырып, үшінші кезең туралы *«бұл кезеңде бұншыққа ат тұяқтары мен ат құйрығы, жалы байлана бастаған»,–* дейді [8,316]. Бұншықтың формасы көне түркі халықтарында әр түрлі болған. Оны этникалық, әлеуметтік, т.б. жағдайлармен түсіндіруге болады [9,316].

**Ту жайында қазақ тілінде көптеген сөз тіркестері бар. Ала ту, алтын найзалы бөрі бас ту, жасыл ту, қара ту, Ер Тарғын жырындағы сары ала ту, шұбар ту, ту жығылу, ту қандау деген сөздер туға қатысты ұстанған, кезінде орындалған көптеген рәсімдердің, салт-дәстүрдің мәнін сипаттайды.** Бұл сөз тіркестері тудың түсі, туға байланысты орындалған рәсімдердің рухани маңызын айқындайды [10]. Ту байлау рәсімі, белгісі – әрбір жылқының тұлымына рудың белгісін байлау. Кең дархан даланың перзенттері көптеген жылқыларды жауынгершілікте, шаруашылықта, өмір сүру үрдісінде қолданғанда ерекше жүйеге сүйенген. Бұл көнеден келе жатқан ру, тайпалар, ел кең қолданған белгілер болды. Ту көтеру рәсімі – ханды сайлау немесе мемлекетті құру. Ту тігу – жалпы әскери жиналу, халықты, әскерді жинау белгісі болды. Ту бар кезде тәртіп болды. Қазақтардың әскери дәстүрінде *«шашақ-бұншықтар жеңілген жаудың шашынан өрілген»,* – деген пікірлер кездеседі [10].

Ортақ құндылықтар жүйесі, дүниетанымын біріктірген елдің, кеңістіктің әлеуметтік-саяси белгісі ретінде қадірленген орталыққа қойылған ту, бұншықтар осының дәлелі. **Жауынгершілік кезде ұстанған ту, бұншықтар кейінгі кезеңде ежелгі салт-дәстүрді негізге ала отырып, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қойылған. Заманның өзгеруі терең тамырлы рухани құндылықтар көзін, уақыт, кеңістік жүйесінде өз негізін сақтап қоюға кедергі болмады. Ғасырлар бойы қазақ хандығының орталығы болған жерде бейбіт кезеңде ту, бұншықтар Тайқазанды айнала қойылды. Әзірет Сұлтан кесенесіне жерленген көптеген батырлар, қолбасшылардың елді қорғағанда ұстаған тулары, бұншықтарының кесенеде қойылуы заңды құбылыс. Бұл қастерленген орталыққа, қасиетті орынға деген ғасырлардан келе жатқан**

**дәстүр. Елдің бейбіт өмірі мен бірлігін бейнелейді.**

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі, XIX ғ.суреттерде бейнеленген қазақтардың байрағы XV-XVIII ғасырларға тән. Түркістан альбомында, Н.И.Веселовскийдің жазбасында [11], А.К.Гейнс [12,72], М.Е.Массон [13,-51], Ж.Аймауытов [14,13], т.б. ғалым, зерттеушілер, әскери адамдардың жазбасында, зерттеулерінде кесенедегі бұншықтар, тулар жайында баяндалған. 1914 жылғы почта открыткасында Түркістандағы Үндемес ата, баба Ғаріб мешіті, күмбезі, оның жанына сыртына дуалға бұншық, жылқы қылымен ұшталған сырық,бұншық, ту ұшы көрінеді [15]. Осыдан Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңына жерленген шәкірттерінің мазарларына бұншықтарды қою дәстүрінің сақталғанын байқауға болады.

Қазан – орталық түсінігі, барлық жер мен уақытта көшпенділер үшін бірдей болған [6, 36]. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі кезінде Тайқазан құлағына байланған он қыл жалаулы ту туралы пікірлерде *«Ахмет Ясауидің он шәкірті болған, тулар соның белгісі»,* – десе, екіншісі *«қазақтың негізін салған он рудың туы»,–* дейді [16,203].

**Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің елдің рухани өміріндегі, мыңдаған жылдар дәстүрін бойына жинақтаған құндылықтарының шоғырланған, сақталған жер екені белгілі. Қасиетті орталық ретінде бұл жерге ел өмірінде ерекше орын алған, қастерленген тұлғалар жерленген, ел зиярат еткен, ерекше бір қасиетке ие орын.** Осыған орай кезінде жауынгершілікте ерекше қастерленген, ұстанған заттар иесі дүниеден өткен соң, ол жерленген жерге, қасиетті орталыққа қойылған. Мұндай ту ұшы, жылқының қылы осы салт-дәстүрдің көрінісі ретінде әлі күнге дейін сақталып келгенін де көруге болады.

XIX ғ. ортасында қазақ қоғамындағы сан ғасырлар бойы қалыптасқан жүйе Ресей империясының құрамына енген кезеңдегі саясаттың негізі мен өзгерістерге негізделе отырып өзгерді.

«Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық мұражайының қорында, кезінде қазанды айнала қойылған тулардың ағаштары болуы мүмкін деп есептелген алты ту ағаштары сақтаулы. Қазан төңірегіндегі ту ағаштары деген бұл материалдар жарылған, кейбіреулері сынған. Сонымен бірге елден қорға алынған ту, бұншық бөлшектері бұл заттардың елдің тарихында, тіршілігінде ерекше орын алғаны нақтылай түседі. Тудың ұшы, материалы металдан жасалған. Саны – 1 дана, көлемі 39,5-39,5 см. Оюланған, қалақ секілді, түтікшеге бекітілген (ҒКҚ N888). Майысқан, қарапайым түрде әшекейленген, кезінде елдің қолөнерші ұсталарының қолынан шыққан болар. Өрнектері мен формасы қошқар мүйіз өрнегін бейнелейді. Лауха, яғни ту ұшы тудың сырығына бекітілген. Сырыққа бекітілген тұсының диаметрі 5 см. Екі бөліктен құрастырылған. Жоғарғы бөлігі өрнекті. 28 см, төменгі бөлігі –13 см. Екі бөлігі екі шегемен бекітілген. Кубба – дөңгелек, шар сипатындағы ту ұшының бір бөлігі қарапайым түрде металдан жасалған қолөнер туындысы. Мерзімі шамамен XVIII-XIX ғғ. Ту ұшының келесі бөлшегі, металдан жасалған. 1 дана. Күмбез секілді дөңгелек формада құрылған. Жоғарғы бөлігі жылқының қылымен ұшталған. Төменгі бөлігі ілмекпен аяқталған. Кубба, күмбез ұшы сипатында металдан жасалған ту ұшы ат құйрығы іспеттес қылмен ұшталған (ҒКҚ N889) [17]. Биіктігі 16 см, төменгі бөлігінің диаметрі – 7 см. Орта бөлігінің диаметрі – 34 см. Бұл кубба, жылқының қыл құйрығы 1910-1915 жж. открыткаға түсірілген, сол жылдары Әзірет Сұлтан кесенесінде тұрған тулар, бұншықтардың суреттерімен сәйкестік табады. Қордағы жеке жылқының қыл құйрығы, мұндай қыл құйрықпен кезінде тудың ұштары ұшталған. Саны – 1 дана. Бұл заттар 2004 ж. желтоқсан айында қорға тұрғындардан қабылданған (ҒКҚ N890), (акт 12) [17]. **Демек, жергілікті ел арасында кезінде жауынгершілікте қолданған ту мен бұншықтың сақталғаны анық. Бұл кезінде ел қорғаған, кейінгі кезеңдерде ұрпақтан-ұрпаққа беріліп сақталған қадірлі заттардың жұрнақтары.**

Ш.Уәлиханов жазбасында, 1771 ж. Рычков жазбасында *«Әбілхайыр мазарының биіктігі төрт аршын, көлденеңі үш аршын. Жартылай шардың басына әдет бойынша түрлі шүберектер, тостаған, жылқы құйрығы байланған найза, бидай бумасы шаншылған»,–* деп жазады [18,167]. Осыған ұқсас Аташ, Байғазы батырлар молалары күмбездеріне аттың қылы байланған найза қадалған. Демек, қазақ жауынгерлері, батырлар жерленген мазарларға, кесенелерге ту, бұншықтар қою салтының көрінісін жазған деген пікір туындайды. Бұншықтарды әскер бұншықтар және найзалы түрі деп бөлуге болады. **Біріншісі** әскербасының билік символы, немесе ол әскери бөлімнің туына айналды. **Екіншісі** әскери-көшпенді жауынгердің ұзын қаруы, найзасының бір бөлшегінің бірі болды.

Қазіргі кезде «Әзірет Сұлтан» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайында, кезінде кесененің қабырхана бөлмесіне көлбей қойылған ұзын тудың ұшы металл лауха сақталған, ал ту мен бұншықтар туралы мәлімет жоқ. Осы лауханы зерттеген зерттеулерде оған жазылған жазулар мазмұны берілген [19]. З.Жандарбектің мақаласында да *«Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде өткен ғасырдың 30-жылдарына дейін сақталған тулардан бүгінгі күні тек Әмір Темір сыйға тартқан үлкен ту ғана қалған», –* деп айтылады. Зерттеуші бұл жерде тудың ұшы лауха, ондағы жазулар туралы баяндаған. 1930 ж. М.Е.Массонның түсірген суретінен, қазіргі кезде лаухасы сақталған үлкен тудың төменгі жағында, оңтүстіктен солтүстікке қарай созыла көлбеу, үш тудың тұрғанын, үлкен тайқазанды айнала әрбір құлағына бір тудан байланып, 10 тудың тұрғанын көруге болады. Осы суреттегі жарты ай белгісі бар, лаухамен ұшталған туды З.Жандарбек «*Абд ал-Жалил Баб Хорасан Ата туы*» деген. Жалпы, кесенеде үлкен ту және оның төменгі жағындағы М.Е.Массон суретінде берілген үш ту, қазіргі кезде олар жоқ, олар *«Ясауи ілімін таратушы тармақтарының туы», –* деп тұжырымдалады [20].

**Кесенеде XVIII-XIX ғғ. саяси-әлеуметтік жағдайда, көптеген тарихи оқиғалардың куәсі болған, ерекше қызметтер атқарып, қол басқарған тұлғалардың, елдің тулары мен бұншықтары қойылған және олардың орны мен саны өзгеріп отырған. Кезінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде Қазандық бөлмесіне қойылған тулар мен бұншықтардың қойылуы ілгеріден келе жатқан салт-дәстүр сабақтастығымен үндеседі.** Ғасырларға созылған саясат, Ресей тарапынан әкімшілік-саяси,әлеуметтік-құқықтық өзгерістер негізінде біртіндеп бұрынғы билік пен ерліктің, әскери дәрежесін бейнелер белгінің біртіндеп өз мәнін жоғалтуына ықпал етті. Дегенмен, ел қастерлеген орталыққа сан ғасырлар жеңісінің көрінісі мен куәсі құнды жәдігерлерді қойды.

Ту, бұншық жер шарын мекендеген адамзат баласының ежелден ұстап келе қатқан қасиетті рәмізі. Оларды тастағы суреттерден, заттай жасалған түр-

лерінен, ортағасырлық миниатюралардан, т.б. деректерден көруге болады, ғылыми мақалаларда зерделеніп келеді. Ғасырлар бойы қасиетті орталық болып келген Әзірет Сұлтан кесенесіне бұрынғы кезде қойылған ту, бұншықтар көнеден келе жатқан салт-дәстүр, рәсімді көрсететін белгілер. Көп ғасыр бойы кесенеде жерленіп келген, ел қорғаған батыр тұлғалардың бұншық, жалаулары, елдің туларының қадірлі орталықта қойылуы – сан ғасырлар дәстүрінің көрінісі.


**РЕЗЮМЕ**

В статье рассказывается о знаменах и бунчуках, находившихся в мавзолее Ходжи Ахмеда Ясауи до начала XX века, о значении их установления. Исследуется вопрос о традиции и происхождении, знамен, бунчуков с древнейших времен, и их значение.

* * *

The article tells about the colors and "bunchuks" (baculus with horsetail) that were in the Khoja Ahmed Yasawi mausoleum before the beginning of the 20th century, about the significance of their establishment. The origins, tradition and meaning of colors, bunchuks from ancient times is researched.


**ӘДЕБИЕТТЕР**


1.**Кубарев В.Д.** Военные сюжеты и культ оружияв петроглифах // Древности Алтая. - Горно-Алтайск, 2003.N11. – С23-35.

2.**Самашев З.** Жетісу Жартас суреттері. Баян жүрек. –Астана: Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы филиалының баспа тобы, 2012. -240 бет.

3. **Ахметжанов Қ.С.** Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері).-Алматы: Дәуір, 1996.-256 бет.

4. **Бутанаев В.Я.** Военное дело номадов Северной и Центральной Азии//Сборник научных статьей. –Новосибирск, 2002, -С.169-176.

5.**Гнедейкова Н.Л.** Горловое пение разных народов.-Абакан, 2012

6**. Қондыбай С.** Қазақ мифологиясына кіріспе. Толық шығармалар жинағы. 1-том.-Алматы: Арыс, 2008. -376 бет.

7.**Қожа М.** Иасы-Түркістан тарихы (Ерте заманнан XVIII ғ. дейін).-Алматы: Қаз ақпарат, 2000. -44 бет.;

8.**Қондыбай С.** Жауынгерлік рух кітабы. Алпамыс ғалам.-Алматы:Арыс, 2008. -416 бет.

9. **Самашев З.** Көне түркі графикасы. – Астана: Prosper Print, 2013. – 316 б.

10.**Умаров А.К.** К вопросу об исторических знаменах казахов и их предков// http:// munara.kz.; **Атығаев Н.** О некоторых символах власти (трон и корона: от Монгольской империи к Казахскому ханству). http://edu.e-history.kz/ru/publications/view/180 // 05.08.2015.; **Советова О.С., Мухарева А.М.** Об использовании знамен в военном деле средневековых кочевников//Археология Южной Сибири//Археология Южной Сибири. Вып. 23. [Сб. к 60-летию В.В.Боброва.] Кемерово: 2005.С.92-105.

11. **Кожа М.Б., Байсариева Г.О.** Академик Н.И.Веселовский о древностях Южного Казахстана//Вестник КазНПУ имени Абая. Серия истоические и социально-политические науки. N3(50),-Алматы. 2016.

12. **Гейнс А.К.** Путешествие в Туркестан 1866 года// Собрание литературных трудов А.К.Гейнса в 3-х т. –СПб., 1898. -742с.

13. **Массон М.Е.** Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви.(қазақ және орыс тілдерінде). –Шымкент: Жібек Жолы, 2000. -64 бет.;

14. **Жүсіпбек Аймауытов.** Әзірет Сұлтан //(Әзірет Сұлтан. Таңдаулы мақалалар жинағы. –Шымкент: Жібек Жолы, 2000.

15.**Тұяқбаев М.** Төрт қақпалы Түркістан//Ясауи мұрасы. Республикалық газет. N1(13). Қаңтар. 2018.

16.**Тоқтабай А.** Жылқы және ту// Орталық музей еңбектері. Музей ісі, тарих, этнология, фольклортану, антропология, тарихнама, деректану, нумизматика.-Алматы, 2000. Т.194. -203 бет.; Жандарбек З. Әзірет Сұлтан» кесенесінде сақталған Ту және оның тарихи мәні// karashuk. ucoz. com› news/ ziret_s_ltan_kesenesinde_…;

17. Әзірет Сұлтан тарихи-мәдени қорық музейі. Сақтау қоры. Инв.ҒКҚ N758/1-6; ҒКҚ N888; ҒКҚ N889; ҒКҚ N890;

18.**Уәлиханов Ш.** Көп томдық шығармалар жинағы. –Алматы, 2010. -376 бет.; Алтайдан Каспийге дейін Қазақстанның табиғи, тарихи және мәдени ескерткіштері мен көрнекі орындарының атласы. –Алматы, 2011. Т.1. -586 бет. 323-324-беттер.;

19.Лаухалы ту//Мәтінді дайындағандар: Садуақасов Д. Мейірманов А. Араб, парсы тіліндегі жазуларды оқып, тәржімалаған: Моллақанағатұлы С. http://kozhalar.kz/20174915-lauhaly-tu.; Мейірманов А. Қола лауханың символдық мәні//«Үш қиян» газеті. 13.08.2009.

20.**Жандарбек З.** Әзірет Сұлтан» кесенесінде сақталған Ту және оның тарихи мәні//karashuk. ucoz.com› news/ziret_s_ltan_kesenesinde_…


# ҚАЙРАТКЕР, ДИПЛОМАТ БОПАЙ ХАНЫМ


**Сейітқали ДҮЙСЕН,**
**Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты**


**Қазақ тарихында Бопай есімді екі тұлға болған.** Оның бірі – Кіші жүз ханы Әбілқайырдың зайыбы, ал екіншісі – Кенесары ханның туған қарындасы.

Әбілқайыр ханның жұбайы Бопай ханым (шамамен 1690-1780 жылдары өмір сүрген – С.Д.), Ресей патшайымдары мен губернаторлары және зерттеушілерінің, тіпті шетел саяхатшыларының назарына іліккен Қазақ хандығындағы саясаткер әйел.

Халық жазушысы Әбіш Кекілбаев пен тарихшы ғалымдар К.Есмағамбетов, С.Өтенияз, Б.Нәсенов, Ә.Мұхтар, зерттеушілер Ә.Спан, Ә.Атшыбаев, Қ.Есламғалиұлы, Ж.Мұқанов, С.Мақсұтбек, Бопай ханым туралы кітаптар, зерттеу мақалалар жариялаған.

**Бопайдың өмірбаянын зерттеушілердің алғашқыларының бірі қаламгер Сүлеймен Мақсұтбектің жазуына қарағанда ол Кіші жүздің Адай руының Табынай тармағынан тарайды.** Әкесінің есімі – Сүлеймен. Өмірден озғанда Батыс Қазақстан облысының Елек өзені бойында жерленген деген пікірді келтіреді.

С.Мақсұтбек Бопай ханым орыс геологы Д.Н.Соколовтың 1906-1907 жылдардағы «Из поездок по степи», «Наблюдения и заметки» деген жазбаларынан мынадай деректер келтіреді. *«Раскопки Красногорского кургана на Кузнечной горе в стороне от крупных рек (Илек, Урал) на горе Острый Шихан у речки Черной, где как говорят при раскопке нашли (хищнической раскопки) железные вещи и*

*обрывки парчевой одежды, несколько верст от ниже поселка Черновского, впадает в речку Черную Ручей, которого русские называют Пупай. На 10 верстной карте Оренбургского военного топографического отдела около этого ручья, на левой его стороне на высокой его стороне на высоком холме показана «Папая, Ханьшина могила». На рукописной обноверстной карте Оренбургского казачьего войска среди местных жителей этот холм наывается «Мечетка»* [1].

Автор 1999 жылы шыққан «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының 2-ші томында оны «төре тұқымынан», Қасым төренің қызы Бопаймен шатастырған деп жазады [2,373]. Дегенмен Бопай ханымның шыққан тегі мен жерленген жері туралы нақты пікір айту қиын.

XVII-XIX ғасырлардағы қазақ тарихын терең зерттеген, қазақ хандары шежіресін, соның ішінде Әбілқайыр туралы мол деректер білетін И.В.Ерофеева «Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик» кітабында Бопайды төре тұқымынан таратып, Кіші жүздің сұлтаны Дербісәлінің туған қарындасы және Бопай ханым 100 жастан аса өмір сүріп, 1780 жылы қайтыс болғанын келтіреді [3,389]. И.В.Ерофеева Әбілқайыр ханның Бопаймен қалай танысып, үйленгені туралы халық жадында сақталған аңызды да мысалға алады.

**Тарихи аңызда, Әбілқайыр хан серігі Жәнібек батырмен жолаушылап шығып, жолда бір ауылға аялдауға мәжбүр болады.** Ауыл басшысының сымбатты, көрікті жас қызына ханның көңілі кетіп, әрі қарай жол жүруден бас тартады. Қызбен жақын танысып, көңілінен шығуы үшін өзінің хан екенін жасырып, қыздың бай әкесіне жылқышы болып жалданады. Зор денелі, сымбатты, әрі ержүрек жігіт қызға да ұнайды. Қызды айттыруға сөз салғанда, ешкімі жоқ, жалғызбасты кедейге қызын бермейтінін айтып, 150 бас жылқыны қалың мал ретінде берсе ғана келісетінін айтады. Хан Жәнібек батырдың көмегімен айтылған қалыңмалын беріп, тойын жасап Бопайға үйленеді деп баяндайды [3,385-386]. Аңыздан аңдағанымыз, Бопай ханым жылқысы көп, бай жанұядан шыққаны.

Сонымен қатар И.В.Ерофеева Джон Кэстль де өзінің жазбасында оны «султанша» деп атағанын келтіреді [3,385]. Сондықтан Бопайдың төре әулетінен тарайтыны туралы дерек шындыққа жақын сияқты.

**Ханның бірінші бәйбішесі Бопайға үйленгенге дейін қайтыс болған.** Әбілқайырдың Бопайдан басқа қалмақ және башқұрт ұлтынан алған әйелдері де болған. Бұл ханның әулеттік неке арқылы көрші елдің билеушілерімен қатынасты нығайту мақсатында жасаған әрекеті болса керек [3,390]. Ханның бұл әйелдерінің Орда ісіне қатыстары болмаған, өмірлерін үй тірлігімен, балаларын өсірумен шектеген.

Ал, жүрек қалауымен сүйіп алған әйелі Бопайдың Хан ордасындағы рөлі ерекше болды. Бопай ханның рухани-саяси көмекшісі дәрежесіне дейін көтерілген адам. А.И.Левшин Бопай ханымның билікке араласқанын дәлелдейтін бір белгі ретінде, оның есімі жазылған мөрі болғанын жазады [4,217]. Деректерде Бопай ханымның Орынбор, Уфа әкімшіліктеріне жолдаған хаттарында оның жеке мөрі басылғаны кездеседі.

Ресей мұрағаттарында Бопай ханымға қатысты деректерді зерттеген ғалым Әбілсейіт Мұхтар Кіші және Орта жүзден 500 белгілі сұлтан, би, батыр, старшындар қатысқан 1748 жылдың маусымындағы кеңесте сөз алып, қазақ-орыс қатынастарының қазақ елінің тағдырына қатысты тұстарын талдап берген сұңғыла саясаткерлігі туралы дерек келтіреді [5].

Бопай ханым бейнеленген 1736 жылы маусым айында Әбілқайырдың жазғы ордасында болған ағылшын суретшісі Джон Кестльдің «Жена Абулхаира Бопай ханым с младшим сыном Адилем» деген суреті «История Казахстана в русских источниках» деген көптомды құжаттар жинағының 3-ші томында берілген [5,240-241]. Бұл кезде Бопай бес баланың анасы, жасы 40 шамасында екен. Қарындашпен салған суретте түр-сымбаты келіскен, мойнын бір жаққа бұрған, қой көзді, қыр мұрынды дөңгелек жүзді, өңінде сәл мұң бар қазақтың әдемі әйелі бейнеленген.

Патшалы Ресейдің белгілі тарихшысы А.И.Левшин: *«Бопай өзінің ақылдылығы арқасында бүкіл Кіші жүздің құрметіне бөленді және кейде оны басқаруға үлкен ықпал етті»,* – деп жазды [4,217].

Бопай ханым – Әбілқайыр ханның түпкі мақсаты – Жайық казактарының, орыс бодандығындағы башқұрттар мен Еділ қалмақтарының шапқыншылықтарын тоқтату, жоңғарларды түпкілікті талқандау екенін, бұл күрделі мәселелерді уақытша болса да Ресей империясының қол астына кіру арқылы шешуге тырысқандығын жақсы түсінген. Сол себепті Бопай ханым Әбілқайыр ханның осы бағыттағы саяси шешімдерін үнемі қолдап отырған. Ол Бопай ханымның 1731 жылғы 22 қарашада орыс патшайымы Анна Иоановнаға, 1748 жылғы 5 қазанда Елизавета Петровнаға, әр жылдары Орынбор әкімшілігінің басшыларына жазған хаттарынан айқын аңғарылады. Ол хан кеңесіне қатысып, ел басқаруға қатысты өз пікірін білдіріп отырған. А.И.Левшин: *«...Любя русских, она часто удерживала мужа своего Абульхаира от исполнения намерений, вредных для России. Все сие доведено было до сведения двора петербургского, а потому султан Джанибек, возвратившись в орду, привез ей письмо от канцлера и кусок золотой парчи от имени императрицы»,* – деп жазады [4,217].

Әбілқайыр хан Бопайдан 6 бала көреді: Нұралы (1710/1711-1790), Ералы (1721-1794), Қожахмет (1722-1749), Айшуақ (1723/1724-1810/1811), Әділ (1724-1756) және Зылиқа [3,389-390]. Ал Әбілқайыр мен Бопайдың балалары мен немере-шөберелерінің бірқатары ел тарихында белгілі рөл атқарғаны көпшілікке мәлім.

Әбілқайыр хан қаза тапқаннан кейін де Бопай ханым ұстанған бағытынан таймай, ханның саясатын одан әрі жалғастыруды ойлайды. Мұның бірден-бір жолы баласы Нұралының хан тағына отырып, әке орнын басуы деп түсінеді.

Ұлы Нұралыны хан тағына отырғызу ең бірінші, Орта жүз бен Кіші жүздің рубасыларының, беделді билерінің, атақты батырларының келісімін алу, екіншіден, Ресей патшайымы Елизавета Петровнаның Нұралыны хан тағына лайық деп тануына қолжеткізу арқылы жүзеге асырылатынын Бопай ханым жақсы болжап, пайымдайды. Қазақтың ықпалды адамдарының келісімін алған соң Ресей патшайымына, Орынбор губернаторы И.Неплюевке хат жазып, Орта және Кіші жүздің 8 беделді биін Орынборға, содан кейін Санкт-Петербургке аттандырады. Соның нәтижесінде орыс патшайымы Елизавета Петровна 1749 жылы 2 мамырда Нұралыны хан етіп бекіту туралы жарлығын шығарады.

Әбілсейіт Мұхтардың пайымдауынша Нұралыны қазақтың бас ханы ретінде мойындамағанымен, қырғыз-қайсақтар ханы ретінде Ресей мемлекеті мойындайды. Бұл арада Ресей біртұтас қазаққа *«бір бас хан қажет емес»* деген қорытындыға келіп өз

саясатын жүргізе бастайды [5].

Бұл Бопай ханымның өз елі мен Ресей патшалығы арасында жүргізген дипломатиялық әрекетінің бір көрінісі деп білгеніміз жөн. Баласы Нұралы Кіші жүзді басқарған кезде Бопайдың ел басқарудағы ықпалы тіпті күшейіп, Хан-ана деп аталады. Қазақ-жоңғар қатынасын жақсарту үшін өгей қызын Жоңғария қонтайшысы Қалдан Сереннің баласына ұзатпақшы да болады, бірақ қызы қайтыс болып, бұл ойы іске аспайды.

Барақ сұлтан күйеуі Әбілқайырды өлтіргенде, жар қазасы қанша ауыр болса да, Бопай сабырлық пен төзімділік танытып, ел арасында қантөгісті, араздықты болдырмау үшін, қылмыскерді жазалауды орыс әкімшілігі арқылы заңдастырып алуға ұмтылды. Өйткені Барақ сұлтанның артында да Әбілқайырдың саясатына наразы болған, бірқатар рулар бар болатын және олардың Барақты жақтайтыны анық еді. Екінші жағынан Әбілқайырдың баласы Нұралы Барақ сұлтанның жиен қарындасына үйленген болатын [3,391].

А.И.Левшин жазады: *«...По смерти Абульхаира жена его ханша Папай писала к Тевкелеву, чтобы он прислал ей черное знамя, которое обняв, слезно плакала бы она и с которым бы кочевала»* [4,340].

Осы оқиғаға қатысты Орынбор губерниясының беделді басшыларының бірі, дипломат және ханшаны жақсы білетін А.И.Тевкелев Әбілқайырдың қазасы туралы хабарды жеткізуге байланысты былай деп жазады: *«... брегадир Тевкелев того же дня отправил к тем же старшинам с тем приказом, чтобы они немедленно объявили о смерти Абулгаир-хана ханше Попай, и понеже она человек умный, с разсуждением будет печалится, а потом станет иметь свое попечение о детях своих и о ордынских делах, ибо в такой сумятице, чтобы худого чего не произошло, она еще поправить может»* [6,280]. А.Тевкелев сонымен қатар өзінің атынан Бопай ханшаға көңіл айтып хат жолдайды [6,288].

Тарихшы И.В.Ерофеева Бопай ханымға мынадай баға береді: *«С точки зрения редкого сочетания внешней привлекательности и развитых интеллектуально-волевых качеств, личностной самодостаточности и сильного влияния как на собственного мужа, так и на старшинское окружение последнего Бопай-ханым, бесспорно, можно считать одной из самых выдающихся казахских женщин эпохи средневековья и нового времени. Ее брачный союз с Абулхаиром по силе взаимной привязанности обоих супругов их взаимодополняемости, а также по своей социальной значимости в деле управления казахами Младшего и Среднего жузов сопостовим с широко известными образцами таких гармоничных супружеских тандемов, как Юлий Цезарь и Клеопатра, князь Игорь и княгиня Ольга, эмир Тимур и его старшая жена Биби ханым, султан Бабур и его супруга Султан-Нигар ханым и другие. Именно поэтому политические шаги и сама яркая личность ханши Бопай занимают немаловажное место во многих письменных источниках по истории Казахстана второй четверти XVIII века»* [3,387].

Түйіндей келе айтарымыз, Бопай ханымды ел басқаруға лайықты әйел-қайраткер, XVIII ғасырдағы қазақ-орыс қатынастарына ықпалы жүрген, дипломатиялық қабілетке ие болған тұлға ретінде танығанымыз дұрыс.

### ӘДЕБИЕТТЕР


1. **Сүлеймен Мақсұтбек.** Бопай ханым // Инфо-Цес. 2003 жыл. 18 қыркүйек №21 (1332).
2. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. 2-том. – Алматы. 1998.
3. **Ерофеева И.В.** «Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик» Изд 3-е исправл. и дополн. - Алматы: «Дайк-Пресс». 2007. - 456 с.
4. **Левшин А.И.** Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей (Под общей редакцией академика М.К. Козыбаева). – Алматы «Санат», 1996. - 656 с.
5. **Мұхтар Әбілсейіт.** Еліне тірек болған Бопай ана // Егемен Қазақстан. 2017 жыл 12 желтоқсан.
6. История Казахстана в русских источниках. 3-том. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. - 484 с.


# КЕДЕЙ ШАРУА


**Өтеген ИСЕНОВ,**
**тарих ғылымдарының кандидаты, Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры**


Қазақ шаруаларының малынан айрылып, шаруашылығы жұтаған күйзеліске ұшырағандары кедейлер тобын құрады. «Кедей шаруа», «кедей» және «жарлы» ұғымдары мәні жағынан бір-біріне барабар ұғымдар. Олар толығымен қайыршылыққа ұшыраған, өндіріс құралдарынан жұрдай болған ауылдық жарлы-жақыбайлар (байғұстар немесе қоңсылар) [1] мен экономикалық тұрғыдан қандай да бір өзіндік тәуелсіздіктері бар жай-шаруалардың арасындағы аралық топ болып табылады [2]. Өзінің жеке иелігінде 1-5 бас сиыры, 1-3 басқа дейін жылқысы, оншақты бас ұсақ малы бары, кейде одан да аз малды кедей тек мал шаруашылығымен айналыса жүріп бір жағынан отбасының қажеттілігін толықтай қанағаттандыра алмаса, екінші жағынан ол бұл кәсіптен қол үзбейді. Кедей шаруа көшпелі немесе жартылай көшпелі ұжымнан бөлініп кете алмайды, оның өзінің мал басын көбейтіп, дербес шаруа қожалықтарының қатарына қосылсам деген үміті оны осы кәсіптен айрылмауына бірден-бір себеп.

Жоғарыда келтірілген мысалдардағы екінші шартты топқа жай-шаруалармен [2] салыстырғанда экономикалық көрсеткіштері төмен, шаруашылықтарын өз беттерінше жүргізе алмайтын, дербестігі жоқ шаруашылықтар кіреді. Шоншалы руының бірінші бөлімшесінен бұл санатқа 83 үйдің 11 енді. Бұл шаруашылықтардың әрқайсына кестеде кеңінен сипаттама берілген. Әрбір шаруа қожалығында 2-3 бас жылқы, 2-4 басқа дейін сиырдан бар. Көпшілігінде ұсақ мал жоқтың қасы. Негізгі кәсібі мал шаруашылығы болатын қоғамда жоғарыда аталған шаруашылықтардың алатын орындары қандай деген сұрақтың орынды екендігі еш

дау тудырмаса керек. Олардың көшуге қажетті жүк көлігі мен құрал-жабдықтары және сауын малдары бар. Алайда мұның бәрі мұқтаждық көрмей тіршілік етуге аздық ететіні анық. Сүттен басқа күнделікті тамақтың өзіне ет, астық өнімдері, өндіріс тауарлары қажет және оларды малға айырбастау жолымен ғана табуға болады. Алайда бұл шаруашылықтарда айырбас жасайтын басы артық мал болмақ түгіл, отбасының ең негізгі қажеттіліктерін де өтей алмайтын. Мұндай жағдайда шаруалар етсіз, тек сүт өнімдерінен жасалған тағамдармен күн көруге көнулеріне немесе қосымша күн көріс жолдарын табулары керек болатын. Үнемі біріңғай сүт өнімдерінен дайындалған азықпен күн көру мүмкін болмағандықтан олар екінші жолды таңдауға мәжбүр болады.

**1-кесте.**

| Шаруа шылық № | Мал басы саны | | | Шаруа-шылық № | Мал басы саны | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жыл-қы | Қара мал | Ұсақ мал | | Жыл-қы | Қара мал | Ұсақ мал |
| 1 | 3 | 4 | - | 7 | 2 | 3 | - |
| 2 | 2 | 2 | 10 | 8 | 2 | 4 | - |
| 3 | 2 | 2 | - | 9 | 2 | 3 | - |
| 4 | 2 | 2 | - | 10 | 2 | 2 | 15 |
| 5 | 3 | 3 | - | 11 | 2 | 4 | - |
| 6 | 3 | 4 | 15 | | | | |

**Дерек көзі: Исенов Ө.И.** Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жүйесі. Оқу құралы – Қостанай: КМПИ, 2010. – 207 б. – 120 б.

Енді 111 үйдің 23 осындай шаруа қожалықтарының құрамына жатқызылған келесі көшпелі ұжымды қарастырып көрейік.

**2-кесте.**

| Мал басының саны | | | | Мал басының саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Шаруа шылық № | Жыл-қы | Ірі қара мал | Ұсақ мал | Шаруашы-лық № | Жыл-қы | Ірі қара мал | Ұсақ мал |
| 1 | 2 | 4 | – | 13 | 2 | 4 | – |
| 2 | 3 | 2 | – | 14 | 2 | 3 | – |
| 3 | 2 | 5 | – | 15 | 2 | 3 | – |
| 4 | 3 | 6 | – | 16 | 2 | 2 | 15 |
| 5 | 3 | 6 | 45 | 17 | 2 | 1 | – |
| 6 | 3 | 4 | – | 18 | 2 | 2 | – |
| 7 | 2 | 3 | 5 | 19 | 2 | 1 | – |
| 8 | 2 | 1 | – | 20 | 2 | 1 | – |
| 9 | 2 | 3 | 30 | 21 | 2 | 2 | – |
| 10 | 3 | 4 | 15 | 22 | 2 | 2 | – |
| 11 | 2 | 4 | 35 | 23 | 3 | 2 | – |
| 12 | 2 | 4 | – | | | | |

**Дерек көзі: Исенов Ө.И.** Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жүйесі. Оқу құралы – Қостанай: КМПИ, 2010. – 207 б. – 121 -122 б.

Бұл деректен де біз алғашқы көріністегі жағдайды көріп отырмыз. Көшпенділердің жылқылары мен мүйізді ірі қара малдарының сандарының мардымсыз екендігін және көпшілігінің қой, ешкі сияқты ұсақ малсыз күн көріп жүргендерін көруге болады. Тек жекелеген шаруалардың 5 тен 45 бас аралығында ұсақ малдарының бар екендігін көруге болады, алайда мұның өзінің аздық ететіндігінен, олардың қосымша табыс көздерін іздеулеріне мәжбүрлейтіні белгілі. Кедейлерге тән жетіспеушіліктеріне қарамастан олар қосымша күн көріс көздерін іздестіру барысында өзге шаруашылықтардың қосымшаларына айналып кетпейді, шаруашылық ерекшеліктерін, өзінің дүние-мүлкіне деген меншік құқығын жоғалтпайды. Мал шаруашылығының қанша жерден шағын болғанына қарамастан ол кедей отбасының негізгі күн көріс көзі болып қала береді және оның жеке шаруашылығының ерекшелігі. Мұндай шаруа отбасының өзінің үйі, шаруашылық және тұрмыстық заттары болып, қоғам мүшесі ретінде өзгелермен тең дәрежеде жеке басының және мүлік бостандығы болады.

Басқа екі топтағы кедей отбасыларының мүшелері көріп отырғанымыздай өздерінің тұрмыстық қажеттіліктерін өтеу үшін қосымша табыс көздерін іздеуге мәжбүр, яғни, уақытша немесе тұрақты түрде өз шаруашылықтарынан тысқары жерде жұмыс істейді деген сөз. Отбасы мүшелерінің шағын шаруашылықты жүргізуге жағдайларының болуына және бұл шаруашылықтың көлеміне байланысты көп шығынды және күтімді қажет етпегендіктен олардың сырттан табыс іздеуге және табыс табуға толық мүмкіндіктері болды. Қазақ қоғамындағы кедей топтары туралы толығырақ мағлұмат беру үшін осыған ұқсас тағы да бірнеше мысал келтіруді жөн көрдік. Ішкі Ордадағы Кете руының Майлы және Есталы ауылдарында 1841 жылы 284 шаңырақ (киіз үй) болды. Мал басының санына қарап оларды Қазақ даласының осы аймағында өмір сүріп жатқан халықтың тұрмысына сай күндерін көріп жатқан өкілдері деп айтуға болады. Ішкі Орда жерінің көп бөлігі аз сулы, жері қуаң, құмды, сортаң болып келетін. Олардың негізгі көші-қон көліктері түйе еді. **Олардың шаруашылықтарға шаққандағы көрсеткіштері келесідей болды:** 29 отбасында түйе мүлдем болмады, 48 шаруашылықта 1 бас түйеден ғана болды. 129 отбасында 2-3 түйе, 79 отбасында 4-10 аралығында және 2 шаруашылықта ғана 11-ден 20 басқа дейін түйе болды [3, 122-б.]. №2-кестеде осы шаруашылықтардағы өзге де мал бастарының саны көрсетілген. Түйесі жоқ 26 шаруашылықтың (І топ) 17-нің жылқылары да болмаған. Отбасылардың көпшілігінде 1-2 бастан сиырлары ғана болды. Бұлар көшпенділердің ең кедей, жарлы бөлігі – «байғұстар» [4].

Шаруашылықтың екінші тобында (1 бастан түйелері барлары) сиырлардың саны біріншілермен салыстырғанда біршама көбірек болды (33 отбасының 2 мен 5 бас аралығында ірі қара малдары болды). Бұл шаруашылықтардың жағдайларының байғұстардан айырмашылығы айтарлықтай тәуір болды деп айту қиын. Алайда соншалықты теңдестіруге де болмайды. Олардың арасында жіктеулерге сәйкес байлардың да, кедейлердің де кездесетіндері анық. Үш топқа енген шаруашылықтардың жағдайларының айтарлықтай артықшылықтарының болғандығы белгілі. Олардың әрқайсында 2-3 түйеден, 5 бастан жылқылары, 2-ден 5 басқа дейін мүйізді ірі қара малдары, кейде 30 басқа дейін қойлары болды. Олардың арасында шаруашылықты жүргізу тұрғысынан біршама дербестері де (жай шаруа), кедейлеу шаруашылықтары да болды [3, 123-б.].

Ұсынып отырған шаруашылықтарды мал басының санына қарап жіктеу салыстырмалы. Сол себепті ол «шартты топтарға» берілген. Шындығында отбасылардың екі тобында байғұстар ғана емес, сондай-ақ кедейлердің қатарына жатқызуға болатын отбасылар да болатын. Мысалы, 9 отбасының иелігінде 4-5 бас қара малдан болды. Оларды ауылдық жартылай пролетарияттарға жатқызу өте қиындық туғызған болар

еді. Дәл осылай үшінші топтағы кедейлердің арасында да біршама жағдайлары жақсы шаруалар бар еді, олардың иеліктерінде түйелерінен басқа 6-дан 10 басқа дейін жылқылары (5 шаруашылық), 6-дан 10 басқа дейін қара малдары бар (19 шаруашылық) және 50 бастан жоғары (4 шаруашылық) қойлары бар отбасылар болды. Мұндай шаруа отбасылары кедей емес жай шаруаларға жатады [2].

Академик Салық Зимановтың зерттеуі бойынша шаруалардың өз арасындағы әлеуметтік топтардың ара жігін анықтауда нақты бір көрсеткіштеріне байланысты жекелеген тұрақты әлеуметтік топтарға бөлу кей жағдайда мүлдем мүмкін болмай жатады, бұған көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қоғамда өте маңызды орын алатынына қарамастан жеке шаруалардың экономикалық жағдайын көрсетіп бере алмайтын олардың тек мал басының санын ғана білу де себеп болып табылады. Сондықтан да кей мәселелерде ауытқушылықтардың орын алуы әбден мүмкін, шаруалардың жекелеген шаруашылықтарын жіктеу барысында да қателіктерге жол берілуі мүмкін. Теория жүзінде белгілі бір топқа біріктіру үшін олардың ішкі заңдылықтарын көрсететін және көптеген фактілерге негізделетін орташа сан мен деңгей алынатынын естен шығармау керек. Қашанда шындықпен қатарласа жүретін кейбір ауытқушылықтардың болуы жалпы қорытынды жасауға айтарлықтай нұқсан келтіре алмайды, тек өмірдің теориядан анағұрлым кең, бай екендігін көрсетіп тұрады [3, 123;124-б. ].

Кедейлердің (жарлылардың) әлеуметтік-экономикалық жағдайлары халықтың мақал-мәтелдері мен қанатты сөздерінде асқан шеберлікпен өте дәл берілген. Мысалы, *«Жарлының жалғыз қозысын қасқыр жейді», «Жарлы атқа мінсе қайдан алдың дер, бай атқа мінсе құтты болсын дер», «Байдың мыңын көрмейді, жарлының жалғызын көреді», «Байдың күні пәрменмен, жарлының күні арманмен». «Кедейдің ұлы болғанша байдың құлы бол», «Жұлдыздар жиналып ай болмас, кедейлер жиналып бай болмас»,* дейді. Дейтұрғанмен, дәстүрлі қазақ қоғамында кедей шаруаның өздерінің ақыл-амалдарымен байлар санатына енгендері болған. Қазақтың ауызша тарих айту дәстүріне жүгінсек, Кіші жүздің Беріш аталығынан тарайтын Есен Темір руы бар. Есен Темір жас кезінде байдың жылқышысы болған. Үлкен жұт жылы малдар қырыла бастаған. Жылқышы жылқыларды аман сақтап қалудың амалын тауып, тәуекелге бел байлайды. Байдың рұқсатымен жылқыларды айдап кетеді. Каспи теңізінің бойын жағалай қыстап шығады. Жас шыға биелер құлындатып, жаз ортасында елге жылқыларды аман-есен айдап келеді. Жылқыларын жұттан аман алып шыққан жылқышының мәрттігіне разы болған бай қызын қалыңдыққа беріп, алдына мал салған. Кедей шаруа Есен Темір бай болып, ұрпақтары үлкен рулы елге айналған. Немесе, дәулетті байлар мықты жұт жылдары бар малынан айырылып, тақыр кедейге айналғандары болған. Осыған орай, халқымызда: *«Бай бір жұттық», «Жас өспей ме, жарлы байымай ма?»* деген нақыл сөздер қалған [5].

Ал халықтың атақты «Айман – Шолпан» жырында *«Аузына ақ тимеген қу кедей»* деген тіркес кездеседі. Мұндай қорытындылаулар кеңестік дәуір тұсында кедейлер байларға қарсы қойылып, олардың экономикалық көрсеткіштері бойынша қарама-қарсы күштер ретінде суреттелуі белең алды.

**Кедейлер үшін қосымша күн көріс көзі болған кәсіптерге келесі амалдарды жатқызуға болады:** а) егіншілікпен, аңшылықпен, балық аулаумен айналысу, ал жалпы алғанда өздерінің тұтынуларына қажетті өнімге қол жеткізу үшін өздерінің еңбек өнімдерін жұмсау; б) қазақ ауылдарынан тыс жерлерге, орыс ауылдарына, тау кен өндіріс өнеркәсібіне, түрлі өндіріс орындарына, көпес керуендеріне, маусымдық немесе бір мәртелік жұмыстарға жалдану, кәсіпшілікпен айналысу; в) ауылдасының шаруашылығында жұмыс істеу. Осылайша, кедей-шаруалардың жеке басының тәуелділігі оның феодалдарға экономикалық тәуелділігімен ұштасып жатты, тұрмыстық қажеттіліктер мен экономикалық жағдайларының оңалмауы олардың үнемі тәуелділікте болуларына себеп болды [3, 177-б.].

Қорыта келе, Кедей-шаруалардың әлеуметтік топ ретінде қалыптасуына ықпал еткен экономикалық шарттардың жиынтығы кедей шаруаның әлеуметтік жағдайы олардың саяси санасының деңгейіне және олардың әділеттік үшін күрескерлік болмыстарының қалыптасуына әсер етті. Бұл – **бір.**

**Екіншіден,** кедейлер шаруалардың ішінен салық төлеуден, бұйрықтарға бағынудан бас тарту және т.б. әрекеттер арқылы қожайын байлардың және отаршыл сипаттағы әкімшіліктердің озбырлық зорлық-зомбылықтары мен әділетсіздіктеріне батыл қарсы шығып отырған – әлеуметтік топ болды. 1851 жылғы деректе №54 дистанция бастығы келесідей мазмұндағы мәлімдемесінде: Төртқара рулары көшіп жүргені үшін ақы төлемеу мақсатында үйлерін жығып, жасырып тастағандығы айтылады, болмаса үйлерін далада тастап кетулері [3, 124-б.] айтылады; **Үшіншіден,** кедей шаруалардың жасырын көшіп кету секілді амалдарды қолданулары наразылықтарын білдірулерінің бір түрі болды. **Төртіншіден,** кедей шаруалардың әділетсіздік пен мүлік теңсіздігіне байланысты алалауға қарсы әділеттілік іздеп бас көтере бастаған жартылай пролетариат қазақ шаруаларының тобының қалыптасып келе жатқан алғашқы қарлығаштары болды [6, 185 б.].

## РЕЗЮМЕ

В статье на основании источников рассматриваются проблемы бедняков-крестьян (шаруа) – традиционной социальной группы казахского общества.

***

The article discusses the problems of the poor peasants (sharua), a traditional social group of Kazakh society, based on sources.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Исенов Ө., Тастекова Г.** Қоңсылар институты. // Зұлқарнай Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университетінің **ғылыми хабаршысы**. – 2016. №1. – мамыр / май. – 321-326-бб. www.vestnlkstu.kz
2. **Исенов Ө.И. Шаруалар институты:** жай шаруа. // «Әлихан Бөкейхан және Алаш тағылымы»: Материалы республиканской конференции, посвященной празднования юбилея государственного деятеля, лидера партии «Алаш» А.Букейхана под эгидой ЮНЕСКО и 80-летию Костанайской области. – КГУ имени А.Байтурсынова: 2016. – 297 с. – (227-231-бб).
3. **Исенов Ө.И.** Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жүйесі. Оқу құралы. – Қостанай: КМПИ, 2010. – 207-б.
4. **Наурызбаева Э.К., Исенов Ө.И. «Байғұстар» - XIX ғасырдағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік топ**. // Scientific E-journal «edu.e-history.kz» № 3 (15) 2018.
5. **Исенов Ө.И.** Дәстүрлі қазақ қоғамындағы байлар институты. // Академик Зұлқарнай Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті ғылыми хабаршысы. № 2. Мамыр. 2014. – 196-203 б. **www.vestnlkstu.kz**
6. **Исенов Ө.И.** Дәстүрлі қазақ қоғамы: тұлғалар тұғыры. / Монография. Қостанай, Шапақ ЖШС баспасы, 2016. – 355 б.

# А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ

**Ғайнижамал РСАЛДИНА,**
**Роза БЕЙСЕМБИНА,**
**Ұлттық медицина университетінің доценттері,**
**Нұргүл ТӘТТІБЕК,**
**аталған университеттің аға оқытушысы**

**А.Байтұрсынов ХХ ғасырдың басында өкіметтің қазақ елінде білім саласындағы шалағайлықтарына қарсы күрес жүргізді.** Мектептерде оқытуды біріңғай орыс тілінде жүргізуге қарсы шықты. Мектеп оқушыларын орыстандыруға бағытталған саясатын олардың ұлттық діліне, мәдениетіне жатпайтын келеңсіз құбылыс ретінде бағалады. Өйткені ол баланың ана тілін жете меңгеруіне, ауыз әдебиетінен сусындауына, дүниетанымының қалыптасуына жете мән беріп, ұлттық сана-сезімінен, салт-дәстүр, әдет-ғұрып жолдарынан алыстауына тосқауыл қойды. Сондықтан А.Байтұрсынов жастарды өзінің тілін, әдебиетін ұмытпауға шақырды. Өкіметтің саясатын сынап әшкереледі.

А.Байтұрсынов қазақтың әліпбиін жасап, жазу-сызуын ғылыми тұрғыда қалыптастырды. Қазақтарды жазуды білмейтін, жазса да сауатсыз жазатын артта қалған жұрт деген жаман атақтан арашалап қалды. Жазу шамамен 10 мың жыл бұрын пайда болса да, бірақ әлі күнге дейін кейбір тайпаларда ол жоқ. Ахаңның еңбегін осы мысалдан анық байқауға болады.

Орыс шаруаларын сахараға қоныстандыру қазақтардың қоғамдық санасына кері әсерін тигізеді. Ол ғасырлар бойы қазақ халқы өз жерінде өзіне тән өмір жолдарымен күн көрді, ал қазір переселендердің көші қаптады. Енді болашағымыз қалай болады? Тарих сабақтары бойынша, егер келімсектердің мәдени дамуы жоғары болса, онда олар жергілікті халықтар мәдениетін өз бойына сіңіріп, көрсетпей тастайды деп жазды.

Ахмет Байтұрсынов қазақ мәдениетінің орыс мәдениетінен төмен екендігін, оның көлеңкесінде қалып қоюын, тіптен жойылып кету қауіпінің бар екенін халқынан жасырмады және оның отарлаудың бірден-бір маңызды құралы болып отырғанын ашады. Ахаң бұған қарсы тұрып, халық мұраларын, ауыз әдебиет үлгілерін, этнос, ертегі, жұмбақтар жинап бастыру жұмысымен шұғылданады. Оны елге таратумен айналысады. Сөйтіп оларды ұлттық сананы, қоғамдық болмысты аман сақтап қалудың қуатты қаруы етеді. Ол: *«Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі оқу мен әдебиетте»,*– деп көрсетті.

Дүмше молдалардан сабақ алған қазақ қоғамы дамымай қалды. *«Әдебиетті молдалар дін бесігіне бөлеп, таңып тастаған себепті әдебиет көпке дейін осыдан өсе алмай мешел болып, аяғын баса алмай жатқан»* еді.

*«Қазақ діні шығып жетпеген, шала мұсылман халық, мұны мұсылман дінінен христиан дініне аударып жіберу оңай»* деген тоқтамға келген өкімет қазақ жеріндегі ноғайша оқуларға тыйым сала бастады, өйткені бұл оқу негізінен ислам мәдениетіне негізделген еді. Орысша оқыту саясатын кеңінен жүргізді, онда христиан діни сабақтары оқытылды. Қазақ балаларын оқытатын орыс мектептері ашылып, қазақ тіліндегі оқулықтар орыс әрпімен басылып шығарылды. Осылайша отаршыл өкімет қазақ халқын үйреншікті дінінен айырып, шоқындыру жолына салуға тырысты.

Осындай жағымсыз жақтарымен қатар, А.Байтұрсынов орыс жазуы мен әдебиетінің қазақтарды Еуропа халықтарының әдебиетімен танысуына көпір болғанын атап көрсетеді. Сөйтіп, ұлттық жазба әдебиетіміздің діндар және ділмар дәуірлерді басынан кешкенін айқындайды.

Ахмет Байтұрсынов қазақ халқының отарлық езгіден құтылуының, саяси сананы қалыптастырудың маңызды қаруын мәдениеттен көреді. Ол: *«...Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылады... мәдениет күшейеді өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді оқумен. Оқу ісі сабақтас әдебиетпен... қазақта оқу да әдебиет те жаңа көктен, көзге ілінген күйде тұр... қалам қайраткерлерінің жұмысы әдебиетте, әдебиетсіз оқу, қуаттану жоқ, оқусыз мәдениет қуаттану жоқ, мәдениет қуаттанбай қазақ қорлықтан, зорлықтан құтылу жоқ...»,*– деп жазды.

А.Байтұрсынов өнер-білімді, оқуды, әдебиетті, мәдениетті қоғамдық дамудың басты элементтері ретінде қарастырып, олардың арасындағы тығыз диалектикалық байланысты көрсетеді, мәдениетті дамытудағы рөлін ашады, мәдениетті өркендетудің факторлары ретінде қарастырып, қазақ елінде олардың өркендеуі қажет деп санайды.

Ұлт көсемі А.Байтұрсыновтың осы өсиет сөзі бүгінгі Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін баянды етуде маңызы зор. Мемлекетіміздің мәдениет саясатындағы стратегиялық бағыттарын айқындаған «Мәдениет туралы заңы», рухани жаңғыру бағдарламасы табандылықпен жүзеге асырылуы тиіс.

Ахмет Байтұрсынов ұлт мүддесін, оның бостандығын және теңдігін өзінің өмірінен де қымбат санады. Ол *«дүнияда ерте теңдік, кемге кеңдік, азды көпке теңгеретін... елсізді елге теңгеретін, жоқты барға теңгеретін ғылым мен өнерге»* тәуелсіз ел болудың, өзге жұрттармен тең өмір сүрудің негізгі тетіктері ретінде қолдады. Батыс, Шығыс, орыс мәдениетінен үлгі ала отырып, олардың ұлт мүддесіне тиімді жақтарын алуды мақсат етті. Аталмыш елдердің саяси көшбасшыларының, ақын-жазушыларының, ағартушыларының мәдениет жөніндегі көзқарастарын қабылдап, оларды қазақ өміріне бейімдеп, халқының мәдениет әлеміне енгізді.

Ахмет Байтұрсыновтың саясаткер-ғалым ретінде үлкен көңіл аударып, ерекше орынға қойған мәселесі тіл мен әдебиет проблемалары еді. Оның «Әдебиет танытқыш» еңбегі қазақтардың даму үстіндегі әдебиетіне ғана емес, жалпы дүние жүзілік әдебиет үрдісіне қосқан салмақты үлес болды. Ол жазған «Жаңа грамматика», «Жаңа әліпби», «Бірінші ереже», «Алғашқы фонетика», «Алғашқы грамматика», «Алғашқы синтаксис», «Алғашқы терминология және жазу үлгісі» түркологияның дамуына қосылған қомақты үлес. Бұл еңбектер үкіметтің қазақ тілінде оқытатын оқулықтар

жоқ, сондықтан қазақ балалары тек орысша оқуы керек деген саясатына соққы болып тиді. Осылайша мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатқа қалай да ықпал жасауға ұмтылды.

Ол әдебиеттің халық өміріндегі орнын, мәдениеттегі рөлін дәл айқындап берді. А.Байтұрсынов әдебиетті қазақ мәдениетінің қайнар көзі санады. Әдебиеттің даму үрдісін көрсетіп, оның озық үлгілерінің өзге елдердің әдебиетіне тигізетін жағымды ықпалын атап көрсетті: *«Мұндай бір жұрт екінші бір жұрттан әдебиет жүзінде үлгі алу жалғыз бізде ғана болған іс емес, барша жұрттың басында болған іс. Осы күнгі әдебиеттің түп үлгісі грек жұртынан алынған. Грек әдебиетінен үлгіні Рум алған, Еуропадағы басқа жұрттар алған. Біздің орыста әдебиет үлгісін Еуропадан алып отыр, біз орыстан алып отырмыз» ...* Осылайша әдебиет тарихына шолу жасай отырып, әдебиетті адамның бітім-болмысын, оның қоғамдық өмірін, күресін, арман-мүддесін ашып көрсететін мәдениеттің маңызды бөлімі ретінде қарастырады. Сондықтан әдебиет қоғамда міндетті түрде дамып отырып, қоғамдық өмірдің айнасы болуға тиіс.

А.Байтұрсынов қазақ мәдениетінің әр заманда биік шыңы әрі бай мұрасы болатын этнографиясын, мақал-мәтелдерін, жоқтауын және т.б. ұлтының тарихи дамуын, жеткен рухани дәрежесін көрсетіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тапқан құнды қазына деп бағалады. Осы мол қазынаның ішінен А.Байтұрсынов сөз өнерін зерделегенде «өнер алды қызыл тіл» деп, халық ауыз әдебиетінің ерекшелігін бағамдайды. Көшпелі, бұратана халық мәдениеттен жұрдай деген отаршылдық тұжырымдамаға «Ер Сайын» жырын жариялау арқылы халықтың мақал-мәтелдерін жинап, оларды дидактикалық материалдар ретінде оқулықтарында пайдалану арқылы соққы берді.

А.Байтұрсыновтың әдебиет теориясы, ғылыми тұжырымдамалары мен көзқарастары бүгінгі қазақ әдебиетін қалыптастыру жолындағы зор ізденіс болатын. Соның негізінде қазақ әдебиеті әлем әдебиеттерінің алдыңғы қатарынан орын алғаны анық нәрсе.

Ахаң әдебиетті мәдениеттің басты көрсеткіштерінің бірі санап, оған барынша байыпты қарауды талап етті. Өйткені әдеби шығарманың авторы өзінің дүниетануы арқылы жан сезімін, ой-арманын, өмір тәжірибесін жеткізіп, адамды суреттейді, тарихи оқиғаларды, қоғамды сипаттайды. Соған сай ол өмір шындығын обьективтік тұрғыдан дұрыс көрсетуді мақсат етеді, оқырманына өз түсінігін жеткізеді, сол арқылы оның сеніміне, мәдениетіне ықпал етуге тырысады. Шабытпен жазылған әдебиет адамды өзіне иландырып және еліктіреді. Сондықтан әдеби шығарманың шыншылдық және идеялық күші де, тәрбиелік мәні де осындай болған.

Ол мәдениетті қоғамның қозғаушы күші ретінде пайымдайды. Оның шығармалары саяси мәнге, мазмұнға толы. Олар да ұлттың алдағы мақсатын айқындайды, күрес жолдарын белгілейді, саяси санасын оятуға талпынды, қазақ халқының болашақтағы дамуын көрсетті, өнерге, білім мен ғылымға шақырды, танымал тұлғаларды өз ұлтына адал қызмет етуге үндеді. Сол үшін олардан күштерін біріктіруді талап етті: *«Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенше істеп кетелік. Малша оттап, асын ішін, халық үшін қам қылмай, қарын тойғанына мәз болып, мал өлімінде өлмейік»* (213).

Өлкеде мәдениетті өркендетудің (ағартушылық қозғалыстан) маңызды кезеңі А.Байтұрсыновтың Ә.Бөкейханов және М.Дулатовпен бірлесіп «Қазақ» газетін шығаруы болды. «Қазақ» газетінің редакторы қызметін атқарған А.Байтұрсынов газеттің алға қойған басты міндеттерінің бірі ретінде мәдениетті өркендетуге үлкен мән берді. Газеттің беттерінде ұлттық мәдениеттің өзекті мәселелерін жазды, олардың шығу себептері мен шешу жолдарын көрсетті, білім беру ісінің кадрлар дайындау жұмысының проблемаларын қарастырды, сонымен қатар газет беттерінде халықты ағарту мақсатында әр түрлі ғылым мен оқу пәндері: математика, әдебиет, медицина, тарих материалдары орналастырылды, жарияланды; ауыл шаруашылығын жүргізудің негіздерімен, жер өңдеудің мәселелерімен таныстырды, қазақтардың және өзге де халықтардың әдет-ғұрыптарымен және салт-дәстүрлерімен таныстырды, прогрессивті жақтарынан үлгі алуды үгіттеп, насихаттады.

«Қазақ» газетінде жарияланған көптеген материалдардың мазмұны халықта қоғамдық дамудың заңдылықтары туралы түсінікті қалыптастыруға, ұлттық сенімге тәрбиелеуге, саяси жағдайды, саяси өмірді бағалай білуге, патриоттық сезімге, азаматтыққа тәрбиелеуге бағытталуымен қатар, мәдениеттің түрлері мен элементтерін, олардың қоғамдағы рөлін, соның ішінде саяси мәдениетті құрайтын құрамды бөлімдерін айқындауға және басқа да құндылықтарды ашуға арналуымен ерекшеленді. Редактор ретінде А.Байтұрсыновтың аянбай еткен еңбегі мен шебер басшылық жасауының арқасында «Қазақ» газеті, М.Әуезовтың «Шолпан» газетінде (1923 ж.) берген бағасы бойынша, *«Шын мәнінде жалпыұлттық газет болды және ұлттық өзіндік сананы оятушы, патриоттық күштерді шоғырландырушы миссиясын орындаушы басылым болды»,* – делінген.

А.Байтұрсынов мәдениетті және білім берудің өркендету мәселелерін шешуден, халықты рухани дамытудан отарлық езуден құтылудың негізгі жолдарының бірін көрді. Мәдени даму деңгейінің төмен болуы, оның пікірінше, халықтың өзінің ұлттық мүддесі үшін күресін тежейтін негізгі фактор. Осымен байланысты, халқын сақтандырған ол былай деп жазды: *«Көрші екі халықтың мәдениеті бар арнада дамиды да белгілі бір сәтте осы мәдениеттердің күштісі өзіне әлсіз мәдениетті сіңіріп, жұтып қояды, сөйтіп әлсіз мәдениет жалпы өзіндігін жоғалтады және де бұл түптеп келгенде жеңген күшті мәдениеттің негізінде екі халықтың бір халық болып сіңісуіне әкеп соқтырады. Қазақ халқы осындай халге түспес үшін оларды өздерінің мәдени дамуын арттыруға шақырады және оның білімді меңгеруімен болатынына сендіріп, әлі де кеш болмай тұрғанда басқалардың білетінін үйрену керек. Тек қабілеттілік жағдайында ғана халықтардың теңдігі мүмкін болады»,* – деп жазды саясаткер. Десек те, өзіне тән оптимизмге берік А.Байтұрсынов осы мақсатқа жету мүмкіндігіне, басқа да халықтардың дәл осындай жағдайға немесе бұдан да төмен жағдайда болғандығын, ынта, жігерін салу және күш жұмсаудың арқасында табыстарға жеткендігін айтып, халықта сенім ұялатты.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1.**Байтұрсынов А.** Тіл құрал // Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы.- Алматы. – 2013.

2.**Байтұрсынов А.** Қырық мысал. –Алматы, 2001.

3.**Байтұрсынов А.** Маса: өлеңдер мен көсемсөздер. – Алматы, 2005.

4.**Байтұрсынұлы А.** Әдебиет танытқыш //Ақ жол – Ал., 1991.

5.**Ойсылбай А.** Ахмет Байтұрсынұлының Әдебиет танытқышындағы сөз өнері мен поэтика мәселелері. –Алматы, 2016.

6.**Өмірзақ Айтбай.** Ұлт мәдениетінің хан тәңірі //Ахмет Байтұрсынұлы: фотожинақ. – Алматы, 2017.

# ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ
## *және оның саяси-құқықтық көзқарастары*

**Бақытжан ЖАҚСЫМБЕТОВ,**
**заң ғылымдарының кандидаты, Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжі директорының орынбасары**
**Ардақ НҰРМҰХАМБЕТОВ,**
**PhD доктор, Т.Жүргенов ат. ҚазҰӨА**

**Шәкәрім Құдайбердіұлы – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегі аралығында өмір сүріп, сол тұстағы еліміздің мәдени ғана емес, қоғамдық-саяси өмірінде белсенді болды.** Түрлі атқарған лауазымды қызметтері үшін сол заманның өзінде-ақ мойындалды. Бұл тарихи уақыт – еліміздің патшалық Ресейдің отарлық саясатының басты нысанына айналған тұсы екендігі белгілі. Міне сол тұста Шәкәрім Құдайбердіұлы қалыптасқан саяси жағдай мен заңдық күші бар әкімшілік реформалардың қазақ қоғамындағы кері әсері мен тудырған әділетсіздіктерін сынап, оның шешілуі үшін қажыр-қайратын аямады. Оған дәлел – Шәкәрім Құдайбердіұлының болыстық және би, сот қызметтерін атқарған жылдарындағы белсенді әрекеттері. Мұндай ел басқару мен шешім шығару сынды қызметтері, қасиеттері Шәкәрім Құдайбердіұлының аталық дәстүрдің үзілмеген тізбегінен деп айтуға толық негіз бар. Құнанбайдың әкесі Өскенбай тұсынан басталған би, болыстық қызметтер бұл әулеттің дәстүріне айналды. Құнанбай қажының өзі заманынан озып туған, әділ басшы бола білген десек, атаның бойындағы бұл қасиет ерекше тәрбие арқылы Абайға берілген. Әрине, Шәкәрім Құдайбердіұлының тәрбиесінде Абайдың алар орны ерекше екендігі барынша айтылады. Сондықтан Шәкәрім Құдайбердіұлының болыстық және би, сот қызметтерін сәтті атқаруының тарихи негізі осында жатыр деп санаймыз.

Міне, осындай саяси астары басым қызметтерді атқарған Шәкәрім Құдайбердіұлы өз кезегінде өзінің шығармалары мен еңбектерінде саяси және құқықтық көзқарастарын білдіреді. Ақынның саяси-құқықтық көзқарастарының ерекшеліктерін айқындау маңызды мәселе. Шәкәрім Құдайбердіұлының ойлары қазақ даласында ежелден келе жатқан саяси құқықтық оймен үндес болғанымен өзіндік ерекшеліктері бар. Шәкәрім Құдайбердіұлы XX ғасырдың басында саяси-құқықтық ойларын көрсететін шығармаларын тудырған болса да оның саяси ойлары қоғамдық сананың басқа нысандарымен тұтас өрбиді. Сондықтан Шәкәрімнің саяси-құқықтық ойын басқа да құқықтық нысандарымен теңдестіре қарауымыз қажет. Бұл Шәкәрімнің саяси-құқықтық ойын танудың методологиялық ұстанымының бірі болды.

Алдымен Шәкәрім Құдайбердіұлының саяси-құқықтық көзқарастарын қарастырғанда мемлекет ұғымына тоқталмау мүмкін емес. Өйткені сол тұстағы қазақ мемлекеті отарлау саясатының басты нысанына айналғанын ескерсек, бабамыздың идеалындағы мемлекет – республикалық басқару түріндегі мемлекет екендігіне көз жеткізуге болады. Сондай-ақ аталмыш мемлекет қалпындағы жалпыхалықтық сайлау құқығы мен сөз бостандығы, теңдік пен әділеттілік берік орын алуы тиіс саналды. Сонымен қатар Шәкәрім Құдайбердіұлы мемлекетте жыныстық белгісі бойынша бөлектеу, әлеуметтік және лауазымдық санатына орай шектеу болмауы шарт деп түсінген. Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларына көз салсақ, оның идеалындағы мемлекетте адамдардың бақытты өмір сүру құқығы үшін билік соған сәйкес тиісті жағдайларды туындатуы тиіс деген мәселелерге жете көңіл бөледі. Өз кезегінде мемлекет тұрғындары игілікті еңбек ету арқылы бейбітшілік пен қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етуі тиіс деп санаған [1, 103-б.].

Шәкәрім Құдайбердіұлының саяси және құқықтық көзқарастарының негізгі идеясына мән берсек бір басшыға бағынған, әрі көрші елдермен тек бейбіт әрі тиімді қарым-қатынасты сақтайтын мемлекет қалпын аңсаушылық байқалады. Мысалы «Бостандық таңы атты» атты өлеңінде:

*Бостандық таңы атты, қазағым, көріңдер,*
*Арға ие басшының соңынан еріңдер,*
*Таң артынан хақиқат күн шығады,*
*Еріншек, жалқаулық әдеттен безіңдер,* – деген өлең жолдарын кездестіруге болады. Бұл ретте ақын бір адамның басқаруына негізделген мемлекеттік басқаруды қалайтындығын аңғарамыз. Мұның өзіндік себептері де бар. Өйткені ақын халқымыздың сан ғасырлар бойына бір ханның билігінің ықпалында дамығандығын жақсы түсінді. Мұндай билік жүргізу ісі бүгінгі таңдағы президенттік басқару нысанына келеді. Сондықтан Шәкәрім Құдайбердіұлының бұл саяси көзқарасы заман талабы мен тарихи сабақтастық нәтижесінде қалыптасқан деп айтуға толық негіз бар.

Жоғарыда аталған «Бостандық таңы атты» өлеңінде Шәкәрім Құдайбердіұлы азаматтар арасындағы қарым-қатынас мәселелесіне де үлкен көңіл бөлуге тырысты. Кез келген мемлекеттің дамуы мен ұйысып бір мақсатқа ұмтылуы сөзсіз азаматтар арасындағы қарым-қатынастардың заң шеңберінде реттелуімен тығыз байланысты. Әрине азаматтар арасындағы қарым-қатынас алдымен заң немесе құқық арқылы реттелетіндігі сөзсіз. Осы маңыздылықты терең түсінген ойшыл бабамызда аталмыш өлеңінде осы принципке сүйенуге шақырады.

Сөзсіз Шәкәрім Құдайбердіұлынының өмір уақыты сүрген қазақ зиялыларының ұлт болып ұйыса отырып, ұлттық мемлекет құруға талпынған XX ғасыр басымен тұспа-тұс келеді. Бұл ретте атап өтетініміз, ақын сол тұстағы ұлт мақтаныштары болған Алаш зиялыларымен тығыз байланыста болған. Себебі ұлт қайраткерлері ұстанған саяси ұстанымдармен ақынның саяси-құқықтық ойларында сәйкестіктер өте көп және бағыттарымен сәйкес келеді. Сондықтан болар Шәкәрім Құдайбердіұлы Алаш қайраткерлері құрған партияға мүше болып, белсенді саяси өмірге араласты [2, 5-19-бб.].

XX ғасыр басы жалпы адамзат баласы үшін үлкен өзгерістерге толы болып басталғаны анық. Бірінші орыс революциясымен қатар, бүкілдүниежүзінің назарын өзіне аударған соғыс, 1917 жылдардағы қос төңкеріс те Шәкәрімнің саяси көзқарастарының жаңа бір белесін ашты. Осындай алмағайып уақытта тек өнер-білім, ғылым үйрену арқылы және адамгершілік, әділеттілік, махаббат, адал еңбек ете білу арқылы ұлтқа қызмет

етуге шақырды. Осындай мақсатпен үндес болған өлеңдерінің бірінде:

*«Адамдық борышың*
*Халқыңа еңбек қыл,*
*Ақ жолдан айнымай,*
*Ар сақта, оны біл»,* – деген сөздері Шәкәрімнің жоғарыда келтірген пікірлерімен тікелей жалғас, солардың қорытынды-түйіні деп айтуға толық негіз бар. Шәкәрім Құдайберіұлының құқықтық көзқарастарының ішінде негізінен шариғат заңдары мен қазақ әдет құқығының кейбір мәселелеріне байланысты ой-тұжырымдары өте ерекше болып келеді. Шәкәрім дін мәселесіне өте жетік тұлға болғандықтан, ислам дінінің көптеген ерекшеліктерін талқылап, өзіндік ой қорытып "Мұсылмандық шарт" атты еңбек жазғаны белгілі [3, 74-б.].

Шәкәрім Құдайбердіұлы біз жоғарыда атап өткен алмағайып кезең болған ХХ ғасыр басындағы қазақтың оқыған қауымы мен жастары үшін саяси бағдар мен олардың ұстанымдарына да әсер етуге тырысқан. Белгілісі сол ХХ ғасыр басында ұлт зиялылары қазақтың мемлекеттілігін қалпына келтіру мақсатында түрлі саяси көзқарастарды ұстанды. Мысалы Алаш қайраткерлері ұлттық мемлекет құруды көздесе, М.Шоқай түркі халықтарының басын қосуды армандады. Ал Т.Рысқұлов бастаған бір топ большевиктік тұғырнамадағы қайраткерлер болса қазақтың дербестігін коммунисттік тәртіппен байланыстырды. Міне осындай ұстанымдар мен мүдделер араласқан шақта ойшыл ақын оқыған жастарды да осындай саяси үрдістен шет қалмай, қазақтың мемлекетін құруда белсенділік танытуға шақырады. Ол туралы өзінің өлеңінде:

*Жоба тап,*
*Жол көрсет,*
*Келешек қамы үшін.*
*Қайтадан қайырылып*
*Қауымға келмейсің.*
*Барыңды,*
*Нәріңді*
*Тірлікте бергейсің.*
*Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң –*
*Шын бақыт,*
*Осыны ұқ,*
*Мәңгілік өлмейсің!* – деп жырлауы осының айғағы болса керек. *«Жұрт ісінде кімге де болса жұмыс табылады. Жұрт жұмысының жөні, мақсаты бір, істеу жолы түрліше. Соның әр түрін әркім қолға алып, жұртқа керек жөнімен мақсатқа қарай жүргізу керек»* деген ой да осы өлең жолдарын қайталайды [4, 78-б.].

Шәкәрім Құдайбердіұлының саяси-құқықтық көзқарастарының ішінде ерекше мән беретіні шариғат заңдары деп айтуға болады. Сөзсіз патшалық Ресей құрамына кіргенге дейін дәстүрлі қазақ қоғамында шариғат заңдары белгілі бір дәрежеде үстемдік етті. Ал патшалық үкімет тұсындағы заңдар үстемдік еткеніне қарамастан ойшыл неке және отбасы қатынастар саласында шариат заңдарының қалыпты жұмыс атқаруын қолдаған болатын. Қазақ ішінде шариат талаптарының толық сақталмайтындығына оған көп қазақтың мән бермейтіндігіне қынжылды. Қазақтың Алла жолынан адасып бара жатқандығын сынай келе, осы жолға оларды оралуға шақырды.

Шәкәрім Құдайбердіұлының саяси-құқықтық көзқарастарына мән берсек ол Ресейдің отарлау заңын қаламады. Өйткені, отарлаушы үкіметтің заңы қоғамның талабына сәйкес келмейтін деп санады. Бұл пікірдің болуы да заңды еді. Өйткені отарлаушы үкіметтің қазақ жеріндегі ойраны тек осындай пікірдің қалыптасуына негіз болды. Қоғамда қазақтарға деген озбырлық өршіп, мұндай ұстаным қоғамның барлық саласын қамтыды. Сондықтан да Шәкәрімнің ойы бойынша дәстүрлі қазақ қоғамында ата-бабамыздан келе жатқан әрі дәстүрлі қазақ қоғамына ыңғайланған жол-жоралғылар мен әдет-ғұрыпқа негізделген заңдар қызмет жасауы тиіс саналды. Өз кезегінде мұндай заңдар заман ағымына сәйкес жаңа сипат пен рең алып, түрлендіруге қарсы болмады.

**ӘДЕБИЕТТЕР**


1.**Искакова Г.К.** Шәкәрімнің саяси-құқықтық көзқарасы және қазіргі заман // Евразия орталығы. – 2008. - №2. – 103-109-бб.

2.**Сыдықов Е.** Шәкәрім және Алашорда // Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. Атамекен серия. – Алматы: Раритет: 2007. – 4.Т. –

3.**Құдайбердіұлы Ш.** Мұсылмандық шарты. – Алматы: Қазақстан, Мерей – Ақиық, 1993.

4.**Шаһкәрім Құдайбердіұлы.** Өкінішті ғұмыр. – Жидебай, 2008. – 432 б.


## ТАНЫСЫҢЫЗ: ЖАҢА КІТАП!




# БАЯНҒАЛИДЫҢ РОМАНЫ МӘСКЕУДЕ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қырғызстанның А.Малдыбаев атындағы Халықаралық сыйлығының лауреаты, әйгілі ақын, жазушы, жырау, манасшы, драматург, киногер Баянғали Әлімжановтың «Сказ столетнего степняка» (Мәскеу: «Художественная литература».– 2019.432 бет) атты қомақты кітабы орыс тілінде жарыққа шықты. Кітапқа академик, Ресей Жазушылар одағының хатшысы, әйгілі баспагер Георгий Пряхин алғысөз жазған.

Жинақтың сүйегін автордың «Сказ столетнего степняка» атты романы құрайды. Романда отаршылдық бұғау, ұлт-азаттық көтеріліс, революция, ұлы жұт, қуғын-сүргін, 1941-45 жылдардағы соғыс, соғыстан кейінгі кезең, Ел Тәуелсіздігі, қысқасы, ХХ ғасырдағы қазақ бастан кешкен барлық нәубет ғасыр құрдасы, жүз жасаған Асанбай Бектеміровтың атынан баяндалады. Әсіресе, қазақ, орыс, неміс арасындағы жаулық пен достықтың тарихы мен тарихи сабақтары айрықша сөз болады. Ал жинақтағы келесі сүйекті шығарма – «Разрешите жить!» хикаятына әділетсіз соғыстың әділетсүйгіш мүгедегінің «әлем билеушілеріне» деген жанайқайы арқау болған. Кітапқа қаламгердің әр түрлі тақырыптағы ертегілері де енген.

**Редакция.**

# МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

**Гаухар МӘУЛІТ,**
**М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Алматы көлік колледжі тарих және құқық негіздері пәнінің оқытушысы**

**Заманының заңғар жазушысы, дархан дарын иесі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармашылық мұрасы аса бай.** Ол көркем әдебиеттің барлық саласында дерлік қалам тербеп, көркемдігі кемел туындылар жазды. Поэзия үлгісіндегі дәстүрлі қазақ әдебиеті ХХ ғасырда М.Әуезовтің кең құлашты роман-эпопеясы арқылы әлемдік әдебиеттің ақ айдынына шығып, дүние жүзіне танылды. *«Туған халқына мәңгілік мұра болғандай ғасырлық туынды сыйлау тек қадау-қадау ұлылардың ғана үлесіне тиген. Солардың бірі – Мұхтар Әуезов»,* – дейді академик Зейнолла Қабдолов. Салыстыру атаулының бәрі сәтті бола бермейді. Десе де, Погодиннің *«Қазақстан үшін Әуезов – екінші Абай»,* – деп айтқан сөзінде бір шындық бар. Абай Құнанбаев та, Мұхтар Әуезов те – жомарт табиғаттың жарық дүниеге шашар жарық сәулелері, қазақ халқының парасатты перзенттері.

**Қазақ әдебиетінің ХІХ ғасырдағы асқар биігі – Абай, ХХ ғасырдағы асқар биігі – Әуезов.** Мұхтар Әуезовтің туындылары әрбір адамның жүрегінен орын алып, әлемдік әдебиеттің айнасына айналып, күллі адамзатқа ортақ рухани қазынаға айналды. Оның көптеген шығармаларының сарыны – қорғансыздардың қатал тағдырға мойынсынуы, байырғы қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік, озбырлық туралы адамдар арасындағы қым-қиғаш қайшылық, әйел басындағы ауыр хал, айықпас мұң, қайғы хақында жазған топтамалары. «Оқыған азамат», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Ескілік көлеңкесінде», «Барымта», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», т.б. өгейлік, өктемдік құрбаны болған қорғансыздар тағдыры бұл әңгімелерде үлкен суреткерлік шеберлікпен бейнеленген.

**Мәдениеттанушы-ғалым Мұрат Әуезов әкесі Мұхтардың ерекшелігі туралы былайша мәлімет береді:** *«Әкемнің ерекшелігі не жазса да адамның ойын қозғайды. Абайдан тараған әсері бар. Ол кісі сөздің қадірін білген, ешуақытта қор қылмаған. Өзіндік ойы болған. Үлкен арманы бар еді. 10 миллион қазақ арасында сөйлесем деген. Ол кезде Қазақстанда үш жарым миллион шамасында қазақ болған»* [1].

**Мұхтар Әуезов қазақ әдебиетін әлемге танытты.** «Абай» туындысы эпостан эпопеяға дейінгі қазақ әдебиетінің жүріп өткен жолының кемел кезеңін көрсетті. Үлкен әдеби мектеп қалыптасты. Әбдіжәміл Нұрпейісов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Ілияс Есенберлин, Шерхан Мұртаза, Сәкен Жүнісов, Мұхтар Мағауин, Қабдеш Жұмаділов сынды қазақ әдебиетінің алыптары Әуезовтің рухани мектебінен өтті. Осылай М.Әуезов ғалым, академик, жазушы ретінде жалпы әдебиеттің өркендеуіне үлес қосып қана қоймай, халық ауыз әдебиетінің асыл мұраларын, көшпенділер мәдениетін жинастырып, зерттеп, оны сахналап ұлтының тұғырлы тұлғасына айналды.

*«Біздің Әуезовтен үйренеріміз көп. Әуезов Абайдан кейінгі қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуірінде алғаш рет лирикалық, психологиялық биік өрелі прозаны жазуды үйретті».* Бұл – қазақ әдебиетінің бүгінгі абызы Әбдіжәміл Нұрпейісов айтқан сөз. Әлемді аузына қаратқан Мұхтар Әуезов туралы дүниежүзі қаламгерлері қадап айтқан пікірлерді тағы бір рет жас ұрпақтың жадына жаңғыртсақ артық болмас.

М.Әуезовтің шығармашылық мұрасы таусылмайтын, сарқылмайтын кәусар бұлақ десек, ол бұлақ бастауын хакім Абай дүниеге келген құнарлы топырақтан алғаны күмәнсіз. Шежіреге толы Шыңғыстау жерінің құлақ құрышын қандырар әсем әні мен тәтті күйіне, ертегісі мен аңызына қанық боп өскен Мұхтардың Абай өлеңдерінің мәні мен маңызына ерте елігуі оны үлкен шығармашылық сапарға шығарып жетеледі.

**Олжас Сүлейменов тұлға жөнінде:** *«Бала Мұхтар өзінің сауатын Абай өлеңдерінің қолжазба жинағымен ашты, оның қуатты ақындық әлемін жастай бойына сіңірді, бұдан кейінгі өзінің пешенесіне жазылған өмірдің барлығын ұлы ұстазының шығармаларын зерттеуге, насихаттауға және қорғауға бағыштады»* [2, 5],– дейді. Луи Арагон: *«Эпикалық роман «Абай» менің ойымша ХХ ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі. …Әлемнің басқа елдерінде де онымен тең түсетін шығарманы табу қиын».*

**Академик Зәки Ахметов Әуезов әлемінің қырсыры жайында мағыналы зерделейді:** *«Абай дәстүрлерін үлгі еткен ортадан нәр алған Мұхтар Әуезов жас кезінен-ақ қазақ, түрік ақын жазушыларының өлең-жыр, дастандарына қоса әлемге әйгілі шығыс классиктері Фердоуси, Физула, Низами, Науаи, Сағди, Омар Һайям, Қожа Хафиз шығармаларын қызыға оқиды. Кейін де олардың творчествосына айрықша зейін қойып, тереңдеп тануға ықыласты болғанын «Абай жолы» эпопеясынан да, мақала-зерттеулерінен де байқаймыз»* [3, 6]. Мұхтар Әуезовтің қолжазба қорында «Өз жайымнан мағлұмат» атты жазбасы бар. Сонда Мұқаң: *«...Бұл кездерде февраль төңкерісі болған. 1919 жылдың аяғында кеңес өзгерісі болды, әлеумет қызметіне араласып кеттік. Содан кейінгі баспа сөзіне толығырақ араласқаным 1918 жылы «Абай» журналының шығуымен байланысты...»*,– деп жазыпты [4]. М.О.Әуезов жайлы белгілі мәдениет қайраткерлерінің бірі – Николай Погодин былай деп баға берген: *«Қазақстан үшін Әуезов – екінші Абай, біз үшін – шығыстың Шолоховы, бұл жазушылар өздеріне дейін әлемге беймағлұм болып келген орасан зор халық өмірін классикалық түрде ашып берді»* [5]. Академик Әлкей Марғұланның деректеріне қарағанда, Мұхтар Әуезовтің қауым алдында, әдебиет жүзінде көріне бастауы 1917 жылдан басталады. Әсіресе, оның атын көпшілікке әйгілі еткен сол кездегі «Абай» журналы болған. Журнал ұйымдастырушысының бірі де, оның негізгі мақалаларын жазған да Әуезовтің өзі. Журналдың әр санында шыққан М.Әуезов мақалаларының

«Ғылым», Ғылым тілі», «Қазақ ішіндегі партия неден?», «Мәдениетке қай кәсіп жуық?», «Мәдениет һәм ұлт», «Оқу ісі», «Философия жайынан», «Япония», т.б. болып аталуының өзі-ақ осы тұстағы жас Мұхтардың терең таным-талғамынан біраз мағлұмат беріп тұрғандай. М.Әуезовтің біздің көзімізге түскен ең бірінші шығармасы – «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақаласы 1917 жылы Ташкентте шығаратын «Алаш» газетінің 30 наурызындағы 16 санында жарияланған. Ал келесі «Адамдық негізі – әйел», «Қайсысын қолданамыз?» деген мақалалары да осы жылдары Семейде шығып тұрған «Сарыарқа» газетінің 5 қыркүйек, 19 қазандағы сандарында басылған. Ол бұл мақалаларында үлкен әлеуметтік мәні бар, сол кездегі қоғам өмірінің, қазақ тұрмысының көкейтесті мәселелерін көтеріп, соларды ғылыми тұрғыдан шешуге талпынған.

1920-1922 жылдары «Қазақ тілі» газетінде М.Әуезовтің «Қазақ оқығандарына ашық хат», «Бүгінгі зор міндет», «Егінге дайындалыңдар», «Мадиярға жауап», «Сот», «Қазақ қызметкерлерінің міндеті», «Қазақ бөлімдері туралы» сынды қоғамдық-саяси мәні зор мақалалары жарияланды. Публицистік даярлығы күшті М.Әуезов «Қазақ тіліндегі» қызметіне тез төселді, «Абай» журналында, «Сарыарқа» газетінде мақалалары жарияланып, ойын дәл жеткізуге әбден машықтанған оған газет редакциясын басқару қиынға түспеді. Тек үлкен айырмасы – журналист қаламынан шыққан мақалалар коммунистік идеология қалабымен өлшенуі тиіс еді.

«Қазақ тілі» газетінде оқу-ағарту мәселесіне айырықша көңіл бөлген жандардың бірі – Мұхтар Әуезов еді. Ол ағарту ісін сырттай уағыздап қоймай, қолдап кірісті. Өзі оқытушы-педагог болып қызмет атқарды. Кеңес өкіметі орнаған жерлерде ашылып жатқан мектептер жабдығын жасау, ана тілін, әдебиетін үйрету, оқу құралдарымен қамтамасыз ету сияқты өзекті істерге белсене араласты [6, 22].

Қазан төңкерісі тұсында М.Әуезов 20 жаста болатын. Оның қоғамдық қызметімен мәдени шығармашылығы, ғылымға ден қоюы патша өкіметі құлап, еліміздегі сан алуан өзгерістер қолдау мен қарсылыққа бірдей ұшырап, теориялық та, практикалық та істер жедел ұғылып кете қоймаған аласапыран заманғы, қиынқыстау кезеңге тап келді. Жазушының саяси әлеуметтік көзқарасының, дүниетанымының қалыптасуына еліміздегі жаңа қоғам құру барысындағы идеологиялық күрес, қолдан жасалған тап тартысы, мәдениет пен өнер, философия мен әдебиет және тағы басқа салалардағы дау-айтыстар, сыңаржақ түсініктер әсер етпей қойған жоқ. Кемеңгер жазушының өмір жолына көз жіберсек, оның бір кездерде қилы кезең, қиын асуларға тап болып, қысылып-қиналған сәттерін еске алмай өте алмайсың. 30 жылдардың басында жазықсыз жаламен екі жыл түрмеде отырды. Қазақтың бетке шығар қаймағы «халық жауы» атанған кезде ендігі бетке ұстар азамат М.Әуезовке де құрық түсуге шақ қалды. Алашордашыл, ұлтшыл жазушы деп қудалағандар аз болған жоқ. Соның салдарынан жазушы 30 жылдары өзінің «Еңлік-Кебек», «Көксерек», «Қилы заман» сияқты тамаша туындыларынан бас тартса, 40-шы жылдары «Қаракөз», «Айман-Шолпан», «Түнгі сарын» сияқты ғажайып пьесалары сахнадан түсіп қалды. Мұхтар Әуезов халыққа өз сөзін, өз көзқарасын жеткізудің бір ғана жолын көрді. Ол – драматургия еді. Әуелі «Ел ағасы» деген 4 көріністі драма жазады. Бірақ ол ізім-ғайым жоғалып кетеді. Ал, «Бәйбіше-тоқалдың» жөні бөлек. Бұл шығарма әлі күнге театр сахналарынан орын алып жүр. Әр режиссер «Бәйбіше-тоқалды» әртүрлі қойғанымен, пьесаның негізгі лейтмотиві сақталуда. Бір-бірін көре алмайтын бәйбіше-тоқал орыс офицері келгенде жайылып төсек, иіліп жастық бола қалады. Авторлық ремарканың күштілігі сондай, мұнда болашақ жазушы қазақ болмысының трагедиясын күнделікті өмір көріністері арқылы дөп көрсетеді, іштегі қыжылын сыртқа шығарады.

**Белгілі қаламгер Әбдіжамал Нұрпейісов жазушының ғибратты ғұмыр жолы туралы былайша ой өрбітеді:** *«Міне, сондықтан Мұхтар Әуезов әдебиетке араласқан тұста Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Тұрар Рысқұлов, Мағжан Жұмабаев, Мұстафа Шоқай, Жүсіпбек Аймауытов, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин сияқты даңқты есімдердің тұтас бір шоғыры лек-легімен жарқырай көтерілгенінде таңданарлық ештеңе жоқ. Құдайым-ау, қазақ халқының мақтанышына айналып, абыройын асқақтатқан осындай қаншама азаматтар бар еді! Сонымен қатар Әуезов осылардың бәрімен де дос болатын. Аяушылық дегеннен атымен ала сталиндік тирания бірімен-бірі жарыса, жараса жарқыраған осы бір ғажайып шоқжұлдыздың албырт та асқақ армандарын баудай түсіріп, өздерін өлімге байлап жіберген сәтке дейін олар туған халқының болашағы жөнінде армандаудан танған емес. Біз Әуезовтің қаншалық қиянат шеккенін осы күнге дейін жадымызда сақтап келеміз. Өз халқын сүйгені үшін ғана оны қуғын-сүргінге ұшыратты, екі жыл бойы абақтыда ұстады. Оның рухының мықтылығын мойындаған жөн ол ешуақытта «кінәмді кешіре көріңдер» деп жалбарынған жоқ, өзінің ұлттық бастауларынан бас тартқан емес, өйткені, ол ұлт жоқ жерде интернационализм де болмайтынын тамаша түсінетін. Мұхтар Әуезов өз халқына шексіз берілген еді»* [7. 16]. Әуезов ғылыми-педагогикалық, мемлекеттік және қоғамдық қызметінде өмір бойы халық ағарту, оқу ісі, ұрпақ тәрбиесі мәселелеріне жете көңіл бөліп, бұл туралы көптеген мақалалары мен жұртшылық алдында сөйлеген сөздерінде айтқан. «Сарыарқа» газетінде 1917 жылы жарияланған «Оқудағы құрбыларыма!» атты алғашқы мақалаларының бірінде жас жазушы оқуда жүрген құрбы-құрдастарын уақытты бос өткізбей, халықты оқу-білімге бастап, үлгі көрсетуге шақырады. *«Қайсысын қолданамыз?»* деген мақаласында орысша және ескіше – мұсылманша оқыған азаматтардың оқу ісін жүргізуде бір ауызды болуы жайында орнықты шешімге келу қажеттігі туралы сөз қозғайды.1919-21 жылы Семей губерниялық атқару комитеті төрағасының орынбасары және төрағасы болып тұрған кезінде Семейде шыққан «Қазақ тілі» газетіне ағартушылық жұмысын жолға қою мәселесін көтерген бірнеше мақалалар жариялайды.

Ұлттық теңсіздік пен сауатсыздықты, аштықты жою жөніндегі ашық пікірі мен шығармалары үшін «ұлтшыл, алашордашыл» атанып, саяси сахнадан шеттету басталған тұста Мұхаң бірыңғай шығармашылық жұмыспен айналысуға көшеді. Ғылыми жұмыстарды да қолға алады. 1930 жылы идеялық көзқарасы үшін тұтқынға алынады. Тергеу ұзаққа созылып, 1932 жылғы сәуір айында үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарылады. Осы жылғы 10 маусым күнгі «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде М.Әуезовтің «Ашық хаты» жарияланады. Ұлт тағдыры таразыға түскен осындай қысылтаяң уақытта Мұхаң өзінің қазақ әдебиетінің тарихы және Абай туралы зерттеулерінен, «Қарагөз», «Еңлік-Кебек», «Хан Кене», «Қилы заман» сияқты шығармаларынан бас тартатынын мәлімдеуге мәжбүр болды. Сонан кейін ғана ол түрмеден босатылып, оқытушылық жұмыспен айналысуға рұқсат алды. Бұл

кезеңде Алаш арыстары саяси аренадан кеткенімен де, әдебиет пен мәдениет майданында ұлт мүддесін қорғап қалу мақсатында күреседі. Мәселен, сондай үлкен жұмыстың бірі Мәскеудегі Әлихан Бөкейхановтың басшылық жасауымен Қазақстанда құрылған «Алқа» ұйымы болды. Міне, осы беделді ұйымға Тұрағұл Абайұлының да белгілі бір дәрежеде қатысы болған секілді. Өйткені, ол 1925 жылы А.М.Горькийдің «Челкаш» әңгімесін алғаш рет қазақ тіліне аударып, Мұхтар Әуезовтің редакторлығымен Семейде шығып тұрған «Таң» журналының №3,4 сандарында жариялайды. Алаш қозғалысының көсемдерімен бірге 1930 жылы 16 қыркүйекте тұтқындалып, 1932 жылы сәуір айында үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айырылды. Дегенмен, маусым айында түрмеден босатылып, Қазақ педагогика институтының (ҚазПИ-дің) аға оқытушысы болып қызмет істейді. Осы жылдары театр, драматургия,мәдениет пен өнер, әдебиет, фольклор тарихы, орыс әдебиетінің классиктері туралы мақалалары үзбей жарияланып тұрады. Әуезов сценарийі бойынша «Райхан» көркем фильмі (1940) түсіріледі. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндігіне қатысады. Осы жылдары «Абай» романын жазуға кірісіп, оны 1941 жылы бітіреді.

Академик Р.Нұрғали Әуезовтің қоғамдық қызметі жайында: *«Бес жыл өмірін қоғамдық қызметке арнаған Мұхтар Әуезов ешқашан да лауазымды көксеген жоқ. Міндетін адал, бар пейілімен беріле атқарды. Дәреже, шен-шекпен, билік қызықтырмады. Халықтың тағдыры талқыға түскен шақта елдің тіршілігіне араласпай сырт қалуды намыс санап: «Мінекей, осы сөздерді айтып келгендегі менің ойымдағы пікірім: қазіргі уақыттағы барлық күшті де, уақытты да, сөзді де бүгінгі күнде өнетін оқу жұмысына, шаруа жұмысына салу керек. Түбінде қазақ жұртының басынан әлде неше өзгерістер өтер. Бірақ іс басында жүрген азаматтардың сол замандардан белгі болып қалмауы ұят. Қолдан іс келетін заманда елдің бір тілегін орындай алмау – ұят іс. Істейтін уақытты сөзбен өткізсек, қараңғы елдің алдындағы міндетімізді сөз деп ұққанымыз, одан басқа жауапқа орын да қалмайды», –* **деп ұқты**. *– Мұхтар Әуезовтің Орынбордағы мемлекет қайраткерлігі жөнінде көптеген құжаттар мен мәжіліс хаттарды тілге тиек етіп, талдап-талқылауға болар еді. Бірақ оның тарихтағы орны қызметімен емес, жазушылық қасиеті арқылы бағаланатынын ескерсек, аса маңызы жоқ»,* – деп зерделейді [8]. Әуезовті жасаған орта – берісі қазақ, әрісі алаш қамын іздеген халқымыздың Абай мектебі сомдаған зиялылары, жоғарыда аттары аталған ұлтымыздың ұйытқысы болған ұлыларымыз еді. *«Қазақ жұртының елдік дәстүрлерін жалғауға себепкер болған, аралырынан Әуезовтей теңдесі жоқ тарихи тұлғаны сомдап шығарған, ғасыр басын – ғасыр соңымен, өткенімізді – ертеңімізбен жалғап тұрған алтын көпір іспетті осынау арыстар әлеміне әркез қарыздар екенімізді сезінуге, мойындауға тиіспіз. Өйткені, олар – ұлттық мақсат – мұраттарымыздың алып монолиті болып қорытылған рухы мықты имандық тіреулері!»* [9],– дейді Н.Оразалин. Қазақ ұлтының кемеңгерлері әрбір мәселені ұлттық таным тұрғысынан бағалап, ұлттық құндылық пен ұлттық рухты өлтірмеу үшін күресті. Сол үшін тағдырдың тар соқпағымен жүріп, әділдікті айтқандығы үшін өктем кеңес үкіметінен азап шекті. Сондықтан Алаш қайраткерлерінің барлығы бір жылда жаппай түрмеге жабылып, жазалау саясатының құрбандарына айналып үлгерді.

Т.Жұртбай: «*1922 жылы партияға қарсы алашордашыл идеологиясы үшін Әуезов партиядан шығарылып, жазушылық пен оқытушылық қызметке ауысып кетті. Ол өзінің барлық шығармаларындағы қазақтың тіршілігін өткенді көксеген байдың көзқарасы арқылы баяндайды, қазақтың ескілігін – азаматшылығын жырлайды, қазақтың хандарын, аңызға айналған батырларын, «данышпан» билерін, ардагер ақсақалдарын және феодалдық сал-серілерді мадақтайды, мадақтағанда да үнемі жағымды, бүгінгі күннің өзінде де оларды қадір тұтуға, үлгі етуге болатындай бейнеде суреттейді (Қараңыз: «Қаракөз», «Еңлік-Кебек»). Бұл – бұл ма. Сан қырлы дарын иесі М.Әуезов өзінің осынау реакциялық идеологиясын «әдеби сын» саласында да уағыздаумен болды»* [10, 6-7], – дейді.

Сөз түйінін: *«Тәуелсіз мемлекетіміздің тұңғыш ата заңында баянды етілген адам құқығы, әлеуметтік әділеттілік тегіне, нәсіліне, діни нанымына қарамай адамдардың теңдігі ар-ождан бостандығы тұрғысындағы принциптерімізге Мұхаң мұратының үндесіп жатқандығы анық. Гуманист ретінде ол адамның адамға жасайтын қысастығын, зорлығын жантәнімен жек көрді, ол нағыз ойшыл ретінде ізгіліктің ғайыбы түсінік емес, әлеуметтік ұғым екендігін терең бағамдады. Сайып келгенде миллиондардың рухани дүниесіне дендеп енген оның эпикалық, эстетикалық және адамгершілік мұраттары – көпшіліктің қазынасы, ұлттың баға жетпес мұрасы Мұхаңның бір ұлағаты осында»* [11, 3], – деп қорытындылаймыз.


### РЕЗЮМЕ

В статье «Общественная деятельность Мухтар Ауэзова» говорится о творчестве Мухтара Ауезова и о его общественной службе в то время. Мухтар Ауезов в начале XX века внёс огромный вклад в пробуждении духа казахского народа.

***

The article «Social activities of Mukhtar Auezov» refers to the work of Mukhtar Auezov and his public service at that time. At the begininning of the 20th century, Mukhtar Auezov made an enormous contribution to the awakening of the spirit of the Kazakh people.


### ӘДЕБИЕТТЕР


1.**Әуезов М.М.** Әкемнің соңғы хаты туған жеріне жазылды. www.qazaquni.kz. ақпараттық порталы. 31 05. 2011.

2. **Сүлейменов О.** Мұхтар Әуезов туралы сөз //Жұлдыз. – 1997. – №1. – Б. 35.

3.**Ахметов З.** М.Әуезов және әлем әдебиеті// Халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар материалдары. – Алматы, 2001. – 369 б.

4. **Әуезұлы М.** Өз жайымнан мағлұмат. ҚР ҒБМ М.Әуезов атындағы әдебиет институтының «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қоры. –382-бума.

5. **Мұхамадиев Д.** Абайтанушы. – Алматы: Evo press, 2013. – 215 б.

6. **Сүйіншәлиев Х.** Мұхтар Омарханұлы Әуезов. – Алматы, 1960. – 232 б.

7. **Нұрпейісов Ә.** Әуезов арқылы Ұлы Дала сөйлейді// Мұхтар Әуезов: ұлттық болмыстың ұлы жыршысы. Парижде өткізілген қазақ халқының ұлы жазушысы, қоғам қайраткері М.Әуезовтің 100 жылдығына арналған конференция материалдарының жинағы. – Париж, 1998.– 128 б.

8. **Нұрғали Р.** Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры.– Астана: Күлтегін, 2002. –528 б.

9. Әуезов әлемі. Мұхтар Әуезов Қоры. auezov.kz. ақпараттық порталы. 28 09. 2017.

10. **Жұртбай Т.** Ұраным – Алаш. А.: Ел-Шежіре. 2010. – 266 б.

11.**Майтанов Б.** М.Әуезов шығармашылығының этнопсихологиялық негіздері (1920–30) жылдар// М.Әуезов шығармашылығындағы этномәдени дәстүрлер. – Алматы, 2004.– 86 б.

# СУ БЭЙХАЙДЫҢ ҚОЛЖАЗБАСЫНА ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

**Тұрсынхан ҚАЙЫРКЕН (Законұлы),**
**тарих ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Шығыстану кафедрасының профессоры,**
**Данагүл МАХАТ,**
**тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы «Отырар кітапханасы» Ғылыми орталығы деректану және қолжазба мұралар бөлімінің бастығы**

***Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің № АР 05133970 «Қытай тіліндегі Қазақстан тарихына қатысты қолжазбаларды жинақтау, жүйелеу және зерттеу: Су Бэйхай «Қазақтың жалпы тарихы» (4 томдық қолжазба)» жобасы аясында дайындалды.***

***Мақалада Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғалымдары мемлекеттік тапсырыс бойынша тарихнамалық және деректанулық тұрғыдан зерттеп, қазақ тіліне аударған қытай тарихшысы Су Бэйхайдың «Қазақтың жалпы тарихы» атты қолжазбасының тарих ғылымы үшін пайдалы, жаңашыл жақтары және оның кемшіліктері мен қателіктері сараланған.***

**Профессор Су Бэйхайдың «Қазақтың жалпы тарихы» атты еңбегі қазақ тарихнамасы үшін өте маңызды.** Бұл еңбек қазақ тарихының хронологиялық шеңберін 2500 жылға жеткізеді, қолжазба қазақ тарихының бастауын б.д.д. VI-V ғасырларда пайда болған Сақ мемлекетінің тарихынан алады. Ең алғаш Бань Гудің «Хан кітабы» (Ханшу) атты еңбегінде бірінші болып «Батыс өңірдегі» сақтар туралы баяндайды. Геродот та *«парсылар барлық скиф тайпалары сақтар деп аталған»* [1], – дейді. «Хан кітабы. Батыс өңір баянында» Қытайдың ең алғаш батыс елдеріне сапар шеккен елшісі Чжан Цянь император Хан У-диге берген мәліметінде скифтерді сақтар (塞人) деп көрсетеді. Кей ғалымдардың көрсетуінше ол бір ғана этностың ғана емес, тұтас аймақтың да аты болған [2]. Профессор Су Бэйхай бұл еңбегінде ұлы иүзейлер мен үйсіндер Жетісуға қоныс аударудан бұрын осында сақтардың өмір сүргенін, олардың да тым ертеде Хэси дәлізі мен Хуанхэ қолтығы (Ордос) жақтан келгенін, осында ең алғашқы мемлекетті солар құрғанын дәлелдейді.

Тек Су Бэйхай ғана емес, Ян Цзянсин қазақтың этникалық тегінің соншама күрделі екенін алға тарта отырып, б.д.д. IV-V ғасырларда Қазақстан мен Іле өлкесінде көптеген этностар яғни, сақ, иүзей, үйсін, ғұн, қаңлы, батыс түркі тайпалары тектес көптеген этностар өмір сүрсе, XIII ғасырға келгенде моңғолдар осы өңірді өздерінің саяси, экономикалық тұрғыдан әрекет ету сахнасы етті, күні бүгінге дейін қазақтардың ішінде көптеген ру-тайпалар осы аталған этностарды өзінің ата-бабасы санайды. Бұл да болса осы аталған тайпалардың қазақ құрамын толықтырғанын көрсетеді [3], – десе, қазақ тарихын зерттеуші Ли Шэн қазақтың пайда болуы Орта Азиядағы түрлі этностардың өзара кірігуінің нәтижесі, ал қазақ халқын құраған этностардың тарихын тым ертеден бастап қарастыруға болады дей келіп, қазақ жерінде ең алғаш құрылған Үйсін, Қаңлы, Алан (Яньцай) мемлекеттерінің тарихына жеке-жеке тоқталады [4].

Демек, профессор Су Бэйхайдың «Қазақтың жалпы тарихы» деп аталатын еңбегі – ең әуелі қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаған ерте мемлекеттердің тарихы. Автордың ұғымындағы қазақ халқының этнотерритриясы Солтүстік Кавказ, Еділ мен Донның аралығынан бастап, шығыста Моңғол үстіртіне, Хуанхэ бассейініне дейінгі ұлан-ғайыр кеңістікті алып жатыр. Орта Азия мен Шығыс Түркістанның тарихи-географиясын зерттеген ғалым ретінде [5], оның қазақ тарихын осынау ұлан-ғайыр кеңістікте алып қарастыруы үлкен ғылыми маңызға ие. Оның «Синцзяндағы петроглифтер» [6] және «Қазақтың мәдениет тарихы» [7] атты еңбектерінде де осы методология көрініс табады. Бұл айтқандарымыздың бәрі уақыт пен кеңістікке қатысты.

**Қазақ тарихының бастауларын біздің заманымыздан бұрынғы VI-IV ғасырлардағы Сақ заманына дейін апарған автор, аталған кезеңді кең географиялық кеңістіктен алып қарастырады.** Өйткені, сол кезден бастап еуразиялық кеңістікте үш мәрте ұлттардың ірі қоныс аударуы орын алды. Оның алғашқысы б.д.д. VIII-VII ғасырларда пайда болса, екіншісі б.д.д. II б.д. I ғасырларына, соңғысы б.д. III-IV ғасырына тура келеді. Алғашқысы армаспейлердің Қара теңіз бойынан исседондарды ығыстыруынан басталған бұл үдеріс олардың Алтай тауына дейін жетуімен аяқталды. Геродоттың «Тарихында» айтылатын *«аримаспылардың ар жағында алтынға табынатын грифондар»,* қытай ғалымы Ван Чжилайдың пікірінше Зайсан көлінің жағасын мекендейтін жалғыз көзді аримаспылармен көрші тұратын Алтай тауындағы бір тайпаның аты. Гректер өз аңыздарындағы арыстан денелі, бүркіт басты мақұлықтың-грифонның образы арқылы оларды солай деп атаған [8]. Демек, Сақ дәуіріне тән арыстан-грифон түріндегі көне мұралардың Алтайдан табылуы әсте кездейсоқ болмаса керек. Халықтардың ұлы көшінің алғашқы толқыны батыстан шығысқа қарай бағытталса, қалған екеуі шығыстан батысқа қарай бағытталған. Қытайдың әйгілі түрколог ғылымы Цын Чжунмянь тарихтағы «Ся (夏) қауымы роңдар (戎) этносынан келген», «Циннің (秦) арғы тегі де роңдардан», «Чжоу (周) әулеті мен батыс роңдар (西戎) бір нәсіл», ал «роңдардың түркілермен және тұрандықтармен белгілі қандастық байланысы бар», «Чу (楚) елі шығыс халқына жатпайды», Цин патшалығынан бұрынғы «қытай» (汉

族) Тұран факторына жүкті дегендей алуан түрлі ойларын әр кездері, әр түрлі ғылыми басылымдарда айтқан болатын [9]. Қысқасы, Цын Чжунмянь мырза Қытайдың ертедегі екі үлкен хандығы Ся және Чжоу патшалықтарының Тұраннан (Орта Азиядан) келген түркі тілдес этностар тарапынан құрылғандығын айтады. Демек, халықтардың ірі қоныс аударуларының алғашқы легінде Тянь-Шань тауы арқылы Лобнор оазисін және Кунлун, Цилянь-шань тауын бойлап, Гималайдың шығыс бөктеріне көшіп барған ерте тұрандықтар (сақтар) ол жерлерде бірнеше жүз жыл өмір сүргеннен кейін, бір бөлігі сонда қалып, қалған бөлігі Ордос пен Хэси дәлізіне қарай қайта толқыған. Ендеше, Су Бэйхай мырзаның қазақ тарихының бір бастауын Хэси дәлізін, Хуанхэнің теріскейін мекендеген ежелгі этностардан бастауы бекер емес.

Су Бэйхайдың зерттеуінше, бір ғана Хэси дәлізінен алдымен сайчжундер (сақтар), одан соң иүзейлер, одан соң үйсіндер, ең соңынан ғұндар батысқа жылжып, Орта Азияға, Қазақ даласына келген. Бірақ бұдан Қазақ даласындағы көне этностардың бәрі шығыстан келген деген ұғым тумаса керек. Тұрандықтардың байырғы Отаны, Қазақ даласы ол кезде иен жатқан жоқ еді. Одан бұрын да аталған сақ тайпаларының ауқымды бөлігі бүгінгі қазақтар тұратын жерлерді мекендеген, әсіресе, Ташкент, Шу-Талас, Іле өзендері мен Балқаш көлі, Тянь-Шань, Алтай өңірін мекен еткен шошақ бөрікті сақтардың қазақтың түп-тегімен болған байланысы тым тереңде жатыр. Сондықтан таяу заманға дейін қазақтар өздерін «шошақ бөрікті қазақпыз» деп келген дейді [10].

Автор сақтардың мемлекет ретінде өмір сүргенін айтып қана қоймай, олардың қоғамдық жағдайына, шаруашылығы мен мәдениетіне, қоршаған ортамен байланысына, алтынға деген құштарлығы мен құрметіне тоқталады. Қысқасы, Сақ дәуірін қоғамның толық қалыптасуы әрі ояну мен дәуірлеудің басы ретінде қарастырады. Содан бастап даланың өз әдет-ғұрып заңдары мен мемлекеттік иерархиясы біртіндеп дамып, кемелденіп отырған. Көптеген жазба және археологиялық деректердің болуына қарамастан, бес томдық «Қазақстан тарихы» сақтардың мемлекеті болғанын батыл айта алмайды: *«Иерархиялық сатының биік тұғырында – патша мен ханша, шонжарлар мен ақсүйектер, салт атты жауынгерлер, төменгі сатысында тәуелді адамдар, құлдар, қызметшілер, жаяу жауынгерлер орналасқан»* [11], – деумен ғана шектеледі.

Демек, Қытай жеріндегі алғашқы мемлекет Ся патшалығы болса, Қазақ жеріндегі алғашқы мемлекет Сақ патшалығы болған еді. Бұл профессор Су Бэйхайдың еңбегінде толық көрініс тапқан, сақ дәуіріне арнайы бір тарау арнаған.

**Қазақ жерінде сақтардан кейін ірге қалаған Ұлы иүзейлер (Даюэчжи) мемлекеті болатын. Бұл, әрине, бүгінгі отандық (Қазақстандық) тарихнамада айтылмай келген тақырып.** Иүзейлер тарихы ғұн тарихымен тығыз сабақтас. Ол туралы Су Бэйхай: *«Цинь патшалығы қалған алты патшалықты бағындырған кезде, солтүстік қыр өлкесінде әлі де болса «шығыс хулар* (东胡) *күшейіп, иүзейлер гүлденіп тұрған» болатын. Ғұндар иүзейлер мен шығыс хулардың қысымына ұшырап келген, Түмен тәңірқұт кезінде ол өз ұлы Мөдені иүзейлерге кепілге беріп, артынан «иүзейлерге шабуыл жасап, иүзейлер арқылы Мөдені өлтірмекші болған еді. Бірақ Мөде Иүзей қағанының жүйірік атын ұрлап мініп еліне қайтып келеді... Бұл жолғы шабуыл иүзейлерді түгелімен жеңіліске ұшыратқан жоқ, есесіне иүзейлер алысқа көшіп кетті»* [12] – дейді.

Иүзейлер Іле өңіріне көшіп барса да, «Кейінгі Хан кітабы. Батыс өңір баянының» «Ұлы иүзейлер мемлекеті» тармағында *«иүзейлер ғұндар тарапынан талқандалып, Бактерияға кетті»* [13] – делінеді. Бұлай болғанда, – дейді ғалым, адамдардың санасында иүзейлер Хэси дәлізінен Бактерияға тіке барған, Іле алқабын басып өтпеген деген шалағай, қате түсінік қалыптасып қалады. Шын мәнінде, ұлы иүзейлер батысқа көшкенде алдымен Іле алқабына жетіп, кейін үйсіндер тарапынан жеңіліс тауып, Бактерияға кеткен. «Кейінгі Хан кітабы. Батыс цяндардың баянында» тағы да *«иүзейлердің патшасы Мөде тарапынан өлтірілді, ... өздері батысқа беттеп Көккарт тауынан асып кетті»* [14], – делінеді. Осында да олардың Ілеге барған тарихы жазылмай қалады да, керісінше, олардың ең соңғы тұрағы бірден тілге тиек етіледі. Яғни, аталған екі деректің екеуінде де иүзейлердің Іле бойына барған тарихы айтылмай қалады. Демек, қазақ тарихшыларының иүзейлердің тарихына онша маңыз бермей келуінің себебі де осы болса керек. Дейтұрғанмен, «Хан кітабы. Батыс өңір баянының» «Үйсін» тармағында Іле алқабы туралы айта келіп: *«Үйсін күнбиі ұлы иүзейлерді талқандады. Ұлы иүзейлер батыстағы Бактерия еліне қарай жосып, Бактерия ханын боданы етті. Сонымен Үйсін күнбиі ол жерлерді басып алды. Үйсіндердің ішінде сақтар мен ұлы иүзейлердің нәсілі аралас жүретінінің себебі, міне, осында»* [15] – дейді. Бұдан ұлы иүзейлер Хэси дәлізінен кеткеннен кейін, негізінен бұрындары сақтардың мекені болып келген Іле өлкесіне келгенін, сол себепті, «үйсіндердің ішінде сақтар мен ұлы иүзейлердің нәсілі аралас жүргенін» көреміз. Профессор Су Бэйхай тарихи деректерге сай, дәл осы мәселені нақтылап көрсетеді әрі ұлы иүзейлердің Іле мен Жетісуға қарай қай бағыттан көшіп келгенін зерттейді. Ол М.А.Стейн, Х.Тоиохаши қатарлы ғалымдардың пікірлері мен тарихи деректерге талдау жасай отырып, ұлы иүзейлердің Тянь-Шаньның оңтүстігі арқылы Ілеге жеткенін дәлелдейді [16].

**Қытай деректері бойынша Жетісу мен Іле алқабындағы Сақ және Ұлы иүзейлерден кейінгі үшінші әрі ең ықпалды болған саяси билік – Үйсін мемлекеті.** Қытай деректері олардың Хэси дәлізінен келгенін тәптіштей жазады. Бірақ, қазақстандық тарихнама үйсіндердің шығыстан келуін жоққа шығарады. *«Чжан Цянның хабарлауына қарағанда, үйсіндердің бұрын мекендеген жері шығыстағы алыс бір жерде болған, мұның шындыққа жанаспайтыны анық»* [11] делінген бестомдық «Қазақстан тарихында». Бірақ, еш қандай дәлел-дәйек ұсынбайды. Біздіңше, үйсіндердің шығыстан келді деу олар қытайдан келді, түбі қытай еді деген мағына бермейді. Үйсіндердің Іле алқабына келуі Еуразия кеңістігіндегі ұлттардың (тұрандықтардың) бастысқа қарай кері қоныс аударуының бірінші сатысына (Сақ, ұлы иүзей, үйсін дәуірі. б.д.д. II - б.д.д. I ғғ.) тура келеді. Тарихи деректер үйсіндердің таза бір атадан тараған нәсіл емес, керісінше, сақ, иүзей, ғұн, қаңлы сынды халықтармен тығыз араластықта пайда болған аралас этнос екенін көрсетеді.

Ғалым түрлі дереккөздеріне сүйеніп, Үйсін қоғамының мемлекеттік сипатын зерделейді. Көптеген көзқарастарды алға тарта отырып, Үйсін қоғамын *«күшті патриархалдық сипат алған көшпенді мал-шаруашылығы негізіндегі құлдық қоғам»* деген көзқарасты жақтайды [17].

Қытайдың Қазақстанмен шекаралас Моңғолкүре, Текес, Күнес, Шапшал, У-су, Жың қатарлы жерлеріндегі кейбір үйсін молаларының үлкен-кішілігі бірден көзге көрініп тұрады. Қытай ҒА СУАР бөлімшесі Этнология институтының археология бөлімінің экспедиция материалдарына сүйенсек, Қазақстан шегінен тым шалғай емес жерде орналасқан бұл төмпешіктердің кейбірінің үлкендігі кішігірім жотаға ұқсайды, Шаты деген жердегі ең үлкен моланың түпкі шеңберінің периметрі 260 метрден асады, төбесінің диаметрі мен көлбеу биіктігі 20 метр шамасында, орташаларының түпкі периметрі 100-150 метр аралығында, ал ең кішілерінің түпкі шеңберінің периметрі 50 метр, биіктігі 1 метр шамасында болған [18]. Осынау үлкен-кіші қабірлер тоналған, соған қарамастан қоса көмілген заттардың қалдықтары, *«кейбір қыштан, сүйектен жасалған бұйымдар, кішігірім қола және темір бұйымдар, алтын әшекейлер, сырлы ыдыстардың сынықтары»* табылған. Ал, *«кейбір көлемі кіші, жермен жексен болып бара жатқан ұсақ қабірлердің ішінде тіпті жанақым ағаш та салынбаған, қосып көмілген заттары өте аз немесе мүлде жоқ»* [19]. Осындағы әйдік обалар Үйсін еліндегі күнбилер мен ірі ақсүйектердің, әскер басыларының қабірлері. Олардан Үйсін елі өз кезінде қоғамдық дамудың жоғары деңгейінде тұрғанын көруге болады. Қазақстан ғалымдары бүгінге дейін Іленің жоғары жағында — Қытай шекарасы ішінде жатқан Қас, Күнес, Текес, Қорғас, Моңғол-күредегі мәдени ескерткіштерге соншалықты маңыз бере қойған жоқ. Нәтижесінде, үйсін зерттеуі Қазақстанда тұралаған күйде қалды. Оның дәлелі, бес томдық «Қазақстан тарихында» ертедегі Үйсін елінің тарихына 1,5 беттік қана орын берілген [11, б. 248-249].

Профессор Су Бэйхай Үйсін қоғамының сипаты құлдық қоғам екеніне көз жеткізе келе, оның саяси, әскери құрылымдарын, билік иерархиясын, лауазым жүйесін анықтауға тырысады. Оның зерттеуінше, үйсіндердің әскери жүйесі, шын мәнінде жалпы халықтық әскери жүйе болып табылады. «120 мың түтіні бар» Үйсін қоғамында 188 мың 800 әскер болған. Бұл орта есеппен әр отбасынан 1,5 адамнан келеді. Осыншама кемелді билік иерархиясы мен әскери жүйесі әрі мемлекеттің ең жоғарғы символы болып табылатын «Күнби» титулы бар Үйсін мемлекеті қазақ тарихынан лайықты орын алуға тиіс.

**Кітаптағы тағы бір жаңалық – сақ, иүзей, үйсін тектес этностармен бірге, қазақ құрамын толықтаушы іргелі ұлыс болып табылатын Қаңлы мемлекетінің және бір кезде үйсіндердің арасына келіп кіріп, ассимиляцияланған юэбандардың, батысқа көшу барысында аландармен барынша араласқан ғұндардың, сондай-ақ, бір мезгіл қаңлылар мен аландар үстінен үстемдік етуші эфталиттердің тарихы да жан-жақтылы зерттеліп, олардың қазақ этногенезі мен мемлекеттілігінің дамуындағы орны мен рөлі сарапқа салынған.**

Әсіресе, автордың Батыс Түркі қағанатының құрамындағы Он оқ тайпаларын (Бес дулу және Бес нүшеби) ежелгі қазақ ру-тайпалары ретінде қарастыруы ақылға қонымды. Профессор Су Бэйхай Батыс Түрік қағанатының құрамындағы Он оқтарға кіретін бес нүшебилерді Қаңлыдан, бес дулуларды (дулаттарды) Үйсіннен таратады. Біздіңше, Батыс Түркі қағанатының «үйсіндердің көне қонысында» мемлекет құруының өзі де үлкен тарихи маңызға ие. Ван Чжилайдың зерттеуінде бұл түркі тайпаларының көшіп-қонып жүретін жайылымды алқаптары еді. Ал Орталық Азия мен Тянь-Шаньның оңтүстігіндегі көгалды аймақтарды мекендейтін «Батыс өңірдегі қала мемлекеттер» деп аталатын елдердің бәрі де Батыс Түріктің қол астына қарап тұрды [20]. Ван Чжилай өзінің «Орта Азия тарихы» деген еңбегінің «ерте заман бөлігінде» Батыс Түркі қағанатының мемлекеттік құрылымына, билік жүйесі мен заңтәртіптеріне, тіл-жазуына, шетелдермен байланысына жан-жақтылы тоқталады. Қысқасы, оны өз кезінде дүниенің алдыңғы қатарлы дамыған елі ретінде сипаттайды. Өкінішке орай, батыс Түркі қағанатының тарихы да бес томдық «Қазақстан тарихында» 3 беттен ғана тұрады. Онда да қағанаттың тарихы үстірт қана айтылады. Көбінде шаруашылық жағдайы сөз болады. *«Техника мен жер суарудың тым қара дүрсін болуы жағдайында ауыл шаруашылығына жарамды жерлер тапшы, ал мал жайылатын жерлер көп болды»* деу арқылы мемлекеттің шаруашылық жағдайын барынша кемшін, дәрменсіз етіп көрсетеді [11, б. 301]. Шын мәнінде, Батыс Түркі қағанаты ондай әлжуаз мемлекет болмаған. Ол өзіндегі саяси, экономикалық және әскери әлеуеті арқылы сасанидтік Иран мен Византияға, шығыстағы Таң империясына өз елінің күш-қуатын әйгілеген болатын. Батыс пен шығысқа емін-еркін қатынаған түріктер дүниежүзінің бар артықшылықтарын өз елінде пайдалануға ұмтылды. Өздерін барлық елдерден биік қойды. Көне түркі ескерткіштерінде: *«Үсте Көк Тәңірі, аста баран Жер жаралғанда екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстінде ата-бабам Бумын-қаған, Істеми қаған таққа отырды. Таққа отырып түркі халқын, елін, төрін (Үкіметін) тұтты (орнатты), қалыптастырды...төрт тараптағы халықтың бәрін иеленді»,* – деп жазды [21].

**Автор б.д. VII ғасырдың соңынан VIII ғасырдың орталарына дейін өмір сүрген Түркеш қағанатын Қазақ даласын алғаш біріктірген бірінші қағанат, яғни алғашқы Қазақ қағанаты (мемлекеті) дейді.** Бұдан соң автор қарлұқтар және **Қарлұқ қағанаты** туралы тоқталады. Қарлұқтардың арғы тегін «Солтүстік хандықтар тарихы» мен «Суй кітабындағы» «Телилер» баянынан іздеп, оларды телелердің қатарына жатқызады. Олардың негізгі өрісқоныстарын Алтай, Тарбағатай, Барлық, Жоңғар Алатауы және Іле өлкесі ретінде көрсете отырып, Қарлұқ қағанатының Түркеш қағанатынан соң қазақтар тарапынан құрылған жаңа бір қағанат екенін жазады.

Автордың **Қарахан мемлекеті** және оның құрушы этносы туралы пікірі де назар аударуға татиды. Автордың пікірінше Қарахан мемлекетін құрушылар көне ұйғырлар. Бірақ кей ғалымдар оны яғмалар мен қарлұқтар құрған деп есептейді [22]. Біздіңше, көне ұйғырларды бүгінгі ұйғырлармен мүлде бір қатарға қоюға болмайды. Көне ұйғыр атауы Түркі қағанатының орнында жаңадан пайда болған қағанаттың атауы, яғни саяси термин. Сол себептен, оған қарасты көшпенді шаруашылықпен шұғылданатын түркі-оғыз тайпаларының бәрі ұйғырлар деп аталған. Су Бэйхай Орхон ұйғырлары Орта Азияға көшіп келгенге дейін мұнда оғыздар өмір сүрген болатын, оғыздар тек түркімендердің ғана емес, қазақ пен өзбектің де этникалық құрамын толықтаған этнос, шындап келгенде «ұйғыр» этносы он оғыз бен тоғыз оғыздардан құралған дейді [23]. Мейлі, қандай болған жағдайда да, Қарахан мемлекеті Қазақ жерін мекендеген түрлі этностардың ортақ мемлекеті болатын.

Қарахан мемлекетінен соң, Орталық Азияның тарих сахнасына **Қидан мемлекеті** шықты. Түпкі тегі Қытай тарихында сянньбилер деп аталатын қытандар құрған Қидан мемлекеті Қытай тарихында Ляо

патшалығы деп аталады. Бұл елдің тарихы алдыңғы және кейінгі деп аталатын екі кезеңнен тұрады. Алдыңғы кезеңінде олар Қытайдың солтүстігінде мемлекет құрса, кейінгі кезеңінде жүржіттер (манжурлардың ата-бабасы) тарапынан талқандалып, батысқа көшіп, Шу мен Талас өлкесіне келіп мемлекет құрады. Бұған дейін олар Орхон өлкесі мен Отүкен қойнауын басып өтіп, Енесей асып, одан қайтадан Алтай арқылы Тарбағатай, Жоңғар Алатауын бойлап Жетісуға келеді. Қара қидандардың Енисей қырғыздарына барғаны туралы Рашид ат-Дин [24], одан соң, қырғыздардан соққы жеп қайта қайтқаны туралы А.Джувейни [25] жазады. Түпкі тегі қытай емес, бірақ билеуші төрелері Қытай мәдениетінің ықпалына терең ұшыраған қара қидандар Шу бойына қоныс тепкеннен кейін, Қазақстан мен Орта Азияның саяси өмірінде үлкен рөлі болған. Олардың мемлекеттік құрылымы, билік жүйесі, шаруашылық және мәдени артықшылықтары жергілікті түркі текті халықтарға әсер етіп, қазақ жеріндегі этногенез үдерісі мен мемлекеттілік дәстүрдің мазмұнын байыта түсті. Өздері де біртіндеп түріктенді. Профессор Су Бэйхай батыс Ляо (қара қидан) мемлекетінің тарихын осы тұрғыдан қарастырады.

Қара қидандар Орта Азия мен Қазақстанда жаңадан бас көтерген кезде Орталық Моңғолиядағы түркі текті халықтардың байырғы қонысында және қазақ даласының солтүстігінде қазақ халқын құраған белді тайпалардың ортағасырлық жаңа мемлекеттері бой көтерді. Профессор Су Бэйхай Қытай мен басқа елдердің және көшпенді халықтардың шежіре-деректерін молынан қарастыра отырып, Керей (Қазақстан тарихында – Керейт), Найман, Меркіт, Қарлұқ, Қыпшақ, Қаңлы, Асу, Уақ елдерінің тарихына жеке-жеке тоқталып, осынау ұлан-ғайыр тарихты бір тұлғалайды.

Бұдан кейінгі **Алтын Орда, Ақ Орда** және **Сібір хандығының** тарихы отандық тарихнама үшін белгілі жайлар. Дегенмен, Сібір хандығын қайта қарайтын уақыт жеткен секілді. Автордың пікірінше, Сібір хандығы 1428 жылы Ақ орда ыдырағаннан кейін, Ертіс бойын орталық еткен қазақ ру-тайпалары тарапынан құрылған хандық. Автор **Әбілхайыр ұлысы** туралы тоқталғанда оны Өзбек хандығы деп атауға үзілді-кесілді қарсы шығады. Шағатай хандығы құрамындағы халықтардың негізінен қазақтың ұлы жүз тайпалары екенін, олардың бәрі Дулат деген ортақ атпен хандықтың саяси өмірінде шешуші рөл атқарғанын, тіпті, саяси шешімдеріне дейін әсер етіп отырғанын жазады. Демек, Шағатай хандығының, кейін Моғолстан деген атпен аталған оның шығыс бөлігінің тарихы еш уақытта да қазақ тарихынан бөлек қалған емес. 1465 жылы (авторда 1456 жылы) Жәнібек пен Керей Шу бойында **Қазақ хандығын** құрған кезде де Моғолстанның оны қолдауы әсте кездейсоқ шешім емес еді. Бұл еңбекте қазақтың дулат тайпасының Шағатай хандығын өз бақылауына алуы және Шағатай хандарының дулаттарға берген айрықша мәртебесі, сондай-ақ, дулаттардың Тянь-Шаньның оңтүстігіндегі ықпалы жан-жақтылы зерттелген.

Қолжазбада XV-XIX ғасырлар аралығындағы Қазақ хандығының тарихына айырықша орын берілген. Мұнда Қазақ хандығының құрылуы мен дамуы, Жоңғар шапқыншылығы, Цин және Ресей империяларының Қазақ жеріне кеңеюі, Қазақ жерінің аталған екі империяның талас аймағына айналуы, Қазақ хандығының күйреуі және Ресей мен Циннің шекара келісcөздері, ақыр соңында қазақтардың екі елге бөлініп қоныстануы, қытайдағы қазақ ирриденттерінің қалыптасуы, т.б. мәселелер кеңінен қарастырылған.

Әсіресе, аталған еңбектің **1864 жылғы шекара келісімінен** кейінгі кездегі Ман-Цин империясына, кейін Қытайға қараған қазақтардың тарихы туралы төртінші бөлімі (IV томы) ондағы қазақтардың қалыптасуы мен дамуын, қоғамдық-саяси жағдайын, шаруашылығы мен мәдениетін және тұрмыс-салтын зерттеуде айырықша маңызға ие.

* * *

**Дегенмен, аталған еңбектің Қазақ тарихы үшін олжа салар тұстарымен қатар, оның тарихи шындыққа және отандық тарихнамалық принципке сай келмейтін тұстарын да айта кеткен жөн.**

Қалай десек те, автор бұл еңбекті қытайлық тарихнамалық принцип тұрғысынан жазған. Сондықтан, одан қазақ тарихын мүлде әділ таразылаған, бірден көңілден шыға қоятын еңбекті күту мүмкін емес. Оның үстіне, еңбекке автор өмір сүрген ортадағы идеологиялық ауан да әсер еткені сөзсіз. Өйткені 80-жылдардың соңынан бастап, Қытайда азшылық ұлттар тарихына байланысты еңбектер қатаң цензурадан өтетін болған еді. Дегенмен, мұның бәрі автордың жеке көзқарасындағы кейбір қателіктерді ақтай алмайды. Кітаптағы осындай қате және баса назар аударуға тиісті тұстарды төмендегідей бірнеше түйінге жинақтауға болады:

**«Батыс өңір» ұғымы: қытайша Сиюй (西域) деп аталатын «Батыс өңір» термині қытайлық тарихнамаға тән төл қолданыс. Ол тарихи-жағрафиялық әрі саяси мәнге ие атау.** Ол ең алғаш қытайлық «Янь-тэ лунь» (盐铁论) атты кітапта кездеседі. Оның кең және тар мағынасы бар. Кең мағынадағы «Батыс өңір» Азияның Орталық және Батыс бөлігін, Үнді түбегін, Солтүстік Африка мен Шығыс Еуропаны меңзесе, тар мағынада Қытай қамалының батысындағы қазіргі Синьцзянды меңзейді. Бірақ әр кезеңдегі қытайдың орталық билігінің әскери-әкімшілік ықпалының қаншалықты болуына байланысты, оның көлемі де әр түрлі болды. Мысалы, Хан, Таң империясы кезінде қытайлық ұғымдағы «батыс аймақ» Тянь-Шаньның оңтүстігі мен солтүстігін және Орта Азияның біраз жерін қамтыды. Қытай тарихшылары Шыңғыс хан құрған ұлы Моңғол империясын да Қытай тарихының құрамдас бөлігі деп қарайтындықтан, моңғолдардың ат тұяғы жеткен жердің бәрін «Батыс өңір» деп есептеді. Сол себептен, оған Солтүстік Африка мен Шығыс Еуропа да кіріп кетеді. Кейін Манжу-Цин империясының ат тұяғы жеткен жерлердің бәрі «Батыс өңір» деп аталатын болды [26]. Ендеше, «Батыс өңір» атауы империялық-ірге кеңейтушілік мәндегі қытайлық тарихнамаға тән төл атау екенін көреміз. Бұл атау профессор Су Бэйхай еңбегінде де жиі қолданылады.

**Үйсін елі мен Хан әулетінің байланысы. Автор Үйсін мемлекетін Хан патшалығының ең сенімді одақтасы ретінде қарап, артынан бұл одақтастық байланысты толықтай бағыныштылық қатынас түрінде сипаттайды.** Сол арқылы Үйсін мемлекетіне қарасты территория ертеден Қытайдың жері болған дегенге меңзейді, әрі *«үйсіндер Хан империясының бірлікке келтіру ісінде өз үлестерін қосты»* [27],– дейді. Шындығында да, Хан империясының Орталық Азияға бағыттаған саясаты ол жерлерді ғұндардың ықпалынан тазартып, өз отарына айналдыру, Шығыс пен Батысқа қатынап жатқан Жібек жолына бақылау орнату болатын. Сондықтан Р.Груссе: *«Батыс ғұндардың босып кетуі және шығыс ғұндардың Тарым бойынан аластатылуы Қытай империясының Орталық Азиядағы үстемдігін бекіте түсті»* [28],– дейді. Осы мақсатқа жету үшін, Хан әулеті үйсіндерге қыздарын берді. Мұны кейінгі Түркі қағанаты мен Чжоу, Суй әулетінің немесе Тибет пен Таң әулетінің құдандалық тарихынан да көруге болады. Оның үстіне, «Хан кітабы. Батыс өңір баяны»

секілді тарихи деректерде Үйсін елі мен Хан әулетінің қатынасы сол кезге тән қалыпты халықаралық қатынас ретінде салмақты тілмен жазылған [29]. Онда үйсіндерді шалғайдағы өз алдына тәуелсіз, әскері және иерархиялық жүйесі, шет-шекарасы бар, Хан әулетімен тең дәрежедегі ел ретінде сипаттап, Қытай ханшасын мың жылқы қалың малын беріп алғанын, әрі оны сол қол ханымы емес, оң қол ханымы ретінде қасында ұстағанын тілге тиек етеді. Бұл үйсіндердің алдымен Ғұндарға маңыз беріп, Хан патшалығын екінші орынға қойғандығын көрсетеді. Ендеше, қытай тарихшыларының Үйсін елі мен Хан патшалығының қатынасын асыра дәріптеп, оны қандайда бір «билеу және бағыну» қатынасы ретінде көрсеткісі келетін «ғылыми дәлелдері» еш уақытта табан тіреп тұра алмайды.

**Ғұн проблемасы. Үйсін мемлекетінің тарихы сөз болғанда міндетті түрде ғұн проблемасы алдан шығады.** Қытайдың ертеден келе жатқан «алыстағымен жақындасып, жақындағыға қарсы тұру», «жаттарды жаттардың қолымен жою» сынды «сына саясаты» ғұндарға қарсы стратегияның басты принципі болды. Хэси дәлізінен Орталық Азия арқылы Батыс елдеріне қатынайтын «Жібек жолының» бақылау құқын қолға алу және солтүстіктен төнген қауіпті болдырмау үшін Хан империясының орталық үкіметі ғұндарға қарсы тұрып, үйсіндермен одақтасу саясатын жолға қойды. Сол себептен, қытайлық дерек көздерінде ғұндар қарсылас ретінде жақсы аталмайды. Біздің дәуіріміздің I ғасырының орта кезіне келгенде Ғұн империясының солтүстік қытайдағы үстемдігі жойылды [30]. Профессор Су Бэйхай да Үйсін мемлекетін жазған кезде солтүстік ғұндардың Орталық Азиядағы іс-әрекетін қандайда бір сыртқы күштің бүлдіру әрекеті ретінде бағалап, оларды Қытайға жат күш ретінде көрсетеді.

Көне түркілер мен қазақтардың байланысы. Кітаптың екінші тарауындағы қазақтың шығу тегіне қатысты аңыз-әфсаналарға талдау жасаған кезде, автор Ш.Құдайбердіұлының қазақ атауының пайда болуын ертедегі түріктерге байланыстырған пікіріне [31, Б. 39-40.] тоқтала келіп, бұл аңыз қазақтардың тарихта түркілердің қоластында болғанын, әрі бір бөлім түркілердің қазақ құрамына кіргенін, сол себепті кейбіреулердің қазақтарды түркі деп қате айтып жүргенін түсіндіріп береді [32], – дейді. Бұл қытай тарихшысының түркі халықтарының тарихи тамырластығын терістеу үшін қолдан жасаған концепциясы. Қытай билігі де оның осылай айтуын қалайды. Қазақтың түркі текті екені, әрі көне түркілердің негізінде ұлт болып ұйысқаны ғылымда дәлелденген және ол туралы қаншама ғылыми еңбектер жарыққа шыққаны белгілі [33].

Автор бұл ойын одан ары дамытып: Батыс Түріктің он оқ тайпаларын түріктер емес, қазақтар, тек олардың тайпа бастықтары ғана түрік ақсүйектері болатын. *«Содан барып, «Таң кітабында» дулу (дулат), нүшеби, Кэса тайпаларын «батыс түріктердің бір табы», «батыс түріктердің басқа тайпасы», немесе «науғысы басқа түріктер» деп атайды. Шын мәнінде, олар түркі емес, қазақ»* [34], – дейді.

Біз автордың мұндай пікірлерімен келіспейміз. Дүниежүзі ғалымдары бір ауыздан мойындағандай, қазақ халқының көне түркілердің тілдік, рухани және генетикалық жалғасы екенін, әрі Батыс Түркі қағанаты құрылған сол кеңістікте әлі күнге дейін бір бүтін ел ретінде сақталып келгенін ескерсек, автордың қазақ пен көне түркіні екі басқа этнос ретінде қараған «жаңалығы» табан тіреп тұра алмайды. Қытайда жарық көрген «Қазақтың қысқаша тарихында» да көне түркілермен қазақтардың байланысын жоққа шығармайды, керісінше қазақ халқын құраған ежелгі ру-тайпалардың Батыс Түркі қағанатының қоластында бір тұтас өсіп-өркендегені айтылады [35]. Бір ғана мысал: «Тайпин Хуанюйцзи» атты кітаптағы *«түріктер бие сүтінен жасалған қымызды ішіп қызып алған соң, ән шырқап, бір-бірімен айтысады»* [36], – деген деректің өзі көне түріктер мен қазақ халқының дәстүрі, мәдениеті бір екенін көрсетеді.

**Түркі тарихын сөз етпеу.** Цинь, Хан патшалықтары дәуірінде Қытай үшін басты проблема ғұндар болса, Суй, Таң патшалықтары кезінде түркілер болды. Көне түркі дәуірінің басталуымен ертеортағасырлық империялар – Шығыс Азиядағы Қытай, Батыс және Орталық Азиядағы Византия мен Иран, осылардың қай-қайсысы да өз аймақтарындағы басымдыққа ие ірі елдік салауатынан айырылды [37]. Бүгінде дүниежүзіндегі 40-тан астам түркі тілді мемлекет пен халық өз тарихының бастауын көне Түркі қағанатынан іздейді. «*Сол кездің өзінде елдік, мемлекеттік сана биік сатыға, идеологиялық сапаға көтерілген. Бұл өз тарихында Қытайдың да өскен, империялық деңгейге көтерілген кезі болатын. Сол себепті, Түркі қағанатымен арадағы мүдде қақтығысы өте өткір болды»* [38]. Ендеше, бұл тарихты басынан баяндау, бүгінгі түркі халықтарының тамырын түркі-оғыз дәуірінен іздеу айналамыздағы ірі елдердің ішкі-сыртқы мүддесіне қайшы келуі әбден мүмкін. Ешкім де түркі халықтарының қайта дәуірлеуін қаламайды. Сондықтан, олар көне түркі тарихын уақыт пен кеңістік және мазмұн жағынан барынша сығымдап, кішірейтіп көрсетуге мүдделі. Ендеше, профессор Су Бэйхайдың еңбегінен де осындай үрдіс байқалып жатса оған таң қалудың қажеті жоқ.

**«Патшалық» және «империя» ұғымы.** Профессор Су Бэйхай осы еңбегінің VI тарауының төртінші параграфын «Қазақ ру-тайпаларының Таң патшалығы үстемдігі астында болуы» деген атпен береді. Бірақ, Таң империясының Түркі қағанатын отарлауы 50 жылға (630-681 жж.) ғана созылды (Күлтегін ескерткіші, шығыс бет, 8-жол: Табғаш қағанға бағынды, елу жылісін-күшін берді) [39]. Сол себептен, 630-751 жылдар аралығы Таң әулетінің ірге кеңейту амбициясы күшейген және бір мезгіл Орта Азияға дейін жетіп, Батыс Түркі қағанатының жерлерін басып алған кезең болғандықтан, бұл кездегі Таң мемлекетін «патшалық» емес империя деп атаған жөн.

**Түркеш проблемасы.** Түркеш қағанаты Түркі қағанатының өз ішінен өсіп шыққан қағанат. Он оқтардың ішінде бес дулу (дулат) тайпасына жататын және солардың ішіндегі ең күштісі болып есептелетін түркештер түркілердің өз халқы болса да, Су Бэйхай оны түркі тайпасы емес, қазақ тайпасы дейді. Сөйтіп, түрік пен қазақты тағы да бөліп қарайды. Бұл жерде ғалымның қателігі түрік дегенді Ашына тайпасы деп түсінетіндігі әрі жұртқа солай түсіндіретіндігінде жатыр. *«Батыс Түркі қағанатының қоластында болған қазақтың байырғы ру-тайпалары, Ашына ақсүйектерінің зұлымдығына шыдамай, арт-артынан көтеріліс жасап, қарсы шықты. Солардың ішінде Түркеш Өжелінің күшқуаты бәрінен басым болды»* [40], –дейді ол. Бұлай болғанда, қазақтар тарихта түркі қағанатының билігін қабылдамаған, олар үшін Түрік қағанаты жаулаушы, сырттан келіп үстемдік етуші болып, түркештер әрең дегенде олардан өз тәуелсіздігін алған болады. Бұл қытайлық тарихнаманың қисынына сәйкес келеді. Шын мәнінде, түркештердің тәуелсіздік алуы Батыс Түркіні билеген Ашына ақсүйектерінің бірінен соң бірінің Таңның отаршыл үкіметіне сатылып, Он оқ халқын отаршылдық езгісіне салып қойғандығынан болған еді. Бұл дәл Күлтегін, Білге қаған ескерткіштерінде ай-

тылатындай, *«бектері, халқы адал болмағаны үшін, табғаш халқының алдауына сенгендіктен, арбауына көнгендіктен, ағалы-інілінің кектескендігінен, бектер мен халқының ымырасыздығынан түркі халқы елдік құрып отырған елін күшпен жойды. Қағандық құрып отырған қағанын жойды»* [21] дейтін заман еді. Су Бэйхай бұл ретте де Орта Азия тарихынан түркілерді шетқақпай етіп, түркештерді әспеттейді. Түркеш қағанаты болса Іле бойы мен тұтас Жетісуда, Шу, Талас өлкесінде құрылған Таң әулетінен мүлде тәуелсіз саяси билік болатын. Оның ара-тұра Хан, Таң әулеттерімен байланыста болуы ешқандай да бодандыққа ұмтылу емес, сыртқы күштердің көмегімен өз ықпал-күшін сақтап қалу үшін еді. Ал түркештер мен Ашына әулетінің қарама-қайшылығына келсек, ол Түркі қағанатының өз ішіндегі қайшылыққа жатады.

**Қарлұқтартардың араб қосындары жағына шығуы:** Автор қарлұқтарды ылғида Таң әулетімен одақтас, ниеттес ел ретінде сипаттап келіп, 751 жылғы Талас шайқасы кезінде олардың Араб қосындары тарапына өтіп кетуін Таң империясының азшылық ұлттар саясатын жүйелі жолға қоя алмауынан болған дейді. Шын мәнінде, қарлұқтардың Таң империясынан бет бұруы, империяның Орта Азиядағы әскери қолбасшысы Гао Сяньчжэнің жергілікті халықтарға жасаған зорлық-зомбылығының салдары еді. Қытай деректерінің өзінде де Гао Сяньчжэнің жергілікті халықты аяусыз қырып-жойып, тонағаны айтылады [41].

**Он ғасырлық үнсіздік.** Қытай тарихынан хабары бар адамдар біздің дәуіріміздің VIII ғасырының ортасынан XVIII ғасырдың ортасына дейінгі мың жылда қытайлықтар Орталық Азияға ат ізін салмағанын жақсы біледі. Сол себепті, аталмыш еңбекте осы кезеңге қатысты қазақ тарихының негізгі оқиғалары рет-ретімен баяндалған кезде, профессор Су Бэйхайдың бұрынғыдай қытайцентристік идеясы өз-өзінен бәсеңдеп қалады. Өйткені бұл кезде Қазақ даласы жартылай немесе толықтай Қарахан мемлекетінің, Қара қидандардың, Қимақ, Қыпшақ, Найман, Керей, Қаңлы және Асу тайпалық мемлекеттерінің қоластында, кейін, Шыңғыс ханның ұлдары Жошы мен Шағатайдың, Өгедейдің басқаруында болды. Сондықтан ешбір бөтен күш қазақ жеріне көз алартқан емес. Бұдан соң Алтын орда, Ақ орда, Әбілхайыр хандығы мен Моғолстан тарихы басталып кетеді. Бұл кезде Қытай елі мен Қазақ хандығының арасында ойрат мемлекеті пайда болды.

Қазақ жеріне келген ең алғашқы Ойрат елшісі 1397 жылы Әмір Темірмен Ақтас деген жерде кездеседі [42]. Т.И.Сұлтановтың жазғандарына сүйенсек, сол кезде ойрат қолы Ақ Орда билеушілерінің Орта Азияға жасаған жорықтарына қатысқан [43]. Мин әулетінің алғашқы патшасы Чжу Юаньчжан қайтыс болған соң (1399), Мин билеушілері ойраттарды өз еліндегі ішкі тақ таласын шешуге және шығыс моңғолдармен күресте пайдаланбақ болады [44]. XV ғасырдың бас кезінде, Мин патшалығы Темір мемлекетінің шығысқа қарай кеңеюінен қатты алаңдады. Темір мен Чжу Юаньчжаннан кейін, билікті қолдарында ұстаған Шахрух пен Юнлэ (Чжу Ди) патша арасында нақты қарым-қатынас орнап, өзара бірнеше мәрте елшілер жіберілген. 1419 жылы Шахрухтың атынан Пекинге елшілік сапармен барып қайтқан Ғияс-ад-дин Накаш өз күнделігінде біршама мәліметтер жазып қалдырады. Ол мәліметтер туралы кейін В.В.Бартольд [45] және А.Буриевтер [46] өз зерттеулерін арнады. Қытай тарaптан 1413-1415 жылдары Шахрухтың астанасы Гератқа, Орта Азияның басқа да жерлеріне үш дүркін барып қайтқан қытай елшісі Чэнь Чэн (陈诚) Орта Азия туралы «Батыс өңір елдері» (西域番国志) және «Батыс өңір сапар естеліктерін»(西域行程记) [47] жазып қалдырды.

1456 жылы ойраттар қазақтардың Әбілқайыр мен Шайбани әулетіне қарсы жорықтарына көмектесті. В.В.Бельяминов-Зерновтың пікірінше, Есенбұға ханнан Рашид ханға дейінгі кезде ойраттар мен қазақтар үнемі бір-бірімен тату көршілік қатынаста болып келген [48]. И.Я.Златкин де осы кезде қазақтар мен ойраттар жүз жыл бойына бір-бірімен бейбіт әрі тату көрші болып тұрғанын тілге тиек етеді [44, 42 с.]. Бірақ бұл тату көршілік уақытша ғана еді. 1557 жылы Орта Азия арқылы Қытайға өтпекші болған ағылшын көпесі әрі саяхатшысы А.Дженкинсон қазақтар мен ойраттар арасында соғыс болып жатқандықтан өз мақсатын іске асыра алмағаны жайлы жазады. Оның сөзінше, бұл соғысқа Ташкент үшін тартыс себеп болған [49]. Осы кезден басталған соғыстар XVIII ғасырдың ортасына дейін толас таппады. Ойраттар Мин патшалығы мен Қазақ хандығының арасындағы үлкен бөгет ретінде сақталып тұрды. Сондықтан Қытай ғалымдары да бұл кездегі қазақ тарихына қытай факторының қатысы туралы ештеме айта алмайды.

**Қазақтардың Цинге «бодан болуы» туралы теория.** Қытайдың өзге де тарихшылары секілді, Су Бэйхай өз зерттеуінің ІІІ томының ІІ тарауында «Абылай ханның қазақтарды бастап Цин патшалығына қарағанын (бодан болғанын)» сөз етеді. Ол Абылайдың қазақ жүздерін бастап «Цин патшалығына қарағанының» дәлелі ретінде 1757 жылы қыркүйек айында жазылды делінген «Абылайдың патшаға көтерген хаты» (阿布赉表文) деп аталатын қытай тіліндегі құжатты [50] алға тартады. Сол себепті, тарих ғылымдарының докторы Б.Еженханұлы XVIII ғасырдағы қазақ-қытай қарым-қатынасына қатысты манжу тілді құжаттарды түп нұсқадан оқи отырып: *«қытай тілінде қалыптасқан кітаптарға негізделген құжаттардың көбісі бірінші қолды дереккөздер емес, оларды сол кездегі Цин патшалық орда бітікшілері манжу тілді құжаттардан аударып алған. Ал сол екінші қолды дереккөздердің арғы қайнарларына біз жуырда ғана қол жеткізіп отырмыз: осы XXI ғасырға кіргеннен бері алды 300 жылдан астам уақыт бойы шаң басып келген манжу тілді тарихи мұрағат құжаттар да арт-артынан жариялана бастады. Бұл болса біздің қазақ тарихына, оның ішінде XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ-қытай қарым-қатынасы тарихына байланысты түсінігімізді тереңдетуге әлде қайда көбірек мүмкіндік беріп отыр»* [51, Б. 8],– дейді.

Демек, қазақ-қытай қарым-қатынасына қатысты қытай тілді деректер манжуша деректерден кейін қалыптасқан. Қытайша нұсқалар манжуша түп нұсқаға қарағанда әлде қайда байытылған, мазмұн жағынан өңделіп, оған орда тарихшыларының субъективті көзқарастары сіңірілген. Б.Еженханның анықтағанындай, бұлардың жазылу мақсаты, авторлардың ұстанымы және сол авторлардың тарихи материалдарды танып білу қабілеттері әр түрлі болғандықтан, ондағы көрсетілген тарихи деректердің барлығы толыққанды және объективті бола бермейді [51, Б. 8]. Демек, қытай тілді деректердің мазмұнында сол деректі қалыптастырған субъектінің пікірі мен көзқарасы сіңіп кетіп отырған. Б.Еженханұлы Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында Абылай ханның 1757 жылы император Цяньлунге жолдаған аталмыш хатының тотын-моңғол тіліндегі және манжу тіліндегі тағы екі нұсқасын тапты. Аталмыш хаттың қытай тіліндегі нұсқасы мен жаңадан табылған тотын-моңғол

және манжу тіліндегі нұсқаларын салыстыра келе, ғалым Абылай ханның бұл хатын Цин патшасының орда қаламгерлері өз мүдделеріне сай қалағанынша өңдеп, өзгерткенін әрі толықтырғанын байқаған [50, Б7 275-283]. Оның үстіне, бұл нұсқалардың барлығы дерлік Цин патшалығының орда тарихшылары, хатшылары тарапынан хатталғандықтан, онда **империялық идеология, әсірелеушілік немесе әдейі бұрмалаушылықтың болуы табиғи. Б.Еженханұлы атап көрсеткендей, сол кездегі Маньчжу-Цин ордасындағы сарай бітікшілерінің барлығы Цин патшалығының идеологиясына қызмет етіп жүргендер еді. Сондықтан олардың қазақтар туралы жазғандарында астамшылық пиғыл атой салып тұратын** [51, Б. 9]. Оның үстіне, Абылай ханның хатының қазақша түп нұсқасы табылмай отыр. Ендеше, Су Бэйхай және өзгеде қытай тарихшыларының қандайда бір қазақтардың өз еркімен Цин патшалығына бағынуы туралы пікірлері қолдан жасалған «дерек» негізінде ойдан шығарылған, еш қандай тарихи негізі жоқ тұжырым болмақ.

**«Ресей басып алған 440 мың шаршы шақырым территория» мәселесі.** Өзінен бұрынғы және кейінгі қытай ғалымдары секілді, профессор Су Бэйхай да Ресейдің Балқаш көлінің шығысы мен оңтүстігіндегі «Қытайға қарасты» 440 мың шаршы шақырым жерді жаулап алуының тарихын тілге тиек етеді. Бұл қытай тарихшылары бүгінге дейін жаға талмай айтып келе жатқан, бірақ халықаралық қауымдастық ешқашан мойындамайтын далбаса концепция.

Орталық Азиядағы Қытай отаршылдығы туралы АҚШ ғалымы О.Латтимор (Owen Lattimore) былай дейді*: «қытайлардың Орталық Азиядағы тарихы – империялық басқыншылық тарихы. Қытайлар бұл жерді дамыту үшін келмеген. …Шын мәнінде, олардың бұл аймақтағы тұрақты үстемдігі тұтас 2000 жыл бедерінде тек қана 425 жылды құрайды. Мұның өзін де бірнеше кезеңге бөлуге болады. Қытайдың бүгінгі Синцзяндағы үстемдігі соның бесінші кезеңіне жатады»* [52]. Біздіңше, бұл уақыт ауқымы тым далитып айтылған. Шын мәнінде одан әлде қайда аз әрі үстемдік ету мерзімі ұдайы болған емес. Ал, Манчжу-Цин империясына келсек, ол Қытай емес. Су Бэйхай өз еңбегінде Қазақ жеріне бағытталған Ресей отаршылдығын барынша айыптаған, сөйте отыра, Манжу-Цин отаршылдығын ақтап жазған. Олардың табаны тиіп кеткен жерлерін «тарихтан Қытай жері» деп көрсеткісі келген.

**Демек, Су Бэйхайдың еңбегін оқып отырып қытай тарихшыларының қазақ тарихы туралы пікірінде қайта қарап, тойтарыс беретін тұстардың да бар екеніне көз жеткіземіз.** Сонымен бірге, қазақ тарихының өзіне де жаңаша көзқарас, әдіснама және терең пайым керек екенін сезінеміз. Ендеше, Су Бэйхай секілді қытай ғалымдарының ізденісі бізге осы бағытта ғылыми-зерттеулерді тереңдетуге серпін береді. Әсіресе, Қазақстан тарихын зерттеп жүрген ғалымдар үшін, тарихты қайдан бастап, қалай жазу керек, оның хронологиялық шеңбері мен территориялық ауқымы қалай болу керек, «Қазақ тарихы» ма, әлде «Қазақстан тарихы» ма деген мәселелер бойынша терең ой салады.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің № АР 05133970 «Қытай тіліндегі Қазақстан тарихына қатысты қолжазбаларды жинақтау, жүйелеу және зерттеу: Су Бэйхай «Қазақтың жалпы тарихы» (4 томдық қолжазба)» Жобасы аясында дайындалды.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1.**Геродот** 西罗多德. Тарих 历史: Грек-Парсы соғысының тарихы希腊-波斯战争史. VII, 64. 王以铸译 Ван Ичжу ауд. 商务印书馆. – 1958. - 494 б.

2.**Sten Konow.** Corpus inscriptionum Indicarum. Vol. 2, Pt. 1, Kharoshṭhi– inscriptions, with the exception of those of Aśoka ; edited by S. Konow. Calcutta. 1929. - p. II.; S.Rahula, History of Centrsl Asia, Calcutta. 1964. - p.11, 23.

3.**Ян Цзяньсин**杨建新. Қытайдағы азшылық ұлттар тарихы 中国西北少数民族史. 民族出版社. – 2003. - 554 б.

4.**Ли Шэн** 厉声. Қазақстан және оның Қытайдың Синцзянымен болған байланысы 哈萨克斯坦及其与中国新疆的关系 (15世纪-20世纪中期). 黑龙江教育出版社. Харбин 哈尔滨. – 2004. – 10-13-бб.

5.**Су Бэйхай.**苏北海. 西域历史地理 (Батыс өңірдің тарихи-географиясы). 新疆大学出版社. – 1988. – 396 б.

6.**Су Бэйхай.** 苏北海. Синьцзян петроглифтері 新疆岩画. 新疆美术摄影出版社. – 1994. -613 б.

7.**Су Бэйхай.** Т.Зәкенұлы ауд. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Алматы: «Дәуір», 2015. – 576 б.

8.王治来. 中亚通史.古代卷. 上. 新疆人民出版社. – 2004. - 32-33-бб.

9.胡少华. 评岑仲勉先生 «中国古代文化(包括封建制度)来自突厥说» // 突厥与回纥历史论文选集. 林幹编. 下册. 中华书局. – 1987. – 891-892-бб.

10.苏北海. Қазақтың жалпы тарихы. 哈萨克族通史 (Қолжазба 手稿). – Астана: «Еуразия ұлттық университеті». 第一册. – 76 б.

11.Қазақстан тарихы: көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. I т., Алматы: «Атамұра». 2010. – 228 б.

12.苏北海. Қазақтың жалпы тарихы. 哈萨克族通史 (Қолжазба 手稿). – Астана: «Еуразия ұлттық университеті». 第一册. – 94-95-бб.

13.后汉书. 西域传. 大月氏国条.

14.后汉书. 西羌传.

15.汉书. 卷96. 西域传. 下.

16.苏北海. Қазақтың жалпы тарихы. 哈萨克族通史 (Қолжазба 手稿). – Астана: «Еуразия ұлттық университеті» 第一册. – 97 б.

17.**Ван Бинхуа, Ван Минчжэ.** Үйсін тарихындағы келелі мәселелер// Ежелгі үйсін елі.: Қытай деректері мен зерттеулер. Құраст. Ш.Ахметұлы. Синцзян Халық баспасы. – 2005. – 56-57-бб.

18.ҚХР ҒА СУАР бөлімшесі Этнология институтының археология тобы. 中国科学院新疆分院民族研究所考古组. 昭苏县古代墓葬试掘简报 Моңғолкүре көне қорымдарын сынақ ретінде ашу хабарламасы//文物 Вэну-Мәдени мұра. – 1962. – № 7-8.

19.**Ван Минчжэ**王明哲、Ван Бинхуа 王炳华. 乌孙研究 Үйсін туралы зерттеу. 新疆人民出版社. – 1983. 第 25页.

20.王治来. 中亚通史.古代卷. 上. 新疆人民出版社. – 2004. – 207 бб.

21.Күлтегін ескерткіші батыс бет, 1-жол. / Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. Астана. KUL-TEGIN, 2003. – 173 б.

22.王治来. 中亚通史.古代卷. 下. 新疆人民出版社. – 2004. -55-бб.

23.苏北海. Қазақтың жалпы тарихы. 哈萨克族通史 (Қолжазба 手稿). – Астана: «Еуразия ұлттық университеті», 第二册. – 257 б.

24.**Рашид ад-Дин** 拉施丁. 史集. Жамиғ ат-тауарих. 余大钧，周建奇译. 商务印书馆. 1983. - 99-100 б.

25.**al-Juwayni, ‘Ala u ‘d-Din‘Ata—Malik**志费尼. Ta’rikhi-Jahan-Gusha (History of the World Conquer) 世界征服者史. 中华书局. 1962. - 355 б.

26.中国历史大辞典. 上卷. 上海辞书出版社. 2000. – 971 б.

27.苏北海. Қазақтың жалпы тарихы. 哈萨克族通史 (Қолжазба 手稿). – Астана: «Еуразия ұлттық университеті» 第二册. – 109 б.

28.**Груссе Р.** 勒内.格鲁塞. 草原帝国 (Дала империясы). 北京: 国际文化出版社. 2004. -46 б.

29.汉书.96 卷. 西域传– 2.

30.**Nicola Di Cosmo** 狄宇宙. 古代中国与其强邻. 东亚历史上游牧力量的兴起 (Ancient China and Its Enemies: The Rise of Nomadic Power in East Asian History). 贺严，高书文译. 北京. 中

国社会科学出版社. 2013. – 266 б.
31.**Құдайбердіұлы Ш.** Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Астана: «Фолиант», 2008. – 384 бет.
32.苏北海. Қазақтың жалпы тарихы. 哈萨克族通史 (Қолжазба 手稿). – Астана: «Еуразия ұлттық университеті» 第二册. – 27 б.
33.Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер. Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. Алматы: «Ғылым». 2001.-582 б.; Атлас Орхонских памятников. Астана: Күлтегін, – 2007. – С.361.; Т.Зәкенұлы. Күлтегін және оның заманы: «Мәңгілік ел» мұраты // «Қазақстан тарихы: инновациялық тұжырымдамалар мен дәуірлеу ғылыми танымның басым бағыты» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2013. – 56-62-бб., т.б.
34.苏北海. Қазақтың жалпы тарихы. 哈萨克族通史 (Қолжазба 手稿). – Астана: «Еуразия ұлттық университеті» 第二册. – 189 б.
35.Чжунго ұлттарының қысқаша тарихынан жүйелі кітаптар: Қазақтың қысқаша тарихы. «Қазақтың қысқаша тарихын» жазу группасы. Үрімжі: Синьцзян халық баспасы. 1987. −160-165-бб.
36.太平寰宇记·196 卷. 突厥传.
37.**Кадырбаев А.Ш.** Тюрки Орхоно-Енисейского периода в международных отношениях в Евразии // Материалы международной научно-теоретической конференции «Древнетюркская цивлизация: памятники письменности». Алматы: «Научно-издательский центр «Ғылым». – 2001. – 200 б.
38.**Қайыркен Т.З.** Қазақ тарихының кейбір концептуалды мәселелері // Ұлттық тарихты зерделеу туралы. «Тарих ғылымының XXI ғасырдағы жаңа белесі» атты ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырыстарының материалдары және белгілі қоғам қайраткерлерінің пікірлері. – Астана: «ҚР БжҒМ Мемлекет тарихы институты». – 2013. – 244 б.
39.**Thomsen V.** 蒙古古突厥碑文//突厥与回纥历史论文集. 商务印书馆. 1987. - 465 б.
40.苏北海. Қазақтың жалпы тарихы. 哈萨克族通史 (Қолжазба 手稿). – Астана: «Еуразия ұлттық университеті» 第二册. – 201 б.
41.资治通鉴，卷-216.
42.**Шараф ад-Дин Йезди.** Зафер-наме (Книга повед). // Материалы по истории киргизов и Киргизии. М., 1973. Вып. 1. С. 145.; Собрание материалов по истории Золотой Орды. М.-Л., 1941. – Т. 2. – С. 187-188.
43.**Сұлтанов Г.И.** Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. Вопросы этнической и социальной истории. – М., 1982. – С. 8-11.
44.**Златкин И.Я.** История Джунгарского ханства 1635-1758. – М., 1983. – С.27.
45.**Бартольд В.В.** Сочинение в 10 том. – М., 1964. – Т. II. – С.96.
46.**Буриев А.** Дневник путешествия Гийас ад-дина накаша как исторический источник //ОНУ. – 1986. – №11.
47.陈诚. 西域行程志. 西域番国志. 周连宽校注， 中华书局. 2000. – 437 б.
48.**Бельяминов-Зернов В.В.** Исследование о касимовских царях и саревичах. Ч. II. – СПб., 1864. – с. 140.
49.Early voyages and travels to Russia and Persia by Anthony Jenkinson and other englischmen. – L., 1886. – 90-91.
50. **Еженханұлы Б.** Түркі тарихына қатысты көне қытай дереккөздері. Астана: «Түркі академиясы: ЖШС «Prosper Print». – 2013. – 279-280 бб.; 中国少数民族简史丛书: 哈萨克族简史. 新疆人民出版社. 乌鲁木齐. – 1987.-178 б.
51.**Еженханұлы Б.** Қожаберген батыр. 1756-1767 жылдарда қалыптасқан манжу-қытай мұрағат құжаттары негізінде. – Алматы: «Арыс», 2017. – 489/ 8 б.
52.**Lattimore Owen** 拉铁摩尔. 中国的亚洲内陆边疆 (Inner Asian Frontiers of China). 唐晓峰译. 南京. 江苏人民出版社. – 2013. −117 б.

*ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІНЕН КЕЙІН*

# КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ДАМУЫМЫЗҒА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІНІҢ КӨРКЕМ КИНОДА БЕЙНЕЛЕНУІ

**Шыңғыс МАМАНОВ,**
**Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының 2-курс магистранты**

Кеңес үкіметінің саясатының ұлтымызға тигізген зардаптары шаш етектен. Ел-жерді қанаудан басталған сұрқия саясат әсері күштеп ұжымдастыру, аштық, Ұлы Отан соғысы секілді жалғасын таба береді. 1937-1938 жылдары бірнеше ұлт зиялыларының жазықсыз өлімге кесу оқиғалары да өркениетіміздің дамуының тежелуіне балта шабылғанының белгісі болып есептеледі. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл тарихи шындықтарды әшкере етіп, тигізген зардабын көркемдік тұрғыдан көрсетуге арналған әдеби шығармалар жазылып, шығарманың негізінде фильмдер түсірілді. Әдебиетті экрандаудың ең алғашқы себебі, оның идеясы мен мақсатында емес, режиссер-оқырманның оқудан алған әсерінде. А.Мачареттің еңбегінде нақты ұғым былай берілген: *«Жалпы, өткір, күшті әсер экранда жаңа өмірдің пайда болуына және шындық көзіне үйреншіксіз тұсынан қарағанда күтілмеген шешімдердің негізіне себеп болады»* [1, 65]. Мақалада Болат Шәріптің күштеп ұжымдастыру және аштық зардаптарын бейнелейтін «Заманай» (1998) фильмі мен Сатыбалды Нарымбетовтың «Қыз жылаған» фильміндегі Семей полигоны тақырыптарының көтерілуіне және «Көзімнің қарасы» фильміндегі жеке басқа табынушылық саясаттарына сипаттама береміз.

**1927 жылы партияның XV съезінде елді коллективтендіруге бағыт алуға шешім қабылданды.** Бұл науқан 1929 жылы Сталиннің «Правда» газетінде жарияланған «Ұлы бетбұрыс» деген мақаласынан кейін аса қарқынмен жүргізілді. 1928 жылы Қазақ АКСР Атқару комитеті мен халық комиссарлар Кеңесінің «Бай шаруашылықтарын тәркілеу» туралы қаулысы шықты. Осы қаулының негізінде жеті жүзге жуық ірі бай шаруашылықтары тәркіленіп олардың иелері қанаушы тап ретінде атылды. Осы саясат кейіннен колхоздастыру кезінде де жалғасып, оған орта шаруалар да ұшырады. Қазақстандағы коллективтендіру аса жылдамдықпен жүргізілді. 1928 жылы Қазақстанда барлық шаруа қожалықтарының 2% колхоздарға біріксе, 1930 жылы олардың саны 50%-ға жетті. 1931 жылы 65% болды. Қазақстандағы коллективтендіру қазақ халқының ғасырлардан бері

қолданып келе жатқан көшпелі тұрмысын, әдет-ғұрпын, салт-санасын ескерілместен жүргізілді.

Күштеп ұжымдастыру саясатының ақыры аштыққа ұласып, көптеген қандастарымыз шет ел асып кетті. Осынау зардабы мол идеологияның әсерінен туындаған оқиғаны Сәкен Жүнісовтың «Заманай мен Аманай» повесінің негізінде «Заманай» (1998) көркем фильмін Болат Шәріп режиссер ретінде жарыққа шығарды. Фильм сюжеті бойынша күштеп ұжымдастыру саясатының кесірінен жер аударған Мәрзияның Қытай жерінен немересі Атымтайды ертіп келе жатқаны туралы. Драматургиялық тәсіл бойынша бүкіл жол бойы Мәрзияның өткен өмірін еске түсіруі арқылы баяндалады. Кеңестік идеологияның зардабын шынайы архивтегі бейнежазбалар арқылы көреміз.

Сәкен Жүнісовтың «Заманай мен Аманай» повесінде туған жерге деген перзенттік махаббат пен Отанға деген сүйіспеншілік керемет суреттелген. Повестің бізге берер тәрбиесі, тағылымы көп. Балалардың бойындағы патриоттық сезімді оятып, Отанға деген сүйіспеншілікті арттырады. Осынау шығармалар арқылы ертеңгі еліміздің тұтқасын ұстар ізгі ниетті азаматтардың шығуы ықтимал.

Фильм мен шығарманың өн бойында кеңес үкіметінің жүргізген саясатының кемшіл тұстары, адамдар өміріне тигізген әсері баяндалған. Фильмдегі аштық, күштеп ұжымдастыру саясаттарының кейбір шынайы көріністері туындының мазмұнын аша түскен. Сол кезеңдер бойынша Мәрзия жас кезіндегі Атымтай екеуінің арасындағы махаббат оқиғалары мен өмірінің елеулі кезеңдерін есіне түсіреді. Әкесінен айырылып қалған Мәрзия ауылды жинап асуға келгенде Атымтай әскермен күтіп алады. Екі жақ келісімге келіп Атымтай өткізеді. Мәрзия мен Атымтайдың арасындағы махаббат сезімінің белін ақ матамен байлап беру көріністері арқылы жалғасын көреміз. **Мәрзияның Атымтайға деген махаббатының адал болғанын немересі Аманайды өз туысқандарымен, туған жерімен табыстыруға деген ұмтылысынан байқаймыз. Жастық кезеңіндегі кейбір шешімдерінің ұлт үшін жасағанын, ендігі кезекте ұрпағы үшін ұмтылыстары көрінеді.**

Атымтай мен Мәрзияның үңгір ішінде елестеу көріністері арқылы кездесуі келмеске кеткен кеңес үкіметі мен бүгінгі күннің арасындағы қатынасты айқындайды. Екеуара диалогтары арқылы заман қақтығысын режиссер сәтті көрсете білген. Атымтайдың баласы Заманайдың әкесін аңсағаны, шешесі Мәрзияны кінәлаған сәттеріне де куә боламыз. Оқиға желісінің өрбуіне екі жастың махаббаты себепкер болған. Фильмдегі кеңес үкіметі, ұлттық құндылықтар, табиғатпен байланыс, әже мен немере, ене мен келін, сатқындық, үкімет саясатына деген адалдықтардың бәрі Мәрзия мен Атымтайдың ара-қатынасы арқылы көрінеді. Осы тұрғыдан экрандалған туындының романтикалық-эстетикалық сарыны басым. Мәрзияның өмірге деген көзқарасы мен мінезінің бірбеткейлігі қазақ әйеліне тән қасиеттермен көрсетілген. Мәрзияның жастық, орта жас және кәрілік кезеңдері қатар суреттелген. Фильм соңындағы Мәрзияның өлімін «Қыз Жібек» фильміндегі Жібектің өлімін көрсеткен режиссерлік шешімді пайдаланғанын аңғарамыз. Фильмдегі құнды тақырыптардың көркемдік деңгейі өте жоғары. **Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде Кеңес үкіметінің саясатының адам санасына кері әсерін тигізетін, адами құндылықтарға кереғар қасиеттерін көрсету көркем фильмдерде кездесіп жатыр. Әдеби шығармалардың дені де осынау ірі тақырыптарды сөзбен зерделеуге тырысуда. Дегенмен, нақты зерттеулерге сүйенбей, тек қана ұлтымыздың жамап алған пафостық қасиеттері арқылы бейнелеуге ұмтыламыз.**

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі екінші онжылдықта Сатыбалды Нарымбетов «Қыз жылаған» (2002) фильмін түсірді. Фильм Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» повесінің желісімен түсірілді, сценарийін жазуға Әкім Тарази мен Сатыбалды Нарымбетовтың өзі қатысты. Фильмде Семей полигонының алғашқы кезеңдеріндегі қарапайым Дегелен ауылының жағдайы суреттеледі. Лейла атты әке-шешесінен айырылған, әпкесінің қолында тұратын аяғының кемдігі бар, өмірге романтикалық көзқараста қарайтын жаны таза қыздың өмірі арқылы Семей полигонының зардаптарын көрсеткен. Оқиғаның болатын уақыты 1960 жылдар. Кейіпкердің экрандағы бейнесін режиссер сәтті таңдаған. Лейланың (Аян Есмағамбетова) көзін ірі пландармен көрсету арқылы болып жатқан оқиғаны бейнелейді. Ауыл адамдарының полигонның зардабын тартып жүргендері байқалмайды. Бірақ, ішкі мазмұнда адамдардың рухани дүниесіне зиян келіп жатқанын байқаймыз. Фильмде полигон жарылыстарының деректі кадрлерін пайдаланған. Табиғаттың адамдар тарапынан көрген қысымдарын бірнеше көріністер арқылы берген. Лейланың вертолет ішінде аңдарды атып жатқанда айғайлап жылағаны кейіпкер жанының терең иірімдеріне бойлатады. Лейланың ауылдың әскерге кетіп бара жатқан жігітіне ғашық болуы және мүгедек жігіт Дулығаның (Дулыға Ақмолда) Лейлаға деген ынтық сезімдері адам болмысынан ажырамас қасиеттері.

Семей полигоны – КСРО ядролық сынақ полигондарының бірі, аса маңызды стратегиялық объектісі болды. КСРО заманында Қазақстан аумағында атом бомбалары сынақтан өтті. Ол үшін арнайы 18 млн га жер бөлініп, Семей ядролық полигоны ашылды. Бастапқысында адамдарға, жануарлар мен табиғатқа тікелей зардабын тигізген ашық сынақтар жасалды. Сосын оларды жер астына жасай бастады. Атом бомбаларының жарылыстары сұмдық ауыр болды. Семей маңындағы радиациялық әсер аймағында тұратын 500 мыңдай адам осы сынақтан азап шекті.

Фильмдегі әрбір кейіпкердің өз орны бар. Көліктердің жүруін қадағалайтын әпенді, еврей Иссак, неміс Герольд, монтер әйелдер, Лейланың әпкесі, мүгедек Дулыға, әже мен немересі. Бәрі де полигонның кесірінен қайтыс болады. Бәрінің диагнозы бір – бруцеллез. **Өлім құшқан кейіпкерлерге полигонның зардабы тигенін ешкім айтпайды, тіпті елемейді. Фильм соңындағы полигон даласында «өлім елесі далада әлі де жүр» деген сөздің әдебиет пен киноның қатынасындағы сөз рухын жоғарылатып тұр.**

Лейланың ішкі рухани күшінің өшкенін, өзін өлімге қиған сәтінде Дулығаның құтқарып қалуы және ауыл жігіттерінің құмарта көз жүгіртуі, тіпті зорламақшы болған жігіттің әрекеттері қарапайым өмір тіршілігінің ағынын экрандық уақытпен байланыстырған әдіс. Сатыбалды Нарымбетовтың «Көзімнің қарасы» (1995) фильміндегі елуінші жылдардағы қазақы ауылдың тағдырын суреттеуі мен «Қыз жылаған» фильміндегі алпысыншы жылдардағы тарихи оқиғаларды баяндауы азаматтық тұрғыдан өткен кезеңдерімізді қайта қарастыру болып табылады. Ол турасында: *«Нарымбетовтың шығармашылығы бүгінгі қазақ*

*қоғамы үшін маңызы зор. Ол – халықтық кино деген атауға лайық режиссерлердің бірі, фильмдері көпшіліктің көңіліндегі тарихи шындыққа тура қарауды аңсаумен сәйкес келеді»,*– делінеді, Асия Байғожинаның зерттеуінде [93].

«Көзімнің қарасы» фильміндегі он жасар Ескіннің көзқарасы мен «Қыз жылаған» фильміндегі он төрт жасар Лейланың өмірді өз тұрғыларынан қарай жүріп, адамның адамға деген жауыздығына жандары ауырады. Балалар әлемге бейкүнә көздерімен ғана қарай алады. Режиссер тарихи оқиғаларға бала көзқараспен қарауды ұсынып тұрғандай. Экрандалған фильмдердің табиғатын режиссер толық меңгере алғанын көреміз. Фильм режиссерлік және драматургиялық тұрғыдан өте сапалы жасалған. Өткен кезеңдегі әділетсіздіктер бәрібір әшкере болатынын түсіндірген Сатыбалды Нарымбетовтың фильмдеріндегі көркемдік деңгей кино өнерінің биігінде екені даусыз. **Әсия Байғожина «Қыз жылаған» фильміне арнаған мақаласында:** *«Нарымбетов бізді бүгіннен советтік тұрмысқа бірақ апарып, өткен күндеріміздегі драмалық жағдайларды бастан кешіреді. Бүгінгі шығармашылығының пафосы өте қарапайым: бәрін еске түсіру… Еске түсіру оңай сынақ емес. Еске түсіру арқылы бәрін қайта бастан кешесің, кешіре алмайтын жағдайлар алдыңнан шығады. Бәрі анық – бірақ кім кінәлі. Көрсетілген және дәлелденген. Әрі қарай не істейтініміз – түсініксіз»,*– дейді [94]. Бұл пікір Сатыбалды Нарымбетовтың фильмдерінің айтқысы келген ойын толықтай ашып тұр.

**Қорытынды ретінде, қазақ көркем кино өнерінде тарихи оқиғалардың зардаптары емес ұлттың атын асқақтату тұрғысынан көрсетілу әдісі кеңінен қолданылады. Ұлтымыздың қоғамдық және саяси травмаларын бүкпесіз көрсетуге сирек құбылыс. Көрсетілген күннің өзінде фильмдегі көтерілген мәселенің нақты шешімін таба алмаймыз. Кеңестік кезеңде өзгеріске ұшыраған тарихымызды қайта қарап, ұлтымыздың болашағы үшін таңылған жараларымызды емдеуіміз қажет. Кино өнері нақты зерттелген тарихты көркемдік тұрғыдан көрсетуге қауқары жетерлік.**

### ӘДЕБИЕТТЕР


1.**Мачерет А.** «Художественность фильма». Москва, 1975, 86 бет.

2.**Байғожина А.** Вспомнит все. «Кинофорум», Москва, №2, шілде 2003.

3.**Байғожина А.** Вспомнит все. «Кинофорум», Москва, №2, шілде 2003.


# ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ:

## *Сыр өңіріндегі жетім балалар мәселесі*


**Айтжан ОРАЗБАҚОВ,**
**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты**


**Майдан шебі немесе алыс тыл болсын Ұлы Отан соғысы барлық кеңес халқына ауыртпалықтар алып келді.** Соғыстың алғашқы күнінен бастап эвакуация толқыны КСРО-ның шығыс аудандарын, оның ішінде Қазақстанды да толығымен шарпыды. Соғыс басталған күннен 1943 жылдың 1 маусымына дейін 532 506 адам Қазақстан жеріне эвакуацияланып келді [1]. Соғыс жылдарында Қазақстанға эвакуацияланғандардан бөлек, миллионнан астам қуғын-сүргінге ұшыраған КСРО халықтары да жер аударылды. Мұның аз немесе көп екенін 1939 жылғы халық санағы бойынша Қазақстан халқының 5 миллион 446,3 мың адам болғанынан білуге болады, яғни Қазақстан халқы қоныс аударғандардың есебінен 28% көбейді. Ал егерде соғыс жылдарында соғысып жатқан әскерге Қазақстаннан 1 миллион 366 мың адам шақырылғаның есепке алып, оларды алып тастасақ, Республика халқы 38% артқанын көреміз. Халықтардың өзіндік мұндай қоныс аударуы әлеуметтік экономикалық сипаттағы көптеген мәселелерді тудырды. Сондай мәселелердің бірі – эвакуация және күштеп қоныс аудару кезінде әртүрлі себептермен көптеген отбасы мүшелерінің бір-бірінен ажырап қалуы болды. Жетім балалар көп болды, соғыс жылдарындағы ауыр материалдық жағдай кейбір балалардың үйлерін тастап кетуіне мәжбүрледі. Сөйтіп, бұрынғы КСРО территориясында қаңғыбас-баспанасыз балалардың саны көбейді. Еңбекке жарамды ерлердің әскерге шақырылғаны, олардың орындарына әйелдердің өндіріске жұмылдырылғаны және 1941 жылдың 26 маусымында шыққан жарлықпен жұмыс мерзімінің 1 сағаттан 3 сағатқа дейін ұзартылғаны, ал осы жылдың 26 желтоқсанындағы жарлықпен жұмыс орнын өз бетінше тастап кеткендер «Еңбек дезертирлері» деп жарияланып қылмыстық жауапкершілікке тартылғаның ескерсек балаларға қарау және тәрбиелеудің екінші кезекке ығысқанын көреміз. Бұл балалардың бақылаудан шығуына және осыдан туындайтын қаңғыбас балалардың көбеюіне әкеліп соқты. 1941 жылы бүкіл Кеңес Одағы бойынша милиция мен ІІХК (НКВД) тарапынан 312 037 бақылаусыз және баспанасыз балалар ұсталса, 1942 жылы 279 523 бала ұсталды, бұл құбылыстың шырқау шыңы 1943 жылға келіп, 802 445 бала ұсталды, оның 277 943-і қараусыз қалғандар болды [2]. Бақылаусыз көшеде қалған жүздеген мың балалар қылмыстық топтар құрды немесе ересек қылмыскерлерге қосылып КСРО-дағы қылмыстық ақуалды нашарлатты.

1942 жылдың өзінде балалар жасаған қылмыстар 1941 жылмен салыстырғанда 61%-ға, ал 1944 жылы 192 % көбейді. 1943 жылы кәмелетке толмаған балалар колониясында 11-16 жастар аралығында 50 мың қамауға алынған балалар болды.

1942 жылы милиция Бас басқармасы еңбекшілер депутаттар кеңесіне барлық ірі қалаларда баспанасыздар үшін балалар бөлмесін ұйымдастыруды және оларды қызметкерлермен қамтамасыз етуді ұсынды [3]. 1943 жылдан бастап бүкіл КСРО-да милицияның 633, ал 1944 жылы 1058 балалар бөлмесі жұмыс істеп,

оның қызметкерлері қараусыз қалған балаларды ұстап балалар үйлеріне өткізумен айналысты. Бұл жылдары КСРО-ның барлық облыстарында ондаған балалар үйлері ашылып жатты, оның үстіне соғыстың алғашқы жылдары КСРО-ның батыс ауландарынан жүздеген балалар үйлері шығысқа көшірілген еді.

Кейбір деректер бойынша Ұлы Отан Соғысы жылдары Қазақстанға 21 мың баласы бар 194 балалар үйі және 16 интернат, ал енді бір дерек бойынша 17400 бала болған 129 балалар үйі және 15 Мәскеу мектеп интернаттары қоныс аударған. [8,108-бет.]. Қызылорда облысының териториясында соғыстың алғашқы айларында-ақ қоныс аударылған балалар үйлері пайда болды. «20.10.41 жылы Қызылорда облысында эвакуацияланған тұрғындарды еңбекпен қамту және орналастыру жағдайы туралы» анықтамада: *«Біздің облысымызда 625 баласы бар 6 балалар үйі ұйымдастырылған, оның 287-сі нәрестелік жастағысы 8 айдан 3 жасқа дейінгілер, бұлар Облыстық білім беру бөліміне, ал 338 нәрестелік жастағылар Облыстық денсаулық сақтау бөліміне беріліп, темір жол қызметкерлері демалыс үйі негізінде олар үшін арнайы балалар үйі ұйымдастырылды»* [4,110-п.].

1941 жылдың 20 қазанында, Сырдария ауданының «Молотов» колхозындағы балалар үйінде 55 бала болды, ал Қызылорда қаласының іргесіндегі «Сталин» колхозында 283 тәрбиеленушісі бар балалар үйі ашылды. «Сталин» колхозындағы балалар ұйінде жұмыс істеген Қибат ол кезді былай еске алатын: *«Балалардың және еріп келген тәрбиешілердің бәрі орыс тілінде сөйлейді, олардың не айтып тұрғанын біз, ауылдан алынған тәрбиешілер түсінбейміз, ал олар біздің айтқанымызды түсінбейді. Құдайға шүкір анаға деген мейірім, балаға деген сүйіспеншілік бірбіріміздің тілімізді білмесекте бізді жақындатты. Күйеуім Ыбырай және қайнағам Сандыбаев Ыстықбай сабанның арасына орап сақтаған қауындарын әкелгенде балдардың көздері күлімдеп, әкелген заттын тамақ екенін көріп бізге жақындап, қауынды нанмен қосып жеп, ас берген адамдардын жақсы екенің түсініп, аздан соң бауырымызға кіріп кетті, бір қарасам алдымда ойнап отырған екі жастағы орыс қызы тамаққа тойып, менің қолымның алақанын кеудесіне басып күлімдеп ұйықтап жатыр екен. Күйеуім, қайнағам және Сталин колхозының көптеген игі жақсылары, азық тапшы соғыс жылдары өз балдарының аузынан жырып азықтүлігі аздау болған детдомның балдарына, қолынан келгенше үйлерінен қосымша азық тасыды. Ал 1942 жылдың жазы мен күзінде әңгелек пен қауынқарбыз піскенде қайнағаммен күйеуім қаладағы госпитальдармен детдомға арбалармен қауынқарбыз жібергенде арбалардағы қауын-қарбызды түсіріскен 10-12 жастағы ауыл балдары ересек балдар секілді көрінді, ал жұмыстарын бітіргеннен кейін ауыл балдары кешке дейін өздерімен құрдас детдомның балдарымен ойнап түнделетіп оралып, таң атысымен бәрімен бірге жұмысқа шықты».*

1941 жылдың күзінде неміс әскерлерінің шабулы зор қарқынмен жүріп, аяздың ерте түскеніне қарамастан Ресейдің батыс бөлігінің көптеген аудандарында ұрыс қимылдары жүріп, босқыншылардың жаңа легі елдің шығысына ағылды. Осы кезде облыс басшылары 3 балалар, 2 нәрестелер үйлерін, госпиталдар және басқа эвакуацияланған мекемелерді орналастыруға дайындық жұмыстарын жүргізді, Бұл мекемелер қазанның соңы қарашаның басында келіп жайғасты. Сөйтіп 1941 жылдың 6 қарашасында облыстағы балалар үйлерінде 1423 тәрбиеленуші болды. Олар үшін жаңадан: Қазалыда 250 бала сиятын, Сырдарияда 150, Тереңөзекте 400 және Жалағаш ауданынында 200 балаға арналған үйлер ашылды. Ал Шиелідегі балалар үйі қосымша 223 балаға, Жаңақорған мен Қармақшыдағылар 100 балаға кеңейтілді. Саны көбейген балалар тегін тамақтандырып, киіндіруге әр балаға 2 айға 443,7 сомнан, барлығы 631400 сом қаржы бөлінді [10,75-п.].

1942 жылдың көктеміне қарай Қызылорда облысындағы балалар үйінің саны мен тәрбиеленушілері контингентінің артқандығын 1942 жылыдың 6 сәуіріндегі еңбекшілер депутаттары Қызылорда облыстық кеңесі атқару комитетінің шешімінен көрінеді, онда облыстың 10 балалар үйінің жағдайы қаралып, **мынандай балалар үйі айтылады:**

-Жаңақорған балалар үйі.

-Цюрупа атындағы Қазалы балалар үйі.

-Қармақшы мектептік балалар үйі.

-№3 Шиелі балалар үйі.

-Жалағаш ауданындағы Мәскеу оқушыларының Қаракеткен балалар интернаты.

-№4 Шиелі балалар үйі.

-Аламесек балалар үйі.

Жоғарыда айтылғаннан 1942 жылдың көктеміне қарай облыс аумағында 10 балалар үйі болғаны, олар облыс станцияларында ұсталған қараусыз қалған балдар есебінен күн сайын толығып отырғандығы көрінеді.

Облыс көлемінде баспанасыз балалар санының артқанын 1942 жылдың ақпанындағы еңбекшілер депутаттары Қызылорда облыстық кеңесі атқару комитетінің Қызылорда қаласында балаларды қабылдау мекемесіне қосымша Қазалы қаласында және Шиелі поселкісінде балалар қабылдайтын үйлер ашу туралы шешімінен көрінеді. Мұнда 15 жасқа дейінгі бақылаусыз және жетім қалған балалар жіберілді. 3 жасқа дейінгі балалар жергілікті денсаулық сақтау бөлімдері арқылы балалар үйлеріне жіберілді, немесе жетім балаларды тәрбиелеп алуға тілек білдірген адамдарға берілді. Балаларды қамқорлыққа алғандарға бір балаға 50 сомға көлемінде айлық жәрдем ақы беріліп тұрды [5, 10-11-п]. Соғыс жылдарында балаларды тәрбиелеуге алғандар өздері де жақындарынан айырылған, балалардың жан дүниесін түсінген жүрегі шуақты адамдар еді, өйткені 50 сомға бір баланы асырау ол заманда мүмкін емес еді. 1943 жылы Челябинск базарында бір литр сүт 3-4 сом, еттің килограмы 18-24 сом, картоптың килограмы 2-2,5 сом тұрды. 1943 жылға қарай базардағы баға барынша өсіп, картоптың бағасы 76 сомға дейін жетсе, өсіп келе жатқан бала үшін аса қажетті сүт пен етті айтпағанда капустаның бағасы 70 сом тұрды [6].

Соғыстың қиын-қыстау кезінде 14 жасқа дейінгі балалар балалар үйіне жіберілді немесе патронатқамқорлығына берілді. Ал 14 жасқа толғандар өндірісте жұмысқа орналастырылды немесе колхоздарға жұмысқа жіберілді. 1942 жылдың ақпанындағы Қызылорда облыстық атқару комитетінің шешіміне сәйкес, ФЗО мектептеріне, темір жол және кәсіптік училищелерге қабылдау жүргізгенде аудандық кеңестер мен аудандық оқу бөлімдері ең бірінші кезекте балалар үйінің «өсіп кеткендер» дейтіндерін, яғни 14 жасқа толғандарын қабылдауға тиісті болды, осылайша соғыс жылдары бүкіл кеңес елі сияқты Қызылорда облысында да балалар еңбегі заңдастырылды.

1943-1944 жылдары Солтүстік Кавказ халықтарының күштеп қоныс аударылуына байланысты Қазақстандағы жетім және қараусыз балдардың саны күрт артты. 1944 жылдың 29 маусымында Қызылорда

облысының балалар үйінде 333 шешен балалары болды және милиция бөлімдері күн сайын балалар үйлерін жаңа балалармен толтырып отырды. Шешен балалары орыс тілін білмегендіктен және бар балалар үйлерінің барлығы толық болғандықтан Қызылорда облыстық кеңесі 10-шы шілдеге дейін Қармақшы ауданында 200 орындық шешен балаларына арналған балалар үйін ашуға шешім шығарды. Сол үшін Қармақшы интернатының балалары 2 бөлмеге тығыздалып бүкіл ғимарат шешен балалары үйіне берілді, тәрбиешілердің барлығы да қоныс аударылған шешеңдерден таңдалып алдынды [9,99-п.]. Осылайша Қызылорда облысында біріңғай этникалық балалар үйі пайда болды. Соғыс уақытындағы балалар үйінің жағдайы өте ауыр болды. Басты ұран *«Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін»*, – деген жылдарда киімнің, тамақтың, төсектің және басқа тұрмыстық заттардың жетіспеуі сол уақыттың қалыпты жағдайына айналды. Айта кету қажет, жергілікті билік органдары шама-шарқының келгенінше балалар үйі тәрбиеленушілерінің тұрмысын жолға қойып барлық қажеттерін қамтамасыз етуге тырысты. 31.12.1941 жылғы Қаз КСР-і ХКК-нің «Эвакуацияланған балалар үйі мен интернаттардың жағдайы туралы» қаулысына сәйкес еңбекшілердің Қызылорда облыстық кеңесі Атқару комитеті 1942 жылдың басында облыстағы балалар үйлеріне тексеру жүргізді. Тексеру мәліметтеріне сәйкес антисанитария, биттеушілік, іш-киімдерді уақытылы ауыстырмау, кереуеттер мен төсек жабдықтарының жетіспеуі, тәрбиеленушілерді еңбекке баулудың жүргізілмеуі облыстың көптеген мекемелері үшін тән құбылыс болды. Осыған сәйкес балалар үйлерін азық-түлікпен, киім-кешекпен және төсек орындарымен жабдықтауды жақсартуға усадба жанынан шаруашылық құруға, тәрбиешілер құрамын нығайтуға, жөндеу жұмыстарын жүргізуге және т.б. шешімдер қабылданды. Дегенмен, шындығында жағдай тезірек жақсартуды қажет ететін. Бұл 1945 жылдың 10 тамыздағы Қызылорда облыстық партия комитеті оқу бөлімінің меңгерушісі К.Ибраевтың анықтамасынан айқын көрінеді.

Осы анықтамаға сәйкес 1945 жылдың 1 қаңтарына қарай Қызылорда облысының 12 балалар үйінде 2367, ал 1945 жылдың 1 тамызына қарай 1323 бала болған екен, оның үстіне 1 қаңтар мен 1 тамыз аралығында жаңадан 859 тәрбиеленуші келген. Тәрбиеленушілер саны қысқаруының негізгі себебі 14 жасқа толғандардың оқуға жіберілгендігінде немесе жұмысқа орналасқандығында. Тәрбиеленушілер саны азаюының келесі себебі балалар үйіндегі өлім-жітімнің көп болуында болды. Айталық 1.01.1945 тен 1.08.1945 жылға дейін Арал балалар үйінде 12, Қазалыда – 48, Қармақшыда – 37. Тереңөзекте – 23, Қызылордада – 27, Сырдария ауданының 3 балалар үйінде – 8, Шиеліде – 81, Жаңақорғанда – 11 және бүкіл облыс бойынша барлығы – 247 бала қайтыс болған. Өлім көрсеткішінің жоғары болуының негізгі себебі балдардың тойып тамақтанбауы салдарынан балалар ағзасының қалжырауы болды. 10 балалар үйін тексеру барысында 236 қалжыраған балалар анықталды. Балалар ағзасы қалжырауының негізгі себебі тамақтың жетіспеушілігінен болды. Мысалы Жалағаш балалар үйінде таңғы асқа 150 грамм нан және 1 стакан тәтті шәй, түскі асқа біріншіге май қосылған лапша сорпасы, екіншіге балық немесе ботқа, 0,5 литр айран және 100 грамм нан, кешкі асқа 150 грамм нан 6 грамм май мен шәй беріледі екен. Ыдыс-аяқтардың жетіспеушілігінен, тәрбиеленушілер кезектесіп ас ішіп, ас ішу рәсімі 2-3 сағатқа созылып, асхана балдардың тұрақты жиналатын жеріне айналған.

Кейбір жағдайларда балаларға берілетін азық-түлік ұрланатын жағдайларда кездесті. Айталық Жалағаш ауданы балалар үйінің директоры мен завхозы 724 килограм азық-түлік, көп киім-кешек және басқада заттарды ұрлаған. Балалар үйіне берілген 3 сиыр жеке адамдардың қолына өткен. Сондай-ақ тауарлардың жоқтығынан балалар үйлеріне мемлекеттік қордан бөлінген керек заттар алынбай қалған. Мысалы, 1945 жылдың 1 қаңтары мен 1 тамыз аралығында Шиелі балалар үйі 1243 килограм ет пен балық, 586 килограм арпа мен күріш, 106 килограм ұн, 185 килограм қант пен кондитерлік өнімдерді алалмай қалды, нәтижесінде 7 айдың ішінде бұл балалар үйінде 81 бала қайтыс болды, ал тексеру кезінде 186 баланың 104-і қалжыраған жағдайда болып шықты.

Жеткілікті қордың болмауы сол жылдары көптеген балалар үйіне тән еді. Өлім-жітім жоғары болуының тағы бір себебі балалар үйлері басшыларының усадьбалық шаруашылықтың есебінен өздерін азық-түлікпен қамтамасыз ете алмауында болды. Мысалы, Шиелі балалар үйіне қарасты 14,1 гектар егістіктің 3,1 гектарындағы бақша өнімдері шіріп кетіп, қалған егістік жерлері күтімнің нашарлығынан төмен өнім берді [7,69-70-п.].

Тамақтың, киім-кешектің жетіспеуіне және басқа әлеуметтік-экономикалық мәселелерге қарамастан балалар үйлерінде оқу процессі өз кезегімен жүріп жатты, алайда педагог мамандардың негізін кешегі мектеп түлектері құрғандықтан, тәрбиешілердің жетіспеуі, тамақтың жетіспеушілігінен оқушылардың қалжырауы, мектеп заттарының болмауы, балалардың өздерінің бұрынғы тұрған жерлеріне немесе майданға өз бетінше қашып кетуге тырысуы, қаңғыбас және қылмыстық өмірдің сол кездегі романтикасы тәрбиеленушілердің білім алуға деген жағдайын онан сайын төмендетіп жіберді. Нәтижесінде 1945 жылы Қызылорда облысы балалар үйлерінің 869 оқушысының 566 баласы келесі сыныпқа көшірілді, 59-ы күзге қалдырылды, ал 244 оқушы немесе 28% оқудың екінші жылына қалдырылды. Абсолютті үлгірім 1941-1942 оқу жылында 87% ды құраса, 1945 жылы 65% -ды құрады [5,77-п.].

Тамақтың жетіспеуі және басқа жоғарыда айтылған мәселелер тәрбиеленушілерді балалар үйінен қашуға итермеледі, айталық 1945 жылдың алғашқы 7 айында Қызылорда облысының балалар үйлерінен 173 бала қашты, олардың көпшілігі Қазалыдан – 54 бала, Аралдан – 25, Қармақшыдан – 24, Шиелі балалар үйінен – 23. Қызылорда балалар үйінен ғана қашу болмады.

1942 жылдың 24 наурызында «Правда» газетінің бас мақаласында қамқоршысыз қалған балаларды асырап алу туралы мәселе көтерілді, бұл балаларды жаппай асырап алуға өзіндік түрткі болды. 1942 жылдың 6 сәуіріне қарай Қызылорда облысы бойынша Қармақшы ауданы алда болып 19 бала асырап алынды. Қазақ әйелдері әртүрлі ұлт өкілдерінің балаларын өз аттарына жаздырып тәрбиелеуге алды. Айталық Қызылорда қаласының тұрғыны Ажаркүл Ахметова орыс баласын асырап алып майдандағы күйеуіне былай деп жазды: «*Илия! Енді біздің ұлымыз бар, мен тәрбиелеуге екі айлық бала алып атын Серікбай деп қойдым. Майданда жүрген А.Насыровтың әйелі тәрбиелеуге орыс қызын, ал Л.Шаева белорус баласын алды»*.

1942 жылдың 4 айының ішінде республика еңбекшілері 1606 жетім қалған баланы тәрбиелеу мен қамқорлыққа алды. Осы аралықта 3731 жасөспірім

жұмысқа орналастырылды. Республика кәсіподақтарының бастамасымен 1943 жылдың наурызынан 1945 жылдың мамыры аралығында 13348 бала асырап және қамқорлыққа алынды, 3464 бала ата аналарына қайтарылды. Орман және Ағашты ағызып жеткізу кәсіподақтары соғыс жылдарында 476 баланы тәрбиелеугу алды, 1086 бақылаусыз қалған баланы еңбеке орналастырды [1, 4-бет].

1945 жылдың 1-қазанында Қазақстанда 182 балалар үйі болды, олардың 11-і 1945 жылы ашылған еді. Осы балалар үйінде сол уақытта 25219 бала тәрбиеленді, олардың 3070-і мектеп жасына дейінгілер еді. Бұл балалар үйлерінің құрамы үнемі өзгеріп отырды, айталық 1945 жылдың 9 айында 9645 бала балалар үйлерінен кетті. Олардың 777-і колхоздар, совхоздар мен өнеркәсіп орындарына жұмысқа орналастырылды. 568-і фабрика-завод, кәсіптік және теміржол училищелеріне оқуға жіберілді. 3274 бала туысқандары мен ата-аналарына қайтарылды, 242-сі патронат қамқорлығына берілді, 176-сын асырап алды, ал 1587 бала Украинаға реэвакуацияланды [1, 117-бет].

Соғыс біткесін соғыс жарасы тез жазыла қойған жоқ, 1950 жылы КСРО-дағы 6543 балалар үйінде әліде 635,9 мың бала тәрбиеленуде болды. 1958 жылы 4034 балалар үйінде 375,1 мың бала тәрбиеленді. Соғыстың аяқталғанына көп уақыт өтсе де балалардың қараусыздығы мен бақылаусыздығы күн тәртібінен түспей тұрғаны өкінішті. Күнделікті ақпарат құралдарынан түсіп жатқан балалар тәрбиесіне қатысты жағымсыз мәліметтер біздің ішімізде жалғасып жатқан тартыстан хабар береді. *«Жетім көрсең – жебей жүр»* – дейді қазақ. Тарих сабақтарын ұмытпай, мұқтаждарға жәрдем көрсету сауап деп қорытындылағымыз келеді.


### РЕЗЮМЕ

В статье «Детские дома Кызылординской области в годы Великой Отечественной войны» рассматривается история детей сирот Қызылординского региона в годы Великой Отечественной войны и послевоенных лет. Подробно описаны факты приведшие к массовому увеличению детей сирот эвакуированных и переселенных народов. Согласно архивным материалам указаны количества детских домов и их воспитанников на территории Кызылординской области и в целом по стране. Отмечается, что одна из причин трагедиий детей заложена в природе командно-административной системы того времени.

* * *

The article – “Children’s homes of Kyzylorda region during the great Patriotic war” – investigate the history of children’s homes in the region during the great Patriotic war and postwar years. The facts of mass orphaned children of evacuated and resettled peoples. According to archival materials, the number of children’s homes are indicated in the territory of Kyzylorda region and the whole country. It is noted that one of the reason of the tragedy of children laid in the nature of the command and administrative system.


### ӘДЕБИЕТТЕР


1.Экспрес К. 9 мая 1995 г. 4 стр.

2.**Кривоносов А.Н.** Исторический опыт борьбы с безпризорностью // Государство и право, 2003, №7, 92-98 стр.

3.**Рожков А.Ю.** Борьба с безпризорностью в первое советское десятилетие // Вопросы истории, 2000, №11, 134 стр.

4.ГАКО фонд 268, опись 1, дело 2478. 10. ГАКО фонд 283, опись 1, дело103.

5.ГАКО фонд Р-283, опись 1, дело 21.

6.**Кусков С.А.** Цены военного времени (сайт).

7.ГАКО фонд 268, опись 2, дело 3450.

8.**Козыбаев М.К.** Казахстан-арсенал фронта., «Казахстан», Алматы, 1970.

9.ГАКО фонд 283, опись 1, дело181.

10.ПА РК фонд 708, опись 9, дело 1400.


# ИСТОРИЧЕСКИЙ ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ВОИНСКОЙ СИМВОЛИКИ
## *как средства визуализации советской идеологии в 1941-1945 гг.*


**Арман ЖАНУЗАКОВ,**
**магистр гуманитарных наук, полковник,**
**Военно-инженерный институт радиоэлектроники и связи,**
**Олжас КАЛЫКОВ,**
**магистр философии, старший преподаватель кафедры социально-гуманитарных дисциплин, Военно-инженерный институт радиоэлектроники и связи г.Алматы**


Любая война есть столкновение нескольких противоборствующих сил. Враждующие стороны идут на смертный бой ради своих идей и ценностей. Боец на бойца, армия на армию. До победного конца, до последней капли крови. И так уж исторически сложилось (да и особенность человеческой психики такова), что самосознание и боевой дух воина, - защитника или нападающего, - в значительной степени зависят от символов, олицетворяющих те идеи и ценности, за которые сражается армия. Эти символы должны быть с ним в бою, чтобы как можно острее дать почувствовать, ради чего ему сейчас предстоит идти на штыки, ради чего проливать свою кровь и на каком основании он не сделает шага назад. Являя собой яркое и емкое олицетворение смыслов, за которые и против которых люди берут в руки оружие, символы способны как мобилизовать человеческие ресурсы, возносясь перед лицами воинов, так и отнимать последние силы, будучи поверженными, отобранными или разрушенными.

Человеческая история знает огромное количество символов. И очень многие из них сыграли особую роль в войнах, став путеводными звездами, незримой защитой и залогом победы. С гербами на щитах

и под штандартами, с крестом или полумесяцем на груди, с именем вождя на снаряде люди шли в бой [1]. Прелистывая исторические страницы самой кровопролитной войны XX века – Великой Отечественной войны, мы вспоминаем те символы, под которыми сражались и погибали миллионы людей.

*«Знаки и символы управляют миром – а не слово и закон»* – эту мысль высказал китайский философ Конфуций, живший в 551-479 гг. до н.э. Мудрость и глубину такой мысли трудно оспорить. Многие знаки и символы мы воспринимаем на уровне подсознания [2]. Поэтому во все времена, во всех армиях мира уделялось большое внимание воинской символике как важному элементу развития духовно-нравственных и боевых качеств у военнослужащих. Следовательно, роль духовно-нравственной составляющей воинской символики требует серьезного изучения и анализа, которое возможно в частности, при исследовании исторического опыта Великой Отечественной войны. Именно духовно-нравственные ценности, а не экономическая или военно-техническая мощь, стали тем потенциалом который стал рещающим фактором для достижения победы и уничтожения фашизма. Развязанная фашистко-милитаристкими агрессорами война между Советским союзом и Германией отражала основные антагонизмы XX века – идеологические, политические, социально-классовые, национальные. Она явилась самой острой, самой ожесточенной, разрушительной и кровопролитной формой выхода из кризиса, в котором оказалось мировое сообщество к середине XX века [3].

За все время существования советского государства символизм играл огромную роль в организации и повседневной деятельности, а учитывая, что советское общество было очень милитаризированным, воинская символика играла огромную пропагандисткую роль. В первые годы после революционных событий 1917 года люди настолько были проникнуты идеалами революции и советского строя, что даже в отсутствии специальных наград и значков в первое время символом принадлежности носили на груди красные банты. В годы ВОВ на «идеологическом фронте» советское руководство уделяло особое внимание символике. То есть при символической визуализации столкновения двух систем, на первый план вышло противоборство красной звезды со свастикой. В этой связи большой интерес вызывает, с какой воинской символикой Красная армия прошла Великую Отечественную войну. Как и любая военная организация РККА имела свой набор знаков и символов (форменные мундиры, эмблемы родов войск, знамена подразделений, коллективные награды), которые играли очень важную роль в воспитании и консолидации военнослужащих в единую «рабочее-крестьянскую армию».

Основным символом чести, доблести и славы являлось Боевое Знамя – знак, объединяющий воинскую часть и указывающий на ее принадлежность к Вооруженным Силам государства. Знамя всегда было важнейшим символом и атрибутом подразделений любой регулярной армии. Идея боевого знамени имеет как сакральную сторону, так и прикладную. С одной стороны, когда солдаты и офицеры находятся в боевых условиях, и им нужна крепкая нравственная опора. С другой стороны, в бою им элементарно нужен ориентир на командира - где командир, там и знамя. Утрата боевого знамени приравнивалась к предательству Отчизны. И это не просто высокие слова – в экстремальных условиях войны, в ходе сражения, когда исход битвы зависит от всех и каждого, а угроза жизни максимальна, есть только один способ сохранить в рядах боевой дух – сплотив людей вокруг ценности, объединяющей в себе все, что для них свято и дорого. И именно знамя, есть тот сакральный символ, в котором сосредоточены все смыслы, способные поднять людей в атаку, вдохновлять на подвиг перед лицом смертельной опасности. В боевом знамени одновременно сходятся и такие универсальные понятия, как Родина – мать, честь, доблесть, и совершенно простые – твоя семья, твои родные, близкие, все, чем жив человек и что ему дорого на этом свете. Во время Отечественной войны были установлены образцы боевых знамен. Согласно Указу от 21 декабря 1942 года был унифицирован формат Красного знамени для воинских частей Красной Армии, 11 июня 1943 года – для гвардейских армии и корпуса, а 5 февраля 1944 года – военно-морские Красные знамёна и Гвардейские военно-морские Красные знамёна (Положение о красном знамени в частях ВМФ). Эти знамёна просуществовали до распада СССР. С введением в Красной Армии Гвардии - почётного наименования отборных, проявивших особый героизм войсковых частей, - появились и гвардейские знамена. Знамя гвардейской части имело на лицевой стороне портрет Ленина, девиз «За нашу советскую Родину» и «СССР». Знамя снабжалось двумя кистями на витых шнурах (в каждой конкретной части к древку прикрепляли орденские ленты, а к полотнищу знаки орденов). На обороте размещалась малая красная звезда с серпом и молотом в середине, название и номер части и девиз (например, «Смерть немецким оккупантам!» – на знаменах, выданных в ходе Второй мировой войны). Известны знамёна, надписи на которых выполнены на разных языках. Например, на знамени 43 гвардейской латышской стрелковой дивизии девиз и название части были написаны на русском и латышском языках [4].

Вторым по значимости символом войска после знамени является опознавательный знак вооруженных сил государства. Это самый лаконичный и распространенный символ армии. В первую очередь, он необходим для того, чтобы с первого взгляда и издалека отличать своих бойцов и технику от вражеских. Кроме того, его часто используют в качестве основного элемента при обозначении воинских званий, а также на других знаках различия Он присутствует во всех атрибутах военного обмундирования, наносится на оружие и документы, изображается «на память» на видном месте. Для защитников нашей Родины в Великую Отечественную войну таким знаком была красная звезда. Для фашистов – свастика (крест). Красноармейская звезда как отличительный знак военнослужащих была введена в 1918 году для ношения на груди, а затем на головном уборе. Как важный составной элемент она присутствовала на всех советских орденах и большинстве медалей и знаков, размещалась на бортах кораблей, боевой техники, предметах обмундирования [5].

Другим символом вооруженного защитника Отечества является его форма одежды. Военная форма одежды – общее название всех предметов обмундирования, снаряжения и знаков различия в армии государства. Знаки различия также являются воинскими символами и указывают на принадлежность военнослужащих к виду или роду войск и их воинские звания. К знакам различия относят-

ся погоны, нагрудные и нарукавные знаки, знаки на головных уборах, погонах и петлицах, канты, лампасы, эмблемы. Таким образом, воинские звания и знаки выступают не только визуальными предметными символами воинской культуры, но и становятся визуальными символами продолжения великих военных традиций: поддержания военной чести, благородства, умения жертвовать собой, служить Отечеству, беспрекословному подчинению младших старшим и др., что в целом поддерживает и продолжает прочные традиции патриотического воспитания, которые в армии являются неотъемлемым атрибутом службы.

6 января 1943 года Указом Президиума Верховного Совета СССР в Красной Армии были введены погоны. Приказом НКО СССР № 25 от 15 января 1943 года указ был объявлен в армии. В Военно-Морском Флоте погоны ввели приказом Наркомата ВМФ № 51 от 15 февраля 1943 года. 8 февраля 1943 г. погоны были учреждены в народных комиссариатах Внутренних Дел и Госбезопасности. 28 мая 1943 года погоны ввели в Народном комиссариате иностранных дел. 4 сентября 1943 года погоны учредили в Наркомате путей сообщения, а 8 октября 1943 года – в Прокуратуре СССР. Советские погона были похожи на царские, но были и некоторые отличия [6]. Серьёзным поводом, побудившим Советское правительство ввести погоны в Красной Армии, было введение единоначалия. В боевых условиях новыми знаками различия решили поднять и укрепить авторитет командных кадров. Необходимость введения погон диктовалась также предстоящими совместными действиями и тесным взаимодействием на полях сражений с союзными армиями. Было признано полезным ввести в Вооружённых Силах общепризнанные знаки различия-погоны. Самым главным фактором введения в самый разгар войны важного элемента воинской символики и атрибутики как погоны, являлось мощное стимулированиме подьема духовно-нравственных сил многонационального советского народа. Так как погоны – не только деталь одежды. Для военного человека – это знак воинского достоинства и воинской чести. Введение погонов еще раз подтвердила аксиому, что преемственность воинских традиций очень важна и ценна для армии, любящей свое отечество, дорожащей родной историей.

Хотя Вооруженным силам суверенного Казахстана исполнилось чуть более четверти века, однако наша армия создавалась не на пустом месте. Воины – казахстанцы в равной степени являются правопреемниками славных дел и подвигов советской армии. Для нас, военнослужащих суверенного Казахстана личности с высокими духовно-нравственными ценностями военнослужащих советской армии связаны с именами наших знаменитых полководцев и героев ВОВ таких как: Б.Момышулы, Р.Кошкарбаев, С.Нурмаганбетов. Сегодня в условиях реформирования Вооруженных сил, смены духовных ориентиров, в особенности у молодого поколения, актуальность проблемы духовно-нравственного воспитания военнослужащих подтверждается и тем, что качество решаемых войсками задач во многом зависит от уровня морально-психологического состояния личного состава, его готовности переносить тяготы и лишения воинской службы, жертвовать личными интересами во благо государственных. И опыт ВОВ 1941-1945 гг., красноречиво доказывает, что наряду с военной и технической подготовкой именно духовность является главным условием победы в войне. Патриотизм, верность служению Отечеству, ответственность, честь, достоинство и другие духовно-нравственные качества были и остаются центральным звеном системы воспитания военнослужащих армии. Духовность и нравственность личности органически связаны с ее моральными чувствами, с ее совестью, постоянной самооценкой ею своего поведения и стремлением к нравственному развитию и самосовершенствованию. В широком плане духовно-нравственное воспитание представляет собой процесс усвоения и принятия воспитуемыми базовых государственных, национальных, воинских ценностей, имеющих иерархическую структуру и сложную организацию. Подводя итог, следует отметить, что духовно-нравственные ценности всегда были и будут оставаться главным фактором мощи страны и армии. Важным инструментом в духовно-нравственном воспитании является воинская символика. Воспитательный потенциал истории использования воинских символов и традиций советской армии и их роль в духовно-нравственном воспитании сегодняшнего поколения защитников Родины очень велик и неиспользование его было бы непростительной ошибкой.

И сегодня, значение воинских символов в формировании казахстанского патриотизма, духовно-нравственных ценностей и гражданственности велико, особенно среди воинской молодёжи. Сложности воинского служения, наделённость военнослужащих правом применения оружия требуют от них стойкости духа и накладывают высокую нравственную ответственность. Только люди с высокими духовно-нравственными идеалами и добросовестным отношением к порученному делу могут обеспечить безопасность страны. Поэтому воспитание высоконравственного, образованного, любящего свою Родину, почитающего традиции своего народа, защитника-патриота является одной из важнейших задач сегодняшнего дня.


### ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада әскери рәміздердің Ұлы Отан соғысы кезеңінде кеңестік мемлекеттің идеологиясын бейнелейтін қуатты құрал ретінде пайдалану тәжірибесі талқыланады. Сондай-ақ, әскери қызметшілердің моральдық деңгейін арттыру мақсатында әскери рәміздердің рухани тәлім-тәрбие берудің құрамдас бөлігі екені дәлелденеді.

* * *

This article discusses the experience of using military symbols as a powerful means of visualizing the ideology of the Soviet state during the Great Patriotic War. And also, the historical significance of the use of military symbols as a spiritual and moral component of military education in order to increase the morale of servicemen.


### ЛИТЕРАТУРА


1. **Болмасов А.** Символы войны., http://www.taday.ru/text/113856.html3.
2. **Щелоков А.** Книга будущего командира. М.,2014
3. **Сорокин А.И.** Памяти павших ВОВ.М.,1995.
4. https://prizivaut.ru/zvaniya/pogony-armii-sssr.html
5. **Рощин Л.В.** Наши воинские символы. - М., 1989.
6. **Самсонов А.** Военное обозрение М., 2013. г. Алматы.

# ӨЛКЕДЕГІ АГРАРЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

*(1940-1980 жылдардағы зерттеулерде)*

**А.ҚАЛЫБАЕВА,**
**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің оқытушысы**

**Кеңестік кезеңдегі патша өкіметінің Қазақстан мен Орта Азиядағы отарлау, қоныстандыру, аграрлық саясатын зерттеушілердің бірі – П.Г.Галузо.** Оның 1965 жылы «Аграрные отношения на юге Казахстане в 1867-1914 гг.» атты көлемді еңбегі жарыққа шықты. Еңбек ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың алғашқы онжылдығындағы Қазақстанның оңтүстігіндегі Ресей империясының отарлау саясатын талдауға, аграрлық қатынастардың дамуына арналған. Еңбекте түрлі дерек көздерін талдап келтіре отырып, ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасыр басындағы Қазақстанның оңтүстігіндегі егіншіліктің, жер өңдеу ісінің дамуын көрсетеді. Әр жылдардағы статистикалық мәліметтер негізінде қазақтар мен отырықшы келімсек халықтар арасындағы жер өңдеу мен мал шаруашылығы кәсібінің арасалмағын баяндайды. П.Г.Галузоның пікірінше, ХІХ ғасырдың аяғына таман қазақтардың арасында да егін егушілер болып, олардың жерге отырықшылыққа көшу процесі жүрген. Алайда қазақтардың басым бөлігі бұрынғысынша мал шаруашылығымен айналысуын жалғастыра берген [1, 51-52].

П.Г.Галузо Қазақстандағы аграрлық қатынастар тарихының тарихнамасына да арнап еңбек жазған авторлардың бірі. Еңбекте төңкеріске дейінгі Қазақстандағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы талданады. Автор төңкеріске дейінгі тарихнамадағы чиновниктік-отаршыл концепцияны қатты сынайды [2, 3]. П.Г.Галузо патшалық-чиниовниктік тұжырымдамамен бірге демократиялық мазмұндағы пікірлер де болды деп көрсетеді. Мұндай пікірлер өлкедегі орыс интеллигенттері – дәрігерлер, мұғалімдер, статистер, т.б. тарапынан жасалынған. Олардың қатарына Н.Васильевті, А.П.Румянцевті, Л.Чермакты, А.Е.Алекторовты, В.Гернды, Н.Зеландты, ішінара Ф.Щербинаны жатқызады [Сонда, 11-12-бб.].

ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасыр басындағы патша өкіметінің Қазақстандағы қоныстандыру, аграрлық саясатына қатысты бірқатар еңбектердің авторы – А.Б.Тұрсынбаев. 1950 жылы жарық көрген «Из истории крестьянского переселения в Казахстан» атты еңбегінде автор патшалықтың қазақ өлкесіне көшірген шаруалар саны және оларға тартып алынып берілген жер көлемі туралы мәліметтерді молынан келтіреді. Оның пікірінше, Сібір темір жолы салынған сәттен бастап үкімет алғаш рет қазақ даласына орыс қоныстанушыларын көшіру мәселесін қойған. Осы мақсатта және қазақтардың пайдалануындағы «артық» жерлерді алу мүмкіндігін анықтау мақсатында 1896 жылы Ф.А.Щербина экспедициясын жіберген [3, 28]. Автор Столыпинның аграрлық реформасы барысында 1906-1912 жылдары Ақмола облысына – 229 344, Торғай-Оралға – 153 413, Семейге – 55 315, барлығы төрт облысқа – 438 072 адам қоныстандырылған, деп көрстеді [Сонда, 33-б.].

А.Б.Тұрсынбаевтың келесі еңбегі «Казахстан в революции 1905-1907 годов» деп аталып, революция қарсаңындағы Қазақстандағы шаруалардың жай-күйі талданады. Автордың пікірінше төңкеріске дейінгі ауылдың еңбекшілерінің экономикалық жағдайын суреттеу жерді пайдалану тәртібі туралы мәселені қарамай мүмкін емес болған. Ауылда жерді қауым болып пайдалану басым болған. Автор ХХ ғасыр басындағы ауылдағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарды қорытындылай келе былай деп көрсетеді: *«ХХ ғасыр басындағы қазақ ауылының әлеуметтік құрылымы бәрінен бұрын өндіргіш күштердің ахуалымен анықталды. Қарастырылып отырған кезеңдегі ауылдың әлеуметтік құрылымы мынадай болды: ауылшаруашылық пролетариаты, жалдамалы жұмысшылар (жылдық, маусымдық, күндік), жартылай пролетариаттар-жалдамалы жұмыс жасайтындар және ішінара өз шаруасындағы ауыл кедейлері, ұсақ және орта шаруалар»* [Сонда, 10-13-бб.].

ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасыр басындағы патшалықтың қоныстандыру саясатын, қоныстанушы шаруалардың саны туралы мәліметтерді Г.Ф.Дахшлейгер де көрсетеді. Г.Ф.Дахшлейгердің пікірінше, ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басында өлкенің экономикалық және әлеуметтік өмірінде үлкен маңызға ие болған, жаңа фактор-жаппай қоныстану қозғалысы жүзеге асырылған. Ол, әсіресе, 1906-1917 жылдары үлкен көлемде жүрген. Қолда бар мәліметтер бойынша 1891-1905 жылдары Ақмола, Семей, Тоғай және Орал облыстарына 234 134 қоныстанушы мен 184 487 жер шолушы келген. Кері қайтқандар – 133 216 адам болған. Қазақстанның төрт облысына 1 200 мыңнан астам адам орныққан [5, 50].

ХІХ ғасырдың екінші жартысы – ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы аграрлық өзгерістер тарихына арнап еңбек жазған авторлардың бірі – Б.А.Төлепбаев. Автор аталған кезеңдегі өлкедегі аграрлық қатынастар тарихын таптық қағида тұрғысында қарастырғанымен, патша өкіметінің қоныстандыру және қазақ жерлерін тартып алу сияқты әрекеттерін ашып көрсетеді. Автордың пікірінше Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда егіншілікке қолайлы 50 миллион гектардан астам жер болған. Төңкеріске дейінгі Түркістанда 168 миллион десятина жердің 66,3 миллионға жуығы егіншілікке қолайлы болып, оның ішінде 48,7 миллион десятинасын көшпенділер иеленген. Олардың аз ғана бөлігі ғана егін алқаптарына пайдаланылған [6, 24-25-бб.].

Соғыстан кейінгі кезеңде ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасыр басындағы өлкедегі аграрлық қатынастар тарихына еңбек жазғандардың бірі Б.Сүлейменов болды. Автор «ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы аграрлық мәселе» атты монографиясында Қазақстанның Ресей империясының аграрлық-шикізат көзі болғандығын нақты көрсетеді. Еңбекте ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы реформалар талданып, өлкенің империяның аграрлық шикізат көзіне айналғандығы дәлелденген. Сонымен бірге автор аталмыш кезеңде ауылда капиталистік қатынастардың біртіндеп енгенін көрсетеді. Зерттеуші қазақ жерлерінің патшалықтың тартып алуы аграрлық қатынастардың шиеленісуінің басты себебі ретінде қарайды. Сондай-ақ қазақ жерлерінің күшпен тартып алынып, казак әскерлері мен қоныстанушы шаруаларға бөліп берілгені де баяндалады [7, 370-375-бб.].

Жалпы алғанда патшалықтың өлкедегі аграрлық, қоныстандыру саясаты аталмыш кезеңдегі зерттеулерде тап тұрғысында қарау басым алды. Авторлар аталған кезеңдегі өлкедегі аграрлық қатынастар тарихын тап тұрғысында қарастырғанымен, патша өкі-

метінің қоныстандыру және қазақ жерлерін тартып алу сияқты әрекеттерін ашып көрсетеді. Алайда авторлар өлкеге орыс шаруаларымен бірге мәдениет, білім, ғылым келді деп жазады.


### ӘДЕБИЕТТЕР

1.**Галузо П.Г.** Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг. Алма-Ата: Наука, 1965. -345 с.

2.**Галузо П.Г.** Очерк советской историографий аграрных отношении в Казахстане в период капитализма (Материалы к научной сессии по проблеме: «Развитие российского капитализма в ширь»). Алма-Ата, 1971. -113 с.

3.**Турсынбаев А.Б.** Из истории крестьянского переселения в Казахстан.-Алма-Ата, 1950. -102 с.

4.**Турсынбаев А.Б.** Казахстан в революции 1905-1907 годов. Алма-Ата: Мектеп, 1987. -88 с.

5.**Дахшлейгер Г.Ф.** Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана. А-Ата: Наука, 1965. -536 с.

6.**Тулепбаев Б.А.** Социалистические аграрные преобразования в Средней Азии и Казахстане. Москва: Наука, 1984. -270 с.

7.**Сулейменов Б.С.** Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX-начала XX века (1867-1907 гг.). Алма-Ата: АН Каз ССР, 1963.- 411 с.




# ЗАМАНАУИ ТЕАТРДАҒЫ РЕЖИССУРА:
## қалыптасуы мен дамуы


**Жантілеу НУФТУЛЛИН,**
**Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы режиссура мамандығының магистранты**


**Қазіргі заман театрының негізгі тірегі – драматургия.** Себебі, әдебиетті, оның ішінде драматургия жанры өмір парақшаларынан алынады және ол әрбір заманның айнасы. Драматургтың қаламынан туындаған қайталанбайтын шығарма – басты құндылық. Ол театрдың бағыт-бағдарын анықтайтын, режиссердің қиялын өрбітетін басты нысана. Театр өнерінде драма мен сахнада орындалатын қойылымдардың барлығы өмір сүріп келеді. Егер адамда сезім мен эмоция болса, онда драма да өмірін жалғастыра бермек. Бұл өнердің бір бөлігі ретінде драматургия оны толықтырып отырады. Театрдың шығармашылық күрт құлдырауы немесе шарықтауы драматургияға байланысты. Қазіргі кездегі театрға қойылған талаптарға байланысты жауапкершілік пен жаңадан жарық көрген драматургияға аса көңіл бөлу. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан еліне жолдауында: *˝Нағыз дарын жиі кездеспейді. Өнерді дамыту үшін дарынды әдеби шығарма жазылуы керек. Өнер – ұлттық жетістік˝* [1, 207] ,– деген еді.

**Театрдағы кейіпкерлерді сомдаушы, басты тұлға – актер.** Бұл күрделі мамандықпен айналысу кез келген адамның қолынан келе бермейді. Өйткені актерлік өнер сахналық заңдылыққа сүйене отырып, көркем эстетикалық идеясы арқылы белгілі бір рөлді жанжақты зерттеп, сахнаның көмегімен көрермендерге жанның рухани тазалықта болуын және адамгершілік пен сүйіспеншілікті дәріптейді. Сонымен қатар адам атаулының сараңдық, мейірімсіздік, жалқаулық сияқты барлық жаман қасиеттерден аулақ болуға шақырады. Осыған орай, аты әлемге әйгілі режиссер В.И.Немирович – Данченкон: *˝Театр дегеніміз – ең алдымен актерлік өнер˝* [2, 57], – деп айтқан ойын растаймыз. Себебі кез келген театрдың басты діңгегі – актер. Актерлік өнерге бойында дарыны бар адамның ғана батылы барып келе алатын күрделі мамандықтардың бірі. Неге десеңіз, театр сахнасынан өзге адамның бейнесіне еніп, оның өмірін сүру оңай шаруа емес. **Қазақ театрларының белгілі театр сыншыларының бірі Қ.Қуандықов:** ˝Театрда туған ойлар» атты кітабында: *˝М.Әуезов, актер сан алуан рөлдерде ойнайды. Басқа адамның кейпіне ену үшін танымастай болып өзгеруі керек, өзгеріс бетте, денеде ғана емес, жүректен, тереңнен шыққан толқындай болып шығуы керек˝*, – дейді. Ол: *˝Осы күйлерді әрбір артист өзіне ғана қас болған ерекшеліктермен шығару керек. Сонда ғана ешкімге ұқсамайды да, оған да ешкім ұқсай алмайтын болады. Бұл өзгешелік оның туыстан ала келген өзгешелігі сияқты болады˝,* [3, 118] – деп өнердің өзгеше болуын осылай тұжырымдаған. Міне бұл барлық театрға қойылған талаптар мен талғамдар. Әйгілі жазушы М.Әуезов те актер ойындағы физико-психологиялық әрекеттердің бір-бірінен туып, жасанды болмай, органикалық түрде шығуын айтқан. Мұндай күйге актер кейіпкер сезімін өз басынан өткізу арқылы оның ісәрекетін, әдеттерін терең түсініп алғанда ғана жете алуы әбден мүмкін.

**Белгілі театр зерттеушісі, қоғам қайраткері Ә.Сығай «актер шеберлігі» атты еңбегінде осы мамандық тұрғысында былай деген:** *«Өнер атты құдірет зор, ғажайып әлемнің бір тармағы – сахна деген киелі мекенге тек пешенесіне бақытты ғұмыр кешу нәсібі бұйырған жандар ғана тұрақтай алады. Бұлай дейтін себебіміз, кез келген кісінің маңдайына біте бермейтін керемет бір белгісіз күш талантты пенделерді ғана аталмыш өңірдің тұрғындары санатына қосалады... Театрдың тірек – таянышы саналатын ерекше нәзік жандар актерлер болып табылары бесенеден белгілі. Актер бойындағысын өзінің іс-әрекеті арқылы жеткізетін сыйқыршы іспетті. Сондықтан да ол – ел назарында»,* [4, 307] – деген. Көрермен спектакльдегі актердің шынайы ойынның көре отырып, өмірдегі болып жатқан оқиғалармен салыстырады. Рөл орындаушы кейіпкер бақытты болса – қуанып, жыласа іштей мұңайады, бұл құбылысты грек ғалымы Аристотель: *˝Адам жанының күлу немесе жылау арқылы тазаруы˝,* [5, 64] – деп атайды. Өнер сүйер қауымды іштей толғандырып, жүрегін тебіренту – кәсіби тұрғыдан алғанда тек шебер актердің білімділігі мен

көрегенділігінің арқасында.

**Жайықтың жағасында орналасқан Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театры** – республикалық жас драма отауларының бірі. 1990 жылдары ауыр да тауқыметті тұстарында дүниеге келген. Театр 1992 жылғы маусым айында Орал қаласы әкімшілігінің арнайы шешімімен қалалық театр болып құрылды. Көп жылдардан бері қазақ өнеріне шөлдеп отырған көрермен қауым мен оның ұлтжанды зиялылары Ресеймен шекаралас жатқан көне шаһарда ұлт театрының ашылуына аз еңбек сіңірген жоқ. Театрдың ұйымдастыру жұмыстары алғашында Жайық өлкесінің белгілі өнерпаздарына жүктелді. Оның қатарға жедел қосылып кетуіне Ә.Сүлейменов, Ю.Громыко, Н.Қайырсапиев сынды жергілікті азаматтар қосқан үлестер мол. 1993-96-шы жылдары театрдың директоры болған марқұм А.Сұлтанғалиевтың осы өнер ордасының қалыптасып, нық қадам басып кетуіне еткен еңбегін атамау үлкен қиянат болар еді. Осы жылдары театрдың шығармашылық құрамы да толықтырыла түсті. Сол кездері жас өнер отауының табалдырығын алғаш аттаған артистер Т.Имашев, Атырау облыстық М.Өтемісұлы атындағы театрынан шақырылған Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі А.Сұлтанғалиев пен Қазақстан Республикасының халық артисі Г.Жақыпова, артист С.Сембаев, Жезқазғанның С.Қожамқұлов атындағы қалалық сазды драма театрынан – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артистері К.Есенқұлов, Ш.Есенқұлова, Талдықорған театрынан М.Ахманов пен Х.Нұғыманова, Ж.Шанин атындағы Оңтүстік Қазақстан облыстық драма театрынан – Т.Есенғалиев, Торғай театрынан – Қ.Иманов, облыстың Жаңақала ауданынан Г.Әбішева мен С.Әуелбаев, дәл осы жылдары Т.Жүргенов атындағы Алматы театр – көркемсурет институтын тәмамдаған жастар: Б.Молдабаев, А.Тілепалдиева, Ж.Тілекқабыловтар өнер кенішіне келіп ілесті. Бұл өнер ордасы, сондай-ақ облыстағы өнерлі жастар арасынан кезінде таңдалып алынып, қазір театрдың танымал артистері болып кеткен М.Бектенов, М.Жылыбаев, Т.Матаев, К.Ишанбергенов, Б.Жақыпова, Б.Есалиева, А.Нұғыманова, А.Шолман, Т.Жігеров сияқты сахнагерлермен толықты.

**Аталған артистердің көбі аталмыш театрдың өсіп-өркендеуіне өзіндік үлес қосты.** 1997 жылы театр құрамына Даулеткерей атындағы жергілікті өнер институтының режиссерлік бөлімінің алғашқы бір топ түлектері келіп қосылды. Театрдың шығармашылық басшылығы жөнінде сөз қозғасақ, оның сахнасында алғаш әзірлік жұмысын бастап, көркем қойылымдар түзген-марқұм Жамбылбек Есенбековтің еңбегін айтпай кетуге болмас. Сондай-ақ соңғы кездерге дейін репертуардан түспей келе жатқан тәп-тәуір қойылымдардың авторы, режиссер Е.Жылқышинов марқұмның да есімі ел жадында. **Театр өзінің алғашқы маусымының салтанатты шымылдығын 1993-ші жылы 16-шы желтоқсан күні М.Әуезовтің «Қарагөз» трагедиясымен ашты.** Театрдың ашылу салтанаты, негізінде, көрермен қауымның көптен күткен арманы жүзеге асып, олардың көктен тілегендері жерден табылып, қолдарына келіп қонған бақыты жүздеген риясыз көңілдермен дүрсілдей жарыса соққан сан жүрек лүпілдеріне жалғасып жатты. Ағыл-тегіл ақ тілектер ақтарылған сол күндерден шабыттанған жас отау иелері әлі күнге дейін осы өнер шаңырақтарының беделін жоғары ұстау қамында қыруар тер төгіп келеді. Төге де береді.

**Жалпы жайық өңіріне режиссура өнері XIX-шы ғасырдың орта тұсында келді деуге болады.** Театр тарихы А.Н.Островский атындағы облыстық драма театрымен тығыз байланысты. Ол 1858 жылы ашылды. 1890 жылдан бастап кәсіпқой театрға айналды. Е.Муромцев, Т.Лучинский, Б.Оржанов, В.Вронский, Г.Грениндер театрда режиссерлік қызмет атқарды. Орыс және шетел драматургтерінің пьесалары театр репертуарынан берік орын алды. Оның сахнасында Ф.М.Шаляпин ән шырқады.

1914-1915 жж. Оралда жазғы және қысқы драма театрлар жұмыс істеді. Осы кезеңдерде ашылған Орда қазақ театры болды. Театр 1918 жылы «Жігер» атты жергілікті жастар ұйымының бастауымен құрылды. Қазақ труппасына сол кездегі Бөкей губ. Ішкі халкомы, алғашқы қазақ драматургі И.Меңдіханов жетекшілік етті. Олар 1918-1919 жылы Халық шығармашылық үйінің сахнасында Меңдіхановтың «Малдыбай», «Үйшік-үйшік», «Тамырлар», «Байғұстар» атты пьесаларын қойды Сондай-ақ осы кезде Орда да орыс және татар көркемөнерпаздарының драма тобы өнер көрсеткен.

**Ұлы Отан соғыс жылдарында қала сахнасында эвакуацияланған Беларусь драма және Карелия-финн опералық театрлары өнер көрсетті.** Олар оралдық әріптестерімен бірлесіп, көптеген классикалық туындылар мен Отан сүйгіштікке үндеген қойылымдарды көпшілік назарына ұсынды. Осы кезеңде Л.Хамцова, Т.Тавлинская, Қазақстанның халық артисі Е.С.Володарская, Қазақстанның еңбек сіңірген артистері П.И.Строганов, Л.Н.Протасов, В.Т.Попов, З.М.Акимова, В.Я.Попов, В.В.Рушковский есімдері жұртшылыққа танылды. Театрдың көптеген қойылымдары республикалық байқауларда жүлделі орындарға (1957, 1958,1963 жылдары) ие болды. 1960 жылы театрдың жанынан студия ашылды. 1992 жылдан ол өз жұмысын қайта жалғастырып, сахна мамандарын даярлап келеді. Театр ұжымының жетістіктері реж. Н.Курганскийдің, Ю.Пажитскийдің, Н.Лукиннің, В.Штейннің, Я.Панжаридидің, Республиканың еңбек сіңірген мәдениет қызметкерлері Н.Астахановтың, Б.Дубовиченконың есімдері тығыз байланысты.

Облыста кәсіби қазақ театры 1911-12 жылы жергілікті драматург И.Меңдіхановтың пьесаларымен шымылдығын ашты. 1917 жылдан бастап ел аралап, өнер көрсеткен үгіт бригадалары мен «Қызыл керуен» жылжымалы театр міндетін атқарды. 1934 жылы Орал қаласында 15 адамнан құрылған әуесқой театр студиясы ұйымдастырылып, «Бүлік», «Амангелді» спектакльдерін қойды. Облаткомның 1936 жылы 26-шы сәуірдегі шешімі бойынша студия қазақтың музыкалық-драма театрына айналды. Театр сахнасында Ақынжановтың «Исатай-Махамбет», Ш.Құсайыновтың «Амангелді» және «Боран», К.Терневтың «Любовь Яровая» пьесалары көрсетілді. Жергілікті актерлер Ержанова, Ақжанова, Ғұсманов, Тойбасов, Қабдынғалиев, Көптілеуов, Ерғалиев, Республикаға еңбек сіңірген артист Т.Оразғалиевалар сахнада күрделі бейнелерді сомдады. Театрдың өз режиссерлері (Мұсатаев, Н.Молчанов, Зорин), суретшілері (Г.Бибиков, Емельянов, Кулишев), музыкалық жетекшілері мен дирижерлері (Миллер, Левицкий), хормейстері (Ковалев), балетмейстерлері (Кучеров, Далмацкий), балет артистері (Даутова, Қабдығалиев) болды. Спектакльдерді дайындауға жүз адамдық шығармашылық ұжым – драма, балет топтары, хор, симфониялық оркестр, халық аспаптарында орындаушылар қатысты. 1940 жылдары театрдың көркемдік жетекшісі белгілі драматург Шахмет Хұсайынов болды. 5 жыл ішінде театр 515 спектакль қойып, оны 134 мың адам тамашалады.

Республика үкіметінің «Қазақстанда колхоз-совхоз театрын ұйымдастыру туралы» қаулысында (1935) сәйкес жергілікті өнерпаздар тобы негізінде 1936 жылы Жымпиты, Жәнібек колхоз-совхоз театрлары құрылды.

Олар шалғайдағы ауылдарда болып, М.Әуезовтің «Айман-Шолпан», Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесаларын қойды. Бірақ 1947 жылы Қазақ драма театры жабылып, 1992 жылдың маусымында ғана қайтадан ашылды.

Жайық мекенде қазақ театрының, қазақ режиссурасының ертеден өріс алғандығын осыдан-ақ аңғарсақ болар. Кеңес үкіметінің қысымында жүріп елінің ой-өрісін арттыру, мәдениеті мен ұлттық құндылықтарын дамыту аясында осы салада ерен еңбек еткен бұл тұлғаларды қалай мақтасақта жарасады. Дегенмен өз жерінде 45 жыл өз ұлтының таетрынсыз өмір сүру халыққа (көрерменге) зардабын тигізбей қоймады оның бірі де, бірегейі тіл мәселесі. Батыс Қазақстан Облыстық қазақ драма театрының ең алғаш ашылған жылдары да осы түйіткілді мәселе театрдың өркендеп кетуін барынша кешеуілдетуге тырысты. Жаңа ғана ашылған театрды орыс театрына қоссақ деген мәселе көтерілгендігі де жасырын емес. Бұл театрды сақтап қалуға ат салысқан осы театрдың қызметкерлері мен бірден бір атап өтетін жағдай еліміздің Тәуелсіздігі деп білемін. Өнерге шын ықылас танытып жұмысына адал берілген труппа, ары қарай жігерлене жұмыс жасауға кірісті.

**Театрдың ашылғанына бүгінде 30 жылға жуық уақыт өтседе, осы уақыттың ішінде тек Қазақстанды ғана емес, шет елдерге де қойылымдарын қойып үлгерді. Театрдың репертуарында жетпістен аса қойылым бар. Олардың ішінен классикалық шығармалар көру қиын емес. Себебі, театрдың алға қарай дамып, өркендеуі үшін тек қазақ пьесаларын ғана сахналамай, әлем әдебиетінен сусындап, халыққа насихаттауда маңызы зор.**


**ТҮЙІНДЕМЕ**

В статье описываются современные реалии режиссерского искусства, ценность роли в сохранности взаимодействия и нововведения.

Более того, в статье указаны исследования уровня творческого поиска Западно Казазстанского областного драматического театра имени Х. Бокеевой а так же, раскроются секреты актерского искусства сегодняшнего дня.



**Ключевые слова:** Режиссерство, режиссер, театр, актерское мастерство, мастерство сцены.


* * *


In the article the paths of practice and modern research on the field of theatre direction, and role of interconnection and modernism movements on the preserving of moral values and national ethical subsistence development were identified. In the article the ideas are considered, today›s stage directing of the West Kazakhstan regional Kazakh Drama Theater named after Kh.Bokeeva and in this regard the nature and essence of theater was presented in a new way.



**Keywords:** directing, director, teater, actor skill, art.


**ӘДЕБИЕТТЕР**


1.**Назарбаев Н.Ә.** «Мәдени мұра» бағдарлама болуы тиіс. //Егемен Қазақстан. 29.11.2003.

2.**Аристотель.** Поэтика. – Пер. М.М.Позднеева. – Книга сочинителья. – СПб. Амфора: 2008. – С.320.

3.**Белинский В.Г.** Полное собрание сочинений. – Москва: 1953-1959. – С.428.

4.**Станиславский К.С.** Работа актера над собой. – Москва: Искусство, 1938. –С.318.

5.**Назарбаев Н.Ә.** Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 292 б.


# БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ АКТЕРЛІК ШЕБЕРЛІГІ
## *және оны қалыптастырудың педагогикалық шарттары*


**Ұлан НҮСІПӘЛІ,**
**Қазақстан халықтар достығы инженерлі-педагогикалық университеті педагогика және психология мамандығының 2-курс магистранты**


Актерлік шеберлік пен театр өнерінің бастауын алғашқы қауымдық қоғамнан іздестіру қажет, дегенмен, ол кезде «өнер» ұғымы болмаған да еді. Алғашқы қауымдық құрылыс заманында әрбір тайпа үшін өзіндік рәсімдері болды: қоғам өмірінің негізгі кезеңдерімен (табиғат күштері мен ата-баба рухтарының өзара байланыстарына бағытталған рәсімдер; егіндікті арттыруға арналған жыл мезгілдерінің ауысуы; бай табысы бар аңшылық мен рәсімдер) байланысты би, ойын, қасиетті әрекеттері. Әдетте оларды шамандар тұтас көріністер жасау рәсімдері арқылы өткізіп отырған. Шамандар өзіндік дара өнерін қолдау үшін өзіндік әрекеттерінің мәнді бейнесіне реңк беруде костюмдер мен бет-маскаларын қолданған. Дегенмен, олардың басты мақсаты тайпа мүшелеріне эмоционалды әсер ету болды. Соңында шамандардың мұндай әрекеттері адамдарды тыңдаушылар мен бақылаушыларға бөлді, яғни, артистер мен көрермендер ретінде бетпе-бет келуіне септігін тигізді. Бұл театрдың дүниеге келуіне септігін тигізбей қоймады. Бүгінгі күні мұндай әрекет үшін «пратеатр» терминін таңдап алынды.

Ары қарай жалпы театр мен жеке актерлік өнерді дамытуға екі жол ұсынылды. **Біріншісі,** шығыс елдерінің мысалында қарастырылады, мұнда театр дінмен тұрақты байланысты сақтайды, актер өнері дінге тиесілі аллегорлық мәнерлі тәсілдері арқылы қалыптасады, спектаклдер негізінен діни, мифтік, эпикалық тақырыптарда қойылды.

**Екінші жағдайда** – бұл Ежелгі Грекия, мұнда драматургия мен театр өнерінде барлық шынайылық театр мен актерлік техниканың түрлі формаларын неғұрлым терең дамытуға септігін тигізетін зайырлы, әлеуметтік мотивте дыбысталды. Сахналық өнерді біз бүгінгі күні қандай күйде елестетсек, тура сондай күйі Ежелгі Грекияда дүниеге келді. Мұнда актер мамандығы танымал еді. Әрбір қолбасшы актерлер штабын міндетті түрде ұстап отыруды борышы ретінде есептеген, себебі, сонымен қатар шешендік өнерді үйретуші ретінде ұстаған. Жақсы актерлердің есімдері барлық қалаға тарап отырған, көрермендерге спектаклдерде жиі орын да жетпей қалған.

**Актердің шеберлігі жылдар бойы шыңдалды, ал, ежелгі грек артистері үшін ойнау біздің кезіміздегі актерлерге қарағанда қиын болды.** Театрлар өте кең аумақты, микрофондары жоқ, актерлер кез келген жерден көрінуі және дауысы естілуі керек болды.

Сондықтан, трагедиялық қойылым болса, олардың беті қайғыны бейнелейтін үлкен маскалармен жабылды, ал, комедияларда – қуанышты бейнелейтін маскалар киілді. Актерлер үлкен бас киімдерді контурлы болу үшін киген, актердің айшықтығы мен мәнерлі қозғалысын трагедиялық қойылымдарда кең, ұзын плащтар, ал, комедияларда – үлкен өркештер мен қарындар жауып тұрған. Осыған орай, актер тек дауысымен ғана сезімдері мен эмоциясының барлық гаммасын бейнелей алған.

**Ежелгі Римде де актерлік мамандық жақсы дамыды.** Құрмет пен сыйласымдылықты актерлік шеберлікте жоғары жетістіктерге жеткендер ғана ие болған. Басында Ежелгі Римде актерлік өнер грекиямен параллель жүргенімен, императорлар кезеңінде театрды цирк пен пантомима сыртқа шығарып тастады, актерлік өнер құлдырай бастады.

Біздің эрамыздың басында бұл мамандық өзінің атағын жоғалтып алды, себебі, актерлердің ойындарын гладиаторлардың ұрысы ретінде қарай бастады. Бұл дәстүрді орта ғасырлық Еуропа қолдады, онда театрлық қойылымдар ұзақ уақыт бойы жындылық сипатта болып келді, қаңғыбас халықтық топыр шіркеу тарапынан рақымсыз қуғынға ұшырады, алайда, патшалардың өзі сарайында сайқымазақтар мен лицедейлерді ұстады, өзінің үкімет басшысы мен қонақтарының көңілін аулап отырды. Кейбіреулерін көпшілік жек көрсе, кейбіреулерінің министр мен патшаның кеңесшісі дәрежесіне сәйкес билігі болды.

Орта ғасырда Русьте актер мамандығы қауіп-қатерге байланысты болды, ұнамаған қойылымдары үшін скоморохтарды ұрып тастаған, аспаптарын сындырып кетіп отырған, аңдарын тордан шығарып жіберіп, өздерін зынданға тастаған. Театрға және актерлік шеберлікке деген дұрыс қарым-қатынастың өзгеруі қайта өрлеу дәуірінен басталғанымен, актерлерге деген сыйласымдылық бірден орындала қоймады. Мысалы, ХІХ ғасырда атақты орыс кәсіпкерлерінің бірі Савва Мамонтов Италияда жүргенде опера әншісі болғысы келді, дегенмен оны күштеп, әкесінің қарғысына ұшырайсың деп еліне қайтарған.

Қайта өрлеу дәуірінде актерлік шеберлік орта ғасырлардағы халықтық театрдың сахналық мәдениетін ұстанды. Жеке сахналық шарттылықтар ғасырлар бойы қалыптасып, сол замандағы театрдың күнделікті өміріне енген. Шекспир, Марло, Б.Джонсонның драматургиясында кейіпкерлердің мінез-құлқын көрсететін бай қойылымдар актерлік ойындардың басқа түрлерін талап етті. Міне осы кезде актерлерге баса назар аударылып, бірінші орында пьеса авторының шығармашылық ой-пікірімен санасуды үйретуге талпыныстар жасала бастады. Актердің мамандығы заманауи нұсқаға жақындай бастады.

XYIII ғасырдағы франция төңкерісі театрдан батыл, күшті мінез-құлықты, биік ынтықтықты, үлкен эмоционалды қызбалықты бейнелеуді талап етті. Осыған орай, ХІХ ғасырдың басындағы жаңа эстетикалық ағымды – романтизмді салуға жол ашты. Романтикалық кейіпкерлердің бейнелері көрермендерге бүлік салушы пафостар, эмоционалдық шиеленісті, қоғамға қарсы тұру, қоршаған ортамен қақтығыста тұлға арқылы ашылатын ірі трагизммен әсерін қалдырды. Актерлік өнерді бағалаудың критерийлері қайғырудың тікелей және шынайылығы болып табылады.

Барлық ХІХ ғасыр өнердің қалыптасуы мен дамуының реалистік бағытына тікелей қатысы бар. Бұл тенденциялар ХІХ ғасырдың аяғына қарай ерекше күшейе бастады, жаңа театрға жол ашылды, реалистік драматургияның жаңа толқыны (Г.Ибсен, Г.Гауптман, Б.Шоу, т.б.), жаңа режиссура пайда болды. Актерлік шеберліктің негізін салушы ұстанымдарды жаңашылдықпен қайта қарау К.С.Станиславскийдің актерлік өнердің теориясы мен әдістерін («Станиславскийдің жүйесі») жасаумен байланысты [1]. Сонымен қатар, К.С.Станиславскиймен «пьесаның әрекеттік талдануы» (әрбір кейіпкердің психо-денелік әрекеттерін талдау); «сквозное действие» (логикалық тізбек, рөлдердің үздіксіз әрекеттері), «сверхзадача» (актерлік әрекеттің барлық кешеніне әкеліп соғатын мақсат) ұғымдары енгізілді. Станиславскийдің театрлық теориясының көп қырлығы актерлік ойындардың түрлі мектептері мен әдістерін және актерлік мамандыққа оқытуды туғызды (соның ішінде – В.Э.Мейерхольдтің атақты биомеханигінің жүйесі, актердің пластикалық, акробатикалық және гимнастикалық тренинг жүйесі жасалды) [2].

Актерлік шеберлік мамандығы тек ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында режиссерлік театрдың пайда болуымен шыңдала басталды. Режиссерлік театр жаңа актерлік әдістеме мен тренингтерді жасау мен жүзеге асуына әкеліп соқты. Бүгінгі күні қызықты және әмбебап мамандықтардың біріне айналды. Және режиссердің білікті қолында әрі аспабы, кәсіби әрекеттеріндегі әрі шебері әрі өнімі бола алды. Театр мен көркем мәнерлігінің барлық мүмкіндіктеріне қарамастан әрбір актер көрермендермен байланысқа жалғыз шығады. Спектакль режиссері, суретші, композитор қаншалықты әйгілі болғанымен соңғы нәтиже актердің шеберлігіне байланысты. Өйткені, актер қойылымдық топтың идеяларын жинақтаушы және жол көрсетушісі. Бұл жерде сыртқы бет-пердесі мен дауысы ғана емес, сонымен қатар сүйкімділігі, еркіндігі, сезім ритмі, стилі мен талғамы да болуы керек. Мұның барлығы жақсы актерге бір спектаклде әртүрлі болуына себепші, кейіпкердің ішкі әлемін жасауға және өз ойының көрермендік бұқарасын жаулап алуына, шеберлігін шыңдауына көмектеседі.

Актерлік шеберліктің жоғары деңгейі қойылымның шығармашылығын арттыру мен күшейте алады; актерлік ойынның кәсіби емес төменгі деңгейі – жояды, керемет қойылымдық шешімдерді де жоққа шығарады. Үлкен психологиялық қиындықтарға себеп болатын актер мамандығының қарама-қайшылығын көрсетеді:

-**бір жағынан,** актерлер бірқатар факторларға (рөлдік материалдар мен режиссерлік біліктілікке драматургтың салған мүмкіндіктері, актермен белсенді жұмысы, спектакль кезіндегі театрлік техникалық цехтардың жұмысы, көрермендермен көңіл-күйі) тәуелді;

-**екінші жағынан,** барлық театр өнерінің квинтэссенциясы актерде бекітілген.

Театрдың әлемдік тарихында ешбір әйгілі режиссер немесе драматургтың атағы шебер актердің әйгілі деңгейімен салыстырылмайды: театрды бейнелей отырып, көрермендердің ойларын бейнелейді. Өзінің дарыны мен қабілеті туралы өзін көрсететін табысты актерлер театрда ғана емес, қалалық элитаның барлық деңгейінде де жетістіктерге жетеді, қоғамдық өмірдің тұрақты қатысушысы, құрметті азамат болады, белсенді өмірлік көзқарастың үлгісі болып табылады. Жұрт сырттан айналып өтпейді. Бүгінгі күні белгілі актерлерді қоғамның қаймақтары деп атайды.

ХХ ғасырда актерлік өнер біртіндеп абсолютизациядан қандай да бір нақтылыққа, актерлік техниканың көп варианттылығы мен алуан түрлілігін сипаттайтын ойынның жеке әдісіне бет бұрыс жасады. Мәселен, ресейлік суретші мен театр қайраткері К.Малевич футуризм деп аталатын эстетикалық ағым аймағында Г.Крэгтің құрастырған актерлік өнер ұстанымдарын басшылыққа алды және дамытты: актер

адами эмоциядан айырылған «маскамен», «жоғары марионеткалы» ауыстырылады.

Неміс драматургы мен режиссері Б.Брехт өзінің шығармашылығында «төртінші қабырға», «шығындалу» ұстанымы және бейнелі кейіпкерден актердің принципиалды бөлімшесін жою көзқарасын қолдайды [3].

А.Чеховтың театрлік эстетикасынан [4] серпіліс алған абсурдизмнің эстетикалық ағымы актерлік техниканың жаңа ұстанымдарын құрастырды: бейнелейтін кейіпкердің психологиялық көлемі емес, дегенмен, дискреттілік, бір-біріне қарама-қайшы келетін керемет байланыс, бөлінбейтін сапалар.

Осыған орай, заманауи актерлік өнер біріншіден, қандай да бір канондар мен принципиалды түрлі стилистиканың болмауын сипаттайды. Алайда, басты ұстаным спектаклдің эстетикалық және стилдік бірлігі, актерлік орындаушылығы болып табылады.

### ӘДЕБИЕТТЕР


1. **Гагин В.** Выразительные средства клубной работы.- М.:Советская Россия, 2013.- б.128.
2. **Генкин Д.М., Конович А.А.** Сценарное мастерство культпросветработника.- М.: Сов.Россия, 2014. – б.134.
3. www.belletrist.ru/definit/2defin/brecht-defnt.htm
4. **Аникст А.А.** Теория драмы от Пушкина до Чехова.М., 2012.


# ҚАЗАҚ АНИМАЦИЯСЫ РЕЖИССУРАСЫ

## *және ондағы заманауи технологияның қолданылу ерекшеліктері*


**Тоғжан БАЙСАБАЕВА,**
**Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының 2-курс магистранты**


**Бүгінгі күні қазақ мәдениеті мен медиасының қай саласында болмасын байыпты түрде буын алмасу үдерісі өтуде.** Бұл соңғы кезеңдерде өзінің тоқырау сәттерін бастан кешірген анимация өнерінде анық байқалады. Буын алмасу өнердің қай саласына болмасын айтарлықтай әсер етуде. Аға буын мен орта буынның жалғасы жастар, алдыңғы буындардың ықпалына берілмей жеке-дара, өздеріне ғана тән соқпақпен келе жатқанын бағамдаймыз. Ең басты әсері, бүгінгі жаһандану, технологиялық шарықтау мен әлемдік ірі прогресс, көзқарастар соқтығысы екені даусыз. **Әсіресе, анимация өнері жайлы белгілі кино теоретик И.Вайсфельдің:** *«...анимация өнері кинематографияға қарағанда айтарлықтай үлкен әсері бар. Анимацияда айтуға, көрсетуге мүмкін емес символдық конструкциялар, абстрактілі және бағалау арқылы ойлауларға толы, көрерменнің өзі күтпеген ракурста көрсетуге жететін құдіреті бар»* [1, 17], – деген сөзін ескерсек, бүгінгі күннің визуальды даму жолындағы негізгі қаруы болары сөзсіз.

Ендеше осы мақалада қазақ анимациясының соңғы жылдардағы туындыларын, соның ішінде телевизиялық анимацияларды да қарастыра отырып, заман өзгерісінің, технологиялық қарыштап дамудың анимация өнеріне тигізген негізгі пайдалы жағымен, сонымен қатар кері әсері барында ғылыми тұрғыда қарастырылады.

**Жаһандану заманының негізгі алға қойылған мақсаттарының бірі – коммерция.** Яғни, сауда-саттық, менеджмент, маркетинг. Адам өз өнері арқылы пайдаға кенелу. Қазақстан қоғамының кино немесе анимация саласында белгілі бір сомада пайда табуға кенелгенімен, шет елмен салыстырғанда айтарлықтай төмен. Оған халықтың саны мен сапасы тікелей себепкер. Сондықтан, қазіргі анимация өнерін жасайтын мамандарымыз, бөлінген бюджетке қарай, шама-шарқынша сапалы дүниелер жасауға тырысады. Біреулеріне демеуші табылса, кейбір мамандарды мемлекет өз тарапынан қолдау көрсетеді. Ал, кейбір таланттарымыз күйбең тіршіліктің құрсауында, бойдағы өнерін өшіріп алып жүргенінің де куәсіміз. Ал, жалпылай айтатын болсақ, біздің анимация режиссерлерінің осы кезеңнен аман-есен, өнерімізді төмендетпей, керісінше келесі биіктерге көтеріп шығуы үшін техникалық тұрғысы мен ішкі мазмұны, негізгі эстетикалық мәнінің біте-қайнасуына ұмтылуы қажет-ақ. Соңғы жылдардағы шығармалар осы айтылған бағытпен жүріп келе жатқаны да ақиқат. Әсіресе, прокатқа шығып, кинотеатрлардан қалың көрерменге ұсынылған «Мұзбалақ», «Күлтегін» сияқты толықметражды анимациялық фильмдер мен «Балапан» арнасының ұлттық супергеройлар жасауға деген ұмтылысын атасақ болады. Дегенмен, салыстырмалы түрде көрермен балалардың көпшілігі әлі күнге дейін шетелдің мультфильміне бір бүйрегі бұрып тұрады. Бұл мазмұндық тұрғының әсері ме, әлде техникалық сапасының жоғары болғаны ма? Бұл сұраққа жауап берместен бұрын анимацияның бүгінгі технологиялық жасалу жолдарына мән берілсе....

**Ең алғаш анимациялық өнердің қуыршақтармен жасалу әдісі 1906 жылы Ресейде пайда болған.** Ең бірінші қуыршақ анимациясын жасаған адам ретінде тарихта қалған Александр Ширяев болса, 1910 жылы ең алғаш толықметрлі қуыршақ анимациясын жарыққа таныткан Владислав Старевич болатын. Қуыршақ анимациясын жасау үшін қозғалмайтын декорацияда қуыршақтардың әрбір әрекетін түсіріп алып, түсірілген кадрларды тігінен, ретімен орналастырғанда экран бетінде иллюзиялық сипатпен анимация туындаған. Қазіргі кезде елімізде, отандық, қуыршақ мультфильмдері түсірілмей жатқанымен, шет елдерінде қуыршақ анимациясы әлі де қолданыста және сұранысқа ие. Қуыршақ анимациясын қазіргі көлемді, яғни 3D пішіміндегі көрініс деп табуға да болады. Яғни бүгінгі таңда анимацияның бұл түрі 3D анимацияға ұласты, бұрынғы қуыршақ анимациясы, яғни көлемді, 3D анимацияға көшті. Заманауи технологияның ең үздігі, алғашында есептеу техникасы ретінде басталған компьютердің анимация өнеріне де пайдасы орасан зор. Бүгінгі күнде компьютерлік анимация деген ұғым да қалыптасып үлгерген. Компьютерлік анимация – мультфильмнің арнайы программалар арқылы компьютермен жасалатын түрі. Қазірде бұл программалар түрі көп және үнемі жаңару жолында. Яғни бір программаның өзі уақыт-ара өңделіп, өзгеріп отырады. Ол болса анимация жасауда үнемі мүмкіндіктің ұлғаюы. Жаңару, яғни жұмыстың қиындығын ықшамдау, ал пайдасын, әсерін, әрлендіруін ұлғайту. Атап айтсақ көпшілікке белгілі 3D Max, Maya секілді арнайы программалар арқылы жоспарланған немесе қаланған әсерді жасап шығаруға мүмкіндік бар. Қолмен салған сияқты немесе табиғи көрінісін

беру мысалы (ағаштың, тастың, судың, жануардың, т.б. шынайы бейнесін шығару, онымен қоса жандандыру) сияқты қатарлас мүмкіндіктері өте көп. Осындай көптеген технологияны компьютердің көмегімен іске асыруға болады. Бейнелеу өнерінің шынайы өлшемдері түгелдей компьютер бағдарламасында сақталған. Негізгі кадрларды қою арқылы жасайтын анимация түрі кең өріс алған және бұндай жұмысты іске асыратын программа түрлері де бар. Олардың бірі – Anime Studio Pro, TV Paint Animation, атап кеткен Maya, 3D Max. Яғни негізгі кадрларды аниматорлар қолмен де, компьютермен де салып шыға алады. Осы тұрғыдан алғанда дәстүрлі анимация жасау өнеріне жақын. Дегенмен, кадрларды жалғастыру әдісін адам емес компьютер өз мойнына алады. Ол өз алдынан өте тиімді және уақытты айтарлықтай үнемдейді.

Захват движения (Motion capture) – актерларға арнайы сигнал беретін киімдерді кигізу арқылы, олардың іс-қимылдарын камераға жазып алып, компьютерден анимациялық бояулармен өзгертіп жасайтын әдіс. Бұл әдіс уақыт пен қаржы мәселесіне тиімді болып есептеледі. Дегенмен, бұл әдісті көпшілік аниматорлар адамның буындық жүйесін анықтап, мимикалық қасиеттерін көрсету үшін ғана пайдалануға тырысады.

Бүгіндері көптеген компьютерлік бағдарламалар, цифрлық фотоаппараттардың өзі анимациялық өнердің жасалуына айтарлықтай септігін тигізуде. Өйткені, білім алуға мүмкіндігі болмаса да анимация жасауға деген ынтасы бар кез келген адам жұмыс істей алады. Отандық және шет елдің үлес салмағын салыстыратын болсақ, осынау алға қарқындап дамып келе жатқан индивидуализм ұғымы әлі де болса төмендеу. Егер, ғайыптан халық саны он есеге өсіп, талантты бірақ кәсіби мамандығы жоқ аниматорлар көбейетін болса, бүгінгі технологиялық мүмкіндіктер анимациямызды біраз деңгейге көтеретіні анық. Өйткені, сан бар жерде сапа бар. Аниматорлардың саны көбейген сайын сапалы мультфильмдер де пайда болады. Сондықтан, бүгінгі күнде мазмұндық тұрғыдан өзіміздің менталитетімізге сай ойлар баршылық екені алға тартып, ол идеяларды балалардың назарын аударатындай етіп, жеңіл түрде беруді құптаймыз. Алайда, қазақ анимациясындағы кейбір мультхикаяларды астарлап бергені соншалықты үлкендердің өзі түсінуге икемсіз болып барады.

**Биылғы жылы «Балапан» телеарнасында заманауи суперкейіпкерлер жасау мақсатында бірнеше мультхикаялар көрерменге жол тартты.** Атап айтсақ, «Дала ойындары», «Айдар», «Ертемір» және т.б. Осы мультхикаялардың жасалуына телеарна мемлекет тарапына қомақты қаржы бөлген. Әр суперкейіпкерді жасауға бірнеше мамандар жұмыла іске кірісті. Әрине, драматургиялық қырынан қарасаңыз айтар ойы бар, ұмытылып бара жатқан ұлттық құндылықтарымызды көтеруге тырысқан. Ал, анимацияның жасалу, техникалық жұмыстарынан кемшіліктері жетіп артылады. Атаған үш анимациялық мультхикаяның бәріне ортақ тұстары, кейіпкерлердің эмоциялары жеткіліксіз. Қимыл-қозғалыстары түсініксіз, икемсіз әрекеттер істейді. Визуальды тұрғыдан кейіпкерлер байланысында дәл ойды анықтай алмаймыз. Мультхикаяның айтар ойы мен драматургиялық ретін тек қана дубляжға, диалогтың ықпалына түсіріп жіберген. Бұл жағдайлар көрерменнің психологиясына тікелей әрекет етеді. Режиссер мен автордың айтпақшы болған терең мағыналары түкке тұрғысыз болып қалады. Әрине, қазақ телевизия саласында, әсіресе, анимация өнерінде ұлттық құндылықтарды дәріптейтін айтарлықтай жобалар екені даусыз. Дегенмен, осы жобаның анимациялық өнердің жүйесі тұрғысынан нағыз жолға қоя білсе, еңбек ақталар еді. Анимацияда образдар анық берілуі қажет. Анимацияның негізгі кілті де жасалған образ. Анимацияда образдар қай қырынан қарамасақ та әр түрлі мағынаға, жаңа қырларын әр қозғалысынан ашып тұратын образдарға айналуы тиіс. *«...Анимациядағы әр қозғалыс – анимациялық кеңістіктегі, белгілі уақыт аралығындағы өзгерістер мен оқиғаның негізгі идеяны ашуға ұмтылысын дәл айқындап беруі тиіс»* [2], – ал, бұл суперкейіпкерлердің жүзіндегі өзгермейтін суреттерден ішкі ойын анық көре алмаймыз.

**Дәл осы «Балапан» телеарнасында, күй өнеріне арналған анимациялық жобалар да өз бастауын алған еді.** Бұл жобаның мақсаты белгілі бір күйді визуальдық-экранда, анимацияның көмегімен, табиғат детальдары мен жан-жануарлар арқылы мағынасын ашуға тырысады. Осы жобаның техникалық әрі мағыналық қатары бір-бірімен терең байланып, бүтін бір дүниеге айналған. Әр жетістікке жеткен ұлт өз тарихын, тамырын толық түсінген, өзін таныған ұлт деуге болады. Біздің де әлі заманауи суперкейіпкерлер өткен жолымыздан табуымыз қажет-ақ. Осынау жобаның көрер көзге оғаш ештеңесі жоқ. Біз бұл жерде жаңашылдықты қажет емес деп айтқымыз келмейді. Жаңашылдыққа жету үшін, өткен ізімізге бір сәт көз жіберуіміз қажет.

Соңғы жылдары кино өнерінде анимация элементтерін пайдаланып фильмдер жасау үрдіске айналды. Әсіресе, жануарларды анимациялық суреттермен безендіріп көрсету сән болып тұр. Европалық, америкалық фильмдер бір жағынан көрерменнің көзқарасына өзімен бірге осынау жолмен жетектеп келе жатқаны да айқын. Қазақ қоғамында көрерменнің сұранысын дөп басуға әлі де шама келмей тұр. Оның бірнеше себебі бар. Ең басты себебі, анимация жасау барысында жаңа технология мүмкіндіктерін толықтай пайдаланып үлгере алмауымыз. Әлем қарқынды түрде дамуда. Инновациялық, технологиялық жетілу, жаңа өндірістік төңкеріс, ғаламат жаңалықтар ашу дәуірі. Әлем күн сайын өзгеруде. Зуылдаған заман көшінен қалмай, ол көштің алды болмасақта, қатар болуымыз қажет. Үнемі даму, жаңару жолында болуымыз керек. Әрине, бірнеше мамандар заман ағымынан қалмай, өз саласын жақсы игеріп жатыр, яғни сол мамандар саны көп болса. Бұл мәселеге себепкер деп анимациялық мамандардың дайындайтын жоғарғы оқу орындарын айтуымызға болады. Қазіргі заман жастары, жаңа формация адамдары. Дегенмен соңғы технологияларды игеру, даму, жетілдіруді кеңес азаматтарыда мақсатқа қоюы кәміл. Жасы болсын, үлкені болсын бүгінгі технологияны терең игеріп жәнe заман талабына сай енген өзгерістерді де жетік меңгеруі қажет. Анимация өнерін жаңа сатыға көтеруіміз ғана емес, сәйкесінше күнделікті жаңаруға дейін, шет елдерден озып түспесек те, қуып жетуіміз және өзімізді басқа қырынан әлемге таныту қажет-ақ. Отандық суретші және режиссер аниматорлардың санын әлдеқайда ұлғайтып, қазіргі жаңа технологияларды толықтай меңгеріп, сол технологиялар боиынша өзге елдерге ұқсас келмейтін, ерекше бір көрінісі бар, қазақ елінің исі шығып тұратындай өнімдер шығарылса. Қазақтың қара домалақтары өз елінің суперкейіпкерлерін тамашаласа.

Қазақ анимациясы тәуелсіздікті алған жылдары мен жаңа ғасырдың басында біраз үзіліп қалды. Кейіннен мамандар дайындап, олар өз жолын тапқан уақытқа дейін бірнеше жыл уақыт қажет болды. **«Қазақфильм» киностудиясында 1976 жылдардан бастап жұмыс жасап, бірталай мультфильмдердің шығуы үшін еңбек еткен режиссер әрі аниматор Аманжол Әбілқасымов былай деп еске алады:** *«Бүгінгі қазақ мультфильмінің дамуы үлкен қиыншылықтарды бастан өткізді.*

*1990-шы жылдардан бастап 2000, 2005-ші жылдарға дейін қажетті қаражаттың бөлінбеуі салдарынан фильмдер өндірісі аз болып, барлық үйреткен мамандарымыз тарап кетті. Осы жылдардағы үзіліс отандық анимацияға зиян келтірді. ВГИК-ті бітіріп алғаш осында жұмысқа келгенімізде, жылына бес фильм шығаратын, оның ішінде суретті, қуыршақты, сурет қиындысымен, (перекладка), қатырмадан құйып, ермек сазбен жұмыс. Ең күрделісі Диснейдің мектебі еді. Бірақ, осы жағдайда да жұмыс жасадық, сөйтіп жылына бес фильм жіберіп жүрдік. Әрине, оның ішінде сәттісі, кейбір орташа сапада шыққандары да болды. Дегенмен, 1990-шы жылдар қаржы тапшылығының нәтижесінде отандық анимацияның күні құрдымға кетті»* [3, 20]. Қазіргі күндері Адай Әбілда, Тұрдыбек Майдан секілді бірнеше анимация режиссерлері өз фильмдерін жасап көрерменге ұсынуда. Аталған мамандардың «Күлтегін», «Мұзбалақ» атты анимациялық фильмдері техникалық жасалуы жағынан да мазмұндық құрылымынан да жаңалық әкелді деуге толық негіз бар. Фильмдегі қыран құстың таутастан ұшып, өзге кейіпкерлерге ауысқан сәттері жаңа технологияның жемісі. Аталған толықметрлі фильмдердің бірі 3D ал бірі қолмен салынған өте күрделі де үлкен жұмыс. Екі өнімде «Қазақфильм» киностудиясынан шықты. Айта кетсек отандық маман, суретші аниматорлардың саны аз ал, әр студияны жеке алып қарасақ мұндағы мамандардың саны шет елдерінің бір кішігірім студиясының мамандарының санымен салыстыруға келмейді. Соған қарамастан бес саусақ – бір жұдырық болып ел көңілінен шығатындай өнім әкелді. Әрине енді салыстырмалы түрде алсақ мақтануға әбден тұрарлық. Мемлекеттің тапсырысымен жасалып, көрерменге деген ыстық махаббаттарын, қоғамның эстетикалық талғамын көтеру мақсаттарын алға қойғандары жұмыстарынан көрінуде. Отандық суретші аниматорлардың саны айтарлықтай көбейсе, жылына осынау бірнеше жобалар жасалса, сан бар жерде сапанында пайда болуы кепіл.

Қорытындылай келгенде, қазіргі қазақ анимациясы күннен күнге қарыштап дамып келе жатқан әлем анимациясының жасалу техникасындағы жоғары деңгейін меңгеруде. Бәсекеге қабілетті жастар арасында талпынып тұрған жастарымыз да баршылық. Ол үшін ең бастысы, анимация өнерінің жасалу технологиясына қажетті заманауи әдіс-тәсілдерді сауатты әрі жүйелі игеріп, драматургиялық-эстетикалық білімінің де мол болғаны жақсы. Жалпы, қазақ анимациясының болашағы жарқын. Ең басты мәселе анимация жасайтын технологияларды толық игеріп, әрі басқара алатын және жүйелі түрде жұмыс істеуге қауқарлы жас мамандарға қол ұшын беру қажет. Қазақ анимациясын көтеруге ұмтылып жүрген жастардың үмітіне үміт қосып, мемлекет тарапынан шаралар істелгені оң болмақ.

**РЕЗЮМЕ**

Стремление и направление новизны в современной казахской анимации, научный взгляд на проблемы и особенности использования современных технологий.

***

Aspire and direction of novelty of the Kazakh modern animation, scientific view on problem and features of using modern technologies.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1.**Вайсфельд И.В.** Искусство в движении: Современный процесс: исследования, размышления. М.: Искусство, 1981. С. 17.

2.«Анимационное произведение: типология и эволюция образных средств» тема кандидат искусствоведения Попов, Евгений Александрович.

3.«Шырақ» 2006-2007 жж. Режиссері: Қ.Қасымов.



# «МӘДЕНИЕТ», «КОММУНИКАТИВТІК МӘДЕНИЕТ» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ МӘНІ

**Дархан ДАЙЫРБЕК,**
**Қазақстан халықтар достығы инженерлі-педагогикалық университеті педагогика және психология мамандығының 2-курс магистранты**

**Қазіргі кезде «қарым-қатынас» терминімен қатар, «коммуникация» термині қолданыста жиі пайдаланылып жүр.** Алғаш рет ***«коммуникация»*** термині (латынша communication, communicare – ортақтастыру, жеткізу, әңгімелесу). XX ғасырдың басында ғылыми әдебиеттерде пайда болып, екі негізгі жалпы теориялық құрылым ретінде шетел зерттеушілері арқылы қарастырылды:

1) **бихевиоризм** (коммуникацияның негізі жүйе ретінде тіл емес, тікелей кез келген адамды тәрбиелеуге болатын дыбыстары) бұл әдістің өкілі Д.Уотсон;

2) **коммуникация символикалық интеракционализм** (персонализм-дербестік) тұлға ішкі метафизикалық қабілеті арқылы өз бойында басқа біреудің сезімдерін ашу, бұл әдістің өкілі Дж.Г.Мид). Жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыру және дамыту үшін оның ғылыми әдебиеттерде кездесетін қайнар көздерін, түпкі нәтижелерін анықтауға назар аударатын болсақ, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан қарым-қатынас мәдениетінің мәні және құрылымы ашып көрсетіледі.

Қазақстандық зерттеушілердің кейбіреулері жоғарыда көрсетілген коммуникацияның екі әдісімен сәйкес келетін, тілдік коммуникация мен техникалық коммуникацияны бөліп айтады.

**Техникалық коммуникация** – ақпараттарды қабылдауға және жіберіп отыруға мүмкіндік туғызатын құралдардың жиынтығы. Бұл коммуникацияның компоненттері: хабарлама жібергіш; хабарлама жеткізгіш; байланыс арнасы; қабылдауыш; хабарлама алушы.

**Тілдік коммуникация** – хабар жіберушіні, хабар алушыны, олардың әңгімелесу барысы және тілдің бөлігі ретінде хабарламаны енгізуге болады. Коммуникациялық бағыт адам өмірінің түрлі саласымен байланысатын сөйлеуді үйретуге бағындырылады.

**Коммуникативтік мәдениет дегеніміз** – мәдениет, білім беру алаңында тиімді орнығу үшін, әлеуметтік ортаға тез сіңу үшін, кәсіби іс-әрекетінде өз білімін жетілдіру және өзін дұрыс көрсете алуындағы адамның жүйелік мінездемесі. Коммуникативті мәдениетке: қоғамдағы мәдениет; жеке адамның мәдениеті; кәсіби іс-әрекетінің мәдениеті жатады.

Философиялық сөздікте мәдениет – сана мен болмыста адамзаттың әлеуметтік-мазмұнына қарай адамның әлеуметтік индивид ретінде дамуы, оның – таным, қарым-қатынас, іс-әрекет субъектісі ретінде өмір сүру әдісі, жекелік, шығармашылық, әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық жетілуі деп көрсетілген. Философиялық энциклопедиялық сөздікте С.С.Аверенцев мәдениет материалдық, рухани өнімдерде, әлеуметтік ережелерді рухани құндылықтарда, адамның өзіне қарым-қатынасында көрінетін тіршілік тәсілі деп түйіндейді.

Е.И.Ильин зерттеулері В.Н.Мясищевтің психологиядағы қарым-қатынас туралы ілімін қолдап, түсінігінің маңызын аша отырып, психологиялық тұлғаның белсенді, таңдамалы бағытының, іс-әрекетінің сипатын, мінез-құлығында байқалатын ерекшелігін көрсетеді [1].

Сондықтан, қарым-қатынас адамда шындықтың объектісін танып білудің нәтижелерін, қатынасын психикалық ерекшелік ретінде түсіндіреді.

Қарым-қатынас сипаты қоршаған шындыққа тәуелді келеді, оның ортамен, дүниемен байланысын білдіреді, ішкі дүниесінен көрініс береді. Қарым-қатынас жүйесі адамның жеке дамуының жемісі.

Қазіргі заманғы педагогика ғылымында білімнің гуманистік принципі мәдени жасампаздық қызметін атқарады. Ол жеке тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтарға жақындастыру, өз бағасын білу және өзін-өзі қалыптастыру мүмкіндіктері арқылы адамның жеке мәдениетінің дамуына әсер етеді. Адамзат қоғамының шеңберінде құрылған және қызмет ететін мәдениет пен білім өзінің мәндерінде жұптасады, мазмұнына қарай бірігеді [2].

Этикалық сөздікте мәдениет рухани өмірдің барлық формаларын біріктіру деген. Педагогикалық бағытта мәдениет – адамдардың бірлескен ғылыми, моральдық-әлеуметтік көркем және техникалық құндылықтар жасаудағы қарым-қатынас жиынтығы адам тұлғасына бағытталған өзін-өзі танып білу.

Мәдениеттің қалыптасуына В.С.Библер ерекше мән береді. Оның пікірінше мәдениет адамдардың қарым-қатынасы мен бір кезеңдегі болмысы, өмірінің, санасының, ойлауының формасы, қайта жаратылу жолдары. Жоғарыда көрсетілгендей қарым-қатынас проблемасын шешуде білім жеткіліксіз, сондықтан да жеке тұлғада адам мен адамның үйлесімді қарым-қатынасын қамтамасыз ететін қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру қажеттігі туындайды. Себебі қарым-қатынас мәдениеті білімді белсенділікке, нақты іс-әрекетке бағыттайтын құрал.

Осыған байланысты жоғары оқу орындарда теориялық білім және кәсіби біліктілікке тәрбиелеуде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі айқындалды. Қарым-қатынас мәдениеті ұғымы ғылымда оны жан-жақты талдаудың қажеттілігін көрсетеді [3].

Қарым-қатынас пен мәдениеттің ажырамас тұтастығын көрсететін негізгі жол, тұлғаны дамыту, тәрбиелеу, қалыптастыруда оның қоршаған дүниені қабылдауы, меңгеруі және табиғи, әрекеттік, әлеуметтік қатынасы. М.С.Коган қарым-қатынас мәдениетін рухани және қатынастық материалдық құндылық тар байлығы, адамзат санасы, тұрмысы, өткені мен бүгіні деген анықтама береді [4]. Мәдениеттаным бағытында қарым-қатынас мәдениеті бір жағынан дәлелдеуді қажет етпейтін қисынды ұғым десе, екіншіден көпмағыналы тіл мәдениеті, этикеті, мінез-құлқы, тұрмысы мен салты деп жіктеледі.

Жоғарыдағы анықтамаларды негізге ала отырып, біз «коммуникативтік мәдениет» ұғымын төмендегідей тұжырымдадық, коммуникативтік мәдениет – адамзаттың мәндік сапаларын жақындастыруға бағытталған адамгершілік, саналылық әрекеттер.

Тұлғаралық өзара коммуникативтік мәдениет проблемасымен байланысты. С.Л.Рубинштейн бойынша, дүние адаммен арақатынасты білдіретін құбылыстар жиынтығы. Адам қоршаған ортаға еніп, ерекше мәнге ие болады, сонымен бірге жеке тұлғаның дамуының маңызды бөлігі оның мәдениетін қалыптастырады.

Адамзат қоғамы шеңберінде құрылған және қызмет ететін мәдениет пен білім мәселесі қоғамдық ортамен тікелей байланысты. Осы тұрғыда, К.И.Исламованың зерттеген экологиялық мәдениетті қалыптастыру проблемасы қоғамның табиғи ортамен ғана емес, әлеуметтік табиғи ортамен өзара әрекетінің тәсілдерін сипаттайтын, барлық рухани өмір мен істе көрініс табатын адамзат мәдениетінің маңызды бөлігі, қоршаған ортаға ізгілікті қарым-қатынасты білдіретін тұлғаның ерекше қасиеті мәдениеттілік деген тұжырымына толық қосылуға болады. Олай болса, қоғам мен мәдениет арасында терең байланыс пен жоғары мәнділік сипаты бар [5].

Педагогика ғылымында адам қоғамның басты құндылығы және қоғамдық дамудың өзіндік мақсаты мәдени-рухани құндылықтармен ашылады. Сонымен қатар, жеке адам танымның, қарым-қатынастың, шығармашылықтың белсенді субъектісі ретінде беріледі. Олардың өмір сүруі тек қана қоғам талаптарына сай. Олай болса қарым-қатынас адамзат болмысының өмір сүру шарты деп есептеледі.

Қарым-қатынас барысында жеке адамның әлеуметтену процесі жүреді, соның нәтижесінде оның қоғамдық рухани және материалдық құндылықтарға жақындауы мен дәстүрлермен танысу жағдайы қалыптасады. Адам қарым-қатынас процесінде жеке тұлғалық ерекшелігін көрсетеді, өзі үздіксіз қарым-қатынаста болатын қоғамға енеді. Коммуникация әрбір адамның әрекет барысындағы субъектісіне айналып, табиғат пен дүниені таниды, олармен қарым-қатынасты дамытады. Сөйтіп, іс-әрекет барысында тұлғаның ішкі мәдени дамуы бірте-бірте қалыптаса бастайды.

Қоғамда мәдениеттің өмір сүруінің қажетті шарты болып қарым-қатынас беріледі және жеке адамның дамуы үшін басты құралы ретінде жекелік қатынастар, өзарақатынастар мен қарым-қатынастың коммуникативтік мәдениеті енеді [6].

Қарым-қатынастың өзі адам болмысының рухани және мәдени формаларын біріктіре отырып, оның қажеттілігін дәлелдейді. Бұл проблеманы зерттеуге адамтану мәселелерінің өкілдері үлес қосып, педагогикалық этика және қарым-қатынас мәселесі бойынша тың идеялармен толықтырған [7].

О.С.Газман зерттеулері В.А.Петровскийдің өз кезегінде қарым-қатынастан тыс жеке адамның даму мүмкіншілігі жоқ, даму жеке адамның басқалармен өзара байланысы негізінде өтеді деген пікірін қолдайды. Қарым-қатынасқа сұраныс-қажеттілік онтогенездегі адамның алғашқы әлеуметтік қажеттілігі, қарым-қатынас барысындағы индивидтің өз қогамының мәдени нормаларымен адамгершілік заңдарымен жақындасып, жеке адам ретінде дамуы. Ол – қарым-қатынаста ғана өзін белсенді шығармашылық субъект ретінде таниды. О.С.Газман пікірінше тұлға қарым-қатынаста «адам-адам» бірлігінде, қоғам мен мәдени коммуникация процесінде анықталады [8].

Біздің ойымызша, мәдени коммуникация өмірдің әр саласында адамның өзі таңдаған бағытында қалыптасу деңгейі. Ол қоғамдық ортадан басталып, жанұялық деңгейге дейін дамыған адамның мәдени сапаларының көрінісін білдіреді.

Ғылымда қарым-қатынас пен іс-әрекет қана емес, оның құрылымын зерттеуде пікірталастар бар. Мәдениет өзінің танымдық, эстетикалық, тәрбиелік функцияларын игере отырып қарым-қатынастың бастауы және эталоны болып саналады.

Адамзат тарихының басында пайда болған және құқықтың әлеуметтік нормалары негізінде қалыптасқан байланыстарды мәдеиеттаным өкілдері өз теорияларында ұсынады. Философия, психология, мәдениеттаным өкілдері бұл проблеманы қарым-қатынас табиғи күштерді басқару үшін және адамның қажеттілігін қанағаттандыру үшін, игіліктерді игеру үшін қалыптасқан жол, сонымен бірге адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін табиғи инстинктерді біріктіретін құбылыс деп көрсеткен. Теорияда көңіл аударатын жайт, адамның санасында мәдениетке қарсы және әлеуметке қарсы кейбір жағдайлардың адамның іс-әрекеті мен мінез құлқы, қоғамдық тәртібін анықтап отыратыны. Басқаша айтқанда адам екі оттың арасында тұрғандай, бір жағынан мәдениет адамды ләззат, рахаттан бас тартқызса, екінші жағынан қарым-қатынас негізінде табиғат игілігін игеріп, пайдалануға және адамдар арасында бөлісуіне мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар, адам жан рахаты үшін мәдениеттен бас тартса, қоршаған орта қорғауынан, игіліктерден, қарым-қатынассыз тіршіліктен айрылуы да мүмкін.

В.А.Сухарев қарым-қатынас пен мәдениет негізінде субъектілердің өзара әрекеттік диалогтық белсенділігін көрсетті, яғни, басқа адаммен қарым-қатынаста оны сыннан тыс, жоғары көзқараспен қабылдағанда дүниені сол көзқараспен байқағанда ғана мәдени деңгейді қарым-қатынасты көруге болады дейді [9].

Мәдениет негізінде адамзат өткен өмір тәжірибесімен танысып, оны басынан кешіруі, өмірлік тәжірибесін дамытуға мүмкіндік алады. Полимодальдық қарым-қатынас тізбегінде адам мәдениетпен кірігу арқылы жеке рухани тәрбиеге ие болады.

Мәдениет – қарым-қатынастың шеңберін кеңейтеді, субъектаралық қарым-қатынас шегінен шығып, қатынастың жаңа типтерін туғызады, яғни субъект-объект қалыптасады. Қарым-қатынастың жекеаралық позициясын ұсынушылар философиялық антропология экзистенциализм өкілдері пікірінше коммуникация, яғни белсенді қарым-қатынас табиғатына қарай диалогты, ал диалогқа қатысушылар белсенді субъект жоғары мәдениет иелері болады [10].

Қорыта айтатын болсақ, қарым-қатынастың жоғарыда көрсетілген ерекшеліктері – заттық әрекеттегі мәдениеттілік белгілері, ал заттық әрекет адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуының ең алғашқы сатысы. Заттық әрекетті меңгеру барысында қарым-қатынастың алғашқы элементтерін байқаймыз. Қарым-қатынас қажетті ақпарат алмасуда, басқаруда көрініс беретін заттың іс-әркеттің тиімділігін қамтамасыз ететін мәдениеттілік белгілері белсенділік, идеяшылдық, еркіндік, ерекшеліктің субъектісі ретінде танылады. Екіншіден, қарым-қатынас жасау үшін адамға тән әлеуметтік сапаның пайда болуы адамның мәдени қауымдастыққа жету мүмкіндігін ашады. Үшіншіден, субъектінің өз құндылықтарына қатынасы көрінеді. Сонымен, қарым-қатынас адамды тәрбиелеу үшін, дүниені қабылдау және түсіну үшін, адамдарға және өзіне өзара әрекет субъектісі ретінде қатынасының мәдени құралы ретінде беріледі.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1. **Ильин Е.И.** Искусство общения. - М.: Педагогика, 1982.- 144 с.
2. **Батурина Г., Кузина Т.** Традиционная культура воспитания в национальной школе // Педагогика.- 2005. - с. 122-130.
3. **Лихачев Б.Т.** Образование: идеология и политика //Педагогика.-1995.-№4. - С. 42-46.
4. **Коган М.С.** Системный подход и гуманитарное знание.-Л.: 2001. - 263 с.
5. **Исламова К.И.** Оқыту процесінде оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру. Автореф. дис...пед.ғылым.канд. Алматы, 2001.-21 б.
6. **Мудрик А.В.** Общение как фактор воспитания школьников. - М.: Педагогика, 2004. - 246 с.
7. **Рысбаева А.К.** Культура профессионально-педагогического общения в коллективе студенческой группы как условие формирования личности будущего учителя: Автореф. дис... канд. пед. наук. – Алматы, 1991.-18 с.
8. **Сарсенбаева Г.М.** Педагогические основы развития организаторских способностей студентов университета: Автореф. дис.,.канд.пед.наук. - Алматы, 1998. - 18 с.
9. **Сухарев В.А.** Этика и психология делового человека.- М.:Флинта, 2007. - 114с.
10. **Темирбеков С.** Введение в культурологию. -Алматы: Жазушы, 1996.-с. 61.

# KAZAKH INTERIOR DESIGN INNOVATION TREND

**Bakyt MAKMUTKAZY,**
**is master studnet at the Zhurgenov Kazakh national academy of arts, Almaty city, Kazakstan.**

**1.Kazakh interior design innovation concept**

Interior design innovation is feasible, valued, futuristic, etc., so it is the initiative, value, active activity process that can generate new results in interior design, and the structural design and decoration design are perfectly and flexibly matched. The decoration design is mainly to improve The sensory appeal of the interior design elements makes the components more beautiful and aesthetically pleasing on the basis of the structure. As American designer Pross said: *"People always think that design has three dimensions: aesthetics, technology, economy, but more importantly, the fourth dimension: humanity!"*, so any design should firmly grasp that people are the first The principle of sex. As a continuation of interior design, interior design is the most direct embodiment of the relationship between product and space and its audience. As a modern designer, it has the responsibility and obligation to design the most suitable humanized environment.

**2. Modern Kazakh is flexible in applying traditional materials, innovative design effects**

The relationship between the interior design innovation of the new building and the interior design innovation of the old interior design transformation is mainly to fully understand the relationship between the house and the house. From

this we can know that in order to innovate the interior design effect, it is necessary to properly match the traditional decorative materials to fully display their hidden features to lead the interior design trend. Therefore, it is necessary to pay attention to the application of traditional decorative materials. On the basis of understanding the characteristics of traditional decorative materials, the styles after the interior decoration are developed towards the design intentions of the interiors through different matching methods, thereby saving energy and a large amount of decoration costs. To make the interior decoration the best. For example, when decorating the most commonly used indoor bookshelves, in order to make the whole decoration effect the best, you can fully apply the connection between books and wood, design the whole bookshelf into a tree shape or the owner's favorite shape, and use the books. The overall color of the wood is decorated to not only make the whole interior decoration look new, but also show the love of books, unique style and the protection of the forest. This is one of the forms of innovative application of decorative materials in interior design.

**3. Selection of Kazakh interior design materials**

In the past, when designing interiors, due to the limitation of the type and quantity of decorative materials, the choice of decorative materials can only pay attention to the consistency of material properties and decorative functions. The indoor space, which is composed of basic properties and mechanical laws, has the dual characteristics of satisfying the function of use and the aesthetic requirements of human beings. Different materials are used to create different spatial interfaces in the room (such as the metal structure ceiling of the Pompidou Center, the wooden roof truss in the room, etc.). Various spatial components such as lines, faces and bodies are produced indoors. This is the material. And the combined impact of the structure on the indoor environment. The application of some new material components, such as large glass partitions, makes the interior space transparent, greatly enriching the indoor spatial level changes, which have changed the traditional architectural form and its design method. Therefore, in a certain sense, the overall image of indoor space is a comprehensive artistic image that is reflected by materials, structure and space.

On the other hand, the material gains value because it reflects its nature. The texture and texture of the material can enhance the space environment effect and make its basic image more meaningful. Therefore, the application of any material should reflect its essence, such as in building materials. The use of wood materials should reflect its essence. For example, wood in building materials is considered to be the most human material. People are willing to approach and love its vivid texture and natural luster, and intentionally express it when using it. Brick is a common material, but in the minds of contemporary architects, it is still regarded as a material with strong natural character and expressiveness. In many low-rise houses, offices and some cultural buildings in foreign countries, water is generally used. Brick walls, constantly updating their materials and performance characteristics in modern environments, building methods, developing new textures, and making it more potential. This has broken the constraints of material selection that has been received in the past, thus further promoting the development of interior decoration engineering. For example, when decorating the shed of the bathroom, the application of the waterproof gypsum board not only makes the overall interior design more coherent, but also makes the overall performance better.

**4. The design combines architectural decoration materials with light and color.**

In the interior design, in addition to the material color, it is necessary to pay attention to the perfect combination of decorative materials and lighting, and choose which artistic design style to use in the whole indoor space (for example: ancient Design style, modern design style, European and American design style, traditional design style, classical design style, fashion design style, etc.) not only can better meet the decoration needs of the head of the household, but also make the whole interior decoration have a higher overall sense. And the beauty makes people feel more intimate and comfortable. In the actual decoration process, in order to perfectly integrate with the indoor lighting, while contemplating the interior decoration price, the indoor space environment is more comfortable, comfortable and economical. First of all, we need to fully understand the texture, luster, thickness and other characteristics of the decorative materials used, visual aesthetic ability, and use the artist's eyes to look at the indoor space environment, so that the decoration can be made with higher texture and uniqueness according to the needs of the head of the household. The visual experience. For example, for the use of glass materials, the difference in illumination area will make the visual effects created by the difference. Therefore, in the actual decoration process, it is necessary to carry out reasonable lighting arrangement according to the needs of the head of the household, so that the interior decoration can create an atmosphere desired by the head of the household. For another example: for the decoration of the bathroom interior, it is necessary to arrange the illumination according to the function of different tools. For the mirror in the bathroom, mainly for people to wash, so you can install fluorescent lamps above the mirror to meet the actual needs; and for the shower area, for people to bathe, install the ceiling lamp on the ceiling above the shower area. In order to meet the needs of bathing, it can also create a warm and romantic feeling for people.

**5. Kazakh prairie natural style calls for green health**

The interior art design mainly uses eco-environmental protection as the premise of interior design. Try to avoid or not use the decorative materials that are harmful to the body and pollute the air, so that your living environment is more comfortable and warm, just like being in the heart of nature. Therefore, the interior design room should return to naturalization, pay attention to adding a comfortable pastoral atmosphere in the house, boldly create new texture effects in the design, as well as abstract design techniques, adhere to the requirements of sustainable development, pay attention to low carbon environmental protection, and fully consider energy conservation. With the saving of indoor space, we strive to create an indoor environment that is good for people's health and well-being, and bring the most comfortable and warm nature to the people's living room.

**6. to sum up**

Innovation in interior design, technological innovation first, understanding of ideas and concepts; structural design innovation first, decorative design innovation. An innovation must begin with a traditional cloak, and innovation is the process of gradual follow-up. In summary, as people pay more and more attention to health issues, they bring new development opportunities to the interior design industry, but also bring greater challenges. As an interior design industry, it is necessary to use energy-saving and environmentally-friendly materials for interior design as much as possible while satisfying people's living needs. One is to ensure that the interior design has higher economic performance, and the other is to ensure that The interior design is more environmentally friendly, which is in line with the development needs of modern society, and therefore will lead the way of innovation in modern interior design.

**ТҮЙІН**

Қазіргі адамдардың өмір сүру деңгейі үнемі жетілдіріліп отырғандықтан, интерьер дизайнына қойылатын талаптар аса жоғары болып келеді. Ішкі ортаға халықтың әртараптандырылған қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамудың шектеулері салдарынан ұлттық жағдайларды біріктіретін және уақыттың талабына сай дизайн стилі болмады. Ал заман интерьер дизайнын пайдаланудың бірегей стилін талап етеді. Интерьер дизайны жасыл және экологиялық таза болу үшін материалдар үнемі жаңарып отырады.

**Түйінді сөздер:** қазақ, интерьер дизайны, экологиялық таза материалдар, инновациялық стратегия.

**РЕЗЮМЕ**

С непрерывным улучшением уровня жизни людей в эпоху требования к дизайну интерьера становятся все выше и выше. Чтобы удовлетворить разнообразные потребности людей во внутренней среде, из-за ограничений социально-экономического и культурного развития, не было тенденции стиля дизайна, который сочетал бы национальные условия и имел четкое представление о времени. Требуется уникальный стиль оформления интерьера и использование дизайна интерьера. Материалы постоянно обновляются, чтобы сделать интерьер более экологичным и экологичным.

**Ключевые слова:** казахский язык, дизайн интерьера, экологически чистые материалы, инновационная стратегия.


**REFERENCES**


1.**Hu Chunli.** Innovative use of color elements in architectural interior design [J]. China New Technology and New Products, 2010 (19): 7 ~ 9.

2.**Wang Bo, Liu Zhaohui, Zhao Zhengxiang.** Preliminary Study on the Construction Planning of Decorative Materials and Structures [J]. Journal of North China Institute of Science and Technology, 2012(3):93-95.

3.**Ge Lujun.** Innovative Application of Building Decoration Materials in Interior Design [J]. Light Industry Standards and Quality (Product Design and Application), 2013(1): 61~64.

4. **Wines J.** Green architecture.- 2000.- P.927

5.Art of architectural and landscape design / under the general Ed. G.A.Potaeva. - Rostov n / D: Phoenix, 2008. – 217 s.


***АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ***


**Жамбыл АРТЫҚБАЕВ,**
**тарих ғылымдарының докторы, профессор**


*Біз Дәшті-Қыпшақ атауын білеміз, Күлтегін жазуын жаттаймыз, одан әрі әлем тарихының ортағасырлық талай ескерткіштері туралы хабарымыз бар, бірақ Қарахан өркениеті туралы не бір дұрыс зерттеу жоқ, не сондай тарихи кезең болды деп ауыз ашпаймыз. Қызық құбылыс! Әлемге танылған, бір жағы Қашғар (Ордакент), бір жағы Бұхар, бір жағы Ертіске дейінгі қазақтың даласы, алғашқы ислам өркениетін көрші өзбек-қырғыз бауырларға беріп қойып, тып-тыныш отырмыз. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін оқуға жеңіл бірнеше этюдты дайындадық, сіздер де үн қосып отырыңыздар.*

# ҚАРАБУРА – ҚАРАХАН ДӘУІРІНІҢ ҚАСИЕТТІ ҚОРЫМЫ

Қарабура – Қаратаудың терістік жағында, әйгілі Созақ өлкесінде орналасқан көне тарихтың қасиетті белгілерінің бірі. Ел аузындағы әңгімеге қарасақ, Қарабура – қазақ даласында ислам дінінің орнығуына Ахмет Йассауимен бірге ат салысқан дін қайраткері. *«Әсіресе, Сахарада ислам дінін орнықтыруда Қожа Ахмет Йасауи мен Қарабура тізе қосып, қажыр-қайрат, мақсат-мүдделерін ортақтастырған»,*– дейді белгілі өлкетанушы ақсақал Сүлеймен Тәбризұлы. Бір әңгімелерде Қарабура Қожа Ахмет Йассауи қайтыс болғанда, марқұмның өсиеті бойынша оның мәйітін арулап, жаназасын шығару рәсімін өткерген адам. Аңызға айналған қаһарман Қарабура атымен Түркістан, Шу, Талас сияқты ежелден отырықшылық мәдениеті дамыған, мемлекеттерге саяси-әкімшілік орталық болған берекелі өңірдің Қарабура, Бегім ана, Қарахан ата, Айша бибі сияқты бірталай ескерткіштері байланысты. Сонымен бірге тарихи аңыздар мен жазба хабарларда аттары аталатын Әмбар бибі мен Бегім ана осы Қарабураның қыздары болса, атақты ортағасырлық ақын Сүлеймен Бақырғани, әулие Зәңгі баба күйеу балалары. Атақты Айша бибі – Әмбар бегімнің қызы, яғни Қарабураның жиен немересі. Бегім ана оғыз-селжүктердің билеушісі Санжар сұлтанға тұрмысқа шыққан. Бір сөзбен айтқанда Қарабура Сыр бойындағы діни ғылым мен ақындықтың, мемлекеттің ішкі-сыртқы саясаты мен идеологиясының ортасында өмір сүргені байқалады.

Созақ өңіріне белгілі өлкетанушы ағамыз Сүлеймен Тәбризұлы *«Қарабура қазақ даласында Қарахан мемлекетінің шаңырағын көтеріп, ірге бекітіп, нығаюына белсенділікпен ат салысқан»* деген пікір білдіреді. Сонымен Қарабура қызмет жасаған Қарахан мемлекеті туралы және осы мемлекеттің түп негізі туралы біз не білеміз?

*(Жалғасы бар).*

**Фейсбук парақшасынан.**

# МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ СЫР ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ТҰҒЫРЫ

**Балжан АЙТБАЙ,**
**Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың магистранты,**
**А.Хангелдин атындағы №179 орта мектептің тарих пәні мұғалімі**

Нәзік жандылардың қоғамда алатын орны ерекше маңызды. Қазақ аруларыда ерте заманда тек отбасының жағдайын ғана жасап қоймай, дәстүрлі мәдениеттің бесігін тербетіп, рулы елдің қамын жейтін ел анасы деңгейіне көтеріле білген. Бүгінгі таңда әйелдер ер адамдармен бірге тізе қосып, елімізді көркейту мақсатында ерен еңбек етуде. Бүгінгі күні әйелдің барлық салада қызмет етуі заман өзгерісіне орай заңды құбылыс болып келеді.

**Мәдениет өте нәзік, әдетте шығармашыл, сонымен бірге ұйымдастырушылық қабілеті жоғары адамдарды біріктіретін сала.** Бұл салада әйелдер өздерінің қабілетін толығымен ашатыны сондықтан да шығар. Олар өз бойына сарқылмас қиял мен мақсатқа жетушілік, әр іске шығармашылық тұрғыдан келу мен әр басшыға қажет көшбасшылық қасиет секілді қабілеттерді жинақтап, біріктіре алады. Осы мәдениет саласындағы шоқтығы биік, елімізге және шет елдерге қазақ өнерін дәріптеп қоштап жүрген әртіс, әншілеріміз жеткілікті. Сыр өңірінен шыққан, мәдениетіміздің дамуына өзіндік үлес қосып жүрген жандар қатарына: Надя Артықбаева, Сабира Майқанова, Роза Бағланова, Мәдина Ерәлиева, Елена Әбдіхалықова, Елмұра Жаңабергенова, Жеңіс Ысқақова, Күлән Қалымбетова, Мәдина Сәдуақасова, Бибіажар Маханбетова, Күлән Қалымбетова, Люба Сугірова, Тәжігүл Аманжолова, Фарида Қожамқұлова, Балауса Жағыпарова, Қаракөз Ақдәулетова және т.б. Облыстың драма театрының әртістері Әлия Арысбаева, Д.Көшекбаева, Камила Әбжанова («Қозы Көрпеш – Баян сұлу») бірқатар фильмдерде өз мүмкіндіктерін таразыға салды.

«Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі», «Шапағат» медалінің иегері әнші, ұстаз, қазақтың классикалық ән өнерін халықаралық деңгейде насихаттаушы Ақдәулетова Қаракөз Ақжігітқызының есімін ерекше атап өткен жөн. Ол басқаратын балалар студиясының шәкірттері дүниежүзінің Эстония, Түркия, Франция, Армения, Болгария, Қырғызстан, Ресей, Америка, т.б. елдерінде өткен өнер сайыстарында жүлделі орындарға ие болып жүр.

Қаракөз Ақжігітқызы Ақдәулетова 1956 жылы Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Комсомол совхозында дүниеге келген. 1973 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтына түсіп 1977 жылы музыка және ән мамандығы бойынша бітіріп, оқытушы болып қызмет жасаған. 1981 жыл Алматы қаласында Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияға түсіп (ән бөліміне), Қазақ бұлбұлы, профессор Б.А.Төлегенованың класын 1985 жылы бітірген. Қызылорда музыкалық училищесінде «Ән салу» бөлімінде бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1996 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген артисі» құрметті атағына ие болды [1].

Сыр топырағынан шығып, өз туындыларында туған жер тарихы мен халық бейнесін кестелеп жүрген ақын-жазушылар қатарында белгілі қаламгерлер – Жадыра Дәрібаева, Мағираш Сәрікова, Қатира Жәленова, т.б. бар. Облыс көлемінде тұрса да әдебиет әлеміне құлаш ұрып, өрнегі мол өрісті шығармалармен танылған жергілікті ақын-жазушылар республика мәдени өміріне барынша үлес қосуда. Қызылордалық оқырмандар Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері қатарына Сәнімкүл Жолдербаева, Рысты Бекбергенова шығармаларымен жақсы таныс. 1994 жылы облыстық телерадио компаниясының ұйымдастыруымен Абайдың 150 жылдығына арналған айтыста жүлделі орынды жеңіп алған З.Төлепова. Ал Сыр өңірінен шыққан жыршы, термеші әйелдердің қатарына: Н.Ойнарова, Г.Суханбердиева, Ә.Жаңабергенова, М.Сәрсенбаева, Ұ.Байбосынова, Ү.Медеуова, Т.Баяханова, Ф.Төлегенова және т.б. [2,48 б.].

Бельфастқа барған армениялық жазушы Вардис Петросян қала тұрғындарының омырауынан күміс жетон көреді. Оның әрқайсысына *«Жергілікті ақынды сақтаңдар»* деп өрнектеп жазған екен.

Жіті қарасаң сақтауға тұрарлық талант иелері Сыр өңірінде де көп. Солардың бірі жергілікті ақын, ұстаз көптеген жыр жинақтарының авторы жерлесіміз Сәнімкүл Желдербаева. Сәнімкүл 1932 жылы 20 ақпанда Қызылорда облысының Қармақшы ауданында «Бозарық» ужымшарында, қазіргі «Ақжар» кеңшарында дүниеге келген. 1952 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын үздік дипломмен бітірген. 1960 жылдарға дейін облыс мектептерінде қызмет істеп, 1960 жылдан 1992 жылға дейін М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесінде ұстаздық етіп, 1992 жылы құрметті демалысқа шықты. 1980 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медальмен наградталған. Ақынның 1971 жылы «Сырдария» деген өлеңдер жинағы жарық көрді. Республикалық, облыстық баспасөз беттерінде ақынның жыр-шумақтары жарияланып тұрды.

Училище оқушылары мен ұстаздарына арнап, ұстаздың еңбегінің түйіні ретінде «Мәнерлеп оқу» деген оқулық жазды. Бұл оқулық 1992 жылы баспадан шығып, оқырмандар қолына тиді. Сонымен қатар ақынның кейбір жырларына жергілікті әуесқой сазгерлер ән шырқаған. Соның бірі тыңдаушысының жүрегінен жылы орын алған «Ақ босаға» әні [3].

Қазіргі таңда, Сыр өңірінің әйелдері елімізде болып жатқан барлық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге, қоғамның бүкіл тыныс-тіршілігіне белсене араласып отыр. Олар бар күш-жігерлерін аямай ерлермен бірге өз мемлекеті – болашаққа қадам басқан, азат та жарқын Қазақстан үшін аянбай еңбек етуде.

**РЕЗЮМЕ**

В статье показана роль Кызылординских женщин в советском обществе, и после получения нашей независимости. Также описывается биография и творческая деятельность Кызылординских женщин, которые усердно работали в сфере культурного образования.

* * *

The article shows the role of Kyzylorda's women in Soviet Union and after gaining our

**Independence.** Also describes their biography and creative activity,who worked hard in the field of cultural education.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1.Қызылорда ОММ қ - №898, т - №3, 1961-2013 жж.
2.«СЫР ЕЛІ» Қызылорда облысы: Энциклопедиясы/ Бас редактор Б.Ғ.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС 2005 ж., 48 б.
3.Қызылорда ОММ қ-№820, т-№1, №1-іс, 4 п.

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

*(Өтпелі кезең)*

**Елизавета ЕСЕБАЕВА (Исибаева),**
**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты**

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық экономиканы таңдап алған болатын. Осы бағытта 1992 жылы қаңтарда Қазақстан Ресейдің үлгісімен бағаны ырықтандырып, меншікті мемлекеттің иелігінен алып, жекешелендірген еді.

**Қазақстанда нарықтық экономикаға көшудің алғашқы кезде үш кезеңі белгіленді. Бірінші кезең** – 1991-1992 жылдар, **екінші кезең** – 1993-1995 жылдар аралығы болып, осы мерізімде жүргізілетін іс бағдараламасы Жоғарғы Кеңестің сессиясында мақұлданып, Президенттің Жарлығымен бекітілді. Ал **үшінші кезең** – 1996-1998 жылдары қамтылды. Осыған байланысты көптеген жаңа заңдар, реформаны жүзеге асыруға қажет басқа да құжаттар қабылданды. Нарықтық экономикаға көшуге байланысты экономикалық-әлеуметтік мәселелерімен айналысатын жаңа мемлекеттік басқару органдары құрылды. **Олар:** Мүлік жөніндегі, Монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеттер, Салық инспекциясы, Кеден және т.б. Сондай-ақ нарықтық экономикаға тән инфрақұрылымның да кейбір түрлері пайда болды: биржалар, коммерциялық банктер, сауда үйлері, жеке меншіктік кәсіпорындар мен шаруашылықтар, жеке меншік пен мемлекет меншігі аралас ірі корпорациялар, акционерлік қоғамдар, холдингтік компаниялар өмірге келді. Сөйтіп, республикада нарықтық экономикаға қарай, меншіктің түрін өзгертуде, аралас экономика құруда біршама жұмыстар атқарылды. Дегенмен, нарықтық экономикаға көшуде бірсыпыра қателіктерге жол берілді.

**Бірінші.** Реформаны бастауда мемлекеттің мақсаты да, мүдделері де, оларға жетер жолы да, әдістері толық анықталмады.

**Екінші.** Барлық елге бірдей сай келетін экономикалық реформаның моделі болмады. Әр елдің өзіне тән, оның ұлттық бітіміне, тарихына, дәстүріне, нақтылы саяси, әлеуметтік, экономикалық қалыптасқан жағдайына сәйкес өз моделі, өз жолы болу қажет еді. Оны әлемдік тәжірибе де көрсетті. Әр елдің әр түрлі өз экономикалық даму жолы белгілі болғанды: мәселен: «Жапондық», «Немістік». Қазақстан көп елде жақсы нәтиже бермеген, Халықаралық Валюталық Қордың ұсынған «есеңгіретіп емдеу» деп аталатын жолына түсіп, Ресейдің соңынан ерді. Ол Ресейден бөлек дербес экономикалық саясат жүргізу қиын деген желеумен жасалған еді.

**Үшінші.** Экономикалық реформа бірінен кейін бірі және өзіндік ретімен жасалды. Ал Қазақстанда қажетті заң жүйесі жасалып біттпей, жеке меншікке негізделген кәсіпорындардың үлесі өсіп, бәсеке ортасы қалыптаспай тұрып, ең әуелі бағаны ырықтандырудан бастау қате болды, өйткені бағаны ырықтандыру өкімет тарапынан мезгіл-мезгіл оны өсіріп отыру болып шықты.

**Төртінші.** Қабылданған заңдар көп жағдайда жүзеге аспай қалды, себебі ол заңдардың жүзеге асатын механизмдері жасалмады. Реформаны жүзеге асыру үшін оған қажет механизмдерді жасау керек еді.

**Бесінші.** Инфляцияны (құнсыздандыруды) ауыздықтамаса ешбір істе береке болмайтыны белгілі. Бірақ осыған қарамастан, мемлекеттегі қаржы, несие, ақша жүйесі ретке келмеді. Ұлттық банк ақша жүйесін, ақша айналымын, оның ішкі және сыртқы қозғалысын қатаң бақылауға алудың орнына, ақша-несие ресурстарын бей-берекет жұмсап, аса жоғары пайызбен сатып, пайда табумен әуестенген.

**Алтыншы.** Қылмыс, жемқорлық, экономика саласындағы құқық бұзушылық көбейгені соншалық, ол қоғамның қатерлі ісік сияқты ең қауіпті ауруына айналды. Оған жаппай тәртіпсіздік қосылды. Міне, бұлар реформаны жасауда, қоғамды дұрыс дамытуда өздерінің зиян кеселдерін тигізді.

**Жетінші.** Мемлекет басшылары экономикалык дағдарыс кезінде өмір сүріп, жұмыс істеп көрмегендіктен, оның ой-қырын, бүге-шігесін, одан шығу жолдарын білмеді. Экономикалық дағдарысты дұрыстап бағаламады. Елді дағдарыстан бір-ақ жылда шығару саясаты жүргізілді. Бірақ оның ешқандай нәтижесі болмады [1,88-б.]. Сондықтан, мемлекеттің алдында дағдарыстан шығудың жолдары қарастырыла бастады. Онын, ең бастысы – бағаны ырықтандыруды белгілі бір жүйеге келтіру еді. Бағаны ырықтандырудан кейінгі екінші атқарылған іс – жекешелендіру. Ол жайында көп айтылды, көп жазылды. Мемлекеттік меншікті тезірек жойып, бәрін жеке меншікке айналдырсақ, халық жұмыла жұмыс істеп, өндіріс жанданып, ел байып, бәрі де орнына келеді деп ойланды. Тәжірибе жүзінде олай болмай шықты. Жекешелендіру барысында елімізде үш бағыттағы (шағын, жаппай және жеке жобамен) кәсіпорындар құрылған. Нәтижесінде мемлекеттік меншікті жекешелендіру жарияланған екі кезеңінде де (1991-92 жж. және 1993-95 жж.) мүліктің үлкен талантаражға түсуіне жол берілді. Бұл халық шаруашылығы үшін берекесіздік тудырып, экономиканың күйреген, таяу жылдарда шыға алмайтын терең, дағдарысқа ұшырауының басты себебінің біріне айналды. Сондай-ақ, елдің экспортқа өнім шығаратын кәсіпорындары ескі әдетіне басып, өздерінің тауарларын эшелон-эшелонмен сыртқа жөнелте беруді ғана білді. Соның салдарынан республикадан 250 млрд. сомның өнімі сыртқа, негізінен алғанда Ресей Федерациясы мен ТМД елдеріне, су тегін кеткен болып шықты. Сондықтан бұл жағдай үкіметпен барлық экономикалық институттарды, Статистика мен Қолдау Комитетін қатыстыра отырып, терең талдау жасауды талап етті. Тек осындай талдаудың қорытындысына сүйене отырып, үкіметке алдағы уақытта нендей істерді жүргізуді анықтау керек болды [2,51-б.].

Осымен байланысты 1994 жылдың қаңтарында экономикалық реформаны жүргізуді жандандыру жөніндегі шаралар туралы Президент қаулы қабылдады. Онда дағдарысқа қарсы шаралар мен экономиканы тұрақтандырудың 1994-1995 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленді. Бағдарламада Қазақстандағы жүр-

гізіліп жатқан реформалардың ерекшеліктері, елдің өндіргіш күштері, өндірістік қатынастар, өндірістік аппарат, игерілетін қазба байлық, елдегі 7 миллиондай еңбекке жарамды адам күші ескерілді. Бұдан басқа бағдарламада энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету мәселесі қойылып, өндірістің құлдырауы тоқтатылып, экономиканы тұрақтандыру, инфляцияны ауыздықтау қажет екені айтылды. 1995 жылдың қараша айының 15-ші жұлдызында мемлекеттің өз ақшасы – тенге енгізілді. 1994 ж. наурызда Президент Жарлығымен ауыл кәсіпорындарының өтей алмаған 2,2 млрд. сомдық несиесінің мерізімі екі жылға ұзартылды. Бірақ сол жылдың сәуірінен бастап энергияға, энергия көздеріне баға жоғарылады. Осыдан келіп инфляция тағы өсті, деңгейі 1260 пайызға жетті. Реформаның барысында Қазақстанда 1994 жылдың күзінен үкімет макроэкономикалық реттеуді меңгере бастады. Бағаның өсуі біраз тежеліп, инфляцияның өсу қарқыны елеулі түрде төмендеді. Сол сияқты ұлттық банктің несиеге алатын пайызы да қауырт азайды. Ақша-қаражат саласында да осындай күйзеліс байқалды. Бірақ осыған қарамастан, өнеркәсіптің кей салаларында да оңға басушылық орын алды. Жалпы дағдарыстан шығудың, реформаны жүргізудің пәрменді құралының бірі – экономикалық орталық болу тиіс еді. Алайда, Министрлер кабинетінде реформаны ойластырып, алға бастыратын орталық болмады. Экономика министрлігі ондай орталық бола алмады. Нәтижесінде 1994-1995 жылдары дағдарысқа қарсы шаралар мен реформаны тереңдету бағдарламасы негізінен орындалмай қалды. Макроэкономикалық тұрақтандыру мен құнсыздануды тоқтатуға қол жетпеді, тиімді сыртқы сауда саясатын жасау да көңілдегідей болмай шықты, әлеуметтік саясат та халықтың басым көпшілігінің наразылығын өршіткені болмаса разы етпеді.

Нарықтық реформаға көшудегі жіберілген тағы бір қате – ол үкімет басшыларының елдің экономист ғалымдарына сенбеуі. Оның себебі бізде бұған дейін нарықтық экономика болмады, сондықтан біздің экономистер нарыққа көшудің жолдарын, түрлі тетіктерін білмейді деп есептелді.

Нарықтық қатынастарға көшу барысында орын алған тағы бір жағдай болды. Ол сонау Столыпин реформасынан, одан бері Қазан төңкерісінен кейінгі индустрияландыру, ұжымдастыру науқандары сияқты қоғам өміріндегі түбегейлі өзгерістерге революциялық сипат берді. Ал халық болса бұл жағдайға үйренбеген халықтың психологиясына келе бермеді. Әсіресе, ауыл шаруашылығын жекешелендіруде үкімет асығыстық жіберді. Дағдарыс жағдайында бой көтерген жеке фермерлер басқа халықты асырамақ түгіл, олардың көпшілігі өзін-өзі әрең асырап отырды. Нәтижесінде 1993-1995 жылдарға арналған бағдарламаларда инфляцияны төмендету, өндірістің құлдырауын тоқтату және өндірістің ұлғаюы үшін жағдайлар жасау жоспарынан ешнәрсе шықпады.

Қазақстан үкіметі осыдан кейін 1996-1998 жылдарға арналған жаңа бағдарлама қабылдады. Онда реформаның ең күрделі деген мәселелерін шешу маңызды орын алды. Алайда, бағдарламада көзделген жекешелендіруді аяқтау, бірыңғай холдингтік, шағын және орта кәсіпкерліктерді қолдау, ауыл шаруашылығында қосымша 30 мыңға жуық шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтарды құру айтарлықтай нәтижелер берген жоқ. 1997 жылдың қазан айында Президент Н.Ә.Назарбаев республика халқына «Қазақстан – 2030» деген атпен жолдау қабылдап, онда еліміздегі дағдарыстан шығудың және жүріп жатқан реформаларды аяқтаудың, сондай-ақ алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына қосылудың, немесе «Қазақстан барысын» қалыптастырудың жаңа бағдарламасын ұсынды. Бағдарламада еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының жақын арадағы және стратегиялық ұзақ мерізімдегі даму жолдары мен мүмкіндіктері жан-жақты көрсетілді. Тек осы аса маңызды шараларды іске асырғанда ғана Қазақстан халқының өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-аукатының артуы мүмкін екендігіне сенім білдірілді. «Қазақстан – 2050» Бағдарламасының талаптарына орай соңғы жылдары еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін нығайту, әлемдік стандарттарға сай түзілген заңнамалық-құқықтық базаны жетілдіру жөнінде орасан зор жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, биліктің, сот және құқық қорғау органдарын қоса алғанда, оның барлық тармақтарының құрылымы мен қызметінің қағидаттары едәуір жетілдірілді. Сондай-ақ, демократия мен азаматтық қоғам институттары даму жолына түсті. Қазақстан геосаяси кеңістікте әлемдік қоғамдастықтың тең құқылы мүшесі ретінде лайықты орын алды. Қалыптасқан әріптестік саяси және экономикалық қатынастар мемлекетімізді барлық дүние жүзі елдерімен байланыстыруға мүмкіндік берді. Қазақстан жетекші халықаралық ұйымдарда, соның ішінде, БҰҰ-да белсенді жұмыс жүргізіп, антиядролық қозғалысқа, жаппай қарусыздануға, бітімгершілік және терроризмге қарсы күрес ісіне лайықты үлесін қосып келеді.

«Қазақстан – 2050» бағдарламасын жүзеге асыру барысында тәуелсіз еліміздің басты табыстары мен жетістіктері – мемлекеттің қауіпсіздігін нығайту және экономикалық өрлеу болғанын айтқан жөн. Бұл барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуіне, әл-ауқатының артуына кең өріс ашты. Қазір біздің республикада нарықтық экономика мен демократиялық мемлекеттің іргесі қаланып қана қойған жоқ, сонымен қатар барлық қазақстандықтардың игілігі үшін кәделі, әрі әлеуеті жоғары, әрі ішкі ресурстары мол әлеуметтік-экономикалық дамудың кемел үлгісінің нақты нышандары қалыптасты. Оған дәлел ретінде бүкіл әлемдегі ең күшті мемлекет – АҚШ-тың Қазақстанға нарықтық экономикасы бар ел мәртебесін беру туралы шешімін ерекше атап көрсеткен жөн. Қазақстан басқа республикаларға қарағанда нарық қатынастарын бұрын бастап кеткені жөнінде де жоғарыда айтылды. Бірақ нарықтық экономикаға көшу өнеркәсіптің одан әрі дамуына жол ашпады. Қайта өнеркәсіп салалары, әсіресе, ауыр индустрия, халыққа аса қажет жеңіл өнеркәсіп орындары біртіндеп тоқтай бастады. Кәсіпорындардың көпшілігі бірқатар себептер бойынша: қажетті материалдық ресурстардың жоқтығынан немесе тұрақсыз қаржы жағдайына байланысты өз қуаттарын толық пайдалана алмады [5,88-б.]. Күрделі құрылыстың қысқаруы экономикаға кері әсерін тигізді. Инвестициялық процестің төмендеуі қоғамдық, өндірістің тоқырауына соқтырды. Экономиканың тұрақтануына қаржы-ақша жүйесінің терең дағдарысы кесірін тигізді. Мемлекет бюджетінің тапшылығы – бір жағынан, кәсіпорындар мен мекемелер корының өсуі, халықтың бар ақшасын «шұлық ішінде» немесе банкте жинақтауы – екінші жағынан, инфляцияны одан әрі жоғарылатты. Күрделі құрылысты қаржыландыру көлемі 40%-дан астамы қысқарды, нәтижесінде 1992 ж. мемлекеттік тапсырыс бойынша іске қосылуға тиісті 32 өндірістік қуаттар мен объектілердің тек екеуі ғана іске қосылды. Өнеркәсіптің құлдырауы 1993 және 1994 жылдары да тоқтамады. 1993 жылы 1990 жылмен салыстырғанда өнеркәсіп өнімі 16,1% азайды. Оның ішінде электр қуатын өндіру 13%-ға, мұнай өндіру 9%-ға, көмір өндіру 17%-ға төмендеді. Ал 1994 жылы 1992 жылмен салыстырғанда өнеркәсіп өнімінің көлемі 39%, халық тұтынатын тауарлар 41% кеміді. Дегенмен 1995 жылы республикада тұтастай алғанда, өнеркәсіп өнімінің төмендегеніне қарамастан, оның

жекелеген салаларында 1994 жылмен салыстырғанда: газ өнеркәсібінде – 29,3%, қара металлургия – 17,4, химия және мұнай-химия өнеркәсібінде – 3,4, түсті металлургия өнеркәсібінде – 1,9% өсім байқалды. Бірақ инвестициялық мақсаттағы өнімдер және тұтыну тауарларын шығаруға бағытталған салаларда өндірістің едәуір құлдырауына жол берілді. Өнім өндіру жеңіл өнеркәсіпте 59,8%-ға, орман, ағаш өңдеу және целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде – 45, тамақ өнеркәсібінде – 20,7%-ға артта қалды. 1995 ж. Республика бойынша түгелдей алғанда кәсіпорындардың 44% (4743-тің 2088-і) 1994 жылғы өндіріс көлемінің деңгейіне жете алмады. Өндіріс көлемін төмендеткен кәсіпорындардың басым көпшілігі Торғай, Талдықорған, Алматы, Атырау, Көкшетау және Қарағанды облыстарының үлесіне тиді. Соның нәтижесінде Қазақстан кәсіпорындары 166,5 млрд. теңгенің өнімдерін кем берді. Бұл республикада шығарылған өнеркәсіп өнімдерінің 26%-ын құрады. Бір ескертіп айтатын жайт 1995 жылы 1994 жылмен салыстырғанда электр қуатын, газ конденсатын, табиғи газ, темір және хром рудасын өндіру ұлғайды. Солай бола тұра жылу энергиясын, мұнай, мырыш өндіру төмендеді. 1996 жылы республикадағы кәсіпорындарды реформалау және жеке жобалар бойынша ірі объектілерді жекешелендіру жөніндегі жұмыс қарқын алды. Жетекші ірі кәсіпорындар өнімдерінің бағасы мен тарифтеріне бақылау жасау, сондай-ақ, оларды шағындау және бәсекелестік орта құру жөнінде салиқалы саясат жүргізілді. Бірақ осыған қарамастан 1996 жылы өндірістің құлдырауы тоқтамады. Өндірістің құлдырауы энергетика кәсіпорындарында – 8,9%, қара металлургияда – 17,8%, машина жасауда – 9,9%,химия және мұнайхимия өнеркәсібінде – 27,2 %, құрылыс материалдары өнеркәсібінде – 31,8%, ұн тарту-жарма және құрама жем өнеркәсібінде – 9,5% болды. Дегенмен 1996 жылдың соңына қарай өнеркәсіптің құлдырауы кейбір салаларда тоқтап, аздап өскендігі байқалды. Мәселен, осы жылы 1995 жылмен салыстырғанда мұнай өндіру – 16,1%, түсті металдар өндірісі – 2,7% өсті. Инфляция мөлшері де ауыздықтала бастады. 1992 жылғы теңге енгізудің қарсаңында ол – 3060% жетсе, 1996 жылы – 28,7% дейін, 2000 жылы – 9,8%, 2001 жылы – 6,4%, ал 2002 жылы – 5,9% төмендеді [3,48-б.].

**Өндірістің құлдырауының басты себебі –** Одақ бойынша бұрынғы қалыптасқан шаруашылық қатынастардың үзілуі деп санаймыз**.** Өнеркәсіптің екінші бір кері кетуі – өз жеріміздегі өндіріс кәсіпорындарының бір-бірімен байланысын, кірігуін, тұтасуын дұрыстап ұйымдастырып, дайын өнім өндіруге бағытталған нақтылы істің болмауы. Өнеркәсіптің артта қалуының тағы бір себебі – оның шикізат өндіруге бейімделген сыңар жақтылығында, дайын тауар өндіретін, әсіресе, машина жасау салаларының жоқтығында болды. Одан басқа мемлекет экономиканы басқарудың тізгінін босатып алды, халық тұтынатын тауарларды шығаруды өз бетімен жіберді, өнеркәсіп саласындағы еңбек өнімділігінің көрсеткіші анықталып жарияланбады, еңбекке ақы төлеуде оның нәтижесі, өнімділігі, олардың, арасындағы байланыс еске алынбады, бір сөзбен айтқанда, жалақы өз алдына, еңбек өнімділігі өз алдына жүрді. Мұндай жағдай экономикасы жақсы дамыған елдерде, нарықтық экономикада болмайтын құбылыс екені белгілі. Өнеркәсіп өнімінің күрт төмендеу себептерінің бірі – жаңа технология мен техниканы пайдалану, оны өндіріске енгізу кең өріс алмады. Бұл іс бұрыннан ақсаулы болатын. Оның себебі біздің адамдардың жаңа технологияны игеріп, қолданудағы білімі мен шеберлігінің жеткіліксіздігі еді. Қазақстан кәсіпорындарындағы негізгі қорлардың XX ғ. 90-шы жылдары тиісті дәрежеде жаңаланып отырмауы, олардың 50%-ға дейін ескіріп кетуіне әкеп соқты. Кәсіпорындарды жөндеуге қыруар қаржы керек болса, республикада жоқ болып шықты. Экономиканы, еңбектің тиімділігін арттыруда еліміздің егемендігін, экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуде энергетиканы, мұнай, темір, көмір, түсті металл өндіретін ірі кәсіпорындарды дамытудың маңызы зор екені белгілі. Бірақ осы бағытта тындырылған іс мардымсыз болды. Елдегі өнеркәсіп саласының құлдырап кетуінің тағы бір себебі, әсіресе, мемлекеттік кәсіп орындарда қатаң тәртіптің жоқтығы еді.

Жоғарыдағы айтылған қиындықтар мен кемшіліктерді жою үшін 1999 жылдан бастап Қазақстан үкіметі елдің өнеркәсібін жандандыруда бірсыпыра шараларды іске асыруға күш салды. Жеңіл өнеркәсіпті дамыту бағдарламасы жасалып, химия өнеркәсібі мен машина жасау саласын дамыту бағдарламасы тиянақталды. Соның нәтижесінде 1999 жылы мұнай-газ өндіру, металлургия, химия, полиграфия және тоқыма-тігін өнеркәсіптерінде өнімнің өсуіне қол жеткізілді. Жыл соңында жалпы өнім өндіру 1%-ға, ал өндіріс көлемін арттыру 1,8%-ға өсті. Елдің алтын қоры 2 млрд. долларға жетті. 2000-шы жылы Үкімет Алматы облысындағы Текелі сілті, Степногорск подшипник, Оралдағы «Зенит» зауыттарына, Павлодардағы трактор зауыты мен «Асыл ағаш» жиһаз фабрикасына жеке-жеке бағдарламалар бекітіп, оларды тез арада сауықтыру шараларын белгіледі. Сонымен қатар дәрі-дәрмек және медициналық өнеркәсіпті өрістету көзделді. Міне, осындай мемлекеттік маңызды шараларды жүзеге асыру барысында (2000-2002 жылдары) республикада тұрақты экономикалық өрлеу, өндіріс ауқымының өсуі байқалды. Едәуір деңгейде бұл өзгерістер өнеркәсіп саласында импортты алмастыру бағдарламасын іске асыруда өзінің тиісті нәтижесін бере бастады. Тек соңғы үш жылда өнеркәсіп өндірісінің өсімі 42,9 пайызды құрады. Қазақстанның өнеркәсіп саласында мұнай-газ өндірісі елеулі орын алып, ол жалпы өнеркәсіп өнімнің 46 пайызын қамтыды. Қазақстан экономикасында, әсіресе, ауыл шаруашылығының үлес салмағы үлкен екені белгілі. Бірақ, осыған қарамастан 1992-1993 жылдардағы елеулі дағдарыс ауыл шаруашылығында басталды. Оның басты себебі – ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салалары өнімдерінің арасындағы үлкен алшақтық еді. Бұл ауыл шаруашылығын қатты күйзеліске әкеп соқтырды. Мәселен, 1993 жылы 1990 жылмен салыстырғанда К-700 маркалы трактордың бағасы 1287 есе, МТЗ-82 маркалы трактордың бағасы 1667 есе, астық жинайтын «Нива» комбайнының бағасы 2050 есе, Дон-1500 комбайнының бағасы – 1236 есе қымбаттады. Ал бұған керісінше осы жылдар ішінде астықтың сатылып алу бағасы бар болғаны 148 есе, мүйізді қараның бағасы – 65 есе, қой – 62, сүт – 87, жүн – 66, құс – 127, жұмыртқа – 219, ауыл шаруашылығы барлық өнімдерінің бағасы – 116 есе өсті [4,21-б.]. Бұл деректерден өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық өнімдерінің бағасы арасындағы алшақтықты айқын көруге болады. Ауыл шаруашылығына қажетті өнімдерге бағаның бейберекеттігінен техниканы, тыңайтқыш, өсімдікті қорғайтын химиялық құралдар қолдану қауырт төмендеді. Ауыл шаруашылығының терең дағдарысқа ұшырауына республикадағы колхоздар мен кеңшарларды жаппай және тез арада жекешелендіру науқанының үлкен зардабы тиді. Бұрын 600-ден астам астық өндіретін, 700-дей қой шаруашылығымен шұғылданатын кеңшарлар мен колхоздар, 80-дей құс фабрикасы бар еді. Шошқа өсіретін, бордақылайтын өндірістік негізде дамыған бірнеше ірі-ірі кешендер жұмыс істеді. Халық жұмыртқамен, құс етімен толық қамтамасыз

етілген еді. Шошқа етімен қамтамасыз етуге жететін мезгіл да алыс еместі. Тек қолбайлау болып отырған нәрсе – ол құрама жем өндіру болатын. Республика халқы жекешелендіру барысында өздерінің осы қолда барынан айырылып қалу жағдайын бастан кешірді. Бағадағы былық, бейберекеттік, жекешелендірудегі асығыстық пен науқаншылдық, қаржыландырудағы берекесіздік, басқарудың жоғарыдан төменге дейінгі жүйесін күйрету, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді алыпсатарлыққа айналдыру және тағы басқа жағдайлар, тұтас алғанда, ауыл шаруашылығын күйретуге соқтырды. 1993 жылы кеңшарлардың басым көпшілігі жұмыскерлерге 6 айға дейін жалақы бере алмады. Көптеген кеңшарлардың адамдары 1994 жылдың қаңтарына дейін теңгенің жүзін де көрмеді.

Құрама жемнің сапасының төмендігі мен бағасының қымбаттығы құс пен шошқа шаруашылығына үлкен нұқсан келтірді. Ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін, ұқсататын салаларда жаңа қуаттарды қосу, жаңа технологияны өндіріске енгізу, негізгі қорларды алмастыру сияқты жұмыстардың көлемі азайып кетті. Агроөнеркәсіп кешеніндегі жоғарыдағы айтылған және басқа да кемшіліктерді жоймай, салаға деген көзқарасты түбегейлі өзгертпей бүкіл реформаның жүзеге асуына күмән келтірді. Нарық жағдайында аграрлық сектордың басты бір саласы – мал шаруашылығының жағдайы едәуір төмендеді. Малдың саны жылдан-жылға азайып отырды. Мал мен құстың кемуі негізінен осы салаға деген көзқарастың нашарлауынан болды. Малға қажетті жемшөп аз дайындалды. Жеке шаруаларға бөлініп берілген малдар өнім берудің орнына сатылып кетті, немесе ауыл тұрғындарына керекті тауарларға ауыстырылды. Мал санының азаюының тағы бір себебі – бұрын Қазақстан бүкіл Кеңес Одағына арнап ет дайындаса, енді оны 15 миллион халыққа ғана есептеп өндіретін болды. Мал шаруашылығын одан әрі дамыту және мал басын қайта көбейту үшін негізгі үш бағытта жұмыс істеу көзделіп отыр. **Біріншіден,** селекциялық – асыл тұқымдандыру жұмыстарының деңгейін көтеру арқылы қолда бар мал басының генетикалық әулетін арттыру, жоғары сапалы тұқыммен барлық аналық малды қолдан ұрықтандыруды жаппай қолға алу. **Екіншіден,** перспективалық мал тұқымдарын дамыту үшін жағдай туғызу. Ауыл шаруашылығы саласының ғалымдарымен бірлесе отырып, жоғары сапалы өнім беретін мал тұқымдары анықталып, оларға мемлекеттік қаржы көздерін қарастыру. **Үшіншіден,** жоғары сапалы өнім беретін мал тұқымдарын табиғи өсіммен арнайыландырылған орта және ірі тауарлы өндіріске қайта бейімдеуге қол жеткізу. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы өндірісін ұлғайтуға, егіс көлемін көбейтуге, өнім мөлшерін өсіруге бағытталған шараларды іске асыруда. Ауыл шаруашылығы саласындағы меншік түрлеріне қарамастан үкімет оларға әрдайым қолдау көрсетіп отыр. Ауылда шаруашылық жүргізудің жаңа формалары қалыптасты. Мемлекет ауыл шаруашылығына салықты азайтты. Салықты тек бір патент түрімен ғана төлеу енгізілді. Ауыл шаруашылығы құрылымдарының бұрынғы қарыздарының барлығы жойылды. Басқа қарыздары 5-6 жылға ары қарай создырылды. Ауыл шаруашылығы саласындағы реформалар ондағы жалпы өнімнің өсуіне мүмкіндік берді. Мәселен, мұндағы жалпы өнімнің өсу қарқыны 1999 жылы 1998 жылмен салыстырғанда 28,9 пайызға артты, 2000 жылы өсім 8,2 пайыз, 2001 жылы – 16,9 пайыз, 2002 жылы 6,6 пайыз болды. Ауыл шаруашылығы саласының қаржылық жағдайы да едәуір жақсарды. Егерде сала бойынша 1999 жылдың қорытындысында 2,6 миллиард теңге табыс түссе, 2000 жылы бұл көрсеткіш 4,8 миллиард теңгеге жетті. Ал 2002 жылдың қорытындысы бойынша табыс 10 миллиард теңгеге өсті. Ауыл шаруашылығы одан әрі дамытудың жаңа кезеңі Қазақстанда өткен 2002 жылдан бастау алды. Бұл кезең (2005 жылға дейінгі уақытты қамтиды) аграрлық өндірістегі реформаны аяқтау, ауыл шаруашылық жерлеріне жеке меншікті енгізу және ауылдың әлеуметтік бейнесін жаңғырту мәселелерімен сабақтастырыла қарастырылған. 2003 жылдан бастап ауыл шаруашылығын және оған байланысты салаларды бюджеттік қаржыландыру елеулі түрде арта түспек. Осыған орай салаға қатынасты 77 бюджеттік бағдарламаны қаржыландыруға 40 миллиард теңге қаржы бөлінді. Оның 30 миллиарды аграрлық секторды дамытуға, 10 миллиарды ауылдың әлеуметтік мәселесіне, оның ішінде, денсаулық сақтау, білім беру салаларына, ауылды ауыз сумен қамтамасыз етуге жұмсалады. Ал 2004 жылы ауыл шаруашылығын дамытуға мемлекеттік бюджеттен – 50 миллиард, 2005 жылы – 55 миллиард теңге бөлу жоспарланған [5,27-б.].

Қорытып айтқанда, еліміздің ауыл шаруашылығына жан-жақты көмек көрсету арқылы оның деңгейін көтеру, соның ішінде қазіргі кездегі егістік көлемін сақтау, одан алынатын өнімді өсіру, қолда бар малдың санын одан әрі кемітпей, тұрақтандыру ісін жүзеге асыру көзделген. Ол үшін Елбасының «Қазақстан – 2050» Жолдауында атап көрсетілгендей, кеңшарларды жекешелендіру, мал басын тұтастай жекеменшік қолына өткізу шаралары алдағы уақытта ауыл шаруашылығының дамуына жаңа серпін береді деп күтілуде.


## РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается социально-экономическое развитие республики в период перехода Казахстана к рыночным отношениям. Несмотря на многие трудности и противоречия первых лет, за годы независимости в Казахстане была проделана большая работа и достигнуты значительные успехи в развитии экономики и решении социальных вопросов. В результате этого, наша страна по своему социально-экономическому развитию стала лидером среди стран СНГ. Сегодня Казахстан является одной из самых динамично развивающихся стран мира.

* * *

The article deals with the socio-economic development of the Republic in the transition period of Kazakhstan to the market. During the years of independence in Kazakhstan, despite the numerous difficulties and contradictions encountered in the first years, some work has been done to address social problems in the development of the economy and has achieved significant success.As a result, our country has reached a leading position among the CIS countries in its socio-economic development. Today Kazakhstan is one of the most dynamically developing countries in the world.


## ӘДЕБИЕТТЕР


1.Стратегия индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 годы. Опубликовано: 09.11. 2004 г. Источник: САПП Республики Казахстан, 2011 г., N 23-24, ст. 217.

2.**Елемесов Р.** Переходная экономика: проблемы методологии и теории. Алматы, 2010.стр 323.

3. **Елемесов Р., Жатканбаев Е.Б.** Государство и рынок. Алматы, 2010. стр 211.

4.**Қ.С.Қаражан, Ж.Әбсеметова, Ф.А.Қозыбақова** және т.б. Қазақстан тарихы: лекциялар курсы. Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 376 б.

5.Тәуелсіз Қазақстан тарихы: Хрестоматия. /Құрастырғандар: Қ.С.Қаражан, К.Е.Абикенова, С.Смағұлов. –Алматы: Қазақ университеті, 2013. Стр -121.

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЕТЕЛДЕРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

*(Өнер саласындағы тарихы бойынша)*

**Әлібек АМАН,**
**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты,**
**Асылбек ҚЫДЫРОВ,**
**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің аға оқытушысы**

**Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси» бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауында:** *«Біздің басымдықтарымыз өзгермейді, көршілеріміз – Ресеймен, Қытаймен, Орталық Азия елдерімен, сондай-ақ АҚШ-пен, Еуроодақпен, Азия елдерімен серіктестікті дамыту мәселесі болып табылады. Біз Кеден одағын және Біртұтас экономикалық кеңістікті нығайтатын боламыз»*,– деп көрсетті [1].

Бұл кезеңде Қазақстан КСРО-ның сыртқы саясаты шеңберінде мәдени байланыстарды ғана дамытты. Соғыстан кейінгі уақытта орын алған халықаралық қатынастардағы қос жүйе республиканың шетелдермен тек мәдениет саласында ғана байланыс жасауына мүмкіндік берді. Соғыстан кейінгі уақытта мәдени байланыс тереңдеп, республиканың бірқатар өнер ұжымдары мен әртістері шетелге танылды. Қазақ жазушылары, суретшілері, сазгерлері, опера және балет шеберлері өз шығармаларын, орындау шеберліктерін Еуропа, Азия, Африка мен Америка елдерінде көрсетті.

**Алайда шетелдермен байланыстардың көлеңкелі тұстары да болды.** Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның шетелдермен мәдени байланыстарды барынша идеологияландырылды. Мәдени байланыстар барысында кеңестік Қазақстанның жетістіктері ғана насихатталып, көлеңкелі тұстары бүркемеленді. Бұл ретте Қазақстанның мәдениеті мен экономикасының «табыстары» мен «гүлденуі» дәріптелуі тиіс болды. Шетелдерге жіберілетін өкілдер қатаң тексерістен, мақалалар мен хабарламалар қатаң цензурадан өткізілді.

1947 жылы құрылған шетелдермен мәдени байланыстар жөніндегі Бүкілодақтық қоғамның Қазақ бөлімшесінің негізінде 1959 жылы Қазақтың шетелдермен достық қоғамы құрылды. Оның құрамында 14 облыстық бөлімшелер, 240-тан астам мекемелердің, ғылыми, мәдени мекемелердің ұжымдары, шығармашылық одақтар және т.б. болды. Сонымен бірге республикада КХДР-мен, Моңғолия, Индия, Қытай, Араб, Африка елдерімен достық ассоциациясы мен Кеңестік қоғамының 7 қазақстандық бөлімшесі және кеңес-чехословак қоғамының Қарағанды қалалық бөлімі де құрылады [2, 10-п.].

Қазақтың шетелдермен достық қоғамының барлық іс-әрекеті республиканың шетелдермен мәдени және достық байланыстарын одан әрі кеңейту мен нығайтуға арналды. Сонымен бірге шетелдік қауымдастыққа Кеңестік Қазақстанның өмірдің барлық салаларындағы жетістіктерін таныстыруға және насихаттауға бағытталды. Осы мақсатта Қазақтың достық қоғамы өзінің адресаттарына ағылшын тіліндегі В.И.Лениннің еңбектерін, түрлі насихаттық, ақпараттық-анықтауыш материалдар, көркем әдебиеттің шығармаларын, мақалалар, очерктер, репортаждар, фотоиллюстрациялар, көрмелер және суреттер жіберді. 1965 жылы Қоғам әлемнің 65 елімен достық байланыс жасай отырып, бір жылда өзінің адресаттарына 123 суретті жинақ, 913 очерктер мен мақалалар, қазақ халық музыкасының 53 граммопластинкасы жіберген болатын [Сонда, 13-16-пп.].

**Қазақстан алыс-жақын шет елдермен өнер саласында өз байланыстарын дамытты.** Рухани өмірдің барлық салалары секілді өнер саласындағы байланыстарға да кеңестік Қазақстанның жетістіктерін, лениндік ұлт саясатын, халықтар теңдігін, интернационализмді насихаттау, буржуазияшыл идеологиямен күресті күшейту міндеті қойылды. Қазақстанның шетелдермен сурет, қылқалам жанрлары бойынша ынтымақтастықтары кеңінен дамыды. Бұл байланыстар негізінен көрмелер, халықаралық форумдар, шығармашылық іс-сапарлар түрінде болды.

**Қазақстандық суретшілердің еңбектері халықаралық көрмелер арқылы танылды.** 1960 жылы Бирма, Ауғанстан және Цейлонда өткен көрмеде Н.Таңсықбаевтың «Тың», К.Телжановтың «Домбыра дауысы», Л.Леонтьевтің «Қазақстан композиторлары», Ә.Қастеевтің «Тау пейзаждары» атты картиналар көрсетілді. Ал К.Телжановтың «Бабалар жерінде» атты картинасы Пәкістанда, Венгрияда, Герман Демократиялық Республикасында көрсетілді [3, 36-б.].

**1962 жылы Алматыға белгілі американдық суретші, бейбітшілік үшін күрескер, американ-кеңес достығы Ұлттық Кеңесінің төрағасы Рокуэл Кент және оның әйелі Сэлли Кент келеді.** Мемлекеттік көркем сурет галереясында Р.Кент және оның әйелі Қазақстанның суретшілерімен кездесті. Ол республиканың бірқатар суретшілерінің туындыларына жоғары баға берді. Оның ішінде, Р.Кент халық суретшісі Ә.Қастеевтің «Тау ағыны» еңбегіне назар аударып, оны жоғары бағалады [4, 126-127-пп.].

Қорыта келе Қазақстанның соғыстан кейінгі уақыттағы шетелдермен мәдени саладағы байланыстарының тарихы тағылымды да мазмұнды. Қарастырылып отырған кезеңде республиканың алыс-жақын шетелдермен мәдениет, өнер, әдебиет, сурет, қылқалам салаларындағы байланыстары идеологиялық қыспақта болды.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1.«Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. //Президент және халық, 14 желтоқсан, 2012 ж.

2.Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты (бұдан әрі- ҚР ПМ), 708-қор, 48-тізбе, 502-іс.

3.Шамжанова. Живительный источник. Алматы: Казахское государственное издательство.1963.-52 б.

4.ҚР ПМ, 708-қор, 35-тізбе, 315-іс.

# АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ ТОЛЕРАНТНОСТИ В КАЗАХСТАНЕ

**Тимур ДАУЫЛБАЕВ (Даулбаев),**
**кандидат политических наук, и.о. доцента Казахстанско-Российского медицинского университета**

В своей интерактивной лекции, прочитанной 5 сентября 2012 года на тему: «Казахстан на пути к обществу знаний» перед студентами Назарбаев Университета Президент Республики Казахстан – Лидер Нации Н.А.Назарбаев сказал: «*Я хочу напомнить о трёх ключах казахстанского успеха, которые являются нашим народным достоянием.*

*Первое. Единство всех казахстанцев, представляющих 140 этносов – это уникальная ценность. Наша задача – оберегать ее, охранять ее и преумножать. Мы никому не должны позволить раскачивать лодку, благополучно плывущую в мировом океане своим курсом.*

*Второе. Толерантность, которая присуща всем нам вместе и каждому в отдельности. Спокойное понимание и уважительное восприятие этнических и религиозных отличий. Благодаря этому наше многообразие не разделяет, а объединяет. Если не будет нашей толерантности, то наша лодка может сбиться с курса и не будет больше застрахована от крушения. Мы превратимся в мореплавателей, терпящих бедствие и подающих сигналы «SOS» Третье. Это общность исторической судьбы. Наша цель – не просто выжить в новых условиях изменяющегося мира, но и продолжить своё развитие, укрепляя прежние достижения, расширяя свои возможности влиять на этот новый мир*» [1].

**Толерантность в Казахстане – это историческое явление, продукт истории, в котором утверждаются и передаются достижения социального опыта.** Казахскому народу исторически присущи толерантные отношения к представителям других национальностей.

Казахстан – это полиэтническая, поликультурная и полирелигиозная страна, представленная различными социальными и политическими слоями, в связи с чем проблематика комплексного изучения вопросов толерантности является как никогда актуальной. Толерантность необходимо понимать, прежде всего, так, как она трактуются в Декларации о принципах толерантности (ООН, 1995 г.). Толерантность – это «*уважение, принятие и правильное понимание богатого многообразия нашего мира, форм самовыражения и способов проявления человеческой индивидуальности*» [2].

Современная эпоха характеризуется глобализационными процессами, которые «сжали» мир в единый социально-политический организм и поставили его существование в прямую зависимость от того, насколько успешно смогут ужиться сообщества, придерживающиеся различных, часто противоположных культурных, социальных, групповых, национальных интересов, норм и ценностей. Поиск базовых основ для взаимопонимания, диалога культур и статусов выдвигает сегодня на первый план проблему толерантности.

В настоящее время политика государства в отношении этнических групп, представляется как обусловленное политическое поведение индивидов и отдельных социальных групп и называется этнополитикой.

**Этнополитика в современных реалиях рассматривается как:**

1) соответствующая сфера общественной жизни, часть сферы политической;

2) конкретное направление деятельности институтов политической власти, главным из которых является государство.

В мультикультурных обществах, к которым относится Республика Казахстан, этнополитические отношения играют существенную, а порой и решающую роль в определении хода развития политического процесса.

Еще в середине XX века Р.Даль заметил: «*Первичным является консенсус по поводу политики, обычно существующий в обществе. Без подобного консенсуса ни одна демократическая система не может сохраняться в бесконечных превратностях выборов и партийной конкуренции*» [3].

**Важная роль в достижении общественного и этнополитического согласия принадлежит идеологии.** Ведущая роль в создании идеологии согласия и реализации политики толерантности в Казахстане и в мировом масштабе на деле принадлежит Президенту Республики Казахстан – Лидеру Нации Нурсултану Абишевичу Назарбаеву.

**Особую актуальность сегодня приобретают вопросы сохранения конфессиональной толерантности в Казахстане.** Развитие демократических процессов в Республике Казахстан и модернизация казахстанского общества в современных условиях были достигнуты благодаря формированию и развитию в общественном сознании культуры толерантности, которая призвана сохранять гражданский мир, гармонизировать межэтнические и межконфессиональные отношения, способствовать укреплению социально-политической стабильности. Особую значимость в Казахстане приобретает религиозная толерантность, так характерной чертой последних десятилетий стало достаточно динамичное структурная трансформация конфессионального пространства Казахстана. В целом состояние религиозной ситуации в Казахстане характеризуется как стабильное. За годы независимости в стране создана соответствующая нормативно-правовая база, которая обеспечивает равенство прав и свобод всех граждан независимо от их религиозной принадлежности. По мнению авторитетных международных экспертов и отечественных аналитиков, в целом закон Республики Казахстан *«О свободе вероисповедания и религиозных объединениях»* (1992 г.) – один из лучших на постсоветском пространстве. В его разработке принимали участие религиозные деятели различных конфессий и деноминаций, а потому он является наиболее либерально-демократичным. Взаимоотношение конфессий не содержит серьезных противоречий, которые могли бы привести к социальной дестабили-

зации, налажен оптимальный формат диалога государства с религией. Тем не менее, ситуацию нельзя рассматривать однозначно. Внутри конфессий происходят сложные и глубинные процессы, многие из которых имеют латентный характер.

Первоочередной задачей на сегодняшний момент для государства является сохранение межрелигиозного согласия, создание в обществе атмосферы диалога и взаимопонимания, что является гарантом сохранения гражданского мира и политической стабильности.

Вместе с тем необходимо констатировать наличие достаточно серьезных долгосрочных угроз для региональной и национальной безопасности стран Центральной Азии. В списке основных угроз первое место занимает религиозно-политический экстремизм, выступающий от имени ислама. Деструктивная деятельность различных экстремистских исламских религиозно-политических организаций, нацелена прежде всего на коренное политическое переустройство Центрально-азиатского региона насильственными средствами и методами (террористические акты, религиозный экстремизм).

В данных реалиях Казахстан предпринимает все необходимые действия для усиления профилактики угрозы религиозно-политического экстремизма.

Для того, чтобы снизить фактор исламского религиозно-политического экстремизма, необходимо проводить среди населения страны религиозно-просветительскую работу.

**Формирование толерантности в казахстанском обществе происходит через привитие детям и подросткам культуры миролюбия, принятия и понимания других людей, через умение позитивно с ними взаимодействовать, а именно:**

1) через формирование негативного отношения к насилию и агрессии в любых их проявлениях;

2) через формирование уважения и признания себя и людей, разнообразия их культур;

3) через развитие способности к межнациональному и межрелигиозному взаимодействию;

4) через развитие способности к толерантному общению, к конструктивному взаимодействию с представителями социума независимо от их социальной принадлежности и мировоззрения;

5) через формирование навыков определять границы толерантности.

**Важным в развитии толерантности подрастающего поколения казахстанцев является создание толерантной атмосферы в обществе, в связи с чем роль системы образования заключается в следующем:**

1) в профилактике недопущения проявлений терроризма, экстремизма и агрессии в обществе;

2) в гуманизации и демократизации существующих взаимоотношений взрослых и детей, системы обучения и воспитания;

3) в включении в основу реформирования казахстанской модели образования ведущих идей педагогики толерантности;

4) в реформировании системы подготовки будущих педагогов к воспитанию толерантности у детей и подростков.

Толерантность как ценностное отношение человека к людям выражается в признании, принятии и понимании им представителей иных культур. Признание – это способность видеть в человеке иной культуры носителя иных ценностей, иных взглядов, иного образа жизни, а также осознания его права быть иным. Принятие – это положительное отношение к его инаковости. Понимание – это способность взглянуть на мир его глазами, с его точки зрения. При этом к культурным группам относятся группы, объединенные этническими, конфессиональными, гендерными, возрастными, имущественными признаками, особенностями физического или интеллектуального развития и т.п. 2. Герменевтический подход. Важность процесса формирования толерантности определяется тем, что «взаимопонимание» выступает в качестве социальной и личностной ценности, поскольку позволяет обеспечить необходимое для поддержания и развития жизни общества «взаимодействие» между его членами. Отсутствие взаимопонимания ведет к невозможности взаимодействия, что, в свою очередь, может привести к разрушению целостности общественных связей и, как следствие, к саморазрушению личности. Наличие взаимодействия, основанного на взаимопонимании, способствует выработке у индивида чувства безопасности, уверенности в собственных действиях и, как следствие, развитию ценностных установок личности.

Межкультурный компонент общения – это явление многостороннее и предполагающее изучение внутренних (общение между представителями различных этнических групп внутри поликультурного государства) и внешних (общение между представителями различных государств) аспектов различий в общении. Одной из основных задач, стоящих перед современным образованием, является воспитание личности, способной познавать и творить культуру путем диалога, что требует от всех участников коммуникативного процесса высокого уровня культуры, коммуникативной компетенции, развитых навыков общения. Требуется знание этнопсихологии своего народа и народов других стран, сущности межкультурной компетенции, дополненных блоком личностных характеристик, способствующих достижению межкультурного понимания и успешному педагогическому общению.

Таким образом, толерантность является связующим мостом между государством и его гражданами в деле недопущения любых проявлений нетерпимости и экстремизма. Для казахстанского общества толерантность является условием стабилизации и устойчивости межличностных и межгрупповых социальных отношений, обеспечивая их конструктивность и высокую степень согласия на общесоциальном, региональном и локальном уровнях.

## ЛИТЕРАТУРЫ

1.Выступление Президента Казахстана перед студентами Назарбаев Университета «Казахстан на пути к обществу знаний». 5.09.2012 см.http://www.akorda.kz

2.Декларация принципов толерантности Утверждена резолюцией 5.61 генеральной конференции Юнеско от 16 ноября 1995 года см. см.http://www. http://www.tolerance.ru/index.html

3.**Даль Р.** О демократии / Р. Даль; пер. с англ. А.С.Богдановского; под ред. О.А. Алякринского. – М.: Аспект Пресс, 2000. с. 132-133.

# ИСЛАМ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ

**Кенжегул БИЯЗДЫКОВА,**
**кандидат философских наук,**
**и.о. доцента Казахстанско-**
**Российского медицинского университета**

Современные реалии нарастающих глобальных процессов все более актуализируют проблему общечеловеческих ценностей, основанных на гуманизме и признании уникальности бытия, как отдельного человека, представителей любого этноса, так и человечества в целом.

**В современном мире, согласно оценкам экспертов, происходят тектонические изменения в мировой структуре религий.** Главным фактором этого выступает быстрый рост численности сторонников Ислама. За последние 15 лет число исповедующих данную религию достигло полтора миллиарда человек (около четверти всего населения планеты). При этом это происходит преимущественно за счет высоких темпов естественного прироста населения, этнически относящегося к мусульманской конфессий.

Согласно прогнозам до 2025 года Ислам способен стать первой по численности религией в мире, число сторонников которой может достигнуть трети от населения планеты.

Мусульманские этносы отличаются высокой миграционной подвижностью и активно перемещаются в регионы, которые принято считать территорией христианских вероисповеданий. Например, Европа сегодня становится важным центром притяжения мусульман из разных стран мира.

Другим социальным фактором, обуславливающим небывалый рост влияния Ислама, является высокий уровень внутренней консолидации носителей данного вероисповедания. По мнению известного канадского социолога Г.Менара внутреннее единство мусульман достигает до 92% и близко к уровню монолитного народа [1, с.7-12]. Данные трансформации в мировой религиозной ситуации способствуют повышенному вниманию мировой общественности к Исламу.

Религиозная ситуация с исламом в Казахстане, как и с религией в целом, имеет определенные особенности. Объективная ситуация у нас в стране такова, что исключает возможность не только радикальной исламизации, но и укоренения религиозного фундаментализма любого толка.

Во-первых, история проникновения и распространения ислама в Казахстане такова, что ислам среди казахов никогда не был чистым, представлял собой синтез ислама и местных доисламских, национальных религий. Проникнув в казахскую степь, ислам не стал ведущим принципом государственной жизни и политики, но укрепился и утвердился как часть мировоззренческой ориентации общества, как компонент культуры и важная сторона религиозно-культовой практики. По вполне справедливому замечанию М.С.Орынбекова *«Приход ислама на древнюю землю Казахстана оказал благотворное влияние на эволюцию культуры, самосознания и духовности нашего общества»* [2, с.89].

Специфической чертой ислама как мировоззрения в Казахстане стал своеобразный синкретизм, синтез с местными традициями тенгрианства, зороастризма, шаманизма. Религиозные традиции тесно переплетаются с национально – бытовыми, а в последних до сих пор сохраняются весьма живучие черты прежних верований: шаманизма, зороастризма и тенгрианства, своеобразных течений пантеизма, для которых было характерно поклонение Богу – Солнцу и Богу – Небу. Казахи, по замечанию Чокана Валиханова, являются «двоеверцами»: поклоняясь Тенгри, подразумевают Аллаха, поклоняясь Аллаху, подразумевают Тенгри. Ислам в Казахстане рассматривается как неотъемлемая часть народных традиций и культуры.

**Ислам является одной из крупнейших и традиционных религиозных образований в Казахстане. Ислам у казахов несет черты, отличные от ислама в арабских государствах, Средней Азии.** Он ближе к светским нормам. Казахстанскому исламу не свойственны ни жесткая ортодоксальная иранская модель ислама, ни более мягкая – турецкая. Он отличается от ислама арабских стран, где ислам регулирует большинство сфер общественной и личной жизни граждан. Это доказывается тем, что в Казахстане нет политических партий или организаций, выступающих за внедрение исламских социально-политических установлений в жизни общества, по крайней мере, до последнего времени. Здесь имеется в виду, те новые исламские течения в нашей стране, которые включены в список запрещенных религиозных течений на территории современного Казахстана.

На территорию Средней Азии и Казахстана ислам начинает проникать во второй половине VII века, в период правления первого омейядского халифа Муавии Ибн-Суфьяна. По мнению известного казахстанского философа М.С.Орынбекова период исламизации конкретно самого Казахстана относится к началу VIII в.: *«Войска арабского полководца Кутейба ибн Муслима, на чьих копьях вошла мусульманская вера в Казахстан, вторглись на юг региона в 714 г., начале VIII в., чем и датируется начало исламизации Казахстана»* [3, с.103]. Процесс установления ислама в Казахстане был длительным и сложным, занял несколько веков. И хотя мусульманство стало, по сути дела, единственной религией казахов, оно не носит здесь резко выраженного ортодоксального характера. Принятие протоказахами ислама способствовало как консолидации традиционного казахского общества, так и дало уникальную возможность через ислам вхождению в мировую цивилизацию и культуру. Заметное влияние на религиозную ситуацию в Казахстане оказывают специфические исторические традиции казахского общества. Казахи, основная масса которых до начала 30-х годов вела кочевой или полукочевой образ жизни, как свидетельствуют различные источники, весьма поверхностно приняли религиозные нормы ислама. Уровень религиозных

знаний кочевников был невелик, многие религиозные нормы ими не соблюдались, ислам в большинстве районов, как было отмечено выше, сосуществовал с шаманством и другими различными языческими традициями, что делало невозможным серьезные проявления религиозного фундаментализма.

Важное место в модернизации и совершенствовании современного казахстанского общества занимает и вопрос о роли ислама в духовной культуре казахстанского общества. В данном контексте можно утверждать, что возрождение ислама у нас в Казахстане, как, впрочем, и в других мусульманских или мусульманоориентированных государствах постсоветского пространства *«…идет не столько в русле мусульманской религиозности (что, конечно же, тоже имеет место), но в большей степени идет возрождение в рамках мусульманской культуры и обрядности. Также ментальным фактом является то, что основная часть мусульман принадлежность к исламу идентифицирует и как этническую принадлежность. Поэтому духовная этническая культура зачастую переплетена с духовностью самого ислама».*

Религия как неотъемлемая часть культуры, как форма общественного сознания, как нравственно-этическая идея несет в себе высокий заряд духовности. С позиции гражданского общества ислам как религиозная идея, как социальная доктрина, как образ жизни должен определять духовность своих последователей в рамках общечеловеческих ценностей, морали и нравственности самого общества. Духовность ислама может и должна выступать и как основание диалога в полиэтническом и поликонфессиональном обществе. Именно, духовность религии, в данном случае, ислама может быть определенным противовесом экстремизму. Духовность как самореализацию человека можно считать и его проявленной свободой, свободой быть самим собой, ибо именно жизнь духовная дает человеку уверенность в своих действиях и веру в достижение счастья.

В начале 90-х годов общим в западных исследованиях, посвященных Центральной Азии, была констатация того факта, что мировая исламская умма пополнилась еще пятью государствами. Но история суверенного развития, в том числе и нашего государства, показывает, что большинство оценок себя не оправдали. И это еще раз подтверждает то обстоятельство, что Казахстан нельзя рассматривать сквозь призму старых представлений. Исламское возрождение в Казахстане в силу исторических обстоятельств носит иной характер. И анализировать это явление следует в контексте модернизационных изменений в обществе.

Для объяснения процессов, происходящих в обществе, исследователи прибегают к помощи концепций *«частичной модернизаций», «тупиковой модернизаций», «кризисного синдрома модернизаций».* В основе этих концепций находится идея о неизбежности столкновения старых, традиционных для данной национальной политической культуры ценностей и норм политической жизни с новыми модернизационными институтами. В этом ракурсе можно рассматривать и влияние фактора исламского возрождения на построение гражданского общества Казахстане.

**Сегодня существует определенный стереотип по вопросам взаимодействия политико-правовых отношений государства и ислама.** В частности, существует расхожее мнение, что гражданское общество и ислам вещи не совместимые. В Казахстане ислам оказывает сегодня влияние на формирование духовно-нравственного климата, мировоззрения человека, и уже через эти каналы и на другие сферы социальной жизни.

В гражданском обществе возможен и даже необходим диалог между государством и религией, обществом и религией, между конфессиями и разными этнокультурами, и именно этот диалог является реализацией свободы и равенства в гражданском обществе, и в основе диалога лежит принцип соблюдения прав и свобод личности. При этом свобода личности в гражданском обществе сопряжена с ее ответственностью перед законом. Разрешение проблемы соотнесенности этнического и ислама, вытекает из признания исламом этнических и национальных ценностей как реализации прав и свобод, как отдельного человека, так и отдельных народов.

Это четко прослеживается и в исламском вероучений, согласно которой последователей трех религий объединяет, горазда большее, чем разъединяет, на что собственно и необходимо уделять побольше внимание, т.е. на консолидирующее начало в религиях. Все три мировые религии являются религиями, восходящими к Ибрахиму (Аврааму), от которого они все ведут свое начало, свои монотеистические традиций. Все они родились у народов, являвшихся буквально родными братьями, детьми одного отца – у семитских народов, прежде всего арабов и евреев. Их в далеком историческом прошлом объединяла общность языка, обычаев и норм, традиций, и, конечно же, религиозных представлений. Они поклонялись одному богу – Элоаху по Библии, Аллаху – по Священному Корану [4, с.113]. Можно утверждать, что духовно-нравственные установки ислама родственны христианским; но являются более актуальными, соответствующими современным социально-экономическим трансформациям.

**Одним из важнейших ключей достижения межэтнического, межкультурного и межконфессионального согласия является диалог.** Именно на диалоге можно построить стабильность, именно на диалоге можно жить всему человечеству без войн и конфликтов. Межэтнический и межконфессиональный диалог является залогом будущего. И сегодня роль и значение Ислама в модернизации и дальнейшем совершенствовании казахстанского общества не потеряло свою значимость.

### ЛИТЕРАТУРА


1.**Менар Г.** Ирак: домыслы и реальность. Мнения экспертов // Красная звезда. – 2003. – 18 марта.

2.**Орынбеков М.С.** Духовные основы консолидации казахов. – Алматы: ИД «Аркаим», 2001. – 252 с.

3.**Орынбеков М.С.** История философской и общественной мысли Казахстана. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1997. – 161 с.

4.**Маханов Н.** Межрелигиозный диалог – гарантия мира // Свобода совести: обеспечение межконфессионального и гражданского диалога: междунар. науч.-учредит. конф. – Алматы, 2003. – С. 113.

# ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ

**Роза ОРАЗБЕКОВА,**
**Кенжегүл СӘРСЕНБАЕВА,**
**Гүлзада БИЖАНОВА,**
**Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушылары, гуманитарлық ғылымдар магистрлері**

**Әр ұстаз – XXI ғасыр мұғаліміне сай болу үшін – ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, жан-жақты шебер, тынымсыз еңбекқор, терең қазыналы білімпаз, кез келген ортаның ұйытқысы болу керек. Осындай биік нәтижеге қол жеткізуді – кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалім ғана жүзеге асырмақ.**

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында *«Сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, тез өзгеріп жатқан әлемнің жағдайында зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру»* деп Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында атап көрсеткендей, бүгінгі таңда білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді талап етеді [1].

**Білім беру жүйесі – қызығы мен қиындығы мол күрделі сала.** Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу – әрбір ұстаздың оқу-тәрбие үрдісіндегі басты міндеті. Осы міндетті орындауда әрбір мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып жатады. Қандай әдісті пайдаланса да мақсатымыз айқын, ортақ. Ол бағдарламадағы материалдың мазмұнын шәкірт бойына сіңіру. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің сөзінде *«Бізге интеллектуалды ұлт қажет. Халықаралық деңгейде бәсекеге түсетін эрудицияы адамдар керек»* деген болатын. Жастар білімді, ақылды, жан-жақты жетілген, ұлттық рухы бар, ұлт мүддесі үшін қызмет ететіндей болуы үшін біз ұстаздар қауымы ат салысуымыз керек сияқты. Оқушылардың білімін жетілдіріп, дамыту жолында пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, жаңа технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін жас ұрпаққа бойына сіңіре отырып, жұмыс істеу ұстаздың міндеті. Білім беру үрдісінде көзделген міндеттер мен мақсатты жүзеге асыруда мектептің ондағы мұғалімдердің атқаратын еңбегі ерекше. Қазір білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Әлемдік білім кеңістігіне кіру үшін оның алғы шарттары да жасалуда. Білім мазмұнын жаңалау, құзырлылыққа бағытталған, ұлттық құндылықтар негізінде білім, тәрбие бере отырып, тұлға қалыптастыру, дарын көзін ашу сынды келелі мәселелер сөз жоқ, ұстаз жұмысын да жаңа арнаға бұруда. Қазіргі ақпараттық заманда барлық әлем өте тез жылдам дамуда және өзгеруде. Болашақ ұрпақты білім сатысынан алдыңғы жетістікке қол жеткізетін деңгейге жеткізу біздің еліміздің білім саласының алдында тұрған үлкен мәселе. Еліміздің әлеуметтік-экономикасының дамуына өзіндік үлес қоса алатын, өзіндік ой-пікірі бар жан-жақты дамыған, білімді де, білікті жеке тұлғаны дайындап, тәрбиелеу қоғамдық міндет. Себебі, ел тұтқасын жан-жақты білімді ұрпақ ұстаған кезде ғана өркениет алға қарай дамымақ. Мектеп білім мен тәрбиенің ошағы есебінде аса маңызға ие. Мектепте еңбек ететін әр ұстаздың да оған қосар өзіндік үлесі болуы тиіс. К.Д.Ушинский: *«Өмір бойы ойлап табу керек, жетілдіріп, дамыта түсу керек – міне, мұғалім өмірінің ең жалғыз жолы осы»* демекші біздер әрдайым жаңалыққа ұмтылып, сыни ойлауға бағыттала отырып, баршаны да ілестіре алатындай дамыту жолын адаспай табу қажетпіз. Әлемдік білім беру жүйесінің көшінен қалмай, дамудың басым бағыттарын негізге ала отырып, өркениетке аяқ басу білім беру мазмұнына жаңа талаптарды алға тартуда.

**Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жылдар бойы білім және ғылым саласына ұдайы көңіл бөліп келеді.** «Қазақстанның төртінші жаңғыруы: Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы адами капитал» атты Қазақстан халқына Жолдауында да бұл мәселе назардан тыс қалған жоқ. *«Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын оқушылардың сыни ойлау қабілетін және өз бетімен ізденy дағдыларын дамытуға бағыттау қажет»,* – деген жолдар – соның дәлелі [2].

**Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – жаңартылған білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда білім берудің жаңа парадигмасына көшу жағдайында оқытудың тиімді стратегияларын қолдана отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру.**

Қазіргі таңда барлық мектептер жаңа технология құралдарымен жабдықталып, ұстаздар білім берудің жаңа әдіс-тәсілдері бойынша білімдерін жетілдіру үстінде. *«Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі»*, – деп дана халқымыз айтқандай, бүгінгідей ел болашағы – жас буынды заманына сай лайықты жеке тұлға ретінде қалыптастыру ісі мемлекетіміз үшін маңызды болса, мұғалімдер қауымына артылар жүк ауыр екені баршаға мәлім. Қоғамның дамуындағы ең маңызды мәселе білім беру жүйесі. Қазіргі таңдағы негізгі мақсат – жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, ой-тұлғасы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны яғни еліміздің патриотын қалыптастыру. Оқып үйрену мен тәрбие ісінде оқу орындарының жаппай заманауи технологияларды қолдануға көшу процесінде мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру – қоғамның басты мәселесі. Ғалым Андерес Шлейхер: *«XXI ғасыр мектептері оқушыларды өмірде, жұмыста және азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастықта өмір сүруге дайындай отырып, ұлттық және жаһандық пікір алуандылығының шынайылығын ұғынатын өзіндік дербестігі мен ерекшелігін дамытуға көмектесуі керек»* деген тұжырымды кел-

тірер болсақ, Қазақстандағы жаңартылған білім беру бағдарламасының қазақ тілін үйренуге оң әсерін берері сөзсіз. *«Ғылым саласындағы мұндай елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға және табысты болу үшін әрбір азаматқа қажетті білім мен дағдыға терең әсерін тигізеді»,* – деп оң бағасын берген.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында белгіленген орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек; мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс, оларды оқыту нәтижесі сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты тереңталдау машығын игеру болуға тиіс деген болатын [3].

**Өзін-өзі бақылау – оқушылардың оқу бағдарламасы, материалы мен игерген іскерлігі және дағдысының беріктігі жайлы ақпарат алуын қамтамасыз етеді.** Өзін-өзі тексеру арқылы оқушылардың алған біліміне сенім артады, орындаған жұмыстарының нәтижесін бағалайды [4, 28 б.].

**Бағалау –** оқытудың құрамдас бөлігі және қорытындылау сатысы. Бағалау, бір нәрсенің деңгейін, сапасын, дәрежесін белгілеу. Оны оқушының оқу-таным әрекетінде қарастырсақ, оқыту процесінің міндеттерін оқушылардың қандай дәрежеде меңгеруі, дайындық деңгейі мен дамуын, білімдерінің сапасын, білік пен дағды көлемін анықтайтын құрал. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: **қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Жиынтық және қалыптастырушы** бағалаудың түрлері, сабақта қолданылған әдіс оқушылардың өз беттерінше жұмыс жасауына бағытталды, ойлау дағдыларын қалыптастыруға және ой қорытынды жасауға көп үлесін тигізеді. Мұғалім оқушыларға топ ережесін құрастырып болғаннан кейін бағалаудың түрлерін сабақта пайдалануға мүмкіндік бар [5, 13-14-бб.].

Әр мектептің ұсынылған үлгілерді қолдануына немесе өз бетінше тапсырмалар құрастыруына мүмкіндігі бар. Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру спецификацияға сәйкес бір параллельдегі барлық сыныптарда бірыңғай талаптар негізінде жүзеге асырылады. Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны оқу бағдарламасына сәйкес анықталады. Бөлім бойынша жиынтық бағалауды өткізу ұзақтығы 15-20 минуттан артық болмағаны ұсынылады. 15-20 минуттық шектеу – шартты болып келеді, бұл – сабақтың бір бөлігін қамтитын, шағын тапсырмалардан тұратын бағалау жұмыстарын қолдану қажет екендігін көрсетеді. Бөлім бойынша жиынтық бағалауды қандай түрде (бақылау, практикалық, шығармашылық жұмыс, проект, ауызша сұрау, эссе және т.б.) және қай сабақта өткізетінін мұғалім өз бетінше анықтайды. Бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру кезінде тек өтілген материалдарды ғана қамту керек. Бөлім бойынша жиынтық бағалау үшін тапсырмалар мен дескрипторларды мұғалім өз бетінше құрастырады (әдістемелік нұсқаулықта берілген тапсырмаларды қолдануға рұқсат етіледі). Бөлім бойынша жиынтық бағалауда максималды балды дескрипторларды ескере отырып, мұғалімнің өзі анықтайды. Бөлім бойынша жиынтық бағалауды өткізу тоқсан аяқталғанға дейін кемінде 1 апта бұрын жоспарланады.

**Модерация** – бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін қойылған балдарды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың жұмыстарын талқылап қарастыратын үдеріс. Әрбір мұғалім үшін модерацияға қатысу тиімді болып келеді.

**Мүмкіндіктері:** *-балл қою кестесі ескерілмегендіктен дұрыс жауап қабылданбаған, балл қою кестесінде қате жіберілген, жалпы балл дұрыс есептелмеген және т.б. жағдайларды анықтау;*

*-әріптестердің бағалауды қалай жүргізгенін көру;*

*-бағалаудағы өз тәжірибесімен бөлісу;*

*-жиынтық бағалаудың дұрыс өтуін, білім алушылардың барлық жауаптарының есептелуін, мұғалімдер арасында бағалаудың айырмашылықтарын талқылау және түсіну;*

*-балл қою кестесіне өзгертулер мен толықтырулардың енгізілуі және білім алушылардың алған балдарын қайта қарау туралы шешімдер қабылдау.*

**Модерацияға дейін:** жиынтық бағалау жұмыстарын балл қою кестесіне сәйкес бағалайды; баға қарындашпен қойылады; жиынтық бағалау жұмыстары іріктеліпіп алынады (максималды, минималды балдары бар, бағалауда қиындық туғызған жұмыс); іріктелген жиынтық жұмыс үлгілерінде білім алушылардың жеке мәліметтері шифрленеді.

**Модерация кезінде:** жұмыс қорытындысын ұжымда талқылайды және балл қою кестесіне сәйкес қойылғанына көз жеткізеді; қажет болған жағдайда нәтижелерге немесе балл қою кестесіне өзгерістер енгізеді; отырыс хаттамасына қол қояды.

**Модерациядан кейін:** білім алушылардың жұмыстарын қайта қарайды, балдарды жоғарылатуы немесе төмендетуі мүмкін; нақты балл бағалау нәтижелерін тіркейтін электрондық журналға қойылады.

**Жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері:** пән мазмұнын жобалаудың спиральдiлiк ұстанымы, яғни білім мен біліктерді арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (білімді тақырыптар бойынша және сыныптар бойынша күрделендіру); таным заңдылығы мен пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша ойлау дағдысының деңгейлік жіктелімдеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерерахиясы; білім беру деңгейлері және тұтас оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсаттардың пәнішілік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік беру; бір білім саласы пәндері арасында, сондай-ақ пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында «ортақ тақырыптардың» болуы; бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сәйкес болуы, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назар аудару; оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспар түрінде технологияландыру болып табылады.

Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы. *«Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім»,* – деп ұлы жазушы М.Әуезов айтқандай тәуелсіздік туын тіккен елімізді өркениетке апарар жолдың бастауы – мектеп. Сол алтын ұяда оқушыға сапалы білім, саналы тәрбие берумен қатар, заман талабына сай білімді, нарық заманында бәсекеге түсе алатын, өзінің білім деңгейі мен кәсіби шеберлігін көрсете алатын адал азамат тәрбиелеу басты міндетіміз. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: *«Мемлекетіміздің ең басты дүниесі тек қана табиғи байлық емес, сонымен қатар жасөспірім ұрпағы, өйткені олар – біздің ұлтымыздың болашақ айнасы»,* – дегені мәлім [6]. Демек, жас ұрпаққа білімді жан-жақты беру, мектептен бастап оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту негізінде білім беру үрдісіне Бағдарламаның жеті модулін енгізу қажет деп есептеймін.

Қорыта айтқанда, білім ордасы оқушыларға тек қана білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оқушылар-

дың білімін бағалау, оқушыларды алға ұмтылуға ынталандыру орталығы болып табылады. Ал, оқушының дұрыс қалыптасуындағы шешуші рөлді бағалау атқарады деп ойлаймыз.

Бағалау одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсаты мен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданады.


**РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассмотрены эффективные методы и приемы преподавания истории. Автор указывает на современные технологии в образовании, которые в нынешнее время имеют большое значение для обучаемых.

* * *

In this article it is said of effective methods in the studying of the history. The author points to modern technologies in education, which at the present time are of great importance for trainees.


**ӘДЕБИЕТТЕР**


1.Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттікбағдарламасы.http://adilet.zan.kz/rus

2.Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның төртінші жаңғыруы: Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы адами капитал» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 ж.

3.Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы; 17 қаңтар, 2014 ж.

4.Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші (ілгері) деңгей. Үшінші басылым 2015 ж.

5.Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы. «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» Дербес Білім Беру Ұйымы Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы. Астана, 2016 ж.

6. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы; 17 қаңтар, 2014 ж.




# МОҒОЛСТАН. ӘБІЛҚАЙЫР ХАНДЫҒЫ


**Қайыржан АРЫСТАНОВ,**
**Аралтөбе орта мектебінің тарих пәні мұғалімі**


**Сабақтың мақсаты Барлығы:** XIII-XV ғғ. Қазақстан аумағында құрылған мемлекеттерді біледі және картаны қолдану арқылы саяси үдерістерді түсіндіреді. **Басым көпшілігі:** тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII – XV ғғ. құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатының маңыздылығын салыстырады. **Кейбірі** Әбілқайыр хандығының сыртқы саясатын бағалайды.

**Бағалау критерилері** XIII-XV ғғ. Қазақстан аумағында құрылған мемлекеттерді біледі және картаны қолдану арқылы саяси үдерістерді түсіндіре алады.

Тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII – XV ғғ. құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатының маңыздылығын салыстыра алады. Әбілқайыр хандығының сыртқы саясатына баға береді.

**Сабақ барысы. Сабақтың басы.** Сәлемдесу. Назарларын жаңа сабаққа аударту.

Үй тапсырмасын сұрау. **«Шындық», «Жалған»** (Тарихи деректердің «Шындық» немесе «Жалғандығын» V – белгісі арқылы белгілеу).

| Тарихи деректер | Шындық | Жалған |
|---|---|---|
| Қазақстан аумағында Алтын Орда құлағаннан кейін бірнеше мемлекеттер – Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы құрылды. | | |
| Шағатай ұлысы ыдыраған соң, оның шығыс бөлігінде Моғолстан мемлекеті құрылды. | | |
| Моғолстанның алғашқы билеушісі Тоғылық Темір хан тұсында хандық биліктің бірқатар қызметі Әмір Поладшының қолында болды. | | |
| Ұлысбегі деп қарапайым халықты айтады. | | |
| Моғолстан билеушісі Ілияс қожа мен Әмір Темірдің арасында шайқас тарихта «Бұланты шайқасы» деп аталады. | | |
| Моғолстан мемлекеті қазіргі Жетісу аймағы мен Қырғыстан, Шығыс Түркістанды алып жатыр. | | |

**Дискриптор.** Қазақстан аумағында Алтын Орда құлағаннан кейін орнына пайда болған хандықтарды табады.

Шағатай ұлысы ыдыраған соң, оның шығыс бөлігіндегі мемлекетті анықтайды; Тоғылық Темір хан тұсында хандық биліктің бірқатар қызметі кімде болғандығын анықтайды; Ұлысбегі ұғымына анықтама береді; Моғолстан билеушісі Ілияс қожа мен Әмір Темірдің арасында шайқас тарихта қалай аталатындығын біледі; Моғолстан мемлекетінің қазіргі территориясын біледі.

**«Ойлан, топтас, бөліс» әдісі.** (ДЖИГСО әдісі арқылы мәтінді жеке оқып, топта талдау жүргізу).

**1-тапсырма:** Әбілқайыр мен Моғолстан мемлекеттерінің орталығы және оған шекаралас мемлекеттерді кескін картадаға көрсетіңіз.

**Дескрипторлар:** Әбілқайыр хандығының аумағын картадан дұрыс белгілейді.

Моғолстан мемлекетінің аумағын дұрыс белгілейді. Моғолстан мемлекетінің астанасын белгілейді. Әбілқайыр хандығының астанасын белгілейді. Көршілес 3 мемлекетті атап, аумағын белгілейді.

**2-тапсырма.** Қазақстан аумағында XIII – XV ғғ. құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатының маңыздылығын салыстырады.

**Дескрипторлар:** Әбілқайыр, Моғолстан хандығының сыртқы саясатының ерекшеліктерін табады. Әбілқайыр, Моғолстан хандықтарының көрші елдермен байланысын анықтайды. Әбілқайыр хандығына қараған елді мекендерді табады. Мемлекеттердің сыртқы саясат нәтижелерінің екі салдарын анықтайды.

**Рефлексия**: «**Өз жетістігіңді бағала».**

Ұнаған тапсырма. 1. Қиындық тудырған тапсырма – 2. Қандай қиындықтар болды – 3.

**Үйге тапсырма:** «Хандардың ел басқарудағы әлді және әлсіз тұстарын жазып келу».


**Батыс Қазақстан облысы,**
**Сырым ауданы,**
**Аралтөбе ауылы.**

# ТҮРІКТЕРДІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ

*(X-XIII ғ. басындығы Қазақстан)*

**Света ИШЕБАЕВА,**
**№ 26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі**

| | |
|---|---|
| **Зерттеу сұрағы** | Әлем өркениетінің дамуына түркі мәдениеті қаншалықты үлес қосты? |
| **Оқу мақсаты** | 6.2.3.2 – Әл-Фарабидің және басқа да ғалымдардың ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтау. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** Орта ғасырлық ғұламаларды олардың өмірбаянын біледі. **Басым бөлігі:** Әл-Фарабидің және басқа ғалымдардың қандай ғылым саласына қосқан үлесін атайды. **Кейбірі:** Еңбектерін талдау арқылы түріктердің әлемдік рухани мәдениеттің дамуына қосқан үлесі туралы қорытынды жасайды. |
| **Бағалау критерийлері** | -Ортағасырлық ғұламалардың өмірбаянын сипаттайды.<br>-Әл-Фарабидің және басқа ғалымдардың қандай ғылым саласына қосқан үлесін атайды.<br>-Ортағасырлық ғұламалардың еңбектерінің тарихи құндылығына баға береді. |
| **Тілдік мақсаттар** | Талқылауға арналған тармақтар: -Тақырып бойынша берілген мәтінді оқиды және топпен талқылайды (тыңдалым, оқылым, айтылым). -Тақырыпқа байланысты бейне көреді (тыңдалым), көргендері бойынша диалог жүргізеді (тыңдалым). -Тақырып бойынша негізгі ұғымдарды анықтайды (жазылым).<br>Пәнге қатысты лексика мен терминология**.** Білім мен ғылым, дін, қоғам, ғұлама. |
| **Құндылықтар-ды дарыту** | «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтары тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы негізінде оқушы бойында патриотизм, отансүйгіштік қасиеттерді дарыту. |
| **Пән/ар. байл.** | Дүниежүзі тарихы. |
| **АКТ қолдану** | Ақпарат сұрыптау, өңдеу. |
| **Бастапқы білім** | Мәдениет дегеніміз не? Оның қанша түрі бар? Материалдық мәдениет деген не? Рухани мәдениет деген не? |

**Сабақ барысы**

<table>
<tr><th>Сабақ кезеңі</th><th>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы 2 мин.</td><td>Мұғалім оқушылармен амандасып, назарларын сабаққа аудару. Ынтымақтастық атмосферасын құру. Күннің суреті – күлімдейміз, Алақанның суреті – амандасамыз, Жүректің суреті – тілек айтамыз. Оқушылар уақытты үнемдеп алдын ала түстер бойынша топқа құрастырылды.</td><td>Презентация<br>Суреттер</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы 5 мин<br><br>Сабақтың ортасы: 25 мин.<br><br>Сабақтың соңы. 5 мин.</td><td>1-тапсырма. Тақырыпқа кіріспе. Оқушылардың назарларын сабаққа аудару мақсатында білімлендтен Ортағасырлық ғұламалар туралы Bilimland.kz сайтынан бейнефильмнен үзінді көрсетіп «Кинометафора» әдісі арқылы сұрақтар беріледі: Бейнефильмнен не көрдіңдер? -Онда қандай көріністер бейнеленген? -Жаңа сабағымыз не туралы өтеді деп ойлайсыңдар? Оқушылардың жауаптарын жинақтай келе, бүгінгі тақырыптың оқу жоспары мен және бағалау критерилерімен таныстыру. Үш тұғырлы тіл аясында трек сөздермен жұмыс. Білім – знание – education; ғылым – наука – training; тіл – язык – the language. Дескриптор: Бейнефильмді көріп талдайды. Өз ойларын жетік білдіреді. Трек сөздердің аудармасын атайды.<br>ҚБ мадақтау. Саралау үшін түрлі түсті фишкалар. Сонымен бірге сабақ барысында сұрақтардың күрделілігіне қарай жауап берген оқушыларға қызыл, жасыл, сары түсті фишкалар беру арқылы оқушыларды саралау. 2-тапсырма. Топ басшылары тақырыпты таңдайды. Оқулық мәтінімен жұмыс жүргізу (оқылым). Постер қорғау. 1-топ: Әл-Фараби. 2-топ: Әл-Бируни. 3-топ: Қожа Ахмет Ясауи. Дескриптор: Ортағасырлық ғұламалардың өмірбаянын сипаттайды. Әл-Фарабидің және басқа ғалымдардың қандай ғылым саласына қосқан үлесін атайды. ҚБ мадақтау. Смайликтер арқылы топтар бір-бірін бағалайды. Саралау үшін түрлі түсті фишкалар. Саралап оқыту. Қолдауды көп қажет ететін оқушыларға: Сөйлемді жалғастыр. Берілген нүктенің орнына дұрыс жауабын қою арқылы сөйлемді жалғастырады.<br>Әл-Фараби ...........дүниеге келген. Әл-Фарабиді...........кейінгі екінші ұстаз дейді.<br>Қожа Ахмет Ясауидің еңбегі..........талады. ............. Қожа Ахмет Ясауидің алғашқы ұстазы.<br>Қолдауды аз қажет ететін оқушыларға. Сәйкестендіру. Авторларды жазған еңбектерімен қасына реттік саны арқылы сәйкестендіреді.
<table>
<tr><th></th><th>Авторлары</th><th></th><th>Еңбектері</th></tr>
<tr><td>1</td><td>Әл-Фараби</td><td></td><td>Диуани Хикмет</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Әл-Бируни</td><td></td><td>Бақытқа жету туралы</td></tr>
<tr><td>3</td><td>Қ.А.Ясауи</td><td></td><td>Масғұд кестелері</td></tr>
<tr><td>4</td><td>Әл-Бируни</td><td></td><td>Өткен бұындардың ескерткіші</td></tr>
<tr><td>5</td><td>Әл-Фараби</td><td></td><td>Азаматтық саясат</td></tr>
</table>
ҚБ: өзара бағалау (дұрыс жауабы экранға шығады). Қолдауды қажет етпейтін оқушыларға. Ортағасырлық ғалымдар әлем өркениетінің дамуына үлес қосты ма? Дәлел келтіру: 1. 2. Дескриптор: Ортағасырлық ғұламалардың еңбектерінің тарихи құндылығына баға береді.<br>ҚБ: өзара бағалау қолшапалақтау. Рефлексия: «Аралдар әдісі».</td><td>Презен-тация.<br><br>Bilimland.kz<br><br>Қима қағаз<br><br>Түрлі түсті фишкалар.<br><br>Оқулық, қосымша дерек көздері, портреттер, смайликтер.<br><br>Тапсыр-малар жазылған қима қағаздар.</td></tr>
</table>

**Алматы қаласы.**

# СЫРЫМ ДАТҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС

**Роза ӘБІЛОВА (Абилова),**
**№6 орта мектептің тарих пәні мұғалімі**

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары** | 7.3.1.5 – халықтардың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау.<br>7.3.1.6 – ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** С.Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс барысымен таныса отырып, ерекшеліктерін баяндайды. **Басым бөлігі:** Картадан қозғалыс болған жерлерді табып, кескін картада белгілейді. **Кейбіреуі:** Ұлт-азаттық қозғалыстың тарихтағы орнын талдай отырып, баға береді. |
| **Бағалау критерийі** | С.Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың басталу себептерімен, қорытындысымен танысады, ерекшеліктерін анықтайды. Картадан қозғалыстың барысын кескін картадан белгілейді. Қозғалыстың маңызын қосымша мәліметтерді пайдалана отырып бағалай алады. |
| **Тілдік мақсаттар.** | Пәнге қатысты терминология: Гладиатор, көтеріліс. Диалогтар мен жазу үшін қолданылатын тіркестер: Ежелгі Римдегі құлдықтың ерекшеліктері........... Спартактың елжандылығын оның келесі іс әрекеттерінен көре аламыз**...** Оқылым дағдысы: Сырым бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың барысын түсіну үшін мәтінмен жұмыс жасайды. Тыңдалым дағдысы: қозғалыс туралы бейнесюжет көреді. Айтылым дағдысы: мәліметтерін ортаға салып айтады. Жазылым дағдысы: тапсырмалар орындайды. |
| **Құндылық** | Жалпыға бірдей еңбек қоғамы. Өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау. |
| **Пән/ар. бай.** | География пәнімен байланысты тарихи оқиғаның өтіп жатқан өңірінің географиялық атаулары. |
| **АКТ қолдану** | Бейнекөріністегі ақпаратты монитордан тыңдау арқылы талдай алады. |
| **Алдыңғы білім** | XVIII ғасырдағы Қазақстандағы казак-әсери отаршылдығы. |

**Сабақ барысы**

| Сабақ кезеңі | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Кіріспе («Миға шабул» кезеңі)**<br><br>**7 минут** | Оқушылармен амандасамын. Психологиялық ахуал қалыптастырамын. Шешен, би, демократ, батыр деген сөз бар қағаздар арқылы 4 топқа бөлемін. Алтын ережені сақтауды ескертемін. Бағалау парақшаларын таратамын. Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты пысықталады. Бағалау критерийлері таныстырылады. Тарихи концепт пен зерттеу сұрағына назар аударылады. Бейнекөрініс бойынша «Ой қозғау»**.**<br>Б**:** Оқушыларға бейнекөріністегі мағлұматтарға мұқият назар аударуларын ескертемін. Бейнекөрініс біткеннен кейін сұрақ қойылады. Оқушыларға құлдар туралы 1-2 минуттық бейнекөрініс көрсетіледі, құлдар қалай өмір сүргені туралы пікірлерін айтуын сұраймын. **Ой шақыру:** 1. Бейнекөрініс не туралы? 2. Бейнекөрініс сіздерге неліктен және қандай себептермен көрсетілді деп ойлайсыздар? 3.Бейнекөріністің бүгінгі тақырыбымызға қандай әсері бар деп ойлайсыздар? Өз ойларын ортаға салады. Оқушыларды жаңа сабақтың тақырыбымен және оқу мақсаттарымен таныстырамын. | Қағаздар, интер-тақта. Бейне сюжет. |
| **Негізгі бөлім 25 минут** | **Б. Топтық жұмыс.** Қозғалыстың әр кезеңіне қатысты мәтіндер таратамын.<br>**1-топ. Көтерілістің басталу себептері.** Постер қорғау.<br>**2-топ. Көтерілістің алғашқы кезеңіндегі оқиғалар (1783-1786 ж**.). Рөлдік тапсырма.<br>**3-топ. Көтерілістің шарықтау кезеңіндегі оқиғалар (1786-1795 ж**.). Картамен жұмыс.<br>**4-топ. Көтерілістің дағдарыс кезеңіндегі оқиғалар (1795-97 ж**.). Хронологиялық тап.<br>**Дискриптор: 1-топ.** Көтерілістің басталу себептерін дұрыс түсіндіре алады.<br>**2-топ.** Көтерілістің алғашқы кезеңіндегі оқиғаны дұрыс түсіндіре алады (1783-1786 жж.). **3-топ.** Көтерілістің шарықтау кезеңіндегі оқиғаны картада дұрыс белгілейді және түсіндіре алады (1786-1795 жж.). **4-топ.** Көтерілістің дағдарыс кезеңіндегі оқиғаны дұрыс түсіндіре алады (1795-97 жж.). **ҚБ: «Табыс ағашы»** әдісі арқылы өзін-өзі бағалау. **Б. Топтық жұмыс.** Оқушыларға Ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты материалдар үлестіріледі, тапсырмаларды орындайды: Сынып картографтар, реставраторлар, хронистер, лингвист-аудармашылар деген топтарға бөлінеді. Әр топ өз жұмыстарымен таныстырады. **1.«Картографтар» тобы** картаны пайдалана отырып көтерілістің негізгі пункттерін табады. Олардың орналасқан орнын кескін картадан белгілейді. **2.«Реставраторлар» тобы** төмендегі сөйлемдегі қателіктерді табады: Көтеріліс басында Кіші жүздің Байбақты руынан шыққан Сырым батыр (1742-1802) тұрды. 1786 жылғы 3 маусымда II Екатерина Нұралы ханды биліктен аластату жөнінде құжатқа қол қойды. Генерал-губернатор жанында рубасыларының кеңесін құрып басқару туралы жоба «Игельстром реформасы» деп аталды. Кіші жүз тағы да екі топтың арасындағы күрес сахнасына айналды. Қаратай бастаған сұлтандардың қудалауымен Сырым 1797 жылы Хиуа хандығына өтіп кетеді. Белгілі қайраткердің одан кейінгі өмірі туралы дерек аз, 1802 жылы жат жұртта белгісіз себептерден дүние салады**.** **3.«Хронистер» тобының** сұрақтары. 1.Сырым көтерілісі кімге қарсы бағытталды? 2.1783 жылы қандай оқиға болды? Патша әкімшілігіне үлкен соққы болған қандай оқиға? 3.1786 жылы Кіші жүзде басқару жүйесін өзгерткен (реформалаған) Орынбор әскери губернаторы кім? 4.Есім хан қай жылы хан тағына отырды? **4. «**Лингвист-аудармашылар» тобы**.** Ре.ор.а, ше.арал.қ сот, р.с..ава, С.од, ка.ак сөздерін толық жазады, мазмұнын ашады. Аудару: қозғалыс, (орыс тілі, ағылшын тілі). | Мәтін А3 қағаз-дар. Карта. |

| | | |
|---|---|---|
| **Негізгі бөлім 25 минут** | **Дискриптор: «Картографтар»** үшін: 1. Қозғалыс болған аумақтарды кескін картадан белгілеуі. **«Реставраторлар»** үшін: 1. Сөйлемнің ішінен қате сөзді анықтау. **«Хронистер» үшін:** 1. Көрсетілген сұрақтарға дұрыс, әрі нақты жауап береуі. **«Лингвист-аудармашылар»** үшін: 1. **Ре.ор.а, ше. арал. қ сот, р.с. ава, С.од, ка.ак.** сөздеріне сәйкес келетін әріпті жазуы және мағынасын ашу. 2. **Аудару:** қозғалыс, (орыс тілі, ағылшын тілі). Әр дұрыс жауап бір ұпаймен бағаланады.<br>**ҚБ: «Тобыс ағашы» өзара бағалау**. | Мәтін А3 қағаздар. Карта. |
| **Сабақтың соңы 3 минут**<br><br>**2 минут**<br><br><br>**Бағалау** | **Б. Жеке жұмыс.** Интерпретация**.** Білімді жинақтау, ойды түйіндеу.<br>**(Т)** Енді бүкіл сынып алдындағы міндет **–** ортақ шешімге келіп, С.Датұлын тарихи тұлға ретінде баға беру. Сынып оқушыларына зерттеу сұрағы қойылады: С.Датұлы Кіші жүз қазақтарының қандай құқықтарын қорғауды көздеді? Тапсырма шарты: С.Датұлының Кіші жүз қазақтарының құқықтарын қорғауды көздегеніне 3 дәлел келтіреді. Үлгі: Сырым Кіші жүз қазақтарының құқықтарын қорғауды көздеді, оның дәлелі.... ....<br>**Дескриптор.** -Жауап құрылымын сауатты құра алуы;<br>-Дәйекпен дәлелдеп, жауапты дұрыс бере алуы.<br>**Рефлексия.** «Өз прогрессіңді бағала». -Мен бүгінгі сабақта қандай деңгейдемін?<br>**Бағалау парақшалары арқылы оқушылар өзін-өзі бағалайды.** | Бағалау парақшалары. |

**Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы.**

# 1941-1945 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЕРЛІКТЕРІ

**Гүлбану ӘЛІМҚАДЫРОВА (Алимкадирова),**
**№26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі**

| | | |
|---|---|---|
| **Мақсаты** | Білім алушылар Ұлы Отан соғысы жылдарындағы шайқастар және Қазақстандықтардың ерлігі туралы біледі. Түсініп оқу арқылы ойын жеткізе білуге үйренеді. Топпен тапсырмалар орындауға дағдыланады. | |
| **Жалпы мақсат** | Тапсырмалар бойынша білімді меңгерте отырып, өз бетінше оқу және тыңдай білуге үйрету. | |
| **Нәтиже** | Топпен жұмыс істеу арқылы өзгелерді тыңдай білуге, тиянақтылыққа, ұқыптылыққа үйренеді. | |
| **7 модульдің қолданылуы** | АКТ, Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқытуды басқару және көшбасшылық. | |
| **Әдіс-тәсілдер** | Тестпен жұмыс, «киномотаграфия» әдісі, топтық жұмыс «голерея» әдісі «бес сөйлем» әдісі. | |
| **Ресурстар** | Карта, маркерлер, портреттер, тақта, стикерлер, интерактивті тақта. | |
| **Ұйымдастыру кезеңі** | -Сәлемдесу. -Сыныпты түрлі-түсті стикерлер арқылы 3 топқа бөлу. - Бағалау парақшасын тарату. | Әр топ стикердің түсіне қарай өз орнына отырып, сабаққа дайындалады. |

| Сабақ кезеңі | Тапсырма | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушы іс-әрекеті |
|---|---|---|---|
| **Қызығушылықты ояту.** | Үй тапсырмасын тест арқылы тексеру. | Интерактивті тақтаны пайдаланып, тест алу. | Дәптерлеріне тестті орындайды, өздерін тексереді. |
| **Түсіну** | Оқулықпен жұмыс. | -Қысқаша тақырыпты түсіндіру.<br>-Интерактивті тақтадан «Киномотаграфия» әдісін пайдаланып, видио көрсету.<br>-Оқулықпен жұмыс жүргізу. | -Білім алушылар тыңдайды.<br>-Видионы көреді.<br>-Оқулықпен жұмыс жүргізеді. |
| **Қолдану талдау** | Топтық жұмыс | 3 топқа тапсырмалар беріледі: **1-топқа:** Мәскеу шайқасына Қазақстандықтардың қатысуы Б.Момышұлы туралы видио көрсету «Киномотаграфия» әдісі. **2-топқа:** Ленинград шайқасына Қазақстандықтардың қатысуы. **3-топқа:** Қазақстандық батырлар. «Галерея» әдісін пайдалану. | Білім алушылар топпен дайындалады. Өз тапсырмаларын қорғайды. Бағалайды. |
| **Жинақтау** | «Бес сөз» әдісі. | Ерлік, Мәңгілік Ел, Рухани жаңғыру, ұлттық тарих, отансүйгіштік сөздерін пайдаланып, сабақты қорытындылау. | Білім алушылар осы бес сөйлемді пайдалана отырып, сабақты қорытындылайды. |
| **Бағалау** | Өзін-өзі бағалау, бағалау парақшасы. | Бағалау парақшасы арқылы бағалау. | Өзін-өзі топпен бағалайды. |
| **Рефлексия** | Стикерлерді толтыру. | Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну. | Ұсынылған стикерді толтыру. |

**Алматы қаласы.**

# ҚАЗАҚСТАНДА ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ,
## *өнеркәсіп саласының озаттары мен жаңашылдары*

**Мейрамгүл ХАЛИДУЛЛИНА,**
**М.Мирманов атындағы жалпы орта білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі**

| | | |
|---|---|---|
| **Сараланған мақсат** | **Барлық оқушы:** Индустрияландыруға бағыт алу және оның демографиялық салдары туралы мәлімет пен танысады. **Көпшілігі:** Дерек көздерін талдау арқылы 1920-1930 жылдары Қазақстанда жүргізілген индустриаландыру саясатының маңызын түсіндіреді, жұмысшы табының қалыптасуын айтады. **Кейбірі:** 1920-1930 жж. Қазақстанда жүргізілген индустриаландыру саясатының жетістіктері мен зардаптарын түсініп айтады. | |
| **Бағалау критерийлері** | 1920-1930 жылдары Қазақстанда жүргізілген индустриаландыру саясатының маңызын түсінеді, демографиялық ахуалды талдайды. Қазақстанда жүргізілген индустриаландыру саясатының жетістіктері мен зардаптарын түсінеді. Жұмысшы табының қалыптасуын түсінеді. | |
| **Құндылықтарды жүзеге асыру** | «Мәңгілік Ел» идеясы «Қоғамдағы ұлттық бірлік бейбітшілік пен келісім» құндылығын дарыта отырып Қазақстандағы индустрияландыру жағдайын сипаттау туралы айтқанда ынтымақтастық, құндылығын дарыту. | |
| **Пән/ар. байлан.** | Дүниежүзі тарихы, химия және қазақ тілі сабағы бойынша оқушы сабақ барысында эссе жазуды үйренеді. | |
| **Ойлау деңгейі** | Оқушы сабақ барысында Қазақстан жағдайын 1920-1930 жылдары Қазақстанда жүргізілген индустриаландыру саясатының жетістіктері мен зардаптарын талдап жинақтап, бағалай алады. | |
| **Сабақ барысы** | | |
| **Сабақ кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы** | **Сабақ басында:** Оқушылар мен амандасу, түгендеу, психологиялық ахуал орнату, зейінін сабаққа аудару «Мен саған – сен маған» әдісі бойынша сұрақ қою (оқушылар үй тапсырмасын тексеру). **Қалыптастырушы бағалау: «Мадақтау Мұғалімнің»** (Жарайсың! Керемет!, т.б.).<br>Оқушылар **«Мозайка»** әдісі арқылы 5 топқа бөлінеді. Оқушылар үстелдің үстінен сөздердің қиықтарын алып, өздеріне ұнаған түстерден сөз құрайды және сол арқылы топқа бөлінеді.<br>**1-топ. Талдау кілті Қазақстандағы индустрияландырудың басталуы мен жұмысшы табының қалыптасуы туралы постер қорғау; 2-топ. Конструктор тобы** Қазақстан индустриясының жетекші нысандары өнеркәсіп саласы бойынша; **3-топ. Сәйкестендіру тобы**, Қазақстандағы индустрияландыру кезіндегі жұмысшы табының қалыптасуы бойынша құру. **4-топ. Дәлелдеу тобы.** Қазақстандағы индустрияландыру кезіндегі халық құрамының өзгеруі, сандық көрсеткіш бойынша маниторинг жасау. **5-топ. Байланыстыру тобы** кесте құрау Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен келеңсіз жақтары. **ҚБ: «Топаралық бағалау».** | Сурет.<br><br>Интербелсенді тақта. |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**Сабақтың соңы** | **«Сұрақты ұстап ал» әдісі.** 1.Ф.И.Голощекиннің Кіші Қазан бағытына қарсы шығып, өз идеясын ұсынған. **А.** Қ.Сәтбаев **В.** Н.Нұрмақов **С.** А.Андреев **Д.** С.Сәдуақасов+<br>2. Қазақстанда индустрияландыру неден басталды? **А.**Табиғи байлықтарды зерттеуден +<br>**В.** Жұмысшы табының көбеюінен. **С.** Темір жол салудан **Д.** Өнеркәсіптер ашудан.<br>3. Түрксіб темір жолы тұрақты пайдалануға берілген уақыт.<br>**А.** 1929 ж. қыркүйек **В.** 1931 ж. қаңтар+ **С.** 1932 ж. тамыз **Д.** 1931 ж. маусым.<br>4.Академик Губкин басқарған экспедиция нені зерттеді?<br>**А.** А.Орал-Ембі мұнайын. **В.** Жезқазған мысын. **С.** Алтай полиметалын. **Д.** Орталық Қазақстан.<br>5. 1935 ж. жұмысшы табының құрамындағы қазақтардың үлес саны. **А.** 27,2% **В.** 31% **С.** 33% **Д.** 43%+<br>**Топтар бір-бірін бағалайды.** Сабаққа жақсы, белсене қатысқан оқушыларды бағалаймын.<br>**«Минуттық шешім».** Оқушылар сабақ немесе тарау кезінде оқыған аса маңызды тармақтарды (пайдалы мағынасы бар) анықтайды. Тапсырмалар топтарға ортақ «Зерттеу сұрағы» XX ғ. басындағы Қазақстандағы өнеркәсіптің даму ерекшеліктері. **Жауабы:** 1925 жылы желтоқсанда БКП(б) XIV съезі өтіп, онда елді индустрияландыру бағытына көшіру туралы шешім қабылданды. Одақтың орталық органдары алғашқы күннен бастап Қазақ өлкесін Кеңес Одағының шикізат базасына айналдыру бағытын көздеді. Жоғарғы басшылық жер байлығын зерттеудің бағдарламасын жасап, түсті металл, көмір және мұнай өнеркәсібін дамытуды негіздеді. Индустрияландырудың ең ірі құрылысының бірі – Түркістан–Сібір теміржолын салу болды. 1445 км-ге созылған Сібір мен Орта Азияны жалғайтын жол құрылысы 1927 жылы сәуірде басталды. 1930 жылы 25 сәуірде мерзімінен 17 ай бұрын аяқталды. Қазазстанда 44 қала және қалашық болса, 1939 жылы олардың саны 81-ге жетті. Қала тұрғындарының саны 8,2%-дан 27,7%-ға өсті. Инженертехникалық, жұмысшы кадрларының білікті тобы қалыптасты. 1926 жылы халық шаруашылығында істейтін жұмысшылар саны 10,7%-ды құраса, 1939 жылы бұл көрсеткіш 33,8%-ға жетті. Сонымен қатар индустриаландырудың келеңсіз жақтары да аз емес еді. Индустриаландыруды жүйеге асыру үлкен қаржылық қорды қажет етті, ал ол қаржы ауыл шаруашылығы есебінен және ішкі несие арқылы алынды. Индустриаландырудың Одақ бойынша дамуы Қазақстан өнеркәсібін шикізат өндіру бағытында ғана дамытуға әкеліп соқты. Газ, мұнай, металл өңдейтін, машина, станок, прибор, автомобиль жасау кәсіпорындары салынбады. Қазақ Республикасы елді электрлендіру, теміржолдар мен оны пайдалану бойынша Одақ көлемінде артта қалды. 1928-1939 жылдары Қазақстан қалаларының халқы қоныс аударушылардың есебінен ғана 1,8 миллион адамға жетті. Нәтижесінде 1920-1930 жылдары болған аштық пен қоныс аударудың салдарынан қазақтардың үлесі 1939 жылы 33,8%-ға дейін төмендеп кетті. Мәтіннен тауып **Индустрияландыру ерекшеліктерін анықтайды. ҚБ: Мұғалімнің бағалауы** (кері байланыс беріп қалай оқу керектігін бағыттаймын).<br>**Үйге.** Оқушыларға үйге тапсырма ретінде индустрияландыру туралы мәлімет жинау.<br>**Рефлексия: «БҮҮ» әдісі бойынша.** | Доп<br><br>АКТ<br><br>Кесте |

**Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, Бірлік ауылы.**

# ҒЫЛЫМИ ОЙДЫҢ ДАМУЫ

**Нұргүл ҚАСЫНБАЕВА,**
**№26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі**

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаты** | 7.2.1.1.Қоғамда дін рөлінің шектелуіне байланысты адамдар өмірінде орын алған өзгерістерді анықтау. |
| **Сабақтың мақсаты** | 1.Қоғамдағы ғылыми жаңалықтарды сипаттау. 2.Дін рөлінің шектелуіне байланысты қоғамдағы өзгерісті талдау. 3.Тарихи тұлғалардың адамзат дамуына қосқан үлесін тұжырымдау. |
| **Бағалау критерийі** | 1.Қоғамда дін рөлінің шектелуіне байланысты өзгерістерді сипаттау.<br>2.XIX ғасырдағы адам өміріне өзгеріс ендірген ғылыми жаңалықтардың маңыздылығын көрсету. |
| **Тілдік мақсаттар** | Пәнге қатысты лексика мен терминология: Бу қозғалтқыш, термодинамика, телеграф, телефон, радио, пастерлеу, мендализм, конфуций Талқылауға арналған тармақтар. |
| **Құндылық-тарға баулу** | Экономикалық өсу – біздің ең басты міндетіміз, Қазақстанның өңірлік және жаһандық бәсекеге қабілеттілігі осыған тікелей байланысты. |
| **Пән/ар.бай.** | География, физика, химия. |
| **Алдыңғы білім** | 6.2.1.1.Адамның дүниетанымы мен қоғамдық өмірдегі дін рөлінің өзгеру себептерін анықтау. |

**Сабақ барысы**

| Сабақ кезеңі | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы. 5 минут Сабақтың ортасы. 20 минут 5 минут.** | 1.Оқушылармен амандасып, психологиялық ахуал үшін шаттық шеңберін құрады, бір-біріне сәттілік тілейді. Түстер арқылы үш топқа бөлінеді. **1-тапсырма.** «Қар кескіні» әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау. **ҚБ – Бағдаршам арқылы бағалау. 2-тапсырма.** XIX ғасырдағы ғылыми жаңалықтар жайлы бейнероликтен үзінді көрсету. Осы бейнероликтен «Ашық микрофон» әдісі арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашады. **3-тапсырма.** «Тұлғаны таны» әдісі. Әр топқа алдын ала дайындалған портреттер беріледі. **4-тапсырма.** «Сәйкестендір» әдісі. Ұғымдарды міндеттеріне сәйкестендір.**Ғалымдардың жаңалықтарын сәйкестендіреді, ажыратады.** | Түрлі-түсті карточкалар АКТ, Л.Пастер, М.В.Ломоносов, Исакк Ньютон портреттері. |
| **Сабақтың соңы. 2 мин.** | **Кері байланыс.** «Бүгінгі сабақтан менің алғаным.... **Үйге.** Ғылыми ойдың дамуы. **Сабақты қорыту.** Жаңа сабақты оқытуда уақыт тиімді пайдаланылды. Оқушылар жеке, топпен бағаланды. | Стикер Оқулық. |

**Алматы қаласы.**

**В АУЭЗОВСКОМ РАЙОННОМ ФИЛИАЛЕ ПАРТИИ «NUR OTAN»**

# КОНТРОЛЬ КОМИССИИ ПАРТИЙНОГО КОНТРОЛЯ

*по выполнению госпрограмм и поручений Председателя партии «Nur Otan»*

Прошло заседание под председательством председателя Комиссии партийного контроля Ауэзовского районного филиала партии «Nur Otan» Толеугали Тайтулеева. На повестке дня стоял вопрос о реализации пяти социальных инициатив Президента, где партийцы рассмотрели итоги выполнения поручений Елбасы и предложили новые механизмы их дальнейшей реализации. Согласно Положению о Комиссии партийного контроля, основной целью деятельности комиссии является контроль выполнения членами партии государственных программ и поручений Председателя партии.



В связи с чем, контроль за реализацией пяти социальных инициатив в городе Алматы, возлагается на Комиссию партийного контроля. Тем самым предстоит большая работа, социальные инициативы поддерживаются всем населением на различных площадках, буквально вчера проходило заседание Коалиции демократических сил на котором представители разных партии высказали свое мнение и поддержали данную инициативу. Сегодня мы хотим на региональном уровне чтобы руководители местных исполнительных органов и организаций за действенных 5 социальных инициатив дали информацию разъяснительного характера как оно будет у нас реализоваться, какие граждане примут участие и начали ли широкую информационно-пропагандисткую работу. Рекомендации по пяти социальным инициативам Президента РК будут направлены руководителям медицинских учреждений и управления образования г.Алматы.

**Бауыржан ЧУКУМОВ,**
**Заместитель председателя**
**КПК АРФ партии«Nur Otan».**

# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҰРПАҚТЫҢ ДАРА ЖОЛЫ

*«Із тастап аққан бір жұлдыз»*

**Нұржамал АЙМҰРАТОВА,**
**М.Әуезов атындағы орта мектептің**
**жоғары санатты тарих пәні мұғалімі**

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруды өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Көне замандағы көрікті қалаларымыз сән салтанаты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұлтартпас айғақ. Елбасымыз рухани жаңғырудың бірнеше принциптерін ұсынған болатын. Олар бәсекелестік қабілет ғаламданудың жаһандық жүйесіне еніп, ХХІ ғасырдың талаптарына дағдыланудың қамына кірісу сапалы табыстың кілті екенін атап айтты. Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Бұл міндет жаңа уақыт талаптарына төтеп бере алатын, кәсіби білікті, бәсекеге барынша қабілетті, ұлтжанды азамат тәрбиелеу ісінің өзектілігін алға тартады. Қадір Мырзалиев ақын атамыздың туған халқына сүйіспеншілігі мен құрметін үлгі ете отырып:

*Туған жер-ай, күнім де, дінім де сен,*
*Тағдыр сендей сүйесе сүрінбес ем.*
*Керегі жоқ басқа атақ, басқа абырой,*
*Жетіп жатыр тек өзің ұлым десе*, – деген ақын сөзінде айтылғандай, туған жеріңнің, еліңнің, халқыңның перзенті болудан артық адамға атақ та, абырой да керегі жоқ. Мен де болашақ еліміздің туған жеріміздің қадір-қасиетін, атабабаның ұлттық тәрбиесін бойыма сіңіріп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу менің міндетім деп есептеймін.

*Дендер, Дендер, Дендер, Дендер, Дендер,*
*Бұл өлке ғаріптерге ем берген жер,*
*Бұл өлке алыптарға дем берген жер.*
*Кешегі Исатай мен Махамбеттер,*
*Қара ұлын хан ұлына тең көрген жер.*
*Бұл өлке Атыраудың дастан жері*
*Талайдың абыройы тасқан жері,* – деп ақын Табылды Досымов жыр еткендей, Дендер топырағы алыптар мен ерлердің мекені ғана емес мұнда от тілді, орақ ауызды ақындар мен төкпе сазгерлер дүниеге келген қасиетті мекен. 90 жылдық ғұмырындағы Индер ауданының даму, өсу кезеңі сарғайған тарих парақтарына енсе де, ол шежіре ұрпақ үшін ең қымбат қазына. Қазақ халқының сайын даласы өзіндей шалқар, дархан дара таланттарға толы. Осы бірегейлеріміздің арқасында ұлттық өнеріміз дамып, бедерлі биіктерге жетті. Бұл биікке өз өнерлеріне замана зарының лебін сіңіре отырып, халықтың әлеуметтік ахуалын шынайы жеткізген де осы таланттар. Осындай таланттың бірі де бірегейі, қазақтың тұңғыш бард ақыны Табылды Досымов болатын. Табылды ағамыздың 40-қа жуық лирикалық және патриоттық әндері бар. Белгілі ақын Жұмабай Құлиев пен журналист Серік Жұмабергенұлы ол туралы «Із тастап аққан бір жұлдыз» атты ғұмырнамалық тамаша кітап шығарып, оқырмандарына тарту етті. Талантты ақын туралы зерттеушілер *«ол – тек қана өнерпаз емес, туған елінің әрбір «әттеген-айына» таусыла өкінетін, халқының шырылдаған қызғыш құсы болды»,*– дейді. Табылды ағамыздың өз естелігінен: *«Бард – біздіңше жырау. Өзім өнерге бірінші ақындық жағынан келдім, сондықтан менің жазған әндерімнің бірінші бағытқа сөздің айналып кетуі. Бард деп елді, халықты шошытудың қажеті жоқ, Ол қайдан кіріп кетті біздің арамызға деп. Бардтық өнердің негізі – біздің бір кездегі жыраулық өнер. Бардтықтың ерекшелігі бірінші планда сөздің тұруы. Екінші планда әннің тұруы, әннің сөзді ойнатуы. Ән арқылы жүрекке сөзді енгізу. Бардтық өнер – табиғатта сирек кездесетін құбылыс»,*– деп айтқан болатын. Табылды осы саланың алғашқы қарлығашытұғын. Айтулы дарынның өлмес мұрасын насихаттау барысында жақында республикалық қор құрылды. Қордың директорлығына Табылдының өнеріне тәнті болған, бард-әншінің Қараойдағы зиратын тұрғызған, Ақтөбе облысында шығармашылық кешін өткізген мәдениет жанашыры, белгілі меценат Бижан Қалмағанбетов тағайындалды. Қордың негізгі мақсаты – Табылды Досымовтың Астана, Алматы, Атырау қалаларында шығармашылық кештерін өткізіп, артында қалған мұраларын жинастырып, естелік кітаптар шығарып, әндер жинағын дүниеге әкеліп, жыл сайын Табылдының атындағы бардтық әндер фестивалінің жалауын желбірету. Мұндай шаралар қазіргі таңда жүзеге асуда. Ауданымыздың торқалы 90 жылдық мерейтойына орай М.Әуезов атындағы орта мектебінде туған жердің қадірқасиетін сезіну, аудан тарихын, еңбек ерлері мен қаһармандарын жас буынға таныстыру, ауданымызға танымал өнер иесі Т.Досымовтың өмірі мен шығармашылығын насихаттау мақсатында ауқымды іс-шара өтті. Табылды ағамызға *«Қазақ дәстүріндегі сал-серілік өнердің сүрлеуін жаңғыртып, оны бүгінгі заманға өзінше лайықтап, ерекше өнерімен жалпақ жұртқа кеңінен танылған сегіз қырлы, бір сырлы жан еді»,* – деп қоғам қайраткері И.Тасмағанбетов баға берген еді. Расында да! Мектебімізде осы шараға орай қонақ болған Табылды ағамыздың достары мен сырлас жолдастарының естеліктерінен үлкен қимастық сезімге толы сағынышты сырға куә болдық. Табылды ақынның рухына бас иген достары үшін қасиетті Дендер топырағы – тарихта аты қалған ақын, батырларымен қадірлі мекен. *«Жер топырағымен, ел азаматымен киелі»* дегендей, небір өнердің майталмандарын, небір сөздің сүлейлерін, небір өнердің қарлығаштарын өмірге әкеліп, өнерге қанат қақтырып, небір шежірелі ақындардың өкшесінің ізі қалған өңірде Табылды ақынның өмірге келіп, қазақтың тұңғыш бард ақыны, жырауы атануы – біз, жерлестері үшін зор мақтаныш, биік мәртебе. Дендер топырағын мәңгілік мекеніне айналдырған Махамбет батырдың өр рухы, төкпе ақын Мұрат Мөңкеұлының, Малайсары бидің, Есет Қараұлының, Адар Ерназарұлының ақындығы, тектілігі, сал-серілігі Табылдыға дарып, жүрегіне ұялаған. Бірақ адамның жақсы істері соңына қалдырған ізімен өлшенеді, жүректің төрінде жүреді Жалпақ жұртты өнеріне тәнті етіп, жүрекке жағымды, жылы орын алатын әндері арқылы әр адамның санасына ұялап, мәңгілік өнердің сөнбес алауын маздатқанының өзі мың бақыт. Қадір тұтып қастерлейтін елі барда Табылды шығармашылығы өнердің төрінен мәңгілік орын алары сөзсіз.

**Атырау облысы,**
**Индер ауданы.**

# ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

**Гүлнар ЖҰМАБАЙ (Джумабаева)**
**№26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі**

**Мақсаты:** 2018 жылы қарашада жарияланған Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын талдау. Оқушыларды Отанды сүюге, өз елін, тарихын білуге, жалпыадамзаттық құндылықтар мен терең көзқарастарды сіңіру арқылы таным белсенділіктерін арттыруға бағыттау. Қазақстандық патриотизмді әр оқушының бойына өмірлік принциптері ретінде қалыптастыру.

**Көрнекілік:** Интертақта, суреттер, бейнебаян, слайд.

**І кезең: Ұйымдастыру.**

**Үйлестіруші:** – Құрметті панельді дискуссияға қатысушылар! Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы бойынша өтілетін панельді дискуссияға қош келдіңіздер! Эксперттермен танысу.

**ІІ кезең: 1. Сұрақтармен таныстыру. 2. Эксперттерге сұрақ қою.**

**Модератордың сөзі:** – Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында білім беру жүйесі жаңартылып, Отандық білім беруді жетілдіру қажеттілігі басым мемлекеттік міндеттер қатарына шықты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі Құжатында – Қазақстан халқының тарихи тағдыры мен жалпы мүдделері, біздің елімізді дамытудың базалық құндылықтары көрінетін «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының жеті мызғымас тұғыры, жеті құндылық ұсынылған. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы қоғамды рухани жаңғыртудың басымдықты идеяларын оқушылар арасында кеңінен насихаттау.

Елбасының бұл мақаласында қазіргі Қазақстанның басты рухани құндылықтары айқын көрініс тапқан. Мақалада ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын халық назарына ұсынып отыр. Мемлекет басшысы ХХІ ғасырдағы жаңа ұлттың, жаңа қазақтың феноменін анықтап беріп отыр. Әрі осы жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының **алты** бағдарын ұсынған.

Елбасының мақсаты – ұлттың ұлы мұраты. Ол – Ұлы Дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын отаршылдық, кембағалдық, бойкүйездік комплекстерінен тұтастай арылту. Мемлекет басшысы қазақтың ежелгі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» қағидасын мықтап ұстануға шақырады: *«Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек».* Мемлекет басшысы нұсқап отырған ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, заман ағымына қарай оның сипаттарын өзгерту, «білім культін» қалыптастыру, мемлекет пен қоғамды революциялық емес, эволюциялық жолмен дамыту, ең бастысы, сананың ашықтығын, яғни әлемдік озық жаңалықтарға, ғылым-білімге құшақты айқара ашу идеялары ұлттың рухани-мәдени қалыбы болмақ.

**Елбасы Н.Назарбаев осы жылдың қараша айында жарияланған «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын Ұлы даланың жеті қырын атап көрсетті.** Көтерілген мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай-ақ біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты.

*«Тамырсыз тал болмайды, Тарихсыз ел болмайды»,* – деп келетін мақал мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласының бар мәнін ашып тұрғандай. *«Жаяу жүрсе – бір қазақ, Атқа мінсе – мың қазақ»,*– демекші, ертегідей ескі заманның өзінде даланың дүлдүлі сәйгүлікті қолға үйретіп, адамзат баласына атқа міну мәдениетін қалыптастырып, тасты талқандап, болатты балқытып, темірден түйін түйіп, дала заңына бас ұрған данышпан қазақ екені тайға таңба басқандай жазылған бұл мақалада.

Ендігі осы бай тарихымызды түгендеп, өткенімізді жаңғыртып, өшкенімізді қайта жағу жолында «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасының маңызы айтпасада белгілі. Себебі ұлтымыздың ұлылығын дәлелдейтін деректер мен тарихи тың материалдар шаң басқан архивтермен ұлы тұлғалардың еңбектерінде екені ақиқат. Міне осы орайда мемлекет басшысының ұсынып отырған «Ұлы даланың ұлы есімдері» және «Ұлы Дала тұлғалары» сынды жобаларды мақалада көзделген мақсаттарды жүзеге асыру жолындағы атқаратын рөлін ерекше деп, санауға болады.

Сонымен қатар мақалада айтылған адамзаттың ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабиді өмірге әкелген орны бөлек Отырар, Қожа Ахмет Яссауи ілім алған Түркістан қалаларын тарих сахнасында қайта жаңғыртып, «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобасы негізінде бейбітшіліктің символына айналған ажарлы Астанамыз түркі тілдес халықтарының ортақ үйіне айналары айдан анық.

Ұлы даланың жеті қырының бірі – «Атқа міну мәдениеті» туралы Абдолдаева Тоғжан баяндайды (слайд).

Ұлы даланың екінші қыры – «Ұлы даладағы ежелгі металлургия» туралы Қарабалаева Жауһар баяндайды (слайд).

Ұлы даланың үшінші және төртінші қырлары – Орынбаева Динара «Аң стилі» және Мырзабаева Салтанат «Алтын адам» туралы баяндайды (слайд).

Ұлы даланың келесі қырларының бірі – «Түркі әлемінің бесігі» баяндаушы Амангелдиев Азамат (слайд).

Ұлы даланың алтыншы қыры – «Ұлы Жібек жолы» баяндаушы Кеулимжаева Аяулым (слайд).

Ұлы даланың соңғы тармағы – «Қазақстан – алма мен қызғалдақтың Отаны» – С.Ақбөпе баяндайды (слайд).

**ІІІ Қорытынды:** 1. Модератор эксперттерге рахметін айтып қатысушыларды қосымша сұрақтар қоюға шақырады. 2. Панельді дискуссияны қорытып, аяқтау.

**Үйлестіруші:** *«Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады»* деген Ахмет Байтұрсынұлы. Яғни сөзінің мәніне бойлаған ел өзінің болмысын танымақ. Атты әспеттеу – болмысыңды зерделеу. Сонысымен де, осы мақаланың меңзері алыс, мәні терең.

**Модератор:** Бүгінгі панельді дискуссияға өздерінің ойларымен бөліскен эксперттерге алғыс айтамыз.

Аталған мақалада жоғарыда айтылған тарихи тың деректер мен архивтерден табылған құнды құжаттар ұлттық сарындағы жаңа деректі және көркем фильмдердің сценарийлеріне арқау болатыны айтылған.

Елбасының *«Қазақтың тарихында қазақ ұялатын ештеңе болған жоқ»,* – деген сөзімен аяқтап және болашақта ұлт тарихында ұлт ұялатын еш нәрсе болмайтынына сенім білдіргім келеді.

**Алматы қаласы.**

# XX ҒАСЫРДАҒЫ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ

**Айтолқын АХАНАОВА,**
**№26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі**

| | | |
|---|---|---|
| **Мақсаты** | Тақырып туралы түсініктер қалыптастырады. Шығыс елдері туралы мағлұматтарды жетілдіре отырып, топпен жұмыс істеуге дағдыланады. | |
| **Жалпы мақсат** | Тапсырмалар бойынша атқарушы ұғымын меңгерте отырып тапсырмаларды орындауда машықтандыру және тақырып ұғымын, түрлерін ажыратуға дағдыландыру. | |
| **Күтілетін нәтиже** | Шығыс елдерінің ерекшеліктері туралы түсінік алады және білімдерін бекітеді, оны тапсырмалар орындауда пайдаланады. | |
| **7 модульдің қолданылуы.** | "Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер", "Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау", "Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету", "Оқытуды басқару және көшбасшылық". | |
| **Әдіс-тәсілдер** | Миға шабуыл, Жигсо 1, Тірек сызбасы. | |
| **Ресурстар** | Тақта, стикерлер, оқулық, дәптер. | |
| **Ұйымдастыру кезеңі.** | Оқушылардың назарын сабаққа аудару. Керекті құрал-жабдықтарын әзірлеу. Оларды 1-4 дейін санату арқылы топқа бөлу. Топ ережесін еске түсіру. | Топқа бөлінеді. Бір-бірлеріне жақсы тілектерін айтады. |

| **Сабақ кезеңі** | **Тапсырма** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Оқушы іс-әрекеті** |
|---|---|---|---|
| **Білім**<br>**Қызығушылық тарын ояту** | Миға шабуыл | Үйге берілген тапсырманы сұрақ-жауап арқылы диалогқа түсіру, берілген сұрақтарға жауап беру, топпен тапсырманы орындау.<br>**1-топ. Мәтінді толықтырыңыздар.** 1.АҚШ-тың меншігіне айналған, 1914 жылы Панама каналы ашылғаннан кейін ........ саяси салмағы мен ықпалы артты. 2. Чилиде ұқсас реформаларды президент...... басшылығымен Халықтық майдан үкіметі жүргізді. 3. Бразилияда...... реформа өткізуге президент Жетулио Варгас бастамашы болды. 4. Конституция кәсіподақтың құқығын мойындады,...... белгіледі. 5. Мексика демократиялық президенттік ............ болып жарияланды.<br>**2-топ. Оқиғаларды жылдарымен сәйкестендіріңіз.** Мексиканы президент Ласаро Карденас басқарды 1930-1945 жж. Бразилияны президент. Жетулио Варгас басқарды 1934-1940 жж. Мексикада революция болды 1917 жылы. Ең демократияшыл конституциялардың бірі Мексикада қабылданды 1910-1917 жж.<br>**3-топ. Иә» немесе «Жоқ» деп жауап беріңіз.** 1.Чилиде ұқсас реформаларды президент Агирре Серданың басшылығымен Халықтық майдан үкіметі жүргізді. 2. Екінші дүниежүзілік соғысқа Бразилия мен Мексика қатысты. 3. Елдердің ауыл шаруашылығы көп дақылды сипат алды. 4. 1917 жылы 1 мамырда сол уақыттағы ең демократияшыл конституциялардың бірі қабылданды. 5. АҚШ-тың меншігіне айналған, 1917 жылы. Панама каналы ашылғаннан кейін Құрама Штаттардың саяси салмағы мен ықпалы артты.<br>**4-топ. Тест тапсырмасы.** | Өткен тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап береді, топпен өз білімдерін көрсетеді |
| **Түсіну** | «ЖИГСО әдісі» пайдаланамыз. Тақырып: XX ғасырдың бірінші жартысындағы шығыс елдері. | Осы көрсетілген жаңа тақырыпты оқушыларға қысқаша түсіндіру мақсатында осы көрсетілген әдіс бойынша жаңа материалдарға байланысты ресурстар беру, өз беттерінше дайындық жасату. | Оқушылардың мақсаты мұғалімді тыңдау, өз ойлары мен пікірлерін айту. Әдіс бойынша жаңа тақырыпты меңгереді. |
| **Қолдану** | **«INSERT» әдісі.** Мәлімет мен терминдерді дәптерге жазу. | | Берілген тапсырманы орындау, сұрақтарға жауап беру, қорғау. |
| **Сергіту сәті** | «Бұзық телефон» Ойыны. | Оқушылармен бірге сергіту сәтін жасау. Әр топқа тақырыпқа қатысты сөз жасыру. 1-ұлтшылдық. 2-лаицизм. 3-гандизм. 4-кемализм. | Білім алушылар сыбырлау арқылы сөзді жеткізеді. |
| **Талдау** | «Ашық микрофон» әдісі. Оқушыны жылдам әрі тұжырымды ойлауға дағдыландыру. | | Оқушылар өткен сабаққа байланысты сұрақ қояды, екінші оқушы жауап береді. |
| **Жинақтау** | Әлем ағашы әдісі пайдалану. | Меңгерген түйін сөзді әлем ағашына ілу. | |
| **Бағалау** | Өзін-өзі бағалау (2 мин.) | | Өзін өзі бағалайды. |
| **Рефлексия** | Стикерлерді толтыру. | Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну. | Ұсынылған стикерді толтыру. |
| **Үйге** | Мәтінді оқу. | | |

**Алматы қаласы.**

# АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ КҮШЕЮІ

**Жадыра СӘРСЕНОВА,**
**№26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі**

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | АҚШ-тың батыс бағыттағы аумағы қалай кеңейді? |
| **Оқу мақсаттары** | 7.3.1.2 XIX ғасырдағы Америка Құрама Штаттары территориясының кеңею үдерісін сипаттау. |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлығы:** XIX ғасырда АҚШ-тың құрамына қосылған территорияларды анықтау; **Басым бөлігі:** АҚШ территориясының кеңею үдерісінің себептерін көрсету; **Кейбіреуі:** АҚШ территориясының кеңею үдерісінің негізгі нәтижелерін талдау. |
| **Бағалау критерийі** | **Оқушы:** - XIX ғасырда АҚШ-тың аумақтық кеңеюін анықтайды; - АҚШ-қа Техас Мексикадан бөлініп қосылғанын дәлелдейді; -АҚШ-қа Штаттардың қосылуы нәтижесінде территориясының ұлан ғайыр болғанын тұжырымдайды; - Уақыттарда болған оқиғаларды бір-бірімен сәйкестендіреді; -АҚШ территориясының кеңею үдерісін талдайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Пәнге қатысты лексика мен терминология:** аболиционизм, экспансионизм, плантациялық құлдық. **Талқылауға арналған тармақтар:** Тақырып бойынша берілген мәтінді оқиды және топпен талқылайды (тыңдалым, оқылым, айтылым). |
| **Құндылықтарға баулу.** | Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. |
| **Пәнаралық байланыс.** | География. |
| **Алдыңғы білім** | 6.3.1.2 Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын (сословиелік – өкілдік және шексіз билік) ажырату. |

**Сабақ барысы**

| Сабақ кезеңі | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы 10 минут** | **Ұйымдастыру кезеңі:** Мұғалім оқушылармен амандасып, назарларын сабаққа аудару. Бүгінгі сабақтың бағалау критерийлерімен таныстыру. Оқушыларды Штаттар аты бойынша топқа бөлу. **1-топ. "Калифорния". 2-топ. "Флорида". 3-топ. "Техас".** **1-тапсырма.** Үй тапсырмасы «Ашық микрофон» әдісі арқылы сұрақ қояды. ҚБ –Жұлдызшалар арқылы бағалайды. | Топ аттары жазылған қағаз<br><br>Микрофон |
| **Сабақтың ортасы 20 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**3 минут** | **2-тапсырма.** Оқушылардың назарын сабаққа аудару мақсатында балаларға топтың атына мән беру сұралады.<br>-Топтың аты неліктен осылай бөлінді?<br>-Бұл атаулар қай елмен байланысты?<br>-Жаңа сабағымыз не туралы деп ойлайсыңдар?<br>**1.Картамен жұмыс. «Нысананы тап» әдісі.** АҚШ –тың қосылған аймағын белгіле<br>**Дескриптор:** картадан АҚШ аумағының кеңейген территориясын көрсетеді. XIX ғасырда АҚШ-тың аумақтық кеңеюін анықтайды. **2. «ПТМС» стратегиясы арқылы** талдау (оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым).<br>**АҚШ-тың батыс бағыттағы аумағы қалай кеңейді?**<br>**Позиция** (мен олай санаймын,...................). **Түсіндіру** (........ себебі,.....................).<br>**Мысал** (мен мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламын .............................)<br>**Салдар** (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймын .................)<br>**Дескрипторлар:** АҚШ-қа Техас Мексикадан бөлініп қосылғанын дәлелдейді; АҚШ-қа Штаттардың қосылуы нәтижесінде территориясының ұлан ғайыр болғанын тұжырымдайды.<br>**3-тапсырма. Сәйкестендір** (жазылым).<br>**1** 1801 жылы **А** Флориданы Испаниядан аз өтемақымен алды.<br>**2** 1819 жылы **В** Орегонның үлкен бөлігін қосып алды.<br>**3** 1823 жылы **С** Франция Луизиананы өзіне қайтарды.<br>**4** 1846 жылы **Д** Ресейден Аляसканы сатып алды.<br>**5** 1867 жылы **Е** «Монро доктринасы» жарияланды.<br>**Дескриптор:** Уақыттарда болған оқиғаларды бір-бірімен сәйкестендіреді АҚШ территориясының кеңею үдерісін талдайды. | ИТ сайд үлестірме қағаздар.<br><br><br><br>Контур карта.<br><br><br><br><br>Мәтін. |
| **Сабақ соңы.4 мин. 3 мин.** | **Кері байланыс.** «Бүгінгі сабақта менің алғаным .............».<br>**Үйге тапсырма:** АҚШ-тағы демократиялық және республикалық партияның айырмашылығы неде? **Сабақты қорыту.** | Стикер.<br>Сқулық |

| | | |
|---|---|---|
| Топта жұмыс жасау барысында қолданылған «ПТМС» стратегиясы сабақты түсінікті қабылдауға мүмкіндік берді. Қарқыны тез оқушыға қосымша сұрақтар қойдым. Үлгермейтін оқушыларды қарқыны жақсы оқушы жетелейді. Неізгі ұғымдар анықталып, мағынасы ашылды. | Сыныптағы оқушыларға әр тапсырма сайын ынталандыру, қолдау, кері байланыс жасау. «Қол шапалақ», «Бас бармақ» және «Жұлдызшалар» арқылы бағаланады.<br>«Жұлдызшалар» -сабақ барысында қойылып отырады, оқушылар жұлдызшалардың саны бойынша жинайды. | Сыныпта санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау;<br>АКТ (интербелсенді тақта) жұмысын пайдалану ережесі;<br>Оқушылардың қарым-қатынасын мұғалім үнемі бақылауында ұстауы. |

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия** | Жаңа тақырыпты түсінуге уақыт тиімді пайдаланылды. Тапсырмалар балаларға түсінікті болды, толығымен орындалды. Топтар өзара бағаланды. |

**Алматы қаласы.**